

ГҮЛЖАН ТҰРСЫН



ЖАНЫМНЫҢ
САЯСЫ

Гүлжан Тұрсын

ЖАҢЫМНЫҢ
САЯСЫ

Media Invest Group
Алматы 2022

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Каз.)
T86

*Атапган кітап Алматы облысы әкімінің
қолдауымен жарыққа шықты.*

T86 **Жанымның саясы –**
Алматы: «Media Invest Group» баспасы, 2022 жыл. – 272 бет.

ISBN 978-601-211-422-5

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Каз.)

© Media Invest Group, 2022
© Гүлжан Тұрсын, 2022

ISBN 978-601-211-422-5



9 786012 114225

АЛҒЫСӨЗ

Тәніріме – тәубе! Өмір жолымда кездескен жақсы-жайсандар жаныма шуақ шашты. Мамандығым, мамандығым арқылы танысқан қаламгерлер бұл дүниенің мәні – ар алдындағы адалдық екенін ұқтырды. Адамды орта тәрбиелейді десек, ақын-жазушылардың ордасы зердемді ашты. Қаламыма арқау болған кейіпкерлерім бағыттымды айқындауға көмектесті. Жарық дүниеге келмесем мұның бәрін көрмес едім. Ендеше, өмір сыйлаған қос бәйтерегім – әкем мен анама мың алғыс! «Жанымның саясы» атты бұл кітабымды әкем – Мұқаметқали (Мұқаш) мен анам Оралханға арнаймын. Ата-анам көршінің баласы жетістікке жетсе қуанатын абзal жандар еді. Кітабымда сол қос бәйтерегімнің өсиетін кейіпкерлерім арқылы сомдап, әдеби тілде көркемдедім. Бала кезімізден Сайын Мұратбеков, Әзілхан Нұршайықов, Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқып өстік. Мениң осы кітаптағы әңгімелерім аталмыш жазушылардың сарынымен жазылған. Ауыл әңгімелері, сары топырақты жалаң аяқ кешіп жүретін балалық шақтың қызықтары, өмірдің әуезді сәттері бейнеленеді. Мұндағы «Тұрсын төре» деген мақаламда Шыңғыс ханнан тараған ата-бабамың батырлығы мен ақыл-парасаты, намысқойлығы айтылады.

Тұрсын менің арғы атам. Өз заманының беделді азаматы. Жас кезінен алғыр, батыр, мерген, келбетінің келістілігімен ерекшеленген жан. Отызыншы жылдары ел ашаршылыққа ұрынғанда атамыз халықты аман алып қалу үшін көтеріліске шығып, Кенес өкіметі тарапынан «банда» аталады. Мұндай азаматтар қазақта көп еді. Мұздай қаруланған әскерге жүргегінің түгі барлар ғана қарсы шыға алатыны аян. Ендеше, мақаладағы оқиға желісі кез-келген адамды елсүйгіштікке тәрбиелейді.

«Қапал қараусыз қалмаса» атты мақалада Қапал өнірінің тарихы сез болады. Шырайлы өлкеге орыстар XIX ғасырдың ортасында көз салған. Қасиетті мекенге қызыққандар отарлау саясатын жүргізіп, бекініс салып, малды тәркілеп, соңынан бос қалған мал қораларына Алаштың арыстарын қамап, қинағаны сез етіледі. Мақала арқылы оқырман Қапал ауылын қалпына келтірсе деген ойға қанығады. Кітаптағы тағы бір бөлім «Жетісудың жайсандары» деп аталады.

Бөлім – «Жетісу» газетінде әр жылдары жарық көрген әріптес ағалар мен денсаулық сактау саласына еңбек сінірген дәрігерлер жайлы мақалалардан құралған. Мақалаға арқау болған адамдардың барлығы елдің ықыласына бөлөнгендер. Халыққа адал қызмет етіп, атақ-абыройға бөлөнгендер. Олар жайлы оқи отырып, оқырман өз бойындағы жақсы қасиеттер мен кемшіліктерді бағамдайды.

Кітапты «Жанымның саясы» деп атауым өмірлік жолымда кездескен әр адам, мамандығым, қоғам, бала-шағам, ағайын-туысым, ел-жүртім жаныма сая болғандығын айтқым келді. Мениң жанымның саясы – жақсы-жайсандар, ел-жүрт. Тәнір қолыма қалам ұстатқан соң жазуга адал болуға серт бердім. Шама-шарқымша кейіпкерлерімнің бойындағы қасиеттерді ашуға тырыстым, Жақсылардың жанға шапағат сыйлайтынын кітаптың өн-бойында көрсетуге тырыстым. Өмір дөнгелегін айналдырып тұратын жаны жайсан жақсылардың өмірін асыл өзек еттім.

Құрметті оқырман, журналистиканың қызықты да кын, жауапкершілікті жолын жүріп келе жатып қаламыма арқау еткен тағдырларды қарсы алыңыздар. Кейіпкерлерім Сіздің де жаныңызға шуағын шашсын! Кітабымның «Жанымның саясы» деп аталуы қызым Жансаяның есімімен тікелей байланысты.

Автордан

**ЖҮРЕКТЕГІ
ЖАЗУЛАР**

Әңгіме

ТҰРСЫН ТӨРЕ

Аңшы аяңға басты. Алыстан қарағанға ат үстіне тау қондырғандай сурет. Алып дene мен сом салмаққа жылқы шыдас берсін бе? Сапарға шыққанда тайпалған тағы бір жорғаны жетегіне байлан жүреді. Бұгін де сөйтті.

Аңшы нәкерлерімен Сарыбел, Бүркітті, Баянжүрек тауларын аралап, аң-құсты таңдал жүріп атып алды. Бұл өнірдің жасы да, жасамысы да Тұрсын төремен аңға шығуға құмар. Бай баласы атажұртты дүрмекке бөлейді. Тұлпарлардың тұяқ үні, аң қуғандардың қикуы, тазы-төбеттердің із кесуі, бүркіттердің саңқылы Алатаудың бөктерін азан-қазан қылады. Аспан да, жер де аңшылардың қызығына күэ. Омар байдың тегіне тартып туған сұңғыла баласы Тұрсын құралайды көзге атқан мерген ғой. Ол көздеген аң-құс алысқа ұзамай қанжыға байланады.

Бұлар аң аулаудың қызығына әбден батты. Біраз уақыттан бері демалған жүйріктер сауырын жазып, тынысы ашылып, тау бөктерінде еркін шапты. Мергеннің Ақжал атты желмен жарысар жүйрігі кекілі екіге жарыла екпіндеп, қиқудың қызығымен алға ұмтылды.

Аңшылар аттың басын кері бұрып, ауылды бетке алғанда ойламаған жерден тұз тағысы қасқырдың жылт ете қалмасы бар ма. Желіккен жұрт қиқулата жөнелді. Көптің алдын бермейтін жүйрігі Тұрсын төрені басқалардан оқ бойы озық әкетті. Бірте-бірте арланға жақындай тұсті. Жүгірген аң, ұшқан құсты дәл атып құлататын мерген ыңғайы келді-ау дегенде тізгінді тартып, шүріппені басып қалды. О, тоба, оқ атылмады. Тағы қайталағанда да шүріппе басылмады. Қасқыр ажалсыз екен деп ойлады аңшы. Эйтпесе, Жақып бауыры жасап берген бес қаруының қай-қайсысы да иесінің ойын дөп табатын. Әсіресе, пышагы жалтылдан тұратын. Жақып ұстаның жасаған бәкісі бір қараның құнымен бағаланатын. Енде, бұл қалай? Аңшының санасында неше түрлі күмәнді ой қылаң берді. Жылқының басын Баласаздағы үйге бұрып, тездетіп ауылға жетуді көздеді. Бәрі орнында. Алдымен үлкен атасы Алқанның зайыбы Топаш апасына амандасты. Топаш ханым ел-жүрттың дау-дамайының бірқатарын өзі шеше

салатын адуынды, ақылды адам. Үлкен бәйбіше әuletтің ақылшысы, жол көрсетушісі. Топаш ана қайнысының баласын айналып-толғанып, мандаіынан иіскеп, аман келгеніне шүкірлік айтты. Одан кейін өз анасы Құлімханға барып мауқын басты. Бірнеше күнгі ат үстіндегі серуеннен шаршаған батыр тұлғалы жігіт төсекке ерте жатты.

Тұн ортасында Тұрсын төре Қамбар ата түлігінің кісінеген дауысын естігендей болды. Мұлгіген тыныштықта тау жақтан тастандардың сырғып түсіп жатқан дыбысы бұзды. Сол кезде Айқасқаны мінген жылқышының «ұры келді, аттарды әкетті» деп айқайлаған даусы естілді. Ауыл-аймақ өре түрегелді. Жедел қымылдаған төре сыртқа шығып, Ақжады ерттеп, ат тұяғының дүбірі естілген бағытты бетке алды. Күндіз атылмай қалған мылтықты өзімен бірге ала кетті. Ұшқан құстан озатын жүйрігі ұрыларды тұн ауа қуып жетті. Алдындағы қараң-құраңға жақындаі түскенде ұрыны таныды. Тартысбай еken. Барымташылар бір үйір жылқыны әкетіп барады. Тұрсын өз сәйгүліктерін бірден танып: «Әй, Тартысбай, таста аттарды, әкенің малы, нарыңның құны жоқ бізде» деп айқайлады. Тартысбай оның сөзін елең қылмай алған бетіне қарай тарта берді. Барымташының алдына түскен малдың қайтпайтының білетін Тұрсын мылтығын қолына алып, Тартысбайды қорқытпақ болады. «Соңғы рет айтам, Тартысбай, малды таста әйтпесе атамын!» деді. Бес қырдың астындағыны білетін барымташы қуғыншыны баласынып, сөзін елемеді. Жалғыз адам маған не істей алсын деген оймен желе жортып кете барады. Ашуға булыққан мерген ең құрымағанда қорқытып алайын деп мылтықты Тартысбайдың басынан асыра атпақшы болды. Бірақ, оқ баукеспенің ажалына дәл келіп, жон арқасына тиді. Мергеннің ашуынан қорыққан қасындағылар олжаларын тастанап, аттарын сауырға басып, қаша жөнелді. Тартысбай мінген жануар иесін салактатып сүйрегісі келмегендей біраз жер шауып барып, тұрып қалды.

Аң атқаны болмаса, адамға мылтық кезеп көрмеген бала қорқып кетеді. Тұрсын бірден ауылға келіп, Топаш әжеге болған жайтты айтады. Келе сала: «Апа, мен адам өлтірдім. Ұрыны атып тастандым», деп қорқып тұрғанын жеткізеді. Сонда байдың бәйбішесі өзіне тән жайбаракат үнмен: «Балам, оған ұрлыққа кел деген жоқтыз. Ажал айдаған ғой. Қорықпа, баукеспенің құны бір сандығымның тубі. Барып Тартысбайдың денесін алып келіндер де, ана қой қораға көміндер» дейді.

Тұрсын әпкесі Үрімді ертіп, оқиға орнына барады. Жануар сол орында әлі тұр екен. Екеуі жылқыны жетектеп әкеліп, Тартысбайдың денесін аттан аударып алады. Денені қой қораның ішіне көмеді. Мал өлікті сезді ме, үркіп бұрышқа тығылады. Екінші күні Шопан ата төлі сескеніп, қораға кірмей, иіріліп тұрып алады. Содан үлкен-кіші ақылдасып, денені мал қорадан аулак, «Шыбынтай» деген жерге апарып, тастардың арасына көмеді. Бірер ай өткенде Тартысбайдың анасы мен ағайын-туысы келіп, бауырларының құнын сұрайды. Сол кезде дайындал қойған құнды еселеп берген Топаш ханым: «Тартысбайдың денесі әнеу жерде. Алып кетіндер. Төренің ашуы мен қылышының өткірлігін біліп жүріндер» деп, реніш білдірмекші болған құн сұраушылардың бетін қайтарып тастайды. Тартысбайдың туыстары денені ашып алғанда бір құлағы мен ернінің үстін тышқан жеп қойған екен: «Адамымыздың құлағы қайда?» деп тағы да алтын-күміс сұрамақшы ниеттерін байқатады. Сол кезде төре ауылының батыры Есенгелді: «Ұрыңның құлағын көже-қатық қылды ғой деп пе едің?» депті. Әулеттің үлкендери ақылдаса келіп, ерін мен құлақтың құнына қара нар береді. Екіжақ келісімге келген соң Тартысбайдың анасы: «Баламды атқан адамды көрейінші. Осы қүнге дейін жан баласына есесін жібермен еді. Ол қандай кісі болды екен?» деп Топаш анаға ой-арманын жеткізеді.

Топаш ана төлеңгітеріне баласын шақыртады. Балама зияндary тиіп кете ме деп өзі оргаға тұрады. Сол кезде есіктен Тұрсын төре кіреді. Алып денелі, ашаң жұзді, жанарынан нұр шашып тұрған келбеті келісті 16-17 жастағы жігітті көргенде құн сұраушылар қайталанбас бейнеге сүйсініп, қарап қалған екен. Тау тұлғалы жігіт есіктен еркін симағандықтан бір қырымен кіреді. Ол үйге енгенде келісті келбетінен үй іші сәулеленіп кеткендей сезіледі. Бекзаттығы жүрісінен байқалып тұрады. Сонда Тартысбайдың анасы: «Ойпырымай, мынадай адамның қолынан өлу де бақыт шығар» деген екен.

Дүние – көздің жауы. Байлардың малына қызығушылар оған дейін де, содан кейін де кездеседі. Дайын мал-жанға ие болғысы келетіндер жемтігін іздеген қасқырдай дәүлетті ауылды торуылдайды. Бірде Тұрсын төре қасына төлеңгітін ертіп, Сартау асып, аңшылық құрып келе жатады. Қолында мылтығы, қанжығасында дүrbісі бар. Жан-жақты барлайын деген ниетпен дүrbісін алып, шыршалы тау

сілемдеріне назар аударады. Сонда қарағайдың шетінен бірнәрсенің қозғалғанын байқайды. Анықтап қараса, жайылып тұрған ат. Бұл маңда өздерінікінен басқа жылқы болмауы тиіс. Жылқышылардың барлығы малдың қасында. Бұл кім болды еken деп жақындаған барады. Байқаса, өз үйірінің жылқыларын барымташылар қолды қылышты. Екі ұры енді бізді таба қоймас, малшылардан алыстадық дегендей қалың ұйқыға кеткен еken. Тау тұлғалы жігіт аттан түсіп, ұйықтап жатқан біреуінің үстіне қона кетеді. Екіншісіне қолын созып, өзіне қарай тартып алады. Бірінші ұрының үстіне екіншісін жайғастырады. Барымташылар сырттан келгенге ұқсайды. Бұл жақтың адамдарына тұр-түсі келмейді. Содан қасындағы серігіне қарап:

- Неге тұрсын, көмектеспейсің бе? – дегенде ол:
- Екеуіне өзің де жетесің ғой, – деп жайбарақттық танытады.

Осылайша сұнғыла, ержүрек Омар баласы Тұрсын ел арасында батырлығымен, адалдығымен танылып, дау-дамайға билік те жүргізеді.

Кейінгі жылдары Қапалға орыс-казак, татарлардың көшіріліп жатқаны жергілікті халықта ой сала бастады. Олар Қапалға ғана емес, қазақтың сулы, нұлы Лепсі, Үшарал, Үржар, Сарқан, Тасбекет, Арасан, Талдықорған, Қоғалы, Іле, Алматы, Қаскелен, Ұзынағаш сияқты қала, ауылдарына көптеп қоныстандырылды.

Кейінірек орнаған Кеңес өкіметі «Ұжымдастырамыз, мал-мұлікке бәрің ие боласындар» деп кедей-кепшікті жарылқайтын ниет танытты. Бұрын қазактар мал мен жерін жатжұрттық басқыншылардан қорғап қырылса, енді голошекиншілердің саясатынан қырылу қаупі туды. Ұлттың бас көтеретін ұлдары мен зиялышарының көзін жоюдың небір қитурқы айла-тәсілдері ойластырылды. Кеңес өкіметі орнасымен «жаптым жала, жақтым күйе» деп Алаш ардақтыларын шетінен қырды. Олардың орнына өз тұрмыстарын ондай алмаған, барды ұқсатып үйренбеген, білімі, зердесі төмен адамдарды басшылыққа қойды. Ондайларды «шолақ белсенді» етудің өзі санаға сыймайтын жағдай еді. Мандайында қызыл жүлдзызы бар бас киім кигізіп, қолына қылыш ұстатқан соң әлгілер бай-манаптарға қырғидай тиді. Кедей-кепшікті «жарылқаушы» Кеңес өкіметіне керегі де қазақты қазаққа жау ету еді.

Билеп-төстөушілердің тағы бір мақсаты – қазақты елдік санадан айыру.

Бай-кулактарды тап ретінде жою науқаны қарқын алды. Ұлтының мұддесін ойлағандарға «ұлтишылдар», «тап жаулары», «жікшілдер», «оңшылдар» деген жала жабылды. Сталиннің қолшоқпары Голощекин байды да, кедейді де ет, астық өткізуге міндептеді. Салықты төлей алмағандар істі болды. Бай-манаптардың ұрпақтары жер аударылды.

Тұрсынның балалары Жұніс, Қырықбай, Жолдыхан. Сол Жолдыханды өкімет «байдың ұрпағысын» деп жер аударып жіберді. Осындай шет-шегі жоқ қысастыққа шыдамаған қазақтар көтеріліске шығуға бел буды. Көтеріліс Ақсу, Қапал, Сарқанда белен алды. Оны жергілікті халық «Бөрібай көтерілісі» деп атайды.

Бөрібай – Матайдың батыры. Абылай хан Бөрібай батырдың ерлігін жоғары бағалап: «Есімің Матай елінің ұраны болсын!» дегі. Осылайша Бөрібай батырдың есімі Найман-Матай елінің ұранына айналған. Найман-Матай Бөрібайдың есімін естігенде ештегенден қайтпайды.

Ұжымдастыру деген желеумен Кеңес өкіметі мал-мұлікті тәркілеуге кіріседі. Қапал-Баласаз әскери операциясы кезінде олар жергілікті халықтан 641 тай-құнан, 364 түйе, 108 бұқа, 108 сиыр, 603 айғыр, барлығы 5621 малды тартып алған. Бұл есепке алынғаны. Есепке алынбай айдан әкетіліп жатқаны қаншама? Мал халыққа бұйырмасын деген ниетпен қызылдар қазіргі Ақсу ауданындағы Қызылтаң ауылы маңындағы Маңқа деген жерге бар жылқыны жинап, өртеп жіберген. Халықты мал «маңқа» ауруына шалдықты деп алдаған. Осындай келенсіздіктерге шыдамаған Бүйен-Ақсу ауданының баскөтерерлері 1930 жылы наурыз айының орта шенінде бас қосты. Әңгіме Кеңес өкіметіне қарсы тұру жайында өрбіді. Ертеңінде олар үш отрядты жасақтап, үшеуін үш жаққа жіберді. Біріншісі – Арасан, екіншісі – Абакумовка, үшіншісі – Ақсуға бет алды. Абакумовкаға барған көтерілісшілер, жергілікті халықтан ұжымдастырамыз деп тартып алынған жылқыларды айдан әкеліп, жарамдыларын мініп, ондағы бірнеше орысты өздеріне қосып алды.

Көтерілісшілердің бір отрядын Тұрсын Омаров басқарды. Отрядты соғысқа дайындау, көтерілісшілерге атыс-шабыстың айла-тәсілдерін үйрету, казак Петр Черныхқа табысталды. Отрядтың құрамында 120 қазақ пен сарқандық 20 казак-орыс бар еді.

Арасанға барған топ ет, астық салығы осы қарқынмен жүргізіле берсе ел аштан қырылып, босып кететінін Кеңес өкіметінің адамдарына түсіндірмекші болды. Үшінші топ Ақсу елді-мекеніне кіріп, дүкендерді басып алған, көтерілісшілердің керек-жараптарын алған берді. Көтерілісшілердің бір отрядын Егеубек Жанбаев басқарды. Тағы бір отрядқа Ғали Шатырбаев жетекшілік етті. Ол Өтебай руынан шыққан бай. Көтерілісшілер ақылдаса келіп, Ақсуды өздерінін орталық штабына айналдыру керек деп шешті. Олар халық арасында «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Салықтар жойылсын!», «Тұқым қорын жинауға қарсымыз!», «Коммунистерді, комсомолдарды соғындар!» деген ұран тастады.

Бұлік шыққанын естісімен Біріккен мемлекеттік саяси басқарма, яғни, ОГПУ көтерілісшілерге қарсы жазалаушы отряд құруды қолға алды. Ақсудағы көтерілісті басу үшін 25 адамнан тұратын отряд жіберді. Олардың жетеуінде винтовка, қалғандары аңшы мылтығымен қаруланған. Бірақ, жазалаушыларда патрон көп еді.

Жазалаушылар таң алдында Ақсұға бір шақырымдай қалғанда көтерілісшілермен бетпе-бет кездесіп қалады. Олар қызыл әскер санының аздығын білген соң қоршауға алды. Барлығын тірідей қолға түсіргісі келеді. Бірақ, тұн қараңғылығын пайдаланған жазалаушы топ амалын тауып Сарқанға қарай қашады. Коян-қолтық ұрыста көтерілісшілердің оншакты адамы өледі. Осы әрекеттердің бел ортасында Тұрсын төре жүрді. Бас көтергендердің катарында Қалдыбай Қылиев, Егемұра Бисембаев, Жүсіпбек Исаков, Ергали Баламұков, Киязбек Таскенбаев, Мұхамедия Сексенбаев сынды азаматтар бар еді. Көтерілісшілердің көрнекті басшыларының бірі – Мұқаш Жолбосынов. Олардың көбінде аңшы мылтығы болды. Қазақ көтерілісшілерінің арасында Тұрсын төредей құралайды көзге атқан мергендер көп еді. Бірақ, олар қан төгуден қашты. Бейбіт бас көтеру арқылы асырасілтеу мен зорлық-зомбылықты тиып, өкіметке ой салғылары келді. Наурыз айының соңына таман көтерілісшілер Сарқандағы өкіметке елші жіберіп: «Өкімет орындары қан төкпестен өз еріктерімен өкімет билігін де, қару-жараптарын да көтерілісшілердің қолына тапсырын!» деген ұсыныс жасайды. Жазалаушылар болса, қызыл әскермен келісімге келеміз деп қамсыз жатқан көтерілісшілерге ту сыртынан келіп, оқ жаудырады. Осы жерде 15 шақты адам қаза тауып, 76 азамат тұтқынға түседі.

Жоғары жақтан түрғылықты халықты күштеп бағындыру міндеттеледі. Жазалаушылар халықты тықсыра бастайды. Жан сауғалағандар Балқаш көлі жақтағы Жаман, Жамал, Күшікжан құмды алқаптарды паналайды. Олар басында аң атып күнелтті. Кейін ашыға бастағандар күзен, саршұнақ жеуге көшті.

Көтерілісшілер жауласу ойларының жоқ екенін кедей-кешіктің «жарылқаушысына» түсіндіре алмады. Олар шама-шарқынша ашыққан халыққа көмек көрсетуді көздеді. Сол мақсатпен орталыққа алынған малды барымталап, түнделетіп ауыл халқына әкеліп беріп кететін еді. Сондыктан, елдің қамын ойлаушыларға Кеңес өкіметі «банды» деп ат қойып, айдар тақты. ОГПУ «бандыларды» қырудың жоспарын жасады. Бұл кездерде аштықтың алды байқала бастаған еді. Ақсу ауданының Қоянды жайлауында 14 ауыл түрғындарының жағдайы нашарлады. Адамдар астықты түп-түгел өткізіп, өздері малдың жапасының арасынан арпа теріп жей бастады. Астық егу науқанында өкімет тұқымды колхоздарға уақытында беріп, жекелерге таратуды әдейі мамыр айына қалдырады.

Елдің қамын ойнағандарды басып-жаншу мұнымен тоқтаған жоқ. Енді аспанды ғүрілдетіп, жусан исі аңқыған даланың берекесін қашырып самолет келді. Самолет көтерілісшілерді аспаннан бақылап, жердегілерге олардың қайда жүргенін хабарлап отырды. Көтерілісшілердің күші азая бастайды. Аспаннан бораған оқты көрмегендер қайда тығызып, кімді паналайтындарын білмей дал болады. Осы кезде Тұрысбек Тәңірбергенов Қытай жеріне асып кеткен адамдардан жасақ жинап, көмекке келеді.

Банда атанған топтың ызасын тудырған тағы бір мәселе – өкіметтің мешіттерді мал қораға айналдыруы болатын. Мешіт қана емес, шіркеулерді де мәдениет мекемелеріне ауыстырды. Асыра сілтеушілік орыс мұжықтарының да наразылығын тудырды. Қызылағаш ауылында коммунистерге қарсы кедейлер де көтеріліске шықты. «Шолақ белсенді» бір жақтан, аштық екінші бүйірден қысқанда халық қайда барапын, кімнен көмек сұрапын білмеді. Жапа-тармағай Қытай асуға қорықты. Ол жаққа барғанда бізді кім күтіп тұр, мыналарынды қайтарып алындар деп Кеңес өкіметіне ұстап әкеп берсе күніміз не болады деген ой қажыған халықтың санасын сансыратты. Осыдан кейін Сарышұға шатқалында бандылар (байлар) Кеңес өткізді. Олар

өзге елдегі жағдайды біліп келу үшін өз араларынан өкіл жіберетін болып келісті.

Сәуірдің басында Тұрсын Омаров пен казак Петр Черных бастаған көтерлісшілер тобының соңына жазалаушы екі отряд түседі. Ақсу өзені маңындағы Аданай бұлағынан онтүстікке қарай 15-20 шақырымдай жерде жазалаушылар көтерлісшілерді қызып жетеді. Сол жерде қоян-қолтық ұрыс болып, көтерлісшілер жазалаушылардан құтылып кетеді.

Көтерлісшілердің айла-тәсілінен титықтаған отряд командирі, ОГПУ-дің жергілікті басшысы Тарутис жедел әрекет бөлімшелерінің бастықтарына көтерлісшілерді біржолатажойып жіберуге бағытталған арнайы бұйрық берді. Ол бойынша атты әскер дивизиясының бірінші эскадроны Қызылағаштағы наразы топтарды жойған соң Сарқан ауданындағы көтерлісшілерді талқандауды көздейді. Тарутистің бұйрығы мен жазалаушы отрядқа қосымша 155 жауынгер, 119 адамы бар атты әскер, 36 жаяу әскер, 3 взвод, 58 жауынгері бар коммунистік отряд, 30 жауынгері бар комсомол отряды, 170 жауынгері бар Қызылағаштағы комотряд, 70 жауынгерден құралған Сарқан комотряды, 60 жауынгері бар Ақсу комотряды, Алакөл мен Андреевкада 53 адамнан құралған еріктілер отряды жасақталды. Осы кезде Алматыға ОГПУ бастығы Даниловскийге Қапалдан құпия жеделхат жіберіледі. Онда: «Бүйен, Ақсу ауданының Қызылағаш, Ақешкі, Сарқан, Қапал, Арасан елді-мекендерінде 1500 адамдық банда жойылды. Операция кезінде бандиттер жағынан өлгендердің жалпы саны 161 адам. Сарқан, Ақсу операциялары кезінде 40 адам өлтірілді. Қосымша тексергенімізде Қызылағаш түбінде 10 адамның өлтірілгені анықталды. Қапал, Баласаз операцияларында 120 адам тұтқындалған» деген дерек келтіріледі. Мәскеуге Даниловский жіберген тағы бір құпия жеделхатта: «Бандалар топтарын жойып жіберу чекистік шаралармен жүзеге асырылады...» деп жазылған.

Қапал, Сарқан, Бөрлітөбе жұрты ешкімнен пана таба алмасын білді. Ендігі мақсат – Қытай еліне көшіп, бала-шаганы аман алып қалу. Ауыл-аймақтың баскөтерерлері жиылып, Омар байдың баласы Тұрсын төреге келеді. «Қызылдар тұқым-тұяғымызды түгел құртатын

түрі бар. Не де болса көшті бастаңыз, Қытай асайық. Ұрпағымызды босқа қырып алмайық. Ол жаққа тау арқылы баратын жолды білесіз», деп өтінеді. Сонда бірнеше жыл бұрын Қытай жерінде төрелермен бірге Қоныроба саз жайлауын жайлап, біраз уақыт тұрып келген жетпістен асқан Тұрсын төре ұзак ойланып: «Ресей патшалығын үш жұз жыл басқарған Романовтар әuletін де Кеңес өкіметі жоқ қылды. Олар ешкімді аяйын деп тұрған жоқ. Оның үстіне күш алып кетті. Арамыздан шыққан тыңшылар шетімізден сатып, қайда жүргенімізді айтып, ұстап беріп жатыр. Алла салды, біз көндік «Өтсек өтейік, Қытайға» деп көшетін уақытты белгілейді.

Енді туған жер топырағына табаным тие ме, жоқ жат елде қалам ба деген оймен жасы жетпістен асқан Тұрсын тығызып барып, әкесі Омар төренің басына құран оқыды. Есіне балалық шағы тұсті. Сартау, Баянжүрек, Бүркүтті, Баласазда кең жайлап, ағайын-туыстың қызық тойын тойлап, өздерімен дәрежелес адамдармен құдандаласып, арқа-жарқа болып жататын дәурен-ай! Әкесі өте зерделі, әділдігімен танылған ауқатты адам еді. Омардың үйір-үйір жылқысы су ішуге келгенде Бүйен өзенінің сұы тартылып қалатын. Ол көзінің тірісінде бір сандық алтын беріп, Түркістан жақтан шебер алдырып, өзіне кесене салғызды. Онысы бақылық мекенім бала-шағама рух беріп тұрсын дегені еді. Күмбез арқылы өзінің дәрежесін де байқатқысы келген. Биіктігі 10 метрге жуық мазарды ешкінің майы, қылышық жұні мен жылқының жал-құйрығын сары батпакқа араластырып салдырды. Батпакты бір үйір жылқыға таптатып, иін қандырады. Құлап қалған жылқылар болса, шеткерірек шығарып, бауыздап, ел-жүртқа үлестіріп жіберіп отыратын. Кесененің төбесіндегі айы айналып тұрады. Мұндай мазар бұл маңда бұрын-соңды болмаған. Қасиетті Омар төре өмірінің соңында, кесене салынып бітті ме? – деп қайта-қайта сұраумен болады. Бақылық үйі тұрғызылып біткенде барып көз жұмады. Мұнда өзінің бауыры Алқан төре де жатыр. Жанжағында өрен-жарапдары.

Өткен күндерді көз алдынан өткізген Тұрсын төре соңғы жылдардағы жағдайды есіне алды. Тұлпардан тұғыр озған заманда Шыңғыс қағаннан тараған, бүкіл қазақ қадір тұтқан текті ұрпақтың басы қадірленбеді. Керісінше, қалыптасқан өмір сұру қалпы бұзылып, күнкөріс көзі жойылды. Осыны ойладап, терең күрсінген бай баласы

атақоныстың бір уыс топырағын ақ шүберекке орап, қалтасына салып, атқа қонды. Суыт жиналған көш тұнделетіп жолға шықты. Көштің құрамында ұзын саны 300-дей адам. Сартаудан өтіп, Демікпенің асуына барғанда жолды қар басып қалған екен. Көштің арасында көтеріліске бірге шықкан орыс-казактар да бар еді. Күрек, кетпен ұстауга бейім орыстар жолды қардан аршуға кірісті. Қызылдардан енді құтылған шығармыз, аттарды да суытып алайық деген көшбасылар арқаны кеңге салып, демалмақшы болады. Сол кезде көпірдің қарсы бетінен мұздай қаруланған қызылдардың әскері шыға келеді. Тұрсын төре қасындағыларға қашындар деп бұйрық берді. Немересі Мәжін қашпайтынын, керісінше, ағайын-туысы құтылғанша қызылдардың жолына кедергі болатынын айтады.

Көшке ілескендер арасында Тұрсынның Батырқан деген бауырынан туған Садық есімді ұлы бар еді. Батырқан қайтыс болған соң жесірі Жаңылысты Тұрсын әменгерлікке алған. Мәжін Садық інісіне: «Мені енді бұлар құтқармайды. Тұрсынның туған немересі екенімді біледі. Сен қаш. Ұстап алса кедейдің баласы едім, малдарын айдатуға ертіп алған де. Өзінен кішілерге, әпке-қарындастарға бас-көз бол. Малды қалдырма, бірге айдал кет», деп бауырына амандық тілейді де, өзі қызылдарға қасқая қарал тұрып алады. Соның арасынша, Курносов әскерінің қандықол жендеті шауып келіп, әлі жиырмаға да толымаған Мәжінді ортан белден қылышпен шауып түсіреді. Сол кезде Тұрсын төре көзінен жас шығармай тістеніп тұрып алады. Болар іс болды. Эйел, бала-шаға қашып құтылғанша жолдарын бөгей тұрайын деп ойлады.

Қазақтың жаужүрек батырына жақындауға батылы жетпеген қызыл әскер командирі Курносов төрені алыстан көздел, винтовканың шүріппесін басып қалады. Командирден кейін де бірнешеуі ажал оғын жаудырады. Тұрсын төре сол кезде барып құлайды. Ойлағанындей осы сэтте біраз адам қашып ұлгереді. Осының бәрін көз алдынан өткізген Тұрсынның баласы Қырықбай тас түбіне тығылып, аман қалады.

Атыс-шабыс аяқталған соң қызыл әскер оқиға орнынан жылдам аттанып кетеді. Тас түбінде қозғалмай жатқан Қырықбай көз байланың экесі мен Мәжін және сонда мерт болған бірнеше адамның денесін атақонысы Баласазға жеткізіп, Омар төренің қасына жерлейді. Тұнделетіп денелерді тасып, қабір қазып, басын көтергенше бірнеше

ай өткен екен. Тарихшы Халел Досмұхамедов: «Тарихты ұлылар жасайды, пендeler бұлдіреді. Ит өз-өзін танымаған соң айнаға қарап үреді» деген еді. Тарих – ұлттың айнасы. Ендеше, ұжымдастыруға қарсы көтерілістің болғанын, көтерілісшілерді сталиншілдердің аяусыз қырғанын халық білуі керек. Өткеніңді саралау арқылы бүгініңді бағалайсың. Кеңес өкіметі кезінде «Мақтанса бүгін мақтансын қазақ, төбесі көкке тимей тұр аз-ақ» деп әндettік. Кеңестік билік қып-қызыл қантөгіспен келген. Бай-манаптар ұжымдастырудың соны жақсылыққа апармайтынын білді. «Аша тұяқ қалмасынның» соны ашаршылыққа апаратынын бағамдады. Шынында да малынан айырылған халық өзінен-өзі, мылтық кеземей-ақ қырылды. «Қайырымсыздар қаптаған заманда қайыршылар көбейедінің» кері келді. Банды аталған аталарымыздың шынайы ерлігі жайлыш ауыз толтырып айта алмадық. Санамызға әбден сіңіп, қантамырымызға дейін өтіп кеткен қорқыныш еңсемізді көтертпеді. Мақтануға тұрарлық аталарымыздың атын айтуға сескендік. Мектеп, жоғары оқу орнына арналған оқулықтарда көтерілісшілер ұры-қары ретінде көрсетілді. Шындығында олар мал-мұлікті талан-таражға салуға қарсылық білдірген, ақыр сонында көтерілістен түк шықпайтынын біліп, ел-жүртты аман алыш қалу үшін шет ел асырып, басын бәйгеге тіккен батырлар еді. Тарихтың кейбір маңызды беттері әлі толық парақталмай жатыр. Тұрсын төредей алыштарымыз бастаған көтерілістің шынайы бет-бейнесі әлі де ашыла түспек.

ТҰЛПАРДАН ТҰҒЫР ОЗҒАН ЗАМАН ЕДІ

Қазақтың басына нәубет әкелген «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұраны алдымен ұлттың бас көтерерлерін тұқыртты. Алаштың зиялыштары мен ауқатты азаматтарын бас көтертпей, қорқытып, ел болашағын ойлаған бағыттан тайдыруға тырысты. Алаш жүрті ұрпағын: «Алты жыл аш болсан да, атаңың салтын ұмытпа» деп тәрбиелеген. Адал перзент ұлт мұддесін шыбын жанынан да жоғары қойды. Қазақтың арда туған азаматтарының ой-арманы жалғызақ. Атадан қалған қасиетті мекенді ешкімнің табанына таптатпау. Ұлттың ата дәстүрін сақтап қалу. Алаш зиялыштарын халық жауы деп ұстап әкетті. Ал, бай-манаптардың малын тартып алып, кедейліктің кебін кигізуге тырысты. Кеңес өкіметінің «ұжымдастырамыз» деген желеумен мал-мұлікті түгел жинап алуы байлардың ашуын тудырды. Кедейлерді жарылқаймыз деушілер оларды да ондырмады. Елдің алды ашаршылыққа ұрына бастады. Солақай саясатқа қарсы шығушылар қатары күн санап өсті. Кеңес өкіметінің оспадар қылышына наразылық білдірушілер Қапал-Ақсу өлкесінен де көптеп шықты. Сталиншілер оларды «ұлтшылдар», «ел арасына іріткі салушылар» деп қаралады. Көтерілішілердің кейбірінің есімдері осы күнге дейін аталмай келді. Себебі, асыл азаматтардың ерлігі жайлы ескі көз ата-апалардың аузынан естігеніміз болмаса, қоғамдағы орны, нақты қандай іспен айналысқаны жөнінде білу мүмкін емес еді. Бұлар жайлы деректер ұлттық қауіпсіздік комитетінің құпия мұрағатында сақталды.

Отызыншы жылғы қолдан жасалған аштық төрт миллионның төнірегінде қандасымыздан айырды. Зиялыштарды қудалап, ауқаттылардың малын тартып алған соң елдің жайы онбады. Қалған халыққа мылтық кезенудің өзі артық еді. Күнкөріс көзінен айырылған жүрт аштықтан өзі-ақ баудай түсіп қырылды. Осы кезде Қапал өңіріндегі атакты бай Омар мен оның батыр бауыры Алқаннан тараған ұрпақ та қудалауға түсті. Жеті атасынан байлық үзілмеген төре тұқымы бұған дейін Баласаз атты мекенде бақуатты ғұмыр кешіп келген. Бұл кезенде Жетісу өлкесінде дәулетті адамдар көп еді. Ел мен жердің иелері шұрайлы өлкеге орыс-казактардың көптеп көшірілуін басынан-ақ жақсылыққа жорымады. 1848 жылы қазақтың шұрайлы өлкесіне орыстардың қаулап көшіп келуі күмән тудырмай қоймады.

Олардың ішінде кедей шаруалар көп еді. Сұнғыла қазақ мұндайда «қоянның бойын көріп, қалжасынан түңіл» дейтін.

Бірақ жоғары жақтан жүргізілген қитуркы саясат «ұжымдастыру» дегенді желеу етіп, елдің мал-мұлкін тартып алыш, кім арқасынан қақса соған жаңын сала еңбек ететін момын халықты алдаусырата бастады. Елдің бас көтерерлері аштан түз-түгел қырылып қалмай тұрғанда ұрпағын аман алыш қалудың амал-тәсілін ойлады. Сонымен, Қапал, Ақсу, Сарқан байлары ақылдаса келіп, көтеріліске шыкты. Олар қанша мықты болғанымен, қару-жарагы аз еді. Кеңес өкіметінің сонында қаруланған отряд тұрды. Оларға көмек Ресей жақтан келіп жатты. Самолет, пулеметпен қаруланған әскер жай аңшы мылтығы және бірен-саран винтовкасы бар көтерілішілерді баудай түсірді. Көтерілістің соны босқа қырылуға әкеліп соқты. Ендігі мақсат – көрші елдерге бас сауғалау.

Кеңес өкіметінің отарлау саясатына қарсы шыққан байлардың бірі – Тұрсын Омаров. Ол 1930-1931 жылдары аштыққа ұрынып, жер бетінен жойылып кетуі мүмкін ауыл-аймақ, бала-шағаны аман алыш қалу мақсатында Қытайға бет алған көшті бастаған. Арадан шыққан тыңшылардың кесірінен банды (көтерілісші) Арасанның Сартауы арқылы шекаралас елге баратын Демікпе асуында қызылдардың қолынан қаза табады. Әкесіне тартып туған қайсар баласы Жолдыханды қызылдар Верный қаласына жер аударады. Арқасүйер асқар тау әкелері мен бауырынан айрылған Қырықбай, Мәлік, Қали, Мұқаш, Асқарлардан күйі кетті. Кеңес жерінде енді өздеріне тұрақ жоғын сезді. «Байдың ұрпағысын» деп күн көрсетпейтіні белгілі еді. Аман қалудың бір-ақ жолы бар. Ол – көрші Қытай еліне өтіп, жан сауғалау. Анау 1916 жылы патшалық Ресей қылышын жаландылып келгенде біраз жұрт орыстан енді жақсылық болмайтынын біліп, шетел асып кеткен. Ендігі ой –соларды тауып алыш, пана тұту.

Ешкімге білдіртпей қарасы 10-15 адамнан құралған аттылы-жаяулы көш жолға шықты. Басшылары – Қырықбай. Көштің құрамында Мәлік, Мұқаш, Сәдуақас, Қали, Асқар және Әди есімді жас келіншек пен аталарының қасында жүрген төленгіттер. Әди – Қалидың жары. Салт ат мінген Әидің алдында әлі ес білмейтін сәбіі бар. Олар жарты жолға жеткенде өздері сияқты босып бара жатқан қандастарын кездестіреді. Босқындар енді қорқыныштың жоқ екенін,

қауіптің сейілгенін айтады. Көшке ілескендер таулы-тасты жолда жүріс өнбей шаршаған. Әсіресе, бала-шаға титықтаған. Жолаушылар қауіптің сейілгенін айтқан соң көш басшылары бел жазып, тынығып, ас-су ішіп алуды ойлайды. Сол жерде бір малды сойып, аттарын тағалап, ес жимақшы болады. Қырықбай өзінен кейінгілерді демалдышып, өзі бәкі-пышағын алғып, мал союға кіріседі. Әдидің мінген атын інілері отқа қойып, аяғын тұсаулайды. Жер-ошақтағы тамақ исі бүркышрап, асқа енді отырамыз-ау дегенде ат тұяғының дүбірі естіледі. Қорқыныш сейілген шығар деп жандары жадырай бастаған ер-әйел тасыр-тұсыр дыбыс шыққан жакқа қараса мұздай қаруланған солдаттар қақ төбелерінде тұр. Бұлар ес жиғанша, қарсы жақтан оқ борап кетеді. Бірі тастың тасасына тығылады. Енді бірі атқа мініп, қамшыны сауырға басады. Қырықбай мен Қали жардың астына тығылады. Өлдім-ау деген 14 жасар анғал бала Мәлік ағасы Қалиға жалтақтай қарап:

— Аға, басымды қалай қаратайын, құбыла қай жақта? — деп сұрайды. Ондағы ойы өлсем басым құбылаға қарап қалсын дегені еді. Сонда ызаға бұлыққан ағасы:

— Өлген соң басынды құбылаға өздері қаратады. Қазір қаш! — деп інісін алға жібереді де, майлы көтеннен бір тебеді. Бораған оқтан ешкім-ешкімге қарайласа алмай қалады. Бастарын сауғалап, таутасты қалқалап, қаша жөнеледі. Қали біраз жерге барған соң інісінің артта қалып қалғанын байқайды. Көк дөненнен жүйрік көңіліне әкесі Жолдыханның сөзі түседі. Бай баласы болғаны үшін Верныйға айдалып кеткен Жолдыханды түрмеге ұлы Қали ізден барады. Сонда әкесі Қалиға бұдан кейін жалғыз жүрмеуді ескерткен еді.

— Айналайын, адамға адам ғана ес болады. Ағайыннан саяқ жүрме. Қайда барсаң да қасыңа бауырларынды ертіп ал. Осы күнге дейін туыстан бөлек жүріп онған адамды көргенім жоқ. Ыстықты да, сұықты да бауырларыңмен бірге көр, — деген еді. Санасындағы сәулеге осы сөз қонып қалған. Сын сағатта әкесінің өсиеті есіне тұсіп, соңында келе жатқан Асқарға қайта жүгіреді. Белі қатпаған інісі ол кезде бар-жоғы сегіз жаста екен. Аяғын әрең басып келе жатқан бауырын жетектеп, алға сүйрей жөнеледі. Екеуі сүріне-қабына сайдың бойындағы дәү қойтастың қалқасына барып тығылады. Қытай елінің дәмі тартпады ма, жоқ тағдыр осы жерден ерлі-зайыптыны ажыратты ма, әйтеуір,

Әди асудан ары өте алмады. Қырсыққанда қымыран іриді дегеннің кері келіп, сасқалақтаған келіншек кісендеулі атқа мініп алады. Бәрі тым-тырақай қашқанда тұсаулы жылқының үстіндегі Әди қосағынан көз жазып қалады. Қызылдар Әдиді Текелі қаласына апарып, ОГПУ-дің кеңесінде сұраққа алады. Жас баласы бар әйелді аяды ма, жоқ келіншегін іздеп күйеуі осы жаққа келсін деді ме, Әдиді біраз тергеген соң бостандыққа шығарады. Бірақ, алысқа ұзамауды ескертеді. Ал, сай жағалаған ағайындылар біраз жерге барғанда бір-бірімен қосылып, бөгде елге апаратын сұрлеуге түседі. Өз елінен тұрақ таппай шетел асқандар «арғы беттегі» татар жезделерін пана тұтпақшы. Шекара асып, Қытай жеріндегі Бұратала аумағына табан тірегендеге алдарынан қалмақ ауылы шығады. Жат елдіктер босып келе жатқан қазақ балаларын басынып, киімдерін тартып алмақшы ойларын байқатады. Сонда Қали көп қалмақтың арасынан жүзі таныс бейнені таниды. Сонау 1916 жылы ел арасы бүлініп, советтіктер қандастарымызды қыра бастағанда Тұрсын атасы бар малымен Қытайға көшіп келіп еді. Содан, дүрбелен ғасылған соң елге қайтадан қайтқан. Сол жолы ертоқымның алдына Қалиды отырғызып, бір қалмақ ауылына қонаққа барған еді. Олар ел арасында беделі артқан Тұрсын төрені құшақ жая қарсы алып, төріне отырғызып, қонақ еткен. Қазір қарсы алдында тұрган сол қалмақ. Аты – Темке. Он жылдан аса уақыт өтсе де бала Темкені жықпай таныды. Жеткіншектің қадалған жанарынан ол да таныс бейнені байқайды. Сонда Қали:

– Сен Темке емессің бе? Мен Тұрсын төренің баласымын ғой. Атаммен бірге сіздердің үйге келгенбіз, – дегенді түсіндіреді. Қалмақ Тұрсынның атын естігенде елең ете қалады. Беделді, бай адамның балаларының мұндай құйге тұскеніне қайран қалған Темке:

– Ойпырай, мына әудем жерде тұрган Қоңыроба саз жайлауын мекен еткен Тұрсын байдың ұрпағы осындей жағдайға тап болады деп кім ойлаган, – деп құрметтеп, балаларды үлкен үйге алып барады. Онда қалмақтар арқар етін асады. Алдыға әкелінген тамақтарынан қан ағып тұр. Қалмақтар еттің қанын сорғалатып жей бастайды. Аштық пен екі елдің арасындағы асу арқылы өтетін қиямет жолдан әбден титықтаған балалар аң етін қарпи асайды. Темке қазір жол жүріп бара жатқанын, біраздан соң анау тәбе арқылы басқа жаққа жол тартатынын айттып, атқа қонады. Балаларға тамақтанып алған соң сол

төбеге барындар дегенді ескертеді. Жол-жөнекей балаларды баратын ауылына жеткізіп тастайтынын айтады. Бірақ, қарны тойған балалар ас ішкен жерлерінде жантайып жатып, ұйықтап қалады. Оянса айналаны қарандырылған басқан. Арып-ашқан бөтен елдің тұрғындары ары қарай тағы аяндайды. Жүре-жүре бір бай сарттың ауылына тоқтайды. Сарттың малшысы қазақ екен. Қандастарын қожайынына ертіл барып, одан босқындарға тамақ беруін өтінеді. Сонда үй иесі:

– Әу, қазақ нәдән келе жатырсың? – дейді. Қырықбай сарттың сұрап алмасаң ас бере қоймайтынын байқап:

– Нәдән-сәдәнді қайтесің, бізге тамақ бер! – дейді дауыс көтере. Қанша арып-ашса да, Шыңғыс ханнан тараған ұрпақ, Омар байдың баласы ешкімнің алдында кішіреймейді. Бай балаларды тамақтандырып, адамгершілік танытады. Оларды көрген ауыл адамдары: «мүмкіндік болса, бие сауып отырған ауылға барындар, қымыз, саумал ішпесендер онала алмайсындар» дейді. Ересектері жөн сөзге тоқтап, жылқылы ауылға баруды ойластырады. Енді жол жүрейін десе, Асқар інілері ілесе алмайды. Хәлі кеткен. Не де болса кішкентайды осы ауылға қалдырып, өздері бір жерге барып, орын теуіп, жеткіншекті содан кейін алыш кетуді ойлайды. Сонда 13-14 жастағы Мұқаш ағаларына, Асқарды тастап ешқайда кетпейтінін айтады.

– Біздің қашан келетініміз белгісіз. Бауырымды біреулер алыш алса қайтемін? Сендер кете беріндер. Мен інімнің қасында қаламын, – деп отырған орнынан тапжылмай қояды. Мұқаш пен Асқардың бір-бірінен ажырамайтынын байқаған ересектер ағайындыларды сол үйге аманаттап, жолға шығады. Мұқаш сарттың малын бағады. Ал Асқар байдың өзімен жасты баласымен ойнап, үйде қалады. Оның сарт құрдасы ойыншыл, бауырмал болыш шықты. «Асқар менімен бірге отырып тамақ ішпесе мен де ішпеймін» деп күн сайын байбалам салады. Онысы арып-ашқан қазақ баласына жақсы болды. Сонымен, аш-жалаңаш бала тойына бастайды. Кіп-кішкентай жүрегімен мал соңында жүрген бауырын ойлайды. Бай баласы берген бауырсақтың біреуін жесе, екіншісін таспен бастырып, ағасына тығып қояды. Кешке жақын мал қайырып келе жатқан көкесін көргенде тығулы бауырсақты ала салып, құстай ұшады. Ал Қырықбай бастаған ағалары бұл уақытта итшілеп жүріп, татар жезделерін табады. Бірақ, ол үйдегі

әпкелері ағасы Жолдыханды Кеңес өкіметінің ұстап әкеткеніне араша түспедіндер деп бауырларына реніш білдіреді. Үй иелері сырт мінез танытқанына кейіген ағайынды жігіттер бұл ауылдан да пана таппай, көңілдері қалыш, бұрылып кетіп қалады. Қолдарынан келсе әкелерін Кеңес өкіметі тұрмақ, одан зорғыға берер ме еді?! Жер мен малға көз қызартқан қызылдар ешкімді аяған жок. Басқамен кеңескен жок. Дәл осы жағдайды түсіндіріп жатуға тіл де, шама да келмеді. Оны әпкелері де тыңдай қоймас еді. Ендігі беталыс осы жактағы екінші бір жезделері – Тұрсын. Ұлкендер ол жекжатының мейманасы тасыған бай болғанымен, кішіпейіл екенін айтатын. Қырықбай мен Қали, Сәдуақас пана ізден Жалынқол-Жартоғандағы құдалардың ауылына бет түзейді. Құдалары әкелерімен жақсы сыйласқан адам еді. Жер ауып келген балдыздарын құшақ жая қарсы алды. Әбден шаршап-шалдықтан қазақ балалары жекжаттың ауылында ес жиып, киімдерін түзеп, жылқы мініп, сарттың үйінде қалған Мұқаш пен Асқарды алыш келеді. Ағайынды Қырықбай, Мәлік, Мұқаш, Садуақас, Қали, Асқар бірін-бірі сүйемелден жүріп, аман қалады. Біраз уақыттан кейін Қырықбай қазақ жеріне қайта өтіп, Жуніс ағасының әйелі Жамал мен Жолдыхан ағасының бәйбішесі Меруертті және олардан туған қыздарды арғы бетке алыш өтіп, бастарын қосады. Қали тұрлі кедергілердің кесірінен жары Әдиді алыш кете алмайды. Аналары келген соң балалар да еңселерін көтеріп, ел қатарлы ғұмыр кеше бастайды. Бұлардың Қытай жерінде мекен ететін Самай деген жекжаттары аса бай еді. Олармен енді араласа бастағанда Самайдың бауырлары Қалидың қарындасты Бәренді бір інілеріне айттырмақшы ниестерін байқатады. Ағайын деп жүрген адамдарының қарындастарына көз салғанына ренжіген жігіттер ол жерден де көшіп кетеді. Қытай жеріндегі зәңгі, атақты бай Әбді өзінің Тәлім атты жалақ баласына Мұқаштың кенже қарындасты Кенжеханды сұрайды. Ол кезде Тәлімнің үш әйелі бар екен. Бауырлары көркіне көз тоймас қарындасын Тәлім жалакқа қимай, ат-тондарын ала қашады. Оған ерегескен байлар Мәлік пен Мұқашты күш көрсетіп, зынданға жаптырады. Соңда, Кенжехан:

– Мені Тәлімге бере беріндер. Үш әйелін де аттап өтіп, сонында бәрін өзім басқарамын, – деп Тәлімге тұрмысқа шығып, ағаларын қамақтан шығарып алады. Шындығында, сонында Кенжехан бар билікті қолына алады. Сонында Тәлімнің үш әйелі малишыларына

күйеуге шығып кеткен екен. Жұністің Мәлігі оқу-білімге бет бұрады. Атасына тартқан зейінді бала мұғалімдік білім алады. Ол Көкебай ауылында балаларға дәріс береді. Аталарына тарта тұған ұшқыр ойлы ұстаз әріптерінің алдынан көрініп, Құлжадағы гимназияның басшылығына тағайындалады. Ауыл тұргындары оны Мәлік – мұдір деп атайды. «Мұдір» – мектеп директоры деген мағынаны білдіреді. Мәлік Нылқыда көрші тұрган Куатбектің желкілдең өсіп келе жатқан қарындасты Оралқанды Мұқаш бауырына алып береді. Өзі Қабас досының Дәмелі атты балдызына үйленеді. Қырықбай болса Жақып бауыры қайтыс болған соң, ағасының Қызжібек есімді келіншегін әменгерлікке алады. Жақып пен Қырықбайдың балалары Еженғали – Оралқан, Төлеген – Әзине есімді қызыға үйленіп, аталас бауырларының арасында бақуатты ғұмыр кешті. Қали Қытай жерінде қайта үйленеді. Ол Ресей атты бойжеткенмен тағдырын тоғыстырады. Ал, қазақ жерінде қалған Әди күйеуінің аталас бауыры Сүлейменге тұрмысқа шығады. Кейіннен барлығы Қытай жеріндегі бай төрелер мекен ететін, көз тоймас сұлу Қоңыроба саз жайлауына барып, бақ-дәulet бастарына қайта орнап, шат-шадыман ғұмыр кешеді.

Ел іргесі тынышталып, байларды қудалау аяқталғанда Омар байдың Тұрсын баласынан тараған ұрпақ өніп-өсіп елге оралады. Кеңес өкіметінің отарлау саясатына қарсы шығып, оққа ұшқан Тұрсын төренің ұрпағы аталары мекен еткен Жетісу өлкесінде, көпшілігі Қапал өнірінде Тәуелсіздіктің әр таңын тәубемен атырып, бақуатты ғұмыр кешуде.

ҚОС БӘЙТЕРЕГІМ

Менің ата-анам асыл адамдар еді. Өмірге тоғыз бала әкеліп, тәрбиелеп өсірді. Жанымызға ізгілік нұрын септі. Мейірімді, қайырымды, адап болуды үлгі етті. Арнаулы білімдері болмаса да көздері ашық, көкіректері ояу жандар болатын. Екеуі де тіл құдіретін жақсы түсінетін. Қос бәйтерегімді әдебиетші деуге келеді. Жандары үндес. Екеуі де мақалшы. Екеуі де әнші. Бойымызда жақсы қасиет болса, ананың сүті, әкенің қанымен дарыған. Өмірлік ұстанымдары бар. Сол ұстанымдарынан айныған жоқ. Бізге соны тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен санамызға сінірді. Кейде үйге қоғамдағы келеңсіздіктерден налып келсем, «Қызыым, жақсы өзі де өкпелетпейді, жаманға өзім де өкпелемеймін деген тәмсіл бар, ашуынды бас» деп жөнге салатын. Немесе, «Ақымақты кешпесең, ақылдылығың қайсы» дейтін. Экем кең адам еді. Адамдарды бөлмейтін. Бөлгенді ұнатпайтын. Үйге қонақ шақырса ауылда ешкімді қалдырмайтын. Біз балалыққа салынып, көлшілікпен араласа қоймайтын адамдарды шақырмай қайтып келсек, білсімен қайта жіберетін. Шақырған қонағының басаяғы жиналмайынша, отырысты бастатпайтын. Жан-жағындағыларға деген құрметі ерекше еді. «Өзіме мол жетеді өз акылым, басымды кім сыйласа сол жақыным» дейтін. Мұқа, деп өзін қадір тұтқандарды жанына жақын тұтатын. «Еңкейгенге еңкей – атаңнан қалған құл емес, шалқайғанға шалқай – пайғамбардың ұлы емес» дегенді де санамызға сініретін. «Жаманға басынды име малы бар деп, жабыға тоқым салма жалы бар деп» дегенді де ата-анам айтатын. Дүниеге құл болмауды, өз басынды қадірлеуді үйретті. Ағайынмен тату болды, ешкіммен көніл қалдырысқан жоқ. Әсіресе, женге, келін, аға-ініге құрметі ерекше. Арғы атасы Омар - Алқаннан тараған бауырларын ерекше қадір тұтатын. Бауырлары Қырықбай, Қали, Төлеген, Еженғали, Есенаман, Бейсен, Ескелді, Әбліхамиттерді көңіліне медеу етті. Үлкендерін арқа тұтты. Кішілеріне ақылшы, пана болды. Ағасы Мәлік пен інісі



Асқардан алшактап көрген жоқ. Бір шәугім шәйлары болса бөліп ішетін. Бақтарына қарай абысындар да тату болды. Әрқашан бір-біріне қарайласып жүретін. Кішісі ұлкендерінің алдынан кесе көлденең өтпейтін. Бізді де солай тәрбиеледі. Сондықтан көпшіл болып өстік. Алды-артымызға қарайлап, бауырларымызға жанашырлық таныттық. Жанымызға шуақ нұрын сеуіп өсірген ата-анамызға айтар алғысымыз шексіз.

Анамыз өте ақылды, салиқалы, сабырлы жан. Артық сөз айтпайтын. Сыбызығыдай болып әңгімесін айтып, сызылтып ән салып өмірімізді әрледі. Бесік жырымен өсірді. «Ойпырым-ай, осы кісі қалай ашуланбайды» деп таңқалушылар көп еді. Ақыл айтудан шаршамайтын. «Бірі болмаса бірі естерінде қалады, айта берейін» деп, неге ақыл айта береді дейтін біздің ойымызды оқитынын білдіретін.

Өмірлік мысалдары мен тағылымды әңгімелері көп еді. Қос бәйтерегімнің сыйластығының өзі бізге үлгі, өнеге. Бір-біріне дауыс көтеріп сөйлемейтін. Әкем анамды Ораш дейтін. Таңертең отын жағып, шәйін қайнатып қойған соң барып, Орашын оятатын. Сен әйел, мен ереккеген жоқ. Тоғыз баласының анасы – анамызды ерекше қадірледі. Ал, анам болса, Мұқа деп ерін құрметтеп отыратын. Бір-бірімен келісімге келмеген кезін көрмеппіз. Қай уақытта шешетіндері белгісіз, әйтеуір бізге қатысты мәселенің барлығы уақытында ойластырылып қоятын.

Біз ес білгелі жоқ деген сөз естімедік. Бар шаруаның, ішім-жемнің, киер киіміміздің, оқу құралдарының барлығын түгендереп, қиуын келістіреді. Қорадан мал да үзілмеді. Жылына екі рет соғым соятын. Ол да барышылық пен елдің сыбағасын берудің, сыйластықты сактаудың амалы еді. Құда-жегжатпен ренжіспеді. Тізе түйістіріп, құда-жекжат аман болсын дейтін. Өмірдің мәні сыйластықта екенін үқты, ұғындырды. Сіздер берген тәрбиеге мың алғыс! Қу болып, елге қадірсіз болып жүрсек қайтер едік. Өмірің өксікке айналмай ма?! Осындай жарқын жол көрсеткен қадірлі ата-анам, Сіздерге сансыз алғыс. Осы кітабымды Мұқаш пен Оралхан анама арнаймын. Рухтарыңыз риза болсын! Сіздер салған сара жолмен жүріп келеміз. Ұрпақтарыңызбен мың жасаңыздар!

ҚАЙРАН БІЗДІҢ АНАЛАР – АРДЫ ОЙЛАҒАН

Ата-енем алтын адамдар еді. Момын, қақ-соқпен жұмысы жоқ, сабырлы, барға – канагат, жоққа – салауат айтып отыратын. Атам жер қозғалса да қозғалмайтын. Көп жағдайда үйдің бар-жоғын енем түгендейтін. Бір шаңырақтың жетінші баласы болып, алдыңғыларға сеніп ештеңе істемей өскен мен еркетотайлау болдым. Басында шәй құйып, үй жинағансып жүргенмен, екінші абысыным түссімен бірден төрге шығып алдым. Білмеймін, әйтеуір елден жоғары отырғанды ұнататынмын. Ондайда енем: «Гүлжан атусті жүріп үйреніп кеткен. Жұмысы да сондай. Шаруаларынды өздерің істей беріндер. Барсындар ғой», деп мені жақтайтын. «Мұның не?» деп қайын әпкелерім де айтпапты. Кейіннен енем дүние салған соң қайын әпкелерім: «Ал кімге арқа сүйер екенсің? Жақтаушың жоқ, енді бізге шай бересің» деп қалжындастырын. Сырт көзге байқатпағанмен, жанарым жасқа толып кететін. Өзімнің акымақтығым мен енемнің кең жүректігіне таң қаламын.



Арасандағы үлкен шаңырақта барлығы оншақты адам тұрамыз. Бізді жұмсағысы келмей ме, жоқ сендер істендер деп айтуға батпай ма, нанды өзі жауып, бір қазан көжені күнде өзі жасайтын. Бір күні қалаға баратынын айтып, нандарынды өздерің пісіріндер деп кетіп қалды. Ол кісі жолаушылап кеткен соң үйдің үлкенімін ғой деген оймен нан илемекші болдым. Иледім. Жақсылап орап қойдым. Ашыды-ау дегенде тегештің бетін ашып қарасам, ашымапты. Тағы бір сағат қойып қойдым. Ашымады. Үйдегілер қарындарының ашқанын айта бастады. Не де болса пісірейін деп табаға салдым. Ашып қарасам көк-аяз, қатып қалған. Содан қайнам Жанасыл сұрағанда ашытқы қоспағаным есіме түсті. Ол менің бақырайған көзім мен мағынасыз түрімнен нанды дұрыс илемегенімді түсінді. Бұлқынып барды да бір тегеш қамырды итке таstadtы. Тоқсаныншы жылғы жоқшылық кез еді. Нан мен көже жасап отырған бар-жоғы екі қап ұнның біразын итке

рәсүә қылғаным жылағым келді. Сол қылығымды енем келгенде жерден жеті қоян тапқандай өзім айтып бердім. «Е, жас кезде не болмайды. Солай үйренесіндер ғой», деді де қойды. Ол кісінің орнында мен болсам шыққан шығынды айтып, бәрін қырып жіберетін едім. Бірде атамыз кіші абысыным екеумізді көрші ауылдағы қайын әпкем Фарида тәтенің үйіне қыдыртып апармақшы болды. Қыс кезі еді. Таулы жердің аязы қатты. Алдымен абысыным Гүлжан екеуміз шанаға отырдық. Атам екеумізді қымтап жүр. Аяғымызға өзінің ішігін әкеліп жапты. Атты қашадан жетектеп шығарды да, соңынан алдыңғы жаққа өзі жайасты. Байқамады ғой деймін, аяғымның ұстіне отырып алды. Аяғымды қозғалтайын десем ұяламын. Айтпайын десем үйип барады. Не де болса шыдайын. Сонымен көрші ауылдағы апайымыздың үйіне жеткенше сирағым сіресіп қалды. Жеткен соң түссейін десем тіземнен төмен қарай үйип қалған, жан жоқ. Басқалардың демеуімен сүйретіліп жүріп шананы әрең босагтым.

Қазір сол күндердің бәрі сағыныш. Енем бара қалсам: «Алғаш көрген қуанышымсың ғой. Сен келсен ел көшіп келгендей қуанамын» деп отыратын. Қайран біздің аналар қадірді асыратын. Соңғы жылдары Асылхан анамыздың жанары семіп қалды. Мұлде ештеңе көрмейді. Үйге келсе тамағын берген соң басқаларға: – Мені мамаша сұраса осында жүр деп айта салындар, – деп құрбыларыммен дүкен аралап, моншаға барып келетінмін. Келген соң аузыма сөз түрмай қайда болғанымды айтып қоямын. Ондайда әдемі ғана күлімдеп:

– Барындар, елден қалмай жүріндер. Қатарыңмен ойнап-күлгенге не жетсін, – деп ренжімейтінін білдіреді.

Адамның басы – Алланың добы. Бірде өзім де ауруханаға түстім. Қасымда жатқан апа әдемі халат киіп алышты. Ішімнен аман-есен шықсам, енеме дәл осындай халат әперемін деп ойладым. Ауруханадан шығып, есімді жинаған соң сол киімді іздедім. Бірінші кірген дүкенімде мен іздеген киім түр. Түсі де, оюы да дәл сол. Қуанып кеттім. Енеме беріп тұрып игілік қуанышыңызға киіңіз деудің орнына ауруханаға жатқанда киіңіз деппін. Әлгі апаның емдеу орнында киіп жатқаны көз алдыма келген болу керек. Сол жылы енем сырқаттанып, сауықтыру мекемесіне түсті. Барсам мен әперген әдемі, көк халатты киіп алышты. Сол кісінің ауырғанына өзім кінәлідей сезіндім. Ауруханаға киіңіз дегеніме. Ойланбай сөйлей салатыныма өкіндім.

Енем алтын адам еді. Мен бара қалсам, ақырын сыйырлап, қалтасында ақша бар екенін айтатын. Бөлмеде екеуміз ғана қалғанда шүберекті ашып, ішінде қанша ақша барын сұрайды. Өзінің көзі көрмейді ғой. Мен қанша барын айтамын. Ол болса біреуін маған ұстатады. Алмаймын деп азарда-безер болсам да, машинаца бензин құйып ал деп, қоймай қолыма ұстатып жібереді. Осының барлығы кино лентасындағы көз алдыннан өтеді. Қайтыс болғанда ішім удей ашыды. Пенделікке салынып ренжітіп алған кездерімді ойладым. Еш уақытта сен дұрыс істемедің деп айтпады. Бәріне кеңдікпен, кешіріммен қарайтын.

Өмірден өткен соң бір алғаға жетпей түсіме кірді. Есік алдындағы ұзын жолмен кетіп барады екен. Жап-жас. Дәл мен келін болып түскендері әдемі қалпы. Басына әппақ орамал тағып алыпты. Маған қарап риза көнілмен қолын бұлғап, басын изеді. Әдемі болып жүргені жұмақтан орын бұйырған екен деп жорыдым. Алтын енем, жатқан жерінің жайлы болсын. Атам екеуінізге біз ризамыз. Қолымыздан келетіні Құран бағыштау. Көз алдымызда жылы жүзіңіз және ата-аналық қамқорлықтарыңызben қалдыныздар. Жәннатта нурларыңыз шалқысын!



САҒЫНЫШ ЕКЕН БАЛА КЕЗ

Егіндікке түскен бұзауларды қайыра-қайыра шаршадық. Олар да куланып алған. Көзің тая бере қырманның сыртымен айналып, қайта келеді. Салып ұрып жетіп келмейді, ақырында, жайылғансып жүріп, басын көтеріп қарап қояды. Егер қорушы жоқ болса, сирақтарын жеделдете, сыртылдата басып, көкорай егіндікті бетке алады. Жайқалған астыққа бір бас қойған екен, сенің айқайынан қорқып, қаша қояр олар емес. Қара биені сауырға басып, Қайтпасты айтактасаң ғана басын көтеріп, кейкиіп бір қарайды да, жеткеніңше тағы бірнеше бидайдың сабағын қаузап үлгереді. Қуаласаң ауыл жақтан аласып қалғандай айдалаға қашып, біраз әуре-сарсанға салады. Бәрін әдейі істейтіндей. Бұл қысастығына зығырданым қайнап, аттың сауырына ыңғайлы келгенін әкем жасап берген бишікпен ұрып кеткен боламын. Қайтсін, олар да азықтың дәмдісін жегісі келеді. Сонымен кешке дейін ауылдың бар бұзауын «ермек қылып» жүргенің. Табын көрінгенде ғана жалаң аяқ мал бағушылар борпылдақ топырақтың шаңын аспанға көтеріп, жарыса жетіп, үйді үйіне қуып әкетеді.

Егіндікті қору әкемнің міндеті болатын. Бірақ жаз бойы малдың қыстық азығын дайындауды, шөп шабады, оны күнделікті барыш аударыстырады, арбаға тиеп әкеліп маялады. Сонымен қатар, арқан есу, қамшы өру сияқты бітпейтін тірлігі болғандықтан алқапты бұзаулардан қорғауға тете ағам Уахит екеуміз шапқылаймыз. Бала кезімнен үй шаруасына бейімсіздігімнен, еншіме барып кел, алып келді атқаратын шабармандық бұйыратын. Аңсарым далаға ауып тұратын мен үшін ауыл сыртындағы жусан исі аңқыған алаңқайға атты жайып қойып, көк шалғынға жата қалып кітап оку жан рахаты еді. Бірақ, көресіні бұзаулардан көресің. Иесі таңсәріден тұрып, сауып алған сиырлар маңмаң басып өріске қарай беттейді. Сиырлар табыншының құрығына ілінісімен, женгейлер бұзауларды бүйдасынан айырып, ауыл сыртына қарай беттете салады. Одан кейінгі тамақ тауып жеу тәсілдері әлгіндей.

Тұс мезеті. Әдетіммен Уахитты тұскі асқа жіберуге бардым. Бұзаулар қайырым бермей, бауырым алашапқын болып жүр екен. Мені көріп ызалана «Қайтар ар жағын, қырманға қамаймыз» деп айқайлап жіберді, өзі булығып жылауға шақ тұр. Дауысында ашулы діріл бар. Оның дойырланса өзінен үлкендермен жағаласа кететін

әдеті бар болатын. Мінезіне қанық болғандықтан сөзге келмей, арам қатқырларды ашық тұрған данғарадай қамбаға қуаладым. Ішінен бидайдың исін сезді ме, әлде Қайтпастың тілерсекке жармаса кететін әдетінен қаймықты ма, бұзаулар есікке қарай өздері ентеледі. Мұндайда олардың бір-біріне жол бермей, қақтығысып, кептеліп қалатыны бар. Ішке енсімен Уахаң маған қайыра бұйрық берді. «Бір-бірлеп ұста, қарасан келгірлерді» дейді ашуланып. Әліме қарамай құлап-жығылып жүріп айтқанды істеймін. Қарасам, Уаханың қолында әкемнің ұстарасы. Қабынан сұрып алғанда жарқ ете қалды. Ет тұрмақ қайысынды тіліп түсетін ұстараның оның қолына қалай түскеніне таңмын. Ұстараны алып шыққанға қарағанда ол бұл құнгі сойқанға алдын-ала дайындалған сыңайлы. Әйтпесе, әкем мұны жан қалтасынан тастамайтын. Әсіресе пышаққа әуес, қодар мінезді «Қара шолағынан» (Уахитты еркелетіп солай атайтын) тығып ұстайтын.

Сонымен мен ұстаган алғашқы бұзау құйрығы мен кос құлағынан түбінен айырылды. Осылайша қалғандарының да құлағын кесіп құнтитып, құйрығын кесіп шұнтитып тастады. Қырман іші шашылған құлак, құйрықтар. Ақырындан бұзауларға бір-бірден ен салынып, қамбадан шығып жатты. Үн, деп «қанды қырғыннан» кейін кешке үйге жеттік. Кім келіп әкеме болған жайды айтып, бетімізді аймандай қылады екен деп қорқып журмін. Қарандылық түсті, көз байланды ешкім келмеді...

Ауыл алтын бесік емес пе! Бір адам әке-шешеме сенің балаң сүйтті деген жоқ. Әншейінде ұрсысадан, бәле қуудан алдына жан салмайтын көкдолы Асылқұл жеңгей де үн демеген қалпы қалды. Оның үш бұзауы да сол қырмандағы «құлак қырғынын» бастан өткерген. Тірі жанды өкпелетпейтін, жан-жағындағыларды құндеуді білмейтін әкемді сыйлағаннан да ешкім «Мұқа, бұл қалай?» демеді.

Сол жылы әр шаңырақ колхозға бір-бір ірі қарадан өткісін деген жарлық келді. Қөппен бірге бір малды әкем жетектеп, мен шыбықпен айдан алып бардық. Кім үлкен малын берсін. Бәрі сол жылғы төл, әлгі біз «ен» салып берген бұзауларын апарыпты. Бір уақытта мал өлшегіш: «барлық малдан керексіз еттерінің салмағын қыскартамыз» деп мән-жайды түсіндіре бастағаны сол еді Нұржәмилә тәтем шамданып:

– Эй, бастық бала, бері қара, мыналардың бір де біреуінде не құйрық, не құлак жоқ, қайдағы артық етті айтып тұрсын, әйда пошол, – деп бетін қайтарып тастады. Әкем ұялғанынан төмен қарап

естілер-естілмес дауыспен, «Әй иттің балалары-ай» дегенде кірерге жер таппадым. Мал қабылдаушы Нұржәмилә тәтемнің ашуынан қаймықты ма, жоқ шынымен қаздай тізілген малдың артық етінің жоғын мойындады ма, әйтеуір салмағына тиіскен жоқ.

Бірге өскен тете бауырым Уахиттың ән салғанға құмарлығын сезетінмін. Ол – әнші, мен – көрермен. Ағам табиғат аясына барып, әуелете ән орындағанды ұнатады. Жарбандал қасынан қалмайтын мен үшін одан асқан әнші жоқ. Ол өзен жағасына барып ән салғанда мен қасында тұрып үнімді шығармай тыңдаймын. Ағам мені солай тәрбиеледі ме, әлде оның елтіген көңілін бұзғым келмегендіктен бе, әйтеуір, маған әнді беріле тыңдау солай қалыптасып кетті. Ол да менің бар-жоғымды ұмытып, сахарада жүргендей даусын нақышына келтіріп, жан-жағына тербеліп тұрып шырқайды-ай келіп. Өзін сахнада тұрмын деп елестетеді-ау, шамасы. Мен бауырымның орындаған әндерінің мағынасын іздеймін. «Айналайын сырғаңнан, қараторғайым» дегенді естіген сайын, қонақтап отырған торғайларға жақын барып, құлағы мен сырғасын көруге ынтығамын.

Ауылда өскен әр қазактың жүрегіне жол тапқан Уахиттың «Достарыма» деген әні сол табиғат аясында өткен балалық шағында туындаған деп ойлаймын. Бірақ, кейіннен қағазға түсірілген болу керек. Ондағы:

Қаздар ұшқан көлдер,
Жусаны көп жерлер,
Өзгермепті, барып көргенмін.
Ән айтумен түлеп,
Өскен біздер түлек,

Армандаудан көніл талмасын, – деген жолдары маған сол кездегі таныс көріністі елестетеді.

Балалық шақтың қызығы шексіз. Бірде дәу қойтастың үстінде ойнап отырғанда шекісіп қалып, ол мені нұқып қалғанда жарға қарай домалап кетіп, үлкен тоған суына күмп ете түскенмін. Жағада мал сойып жатқан ата-анам байқап қалып, құтқарып алған. Тағы бірде Уахиттың өткір пышақпен ойнап отырғанында жетіп барып үніле бергенімде пышақтың жүзі бетімді тіліп түскені бар. Ол болса, «Шеше, жүгір, қызыңды сойып тастадым» деп қаша жөнелген. Сол бір балауса күндерді ұмыта алмай қиналадын.

ЖАНСАЙМ

Ол дүниеге келгенде көктем еді. Күн нұрын далаға молынан шашып, тоқыраудан тозыңқыраған елді-мекендердің әрі кірген шақ. Ол тұн ауа іңгәләп дүние есігін ашты. Баланы көз алдыма әкелді де, ак халаттылар тексеруге тездетіп алып кетті. Денем қалышылдай бастады. Шөл мен діріл жанымды жай таптырмай барады. Дәрігерлер қалыпты жағдай деп палатаға апарып таstadtы. Аузым кеберсіп жатқан маған көрші бөлmedегі менен сәл ертерек босанған әйел бір кесе қызыл қою шай әкелді. Ол сусынның қасиетін еш уақытта ұмытпаспын. Шөлімді басты. Жанымды да алып қалды-ау деймін. Шайды ішкен соң кеберсіген еріндерім жіpsіп, ыстық тер бұрқ ете қалды. «Ұмытшақ аурудың» жыры осымен аяқталып, ертеңінде қасымдағы әйелдермен әңгімелесіп, бір-бірімізге қамқорлық танытып, әдеттегі жағдайға еніп кеттік. Есіктен кірген медбике:

- Сен Оқайдың қелінісің бе? – деді.
- Иә, – деймін мен, қазақтың бір-біріне таныс болып шығатынына үйренген қалыппен.

– Мен сол ауылдың қызымын. Тұнде жүзінді шырамыттым да, жаңа бөпенді барып көріп келдім. Ойпырмай, атаңнан аумайды демесі бар ма?! Өзіңе, қайын әпкелеріне ұқсайды десе таңданбас едім. Атана ұқсайды дегенге аңқайып қалдым. Бірақ, бала тыныш болған соң мен демалсын деді ме, ол күні бөпені көруге әкелмеді. Кеш батқанда ауылдас медбикеге жалынып жүріп, сәбиімді алдырып, бауырыма бастым. Сабырлым сол кездің өзінде менің жанымның тыныштығын ойлағандай. Палатада өңкей жас келіншек жатқан едік. Бір-біріміздің бөпемізге қарап әрнәрсені айттып, мәзбіз. Бірі маған сәбиің Мактап Жұнісоваға ұқсайды екен деп сықылышқады келіп. Қарасам, шынымен де ұқсайтын сияқты. Бұтінде қызым тележүргізуі болып жүргенде ештеңенің кездейсоқ емес екеніне көзім жеткендей. Ол да, бұл да телеарна арқылы ел-жүртқа қызмет етіп жатады.

Сонымен дүниеге келген нәрестеге есім таңдау басталды. Ауылдан анам інімді жіберіпті, бөпенің есімін Зағипа қойсын деп. Зағипа арғы апасы екен. Енем де «елші» жіберіпті. Қызғалдағымның есімін Айжан қойсын деп. Екеуінің де көңілі қымбат. Бірінің айтқан есімін қойсам, екіншісі өкпелеп қалатын сияқты. Сонымен, екеуінің де ренжіменіздер,

сәбиімнің есімін Жансая қоямын дедім. Адам есіміне тартады деген рас-ау. Содан бері қызым менің жанымға сая болып келеді. Кішкентай кезінде де бала болып жылап, қияқыланып көрмепті. А нам: «осы баланың ниеті жақсы, жөнсіз жыламайды», деп ризашылық білдіріп отыратын.

Кіндік әке-шешесі – көршіміз Жұмағали аға мен Тұрсынхан тәте. Мейманалары тасыған жақсы адамдар. Ағайыннан артық араластық. Өте адал. Сол жылдары облыста жағдай қынадады. Өздігінен күн көру қын. Сондықтан ақша жинап, көмірді бірге түсіреміз. Шелектеп, екі жаққа қылдай бөлеміз. Екі үйдің ортасынан құдық қаздық. Су 20 метрге жуық жерден шықты. Құдықты қолмен қаздық. Ерлер ішіне түсіп ұнғып, топырақ пен құмды шелекке салады. Біз жоғары жақтан тартып алғып, сыртқа төгіп тұрамыз. Аға денелі болғандықтан, ол кісіні төменге түсірмеуге тырысамыз. Өйткені, қайта тартып алу қын. Шамамыз жетпейді. Кіндік әке-шешесі кешке келіп, Жансаяны суга өздері түсіреді. Тәте баланы алғып, қолынан сілкілеп, өс-өс жасағанда әкесі Жанаттың жаны шырқырап кетеді.

– Тәте, ақырын сілкіңіз, баланың қолын шығарып аласыз, – деп жанұшырады. Ондайда қасында отырған көрші аға көңілде ешбір кірбің қалдырмайтын күлкісімен ішек-сілесі қата күліп:

– Балажандысын қараши-ей, мынаның, – деп мәз болады. Кейіннен, ағайындардың қасына барайық деп басқа ауылға көшіп кеттік. Ардақ әпкем:

– Сұлы жерде тұрындар, – деп өзі үй тауып, қасына шақырып алды. Сонда көрші аға мен тәте қатты ренжіді:

– Бізді қынн кете барасындар ма? – деп қолпылдан, біразға дейін сөйлемей жүрді. Өкпелеп, баласы Бақнұрдың тойына да шақырмады. Бірақ мен ол кіслердің ашуының жөні бар екенін мойындал, өзім телефон шалдым:

– Аға, Бақнұрдың тойына біз де барайықшы, – дедім. Сонда риза болған Жұмағали аға өзіне тән ақжарқын күлкісімен ақтарыла құлді де:

– Өзім де татуласудың ретін таппай жүр едім. Жарадың, келіндер тойға, – деп қуанып жатты. Осында адамдардың кіндік қызы жаман болмауы тиіс.

Қылышы ерекше. Бірде кішкентай кезінде жүтіріп келе жатып,

құлап қалды. Менің жанымның ашығанын байқаса одан сайын жылайды ғой деп көрмегенсіп тұра бердім. Сонда екі жасар Жансая тұра салып, таңдайын бас бармағымен өзі көтеріп, жүргегін басқаны бар.

Тоқырау кезі. Балаларға тәтті әпермек түгілі тамақ тауып жеуіміз мұң. Бірде, сол ауылда тұратын шешемнің үйінен қызыма бір тал кәмпіт әкеліп бердім. Ол жартысын жеді де, қалғанын тығып қойды.

– Жансая, кәмпітіңің жартысын неге тығып қойдың? – деп едім:

– Жылағанда жемеймін бе, – деп сұрақты жүзбен қарады...

Қызым үш жасқа толмай жатып жұмысқа шығып кеттім. Қаламақыны көбірек табайын деп табанымнан таусылып еңбек етемін. Үй мен қаланың арасы 30 шақырым. Үлкен жолға шыққанша үш шақырым жаяу жүремін. Газетке кезекші болған күні үйге түн жарымында қайтамын. Сонда терезеден қарап, мені күтіп отырған қызым: – Мама, жаңа қарды қыртылдатып көшеден бір адам өтті. Мен мамам болса екен, мамам болса екен деп тіледім. Бірақ ол мамам болмай шықты, – деп бүртияды. Осылайша, қызғалдағым менің жаныма сая болып, алаңсыз жұмыс істеуіме мүмкіндік жасады. Қазір де сондай, қас-қабағымызға қарап, үй-жайды реттеп, бар-жоқты ұқсатып, көнілімізді табады. Інісі – Ерасыл мен сіңлісі – Жанеркені еркелетіп, қуантқанды жақсы көреді. Жаныма сая болған осындағы әзиз жүректі періште көніл қызы бергеніне Аллаға мың мәрте тәубе! Сен менің жанымның саясысың, қызғалдағым!

ЖАН-ШУАҒЫМ, МЕРЕКЕМ!

Оның күлкісі сүйкімді. Жымығаның айтсаншы?! Бұқіл әлем шаттанып, жайнап сала береді. Ол тұғалы береке деген сөздің мағынасын жаңа естігендей түсініп, сезіндім. Шынымен де менің шағын мемлекетімнің берекесі – немерем. Оның жып-жылы, жұп-жұмсақ денесін кеудеме қысқанда төрт құбылам сай бола қалады. Бәріміздің жанымыз тек соның үстінде. Ол қуанса шаңырағымыз шаттыққа кенеледі. Бәріміздің назарымыз тек сонда. Ол – перште. Кұлық-сұмдық дегеннен ада. Қарны тойса, үйқысы қанық болса уілдеп әңгімесін айтады-ау, келіп. Әсіресе, сұға түскенде қуанғаның көрсөн. Ол да судың таза, мөлдірлігін сезетіндей. Элде, жамандықтан арылтып, денені сергітегін қасиетін біле ме екен. Шомылдырғанда сықылықтаң күліп, кішкентай қолдарымен суды сабалап мәз болады-ау. Содан соң бар қымылымен, қылығымен судан шығармандар дегенді түсіндіреді. Онымен бірге біз де мәз-мейрам күлеміз. Балақайды жуындыруға қызық кино тамашалайтындаі дайындаламыз. Біріміз сүйн, біріміз орамалын, енді біріміз ойыншығын тасып әуре-сарсан боламыз да қаламыз. Тәтті қылығымен-ақ бір үйлі жанды баурап, бағындырады. Эр күн сайын жаңа қылық шығарады. Өзі де байқамай қалады түйсігіндегі жаңалықты. Оны байқаған біз қарық болып күлсек бізben бірге өзі де сықылықтайды. Кеше жұмыстан келген атасын құшактап кеудесіне басын қойып жатты да аузын ашып сүйгендей болды. Ол сағынғаның, жақсы көргенін білдіргені деп ұқтық. Ал бүгін кешкі астан кейін дастарқаннан тұрып бара жатқан атасына: «Әй» деп айқай салды. Ол: «Мені алмай қайда кетіп бара жатырсын» дегені болса керек.

Бұрынғы Кеңес әскері мерекесі тойланатын күні, яғни 23-ақпанда дуниеге келген сәбиіміз бүгінде алты айға аяқ басты. Оның есімін Оралқан әжесі Ерасыл деп атады. Алты Алашқа аты мәшінр батыр бабамыз Қабанбай батырдай елін қорғайтын азамат болса деп ырымдаған болар. Эжесінің қойған есімі барлығымызға ұнады. Ата-ананың бірінші міндеті сәбиге жақсы есім беру болса, біз ол міндетімізді дұрыс атқарған сияқтымыз. Мен оны барлық «Е» әрпінен басталатын қасиетті сөздермен еркелетемін. Ерасылым деймін. Сонсоң, «Ел-жүртім», «Егемендігім» деймін. Естіген ел не десе о десін, өзіме ұнайды бар жақсыға теңеген. Кейде «Е» әрпі мен «Ж» әрпі қатар түрғой деп «Жеті әкем» дей салатыным бар. Атасы – құлыным, Жансая көкесі – ботам, әкесі – күшік, көжек, деп

еркелетеді. Ал анасы емірене бастаса менің ішімде қызғаныштың қызыл иті тісін көрсетеді. Соны байқаған мамасы біздің көзімізше еркелетіп көрген жоқ.

Бір замандасым: «Немере деген қандай болады екен?» деп сұрады. Қапелімде сөз таптай қалдым. Шынымен де қалай түсіндірем оның тендессіз тәтті екенін. «Тіл жетпейді мақтауға» деген өлең жолы осындайда айтылған екен-ау. Оны тек сезіну керек. Айға теңесем де теңеуі жетпей тұрғандай. Күнге теңесем де олқылау соғады.

Tіcі жарып, аздал ыстығы көтерілсе, бәріміз үрпісіп қаламыз. Содан соң оның ауырғанын бірімізден-біріміз көріп алакөзденеміз. «Бұгін сен даға көп шығардың, ішіне жел ұстатқансың ғой», «Сен қайнамаған су беріп қойғансың ғой», десіп жауласа қаламыз. Мамасы: «Бұгін жақсы ұйықтады» десе болды бәріміз қайтадан достасамыз.

Жақында мұрнынан су ағып қалыпты. Қайта-қайта сүртеміз де соған мәз боламыз, кәдімгі балаға ұқсан келеді, десіп қуанамыз. Негізі сәбиіміз қөпшіл болатын сияқты. Адам жатырқамайды. Мінезі жайдары, бірақ ұшқалақ емес. Жылауық, заржақ та емес. Тамағы тоқ, ұйқысы қанық болса мазасызданбайды. Ұйқысы тез ашылады. Ешуақытта жылап оянбайды. Бұл мақтағаным емес. Ана балаға сыншы, «Ел-жүртүм» баршылықта, тарылмай өмір сүретін сияқты. Ал жайдары мінезіне қарап «Егемендігім» баянды, бакуатты болар деп топшылаймын. Алғысы келеді, ұстағысы келеді. Тыйым салсаң айбар шегеді. Кәдімгі тірі жаның бәрінде болатын мінез мұнда да бар.

Ол келсе береке орнайды үйімізде. «Балаң өсіп қалды ма? Бетінен сүйейік», – деп дос-жаран, ағайын-туыс жиналады. «Қырықтың бірі – қыдыр» демекші, қонақтың келгені жақсылық. Бөпені ойнатамыз деп балалар келеді. Оны көріп, мойнынан иіскеп, көңіліміз көтеріліп талайдан қолға алынбай жатқан шаруамызды дөңгелентіп әкетеміз. Бәрі орны-орнына келе бастайды.

Әкесі – Мақсұттың да қылыштары тәтті еді. Суалтамын деп тастап кеткен 40 шақырым қашықтықтағы әпкемнің үйіне сол күні кешке баламды сағынып, көз жасым көл болып қайтып барғаным бар. Көлік жоқ. Эр машинаға қол көтеріп жүріп әрең жеткеннін. Бара сала «Ұлым менің – үмітім» деген әнгіме жазып, сол кездегі аудандық газет «Қапал Еңбеккеріне» жарияладым. Кез келген ана сияқты тәрбиелі, тәлімді ұрпақ тәрбиелеуді мен де арман еттім. Мен де солар сияқты

балаларым өскенше жанымды шүберекке түйіп келемін. Зымыраған уақыт немере тәрбиелеу бақытына жеткізді. Мың тәубе! Ендігі міндет – немерені тектілікке тәрбиелеу. Мейірімге қанып өскен бала мейірімді болары сөзсіз. Ата-анамыз дастарқан басында біреудің іс-эрекетін мысалға ала отырып жайлап қана қайырымды, адал, еңбеккор болудың ұрпағыңың өсіп-өнуіне тигізер әсерін ұғындыратын. Балаға ақылды төтесінен айтсаң қабылдай қоймайтындықтан осылай санаға сіңімді етіп орағытып әкеліп жеткізе білетін данышпандық біздің ата-бабадан келе жатқан дәстүр. Ендеши, ендігі ұрпактың тәрбиелі болмағы бізге сын. Дәстүр аманатын сақтау тұр мойнымызда. Жарайды, ақылгөйсімейінші. Бұл мұлде басқа әңгіме ғой...

Ерасылды қәнігі апаларша бесік жырымен тербетемін:

*Айналайын баладан, тауып алған даладан,
Далада бала жаста ма, түсіп қапты-ау, шанадан.*

Немесе:

*Менің балам қайда екен, қыздарменен тойда екен,
Тойда негып жүр екен, алма теріп жүр екен.
Алмасынан кәне екен, жаңа теріп жүр екен,
Қызыл алма қолында, қыздар оның жолында.*

Ән сөзі жатық. Әуені ырғақты. Бала маужырап ұйықтап кететіндей.

Сөзі сәбиді көпшіл болуға, дос-жаранмен тату өсуге үйретуді көздейді.

Шешем айтатын:

*Аушадияр оң болар, қара мақпал тон болар,
Ата-анасын күткеннің, қылған ісі оң болар, – дейтін әнін де
әуелетемін. Осылайша «репертуарымдағы» әндер жаңара түседі.*

Жақында көрші ауданда тұратын нағашы апасы Тамара құдағи келді.

– Ана жолы келгенде бір жаялығын ұмытып кетіпсіндер, соны алып келдім, – дейді. Бұл әрине, сылтау. Біздің ол жаялыққа қарап қалмағанымыз белгілі. Апасы «томпалайын» иіскегісі келген ғой. Әбден құшақтап, мауқын басып, көңілі толып аттанды.

Кеше әкесі хабарласты. «Бала-шагам қайтын, Алматыға. Әбіржіп кеттім, дейді шымкенттік курсанттарының сөзімен. Жүрек тұсым шым ете қалды. Ерасыл кетсе таңым атып, күнім батпайтындағ көрінді. Бірақ, «Итті иесімен қинасын» дегендей, «әке-шешесінің қасында болғаны да жөн-ау» деймін амалсыздан көндігіп.

Жан-шуағым мерекем – немерем туралы көнілдің бір пернесі ғой.

ЕРАСЫЛЫМ, АЛТЫН ҰЛЫМ, ЖАРЫҚ КҮН

(Немереме)

Сіздер барда керегем кенейеді,
Жақсылықтан құралып ой елегі.
Бүгін ниет, бүгін той тамаша өтті,
Куанышты бөліссен көбейеді.

Ерасылым алтын ұлым, жарық күн,
Нұрлы сәуле болшы мәңгі жарық тым.
Ел ісіне араласар ер болып,
Ең сүйікті ұлы болғын халықтың.

Тұыс барда бақыттымыз әрдайым,
Жақын барда жоғалады бар уайым.
Ақ тілектер қабыл болсын айтылған,
Енді мен де жақсы тілек арнайын.

Бір болайық мынау қысқа күндікте,
Күндеスペй-ақ күн кешейік бірлікте.
Өмір мәні сыйластық пен достықта,
Бақыт нұры шалқып тұрсын тірлікте.

Той өткердік қолдауымен жақынның,
Куаныштың кереметін сапырдым.
Сіздерде де болсын осы жақсылық,
Әрбір таңды бақытпенен атырғын.

АПАМ КЕЛСІНШІ

Жаңа орынға көшіп келгелі еңселері бір көтерілмей-ақ қойды. Келе сала қорадағы азын-аулақ қой-ешкі уланып, қырылып қалды. Бұл аз болғандай, отын шабуға барған күйеуінің үстіне ағаш құлап сол аяғы екі жерінен сынып, ол жатып қалды. Жай жатпай: «Ананы әкел, мынаны апар, жастығымды жөндө, белім ауырды» деп зекіп, жанын ауыртып барады. Бір отбасындағы екеудің де жұмыссыз қалғаны тығырыққа тіреп, жас әйел күндіз құлқіден, түнде үйқыдан айырылды.

Терезеге қарап отырған оның ойын жаңа жыл шыршасына асыға басып бара жатқан бұлдіршіндер құлқісі бөліп жіберді. Кішкене Құралай да соңғы күндері үйдегі жағдайдан жүдеп жүрген-ді. Ол Құралайды жылдамдата киіндіріп, үй жанындағы мектепте өтіп жатқан шыршаны көрсетуге асыға жетелей жөнелген. Мектеп ішінен балақайлардың құлқісі мен қуанышты дауыстары естіледі. Шыршаны айнала билеп жүрген оқушылар әртүрлі киімдерімен ерекшеленеді. Әдемі әуезді музыка жаңа жыл мерекесін қыздырып жіберіпті. Құралайдың жүзіне құлкі үйіріліп, көптен тұнжыраған қабағы жадырап сала берді. Әркімге бір қарап таң-тамаша күй кешуде. Қорқынышты киім кигендерге еліктің лағындаі үркө қараса, Ақшақарша жарқ-жүрк еткен көйлек иелеріне қарап, айғайлауға шақ отыр.

Ана қызының көп ортасына келіп, үйдегі тоң-торыс тірліктен серпілгеніне шаттанады. Бұл қуаныш та ұзаққа бармады. Аяз ата иығына асынған қоржынындағы кәмпітті тақпақ, өлең айтқан оқушыларға үлестіре бастағанда Құралай оған жалтақ-жалтақ қарай береді. Мектеп жасына жетпеген қыз-ұлын ертіп әкелгендер мұны алдын-ала ескеріп, Аяз атаға артық шоколад ұстатьп, кімге беретінін көрсетіп қойыпты. Ол билеп жүрген болып мәмпәсиді: «Не деген сүйкімді бала, мә, ала ғой» деп иесіне беріп кетеді. Қалтасы қалыңдар бұлдіршіндерін әдемі ойыншықтармен қуантуда. Ал Құралайдың анасында көк тын жоқ. Ол өзінің ақымақтығына, қуантамын деп балапанының жанын жарап алғанына өкінді. Өкінді де «Жүре ғой, үйге қайтайық, апаң келген шығар» деп тезірек әлгі жерден әкетуге тырысты.

Тұлымшағы желбіреген қыз Аяз атаға қайта-қайта қарап, жалтақтай жүріп, мектептен әрең шықты. Жүрегі езілген анасы: «Қызым, кешке Ақшақар келеді үйге, ол саған сыйлық әкеледі» деп алдаусыратып

келеді. Қызда үн жоқ, томсырайған күйі бар өкпесін қардан алып, нық-нық басуда.

Гүлден оның жүзіне білдіртпей қарап қояды, онысы қызыым жылап келе жатқан жоқ па деп алданғаны. Жоқ. Ол алданған сияқты. Кеш те батты. Құралай тықыр еткенге елендеуде. Ақшақарды күтетін сияқты. Дастанқандағы кәмпитетten бір уысын қалтасына жэйлап сұңгітіп жіберген Гүлден Алтын тәтеңе барып келе қояйын деп далаға жылдамдата шықты. Аулаға шыға сала көз жасына ерік берді. Кешке дейін қыстығып жүрген келіншек, жанарының ақ жауынын ағытты-ау келіп. Бірақ, сәбінің Ақшақарды күтіп отырғаны есіне түсіп, өксігін тез басты. Сөйтті де көрші үйден бетіне маска сұрап киіп, пальтосын теріс айналдырып жамылып, үйге қайта кірді. Қуана жүгіріп шыққан Құралай мұны көріп, тосылып қалды. «Ақшақар» болса:

– Құралайды іздең келіп едім. Ол сен бе? – деді. Сонда ғана күткені келгенін білген сәби көңіл:

- Иә, – деп жауап берді.
- Кәне, тақпақ айта қойшы.

Ол тосылмай:

– Артын күн аспаны, артын дән дарасы ... – деп сақауланып әндете жөнелді.

– Саған не әкеп берейін, балапан, қандай арманыңды орындаїын?
– Асырхан апам құрт әкеремін деген. Көрсөніз айтыңызшы, тез керсін, – дегені өтінген үнмен. Ананың жүрегі дір ете қалды, сонда да сездірмей:

– Жарайды, айтамын, – деп мактау мен мадақтауын жеткізіп, келесі келгенде мұнан да көп кәмпитеттіңін, Аяз ата күтіп тұрғанын айтып шығып бара жатты. Ал Құралай болса, жүгіре басып әкесіне келді:

– Әке, Ақшақар керді. Оның партосы менің мамамдікі сияқты екен, теріс айнардырып киіп арыпты. Шашы да ұзын, даусы да ұқсайды. Әкерген кәмпитетті де біздің үйдікіндегідей, – деп күмәнді ойын жеткізіп болғанша, есіктен көптен күткен апасы, яғни, әкесінің анасы Асылхан шешей кіріп келе жатты.

Ол ауылдан құрт-май, Құралайға жаңа көйлек әкеліпті. Және қыс бойы осында болатынын айтып, үй-ішіндегі қорқыныш пен күдікті сейілтті. Бар ауыртпалық үстінен түскендей Гүлден де енесіне елжіреп, еркелей берді.

МӘҢГІ СЕҢІ ЖАЗБАҒАН СҮРІНУТЕ

«Басыңа қандай қын қыстау күн туса да ұнжырғаңды түсірме!». Тағдырдың талай сынағынан осы бір қанатты сөздің құдіреті алышып шығып еді-ау. Бойтұмардай қалтасынан тастамай жүрген тілдей қағаз қашан, қайда қалып қойды екен?.. Сынаққа шыдай алмай күйреп кетпесем екен деген күдігі шынымен де женгені ме? Әлде, әлі де бәрі бітпеген шығар. Үміт оты қылаң берді. Бірақ соны үрлеп жіберуге дәрмен жоқ, көңілінің кілті жоғалып қалғандай. Мына шырғалаңдан шығар күш-куат бар ма менде? Әлде бәрі де түсім бе? Түс болса тезірек оянып, шындықты біліп қуансам екен. Жоқ. Түс емес. Сорыма қарай өмірдегі бар құныдылығымнан айырылғаным шын сияқты. Қай жерде шалыс бастым? Осынша құлдырайтындаң ақылсыз да емеспін. Ақыл есім... дұрыс сияқты.

Ия, көңілшектігімді пайдаланып сатып кеткендер болды. Ол енді өмір ғой. Оны өзім де біледі екенмін. Мен сонда кімге өкпеледім? Жанжарым деп сеніп, бас қосқан адамым неге сырт айналды? Оның сенімі неге сейілді? Бақыттың үшін күресудің орнына күйрекенім қалай? Туыстарым ше? Бір кездे бәрі мені мақтан етуші еді ғой. Үміттерін ақтамаптын. Әпкем ше? «Жан бауырым, жаным сенің үстінде. Сенің табаныңа кірген шөңге менің маңдайыма кірсін, көзімнің қарашығы» деп, мен деп таң атырып, күн батыратын тілектесім-ау, ақымағынды жоғалтып жылаудан жанарың құрғамай жүрген шығар. Әлі-тірімді де білмейсіндер. Неге осынша бірбеткей, қасарыспа болып жаралғанмын? Құзға құлатпаймыз деп шырқыраган жанашыр бауырлардың сөзін құлаққа да ілмедім. Бәрінің бетін қайтарып, ауыр сөз айттып, көңілін қалдырдым. Не деген тасбауыр болғанмын? Жаратқан күш-куат берсе, есімді жиып, құжатымды жасатып, жұмысқа тұрамын. Женеше, соңғы рет бауырымды іздел барғанда жігерімді құм қылып, қолынды бір сілтеп, көкірегімнен итергенің көкейімнен кетпейді.

Өзіне-өзі таң-тамаша. Осынша жыл ғұмырында Жаратқанды бірінші рет ауызға алышты. Өзі талай тойларда: «Жай кезде анау дейміз, мынау дейміз, шынымен жан қысылса, Құдай дейміз» деп әндептіп, көптің қошеметіне беленсе де жан қысылғанның қандай болатыны туралы ойламапты да.

Терезе алдында отырған жігіт өзіне бірдене жетпей тұрғандай

сезінді. Домбыра. Көнілі жабырқағанда айтатын әнін ыңылдалап бастап кетті. «Ай сәулесінен шымылдық жасап, аспанды шарлап журмісің». Ән онша мұңлы болмаса да, мұның даусы әуенді бұза берді. Жігіт көкейіндегі кептелген жасты тия алмай, егілді-ау келіп, кеудесін босатып алғысы келіп жылай берді, жылай берді. Қай жерде жаңылдым? Мен тоғыз ағайынды едім ғой. Тоғыз ағайыннан тараған туыстарым бір рулы ел. Ал мен жапанда жалғыз журмін. Адасқан қаздай айдалада сұнқылдаймын.

Ойын есіктен талайдан бергі танысында жарқылдалап сөйлеп кіріп келе жатқан мекеменің әлеуметтік көмек көрсетушісінің сөзі бөлді. «Азамат, мына қағазға орталықтың күн тәртібіне бағынатынды, сұранбай ешқайда кетпейтінінді жазып, қолынды қой. Кеше сенің әнінді тындалап, риза болдым. Дәстүрлі әнді құйқылжыта орындаңың. Жарайсың! Ер жігіттің басына не келіп, не кетпейді, нальма. «Мәңгі сені жазбаған сүрінуге, қайта тұрып қақын бар жүгіруге» демеп пе еді, ақын ағаларың. Жақында құжатынды жасап береміз, қайтадан әнінді шырқап, «гүл-гүл жайнанды» айтып жүре бер», – деп арқасынан қақты. «Қызық, менің дәстүрлі әнге бейім екенімді байқалты. Құжатым жасалса ғой деген арманымды да сезетіндей. Бір кезде той-думанды қыздыру үшін «Гүл-гүл жайна, күл де ойна» деп ән салғанымды да қолмен қойғандай айттып тұр. Көпті көрген көсем деп осында жандарды айтатын шығар. Арқамнан қағып, дем берді ғой. Маған кейбіреулерше «көмек алушы» деп шекесінен қарамай, жақын тартқанын айтсаңшы! Е, маған жетпей жүргені адамдардың жылылығы екен ғой. Көнілі өскен Азаматтың бойында жігер пайда болды. Мына кісі менімен тең дәрежеде сөйлесті. Мен неге өзімді басқалардан кем санап, қысылып журмін? Иә, жасқанбайыншы».

Ол жалғыздықты алғаш рет анасынан айырылған күні сезген еді. Есін білер-білмес кезінде қаракұрым ел жиналышп, бауырынан шықпаған балапанын далаға тастатып, анасын кілемге орап алышп кеткен. Шулаған жұрт соның сонынан ілескенде бұл босағаға сүйеніп жалғыз қалды. Тек көрші апа ғана: «Е сорлы-ай, бәрінен саған қын болды-ау» деп басынан сипап, бауырына басты.

Сол күннің ертеңінде ішінде бір тас қатып қалғанын сезді. Сезінген жоқ, шынымен де өкпе тұсында тас тұрды. Есін енді біле бастаған бұлдіршін оны ешкімге жеткізіп айта алмады. Көніл-күйі

бұзылса болды әлгі тас қозғалып кетіп, жылап жіберетінді шығарды. Бұл – қапыда анасының ыстық құшагынан айырылған бүлдіршіннің ішіндегі қатқан шер еді.

Азамат мектепке бара жатқанда анасы бар балаларға қызыға қараумен болды. Олар өзінен гөрі бақытты сияқты. Тұстары қанша әлпештесе де анасындай еміренбейді. Бауырына қысып, маңдайынан сүйіп аяламайды. Соны ойлап көңілі пәс. Қорғанышы жоқтай. Қасында отырған Әселге қызыға да қызғана ұрланып, қарай берді. Ара-арасында анасы оның бантигін түзеп, маңдайынан сипайды. Еңкейіп қызының құлағына бірдеме айтады. «Қызыым, құлыным, балапаным» дейтін шығар. «Әсел қандай сүйкімді» деп ойлады бұл. Тіліне атасының радиодан күнде тыңдайтын әнінің әуезі келді. «Сағынтықан әнім, Әселім жаным». Ол мектепке алғаш барған күннен бастап Әселге қатысты әнді күнде тыңдайтынды шығарды. Ақыры бірінші сыныптың аяқ шенінде әннің мәтінін түгелдей жаттап алды. Мұғалім 8-наурызға қыздарға концерт дайындаимыз кім ән, тақпак айта алады дегендे ол Әселге арналған әнді тамылжыта орындал берді. Ардақ апай Азаматтың дауысын естіп, тан-тамаша қалды. Бір қарағанда бұйығы көрінетін бала сағынышқа толы әнді нақышына келтіре орындалап шықты. Дауысы кең диапазонды екен. Тіпті қысылған жоқ. «Тулайды жүрек, толқындай шалқып, Аңсайды жүрек өзіңе тартып. Бақ құсы едің қонбадың қолға, Қапыда қалдым сыр тұнып үнім». Сөзінен, не әуезінен мұлт кетпеді. Ішінде сыр тұнып түрған кәдімгі ғашық жандай. Ұстаздар жиналып, Азаматты бірнеше рет қолқалады. Ол бәлсінген де, қиналып, сөзінен жаңылысқан да жоқ. Сол жерде ән сабағының мұғаліміне Азаматқа байқауларда айтатын балаларға арналған ән жаттату туралы тапсырма берілді. Әсіресе, көктем келсімен мектеп, ауданараптық концерттер басталады. Ол кезде Азаматтың маңдайы жарқырап, дара даусымен әділқазыларды таңқалдырады. Жеңімпаздың кім екенін аудан жұрты алдын ала біліп отырады. Тек Әсел ғана мұның сезімін елемей-ақ қойды. Досы Асқардан беріп жіберген өлең жолдары жауапсыз қалып жатты. Азамат одан сайын ынтығып:

«Тулайды жүрек, толқындай шалқып,
Аңсайды жүрек өзіңе тартып,
Сағынтықан әнім, Әселім, жаным» деп іштей әндетеңді де жүреді.

Әнді Шыңғыс Айтматов емес, өзі шығарғандай сезінеді.

Ауданының мәдени-ағарту училищесі танымал әншіні халық-аспаптар бөліміне бірден қабылдады. Достарының алды, ағайын-туыстың бетке ұстары, мақтанышы, той-думанның гүлі. Табиғатынан біртоға жігіт бауырларына қаражат жағынан қиналғанын білдірмейді. Бірде аш, бірде ток жүре береді. Студенттік өмірдің қызығымен қоса шыжығы да бар. Әсіресе, ауылға келіп-кететін жол қаражаты қинайтын. Ана бір қырсық мұғалімнің кесірінен шәкіртакыдан да қағылыш қалды. Мұның ашылып сөйлей қоймайтын мінезін, ерегестіге санаған ол жыл қорытындысында сынақтан өткізбей қойды. Ал оның алдына барып, мәймөнкелеп, мүләйімситін мінез мұнда мүлдем жок. Сонымен жігіт оқуды тастады да ауылға тартып отырды. Туыстарына музыкалық білім алуды келесі жылы жалғастыратынын айтып жалтарды. Жанып тұрған жас жігіттің ауылға қайтып келгенін естіген кәсіподақ төрағасы оны бірден жастар ісі жөніндегі орынбасар болуға қолқалады. Ауылдың мәдени шарасы жанданып сала берді. Ол өнерлі жастардың басын қосып, «Жасерке» деп аталатын ансамбль құрды. Жетекшісі өзі. Аудандағы мерекелердің сәні «Жасерке». Асабалықты да менгеріп алды. Әннің естісі мен сөздің зерлісін ғана талғап айтатын өнерлі жас тойлардың көркіне айналды. Халық әніне сусындалп, жан сарайы ашылған үлкендер жағы: «Жағың талмасын, өнерің өрге жүзсін!» деп баталарын жаудырады.

Бір күні кеденде жұмыс істейтін досы оны қасына сенімді серік болуға шақырды. Біраз уақыт көзге көрініп, пысықтығымен танылса тұрақты қызметке алынатынын айтты. «Несі бар, – деп ойлады әнші жігіт. – Ондай жұмысты да бір көрейін. Мүмкін бағым жанып, шекараға жұмысқа тұрармын. Ол жерге кеше ғана қызметке барғандар баспана алып жатыр. Қашанғы аға-женғенің үйінде тұрамын. Мүмкін мен де тездетіп үй алып, көлік мінермін. Әкеме, бауырларыма көмектесер едім...»

Кеден деген мүлде басқа әлем. Өте сақ болмасаң, бәлеге ұрынасың. Ақша мен құжаттағы құйтұрқылар басынды айналдырады. Ол өз ісіне мығым болуға тырысып бақты. Досының сусынның арасына ішімдік құйып, өткізіп жіберейік дегеніне қарсы шықты. Бала күннен қанына сіңген ұстанымы – арамдықтан аулақ болу. Байқаса, ауылдасына Азаматтың осы мінезі ұнамайтын сыңайлы. Бірде: «Адал болсаң күн

көре алмайсын» дегенді айтып қалды. Жігіттердің арасында мұны мысқылдал, кекетіп тұратынды шығарды. Бірақ, басқалардың да оның сумақайлығын ұнатпайтыны байқалады. Азамат бұл жердегілердің арасында да беделді. Айтқанын ешкім жерге тастамайды. Қайта көп жігіттер мұнымен бірге жүрге, дос болуға тырысады. Ұстамды мінезімен ортаға тез қалыптасты. Өзі де кісі көңілін қалдырмайды. Мұның тасы өрге домалап бара жатқаны жерлесінің қитығына тие бастағандай. Ол аяқтан шалудың айла-шарғысын ойластырып бақты.

Сол күні ол Қытайдан өтетін күріш тиеген көліктің көбейіп кеткеніне таңданды. Бір күнде осынша мөлшерде тауар өткенін бұрын байқамаған. Тіпті тексеріп, қағазын рәсімдел үлгере алмай қиналды. Сонда да болса бар сактық шарасын сақтап, көліктерді мұқият тексерді. Жаңа шыққан көліктердің ұнғыл-шұнғылын біліп болмайсын. Бірақ, ештеңін көзден таса қылмады. Бәрі тексеруден өтіп, Алматының Алтынорда базарына бағыт алды. Бұл кезекшіліктен шығып, жалдамалы пәтеріне жетіп, ұйықтап қалған. Түсіне анасы кіріпті. Баласына қолын созады. Азамат жардың шетінде құлағалы тұр. Анасы құтқарғысы келеді, бірақ бұның әл-дәрмені таусылғандай ұмтыла алмайды. Ол тасыр-тұсыр еткізіп, үйге баса көктеп кіріп келген біреулердің даусынан шошып оянды. Полиция қызметкерлері эй-шайға қаратпай қолына кісен салды.

Кинодан ғана көретін оқиғага тап болды. Күріш тиеген көліктердің астында ұры қалта бар екен. Содан бірнеше қапқа қапталған Қытайдың резенке тәпішкесі шығыпты. Көлікке 20 тонна күріш қана тиелгені жайлы анықтамаға мұның қолы қойылған. Өзіне қақпан құрылғанын, оны кім істегенін іші сезді. Сонымен тексеріс ұзаққа созылды. Сатқындықтың салқыны жанын сыздатты. Бір-ақ күнде қымбылсыкер болып, темір тордың ар жағына тоғытылды. Кәрі әкені қуантамын деп жылатқанын енді сезді. Истің соңы сәтті аяқталды. Аз уақыт болса да бірге істеген жігіттер мұны жамандыққа қимады. Бәрі жабылып жүріп аман алып қалды.

Әкесі мен бауырлары сол оқиғадан кейін мұны үйлендіріп тынды. Тұystарының сөзін жықпас үшін кеденде жұмыс істеп жүргенде танысқан қызды тездетіп үйіне кіргізді. Мұны көрсө қызылып, наздана қалатын бойжеткеннің куанышында шек жоқ. «Келсеңші, қыдырмаймыз ба?» деп, қымбат тойханаларды мензеп тұратын

есепші қыз бәрі бұлай тез және онынан болады деп ойламаса керек. Бірақ, кедендеңі жұмыстан айырылған жігіт оның талабына сай бола қоймады. Бұған тисем ақшаны комбайнша орып әкеледі деген арманы орындалмады. Асабалықтан түскен тын-тебенді місе тұтпаған келіншектің қабағы ашылмай-ақ қойды. Бала-шағаның нанын табамын деп той жүргізгені қитығына тиіп бітті. «Ақша табуга емес, көңіл көтеруге барасын» деген сөзі онсыз да жүйкелеп жүрген жігіттің ызасын тудырды. Отбасын құрып, тұрақтанып, жағдайы жайланаған деген ағайын-туыс, бауырларының шөгіп бара жатқанын байқады. Бар бәле әйелде екенін біледі. Сері жігіттің құлағынан қиқу кетпеді. Ол аз болса келіншегінің анасы келіп, күйеу баласын тілдейтінді шығарды.

Азамат кішкентай қызы үшін шыдап-баққанымен ұрыс саябырымады. Ақыры бір-ақ күнде отбасының ойраны шығып, әнші жігіт бар жиғанын келіншегіне тастанап, басы ауған жаққа кетті де қалды. Ермегі – ішімдік. Есін жиса қеудесін өксік қысады. Сатқындықтан шаршаған басы ашы судан ғана жұбаныш табады.

Ақырында бар құжатынан айырылып тынды. Енді адам санатында жоқтың қасы. Құжат жасатудың бір-ақ жолы тұрғылықты мекен-жайы жоқ қаңғыбастар мекен ететін орталықта барып тұру. Жеткен жері осы болды. Сол жерде әлеуметтік қызмет көрсетушілер өмірден өз жолын таба алмай жүргендерді кәнігі өмірге қайта бейімдейді.

Азамат бүтін ерте оянды. Түсінде анасының өзіне күлімдел қарап тұрған бейнесін көрді. Жарықтық көзі тірісінде: «Түсі түзелгеннің ісі түзеледі» деуші еді. Үстел үстіндегі тілдей қағаздағы жазу көзіне оттай басылды:

«Мәңгі сені жазбаған сүрінуге,
Қайта тұрып қақың бар жүгіруге.
Түсінемін жаңынан ауырғанын,
Шыдадың ғой, шыдай тұс, дамылдағын».
Қасында өзінің жаңадан жасалған жеке күәлігі...

ЕЛІКТІҢ ЛАҒЫ

– Осы бала компьютерден бас көтермейді. Күні-түні тесіліп отырғаны. Клип көреді, киқылдатып-шиқылдатып музыка жазады, көз жанары шаршайтын болды. Тіпті, бізben тілдесуден қалды. Телміріп сонымен тілсіз тілдеседі. Мінезі де тұйық болып кетті. Монитордағы суреттер, жазулармен ойша сөйлеседі де тұнжырап ой үстінде жүреді. Ашылып сөйлемек түрмәк, қойған сұрағына да дұрыс жауап бере алмайды. Тілдік қоры таусылғандай, – деп кейіді Олжастың анасы аңшылықпен айналысатын тете бауырына мұн шағып.

– Оның жарасы жеңіл. Үйде қамалып отыра бермей менімен аңғашықсын. Миы да тынығады. Ауылға ертіп әкетіп, нағашыларына қосып жіберейін, қандай сөзшең болып шыға келер еken, – дейді інісі әпкесінің күмәнін сейілтіп.

– Әй, «Кеменгер», бері кел, – деді нағашы ағасы Олжастың математикадан алдына жан салмайтын білімдарлығын мензеп. Қара, мен саған не әкелдім. Аяғын еріне басқан Олжас есіктің алдына шықса ағасы көліктің есігінен кішкентей қозы ма, лақ па, әйтеуір бір жануарға ұқсас мақұлықты көтеріп күліп тұр. «Күддү маған ноутбук сатып әкелгендей болып тұрғанын қарашы» деген кейіс пайда болды жиеннің санасында.

– Ауылға дейін жол алыс. Мына еліктің лағы ыстыққа шыдамай екі өкпесін қағып, шаршап қалады. Шөлден де қиналуы мүмкін. Осыны саған тастап кетемін. Жақсылап бақ. Сауабын аласың. Келесі жылы қөктемде алыш кетемін. Еліктер жайылатын алқапқа апарып тастармын. Одан ары қарай үйірін өзі-ақ тауып алады. Аңшылар анасын атып әкеткенге ұқсайды. Жыңғылдың арасынан тауып алдым. Тастан кетсем ит-құсқа жем болар деп, қалдырып кетуге дәтім бармады. Өзі де әдемі неме біртүрлі көзің қимайды еken. Елікті қыстан аманесен шығарсаң, сені «кеменгер» емес, «казамат» деп атайтын боламын. Қалай, бағасың ба? – дейді нағашысы мұның намысын қамшылап.

– Иә, – деді ол сүлесок. «Бақпаймын, әкетіңіз» десе тағы бір жанама есімді жамап кетуі мүмкін. Оның үстіне отбасында нағашы ағасына қарсы сөйлеуге тыйым салынған. Апасы солай үйреткен. Көнілі қалуы мүмкін. «Алып қалайын, мен бақпасам анам қарайтын шығар» деген ой көнілінде қылаң беріп, қуанып кетті. Анасы Олжасты осы

нағашысына телиді де жүреді. Жаз шықса ауылға барып еңбекке үйренсе, жұмысқа пейілі ауса деп інісін жағалатқызады. Нағашысы шынымен де жоқтан бар жасайтын еті. Өзі бір көңілі шалқып жүретін азамат. Қашан көрсөң еңсесі көтеріңкі, бітірген шаруасын айтып, мәндайынан жел есіп жүргені. Ағайын-тұганның қуанышында да сол ала-шапқын, шаршауды білмейді. Апасы оны мақтан етіп: «Балам, жорға аттың арқасы құрғамайды» деген. Көп сеніп, арқа сүйеп тұрса бара ғой – деп дем беріп отырғаны. Енді мына қылышын қарашы, добалдай болып, кіп-кішкентай еліктің лағына қамқор болып жүр. Өзі шыншылдығымен, өткірлігімен адамның мысын басып тұрады. Кейде: «Әй, нағашыларына тартпаған, шикіөкпе» деп бұған да налитыны бар. Сол нағашы еліктің лағының осында қалатынына келісімшарт жасаса салысымен, қораның жанында жатқан торкөзді балғамен ұрып түзең, демде «ашық қора» жасап тастады. Мен ғой бұл қораны жасау үшін айлап жүрер едім. Пысық, – дейді мақтаншақ ағасының енгілігін мойындаған жиен. Кетерінде: «Әй, «Шала тұған», ілініп-салынбай лақ қораның есігін мықтап жап. Жануар ойнақтап шығып кетсе ана көк төбетің ойынын осылдырады, сақ бол!» деп тағы бір қайталап ескертті де ауылдана аттанып кетті.

Олжастың есіне бұлтырғы оқиға тұсті. Осы нағашысы өткен күзде пәленбай шақырымды артқа тастап, Олжасқа аққуды көрсетемін деп арнайы келгені бар. Қасына тағы бір атты ерттеп, жетектеп алыпты. Көлге жеткенше жол қысқарсын деді ме, жоқ тұған жер тарихын білсін деді ме Қапал маңының тарихынан әңгіме бастаған.

– Әй, «Кеменгер», анау тауды ел неге «Ешкіөлмес» деп атағанын білесің бе? – дейді нағашы оның білмейтінін сезіп тұрса да, әңгіме өрбіткісі келіп. Ол жер жайынан хабарым жоқ дегенді айтуға ерініп, басын қиқаң еткізді.

– Ендеше тыңда, – дейді нағашы ағасы шаршамайтын әдетімен сөз бастап. Бағзы бір жылдары бұл манда қыс қатты және ұзак болыпты. Жаздағы қуанышылықтың кесірінен ел сол жылы қырсық қылғандай мал азығын аз жинаған көрінеді. Сақылдаған сары аяз қысқанда тау аңғарында отырған тұрғындар қатты сасады. Шөпті малға аямай берейін десе қыстың беті қатты және ұзак болатын түрі бар. Ызғар мен үскірік желдің беті әзір қайта қоятын түрі жоқ. Әншнейінде қыстың да ашық күндері аздал жайылымға шығатын мал биылғы қантар-ақпан

айларында қорадан мұлде ұзай алмай қалды. Қар қалың, оның үстіне беті қатып, мал тұяғының астындағы шөпті тарпи алмай дәрменсіз күй кешкен соң ел-жұрт түлігін қорада қыруға айналады. Байлардың ішінде үдай ашып, ірі қара мен ұсақ мал біртіндеп арам қата бастайды. «Жарайды, елмен көрген ұлы той, қыстан аман қалса қалды, қалмаса малым жаңымның садақасы. Бірақ, ешкі өлермен келеді. Тамақ тауып жеуде бұлардан асқан епті, пысық мал жоқ. Не де болса бұларды таудың күнгейіне айдан апарып тастайын. Ол жақта қар тез ериді. Бұта-бұтаны паналап, ағаш қабықтарын кемірсе де көктемге аман-есен ілігер», – деп, қабырғасымен кеңескен сол манда тұратын бір қария шек-шек ата түлігін ерінбей, өзі білетін бөктерлермен қиялай өргізіп, тау асырады. Шаруаның жөнін білетін жанның көңілі орнығып, ешкілақты аштықтан құтқарғанына көңілі тоқайып ауылына қайтады. Сонымен, қыста қора-қора мал ұстаған сараң байлардың түлігі аша тұяқ қалмай қырылады. «Байлық бір жұттық» дегеннің кебі келеді. Ал қараша үйлер селбесіп, өлместің күйін кешерміз деп, бұл сынаққа да көндігеді. Мына қызықты қараңыз. Көктемнің бір керемет шуақты күнінде әлгі ешкілер лақтап, төлдерін ертіп кедейдің есігінің алдына қайтып келіпті. «Жыртық үйдің де құдайы бар» деген осы екен-ау деп, көпшілік бөріктерін аспанға лақтырады. Бірі ешкінің сүтін талғажау етіп, енді бірі түбіттен киім тоқып киіп, кедей-кепшік мәре-сәре болады да қалады. Жомарт қарт мұны елдің ырыздығына санап, барын ел-жұртымен бөлісіпті. Берекесі қашқан жұрт таңғы астың Тәңірден келгеніне қуанып, бала-шағаның несібесін берген Жаратқанға тәубасын айтыпты. «Момынның ісін Алла жөндейді» деген нақыл да осындайдан қалса керек. Содан бері ата-бабамыз бұл тауды Ешкіөлмес деп атаған деп сөзін түйіндеген нағашы тағы бір әңгіменің ұшын шығарды. «Анау тауды Демікпенің Асуы дейді.

Сонау 1930-1931 жылдары асыра сілтеудің азабын шеккен елдің илі жақсылары, ата-бабаң осы Асу арқылы Қытайға өтіп, қатын-баланы қорғап, ұрпағын қырылудан сактап қалған. Ол кез ұлтының амандығын ойлаған Алаш азаматтары шетінен «банды» атанып, «ақтабан шұбырындыға» ұшыраған нәубет уақыт еді. «Қызыл қырғынның» заманы тұлпардан тұғыр озған онбаған кез еді гой» деп тұңғиық бір ойға шомды.

Олжас тарихы тереңде жатқан «Ешкіөлмес» жаққа көз тоқтата

карады. Қойнауы құт тауға бұрынғыдай емес ықыласы ауып, сүйсіне ұзақ тесілді. Назары қайта-қайта сол жаққа ауа береді. Құпиясы мол, сыр сақтаған даладан кендіктің, өрліктің кілтін іздейтіндей. Эншайінде тәкаппар, биік шыңына шығып, табан тіреудің өзі мұн болып көрінетін тұлғаның ел-жүртты аман алып қалған құдіретіне табынды.

«Ал өзің тұратын «Көшкентал» ауылының аты қайдан шыққанын білесің бе? – деді ол. «Жер тарихы – ел тарихы» деген, білмесен біле жүр. Бір жылы таудан төмен ағыны қатты топан су келеді. Ол қарсысында жатқан тас, тал бәрін ағызып әкетеді. Далада қарайған ештеңе қалмайды. Құдіреттің күшімен топан су өткен жерде жалғыз тал өсіп-өніпті. Ағаш тамыр жайып, жан-жағы көгалға айналады. Пана іздеген жолаушы соның түбіне келіп түнейді екен. Күндердің күнінде осында көш тоқтап, жанға жайлыш ауасы мен қоңыр салқын күні мен түніне елтіп, осы жерді мекен етуді ұйғарыпты. Содан бұл ауыл «Көшкентал» атанып кеткен». Нағашының әңгімесі бірінен-бірі қызық. Эңгіме жол қысқартып, екеуі акқу жүзген көлге де жетті.

Қос акқу су бетінде қалқып жүр. Қаннен қаперсіз. Әдемі. Артық қимыл, асығу, аптығу жоқ. Иен дала өздерінің ғана еншісінде деп сезінетіндей. Жұзулері көл бетін айпықтайды. Бастарын тіп-тік ұстап, су бетіне әдемі өрнек салады. Билеп жүргендей. Бірак, еш биши бұлардай көркем қалықтай алмайтыны шындық. Табиғаттың құдіретті күші ғой оларды басқа қанаттылардан ерекше етіп жаратқан. Кескін келбетін айтсаңшы. Мін жоқ. Таңданыстап ұзақ тұра ма еді, ойын нағашы ағасының сыбыры бөлген. «Кетейік, аққудың тыныштығын бұзуға болмайды. Бұл олардың танғы серуені. Қасиетінен айналайын, үркітіп алсақ келесі жылы келмей қояды» деп мұның сұлулыққа арбалған көзін еріксіз басқа жаққа бұрып әкеткен. Содан бері бір жыл өтсе де Олжас әңгіме әсерінен әлі арыла алған жоқ. Әсіресе, асудан арып-ашып өтіп бара жатқан қандастарының көрген қындығы, шенге малданып ағайын-туысына сатқындық жасаған «қызыл әскердің» қылышы санасында жаңғырады.

Енді міне, жыл аралатып нағашысы тағы келді. Бұл жолы еліктің лағын әкеліпті.

Олжас қораның қасына барды. Жануардың көзіне көзі түсіп кетіп еді, арбалып қалғандай күй кешті. Не деген әдемілік! Аяқтары тіп-тік. Қара, сары түсті, шебер суретші сирағына бар пейілімен өрнек

салып шыққандай. Тізесі жұп-жұмыр. Бұрындары атасының қолында дәл осындай сирақтан жасалған қамшы жүруші еді. Оны ол әркімге ұстаптайтын. Жоғарыға іліп қоятын. Денесінде бір мін жоқ. Артық ет кездеспейді шіркінде. Мұсінші ұзақтырып қашап, кесіп-пішіп жасаған ойыншық сияқты. Аяқтары жүруге емес, көрмеге қоюға арналғандай. Бірақ, жаны бар ойыншық дерсің. Сұп-сүйкімді, сүйріктей тұяғы бар. Көзі не деген тұңғызық!? Кәдімгі адамның көзіндей. Көзі сабыр, ой және ақылдылықтан сыр береді ғой. Тілі болса бірдеме айтқысы келетіндей. Кірпігі қайқып тұр. Көзінің жан-жағын әдемілеп бояп қойыпты. Денесі кіп-кішкентай болса да әдемілігі – айбаты. Мынадай сұлулыққа ешкімнің, ештеңенің батылы барып қиянат жасауы мүмкін емес. Өз-өзіне сондай сенімді, қаймығатын емес. Көзге тіке қарайды. Өзі білетіндей, денесінің мінсіз екенін. Еркін керіліп, қымылсыз тұр. Мықты болсаң мін тап дейтіндей. Қадалып қарауға адамның жанары шыдамайды екен.

Бәрін білемін, әлемді адамзат билейді деп қеудемізді кергенімізben табиғи сұлулық, кербездік, тектіліктен адамды мойыннататын көрінеді.

Олжас бақшадан жоңышқа жұлып әкелді. Жануар аш болса да бірден бас салған жоқ. Мынау маған ба, дәмін татып көрейін дегендей біраз тұрғанинан кейін барып, ернін тигізді. Ернінің түрін-ай, жеуінің өзі сүйкімді, қайталанбас сәтті көрініс. Бір уыс шөпті кербезденіп әрең жұтты. Олжас оның әр қимылын бағып, қызықтайды. Біраз уақыттан кейін елік төлінің аманатын арқалаған жиен бала жануарға жем әкеліп қойды. Лақтың талғампаздығын байқаған ол жемді айнадай таза ыдыска салып ұсынды. Дәмді азықты бас салып опырар деп ойлаған. Қой-ешкі болса сүйтер еді. Жем салған ыдыска ентелегенде олар бірін-бірі тұрмак, жаңа туған төлдерді де таптап өтеді. Жоқ, бұл олардай емес екен. Қанша тәбеті тартып тұрса да ернінің ұшын ғана тигізіп талғай бастады. Басқа малдарша төгіп-шашып, тамақты сілекейлеп, ыдысты тарпып төгіп-шашпады. Қозғалысы епті, осылайша ол шағын ыдыстағы жемнің жартысын жеп, жартысын кейінге қалдырып, қанағатшыл екенін байқатты. Олжас лаққа ұзак қарады. Мен бұған ат қоюм керек. Оның аты Әдемі болады. Тамаша, табылды, өз ойына өзі риза. Лакқа басқа лайық ат болуы мүмкін емес. Нағашы ағам келгенше қарның ашырмай, тондырмай бағамын. Бір жолы нағашысы: «Ит пен бұзаудың күйінен-ақ үй иесінің қандай адам екенін білуге болады.

Итінді аш қалдырма» дегені бар. Сол айтқандай Әдеміге қамкорлық керек. Ол жан-жағындағы жан-жануар, адамзаттан қатер келеді деп мүлде ойламайды. Бәрін өзі сияқты аңғал, ақ ниет деп ойлайды. Кей адамдардың макұлықтан да қатыгез, тасжүрек екенін қайдан білсін. «Екі аяқты азса төрт аяқтыдан жаман болады» деп отыратын үлкендер бірнәрсеге налығанда. Ал Әдемі жаманшылық, айуандық дегенді білмейді. Біліп, түйсініп болғанша арам пиғылдының құрбаны болып кетуі де мүмкін. Адамдар қатыгез болмаса, енең қайда? Кімнің ғана қолы барды мынадай сұлулықты жайратуға? Ол тірі болса сені ертіп жүрмес пе еді, иен далада сайран салып. Сен неліктен тар қапаста қамалып қалғанынан хабарың да жоқ. Сен мұның бәрін білу үшін қасқыр болып жарапуың керек еді. Ал сен еліктің лағы – Еңліксің.

Бір күні сабақтан келсе, Әдемінің корасының алдында көк төбет жатыр. Ол да әдемілікке таңқалатындей. Қораға бір метрдей жетпейтін аланқайда күні бойы лаққа тесіліп қарап жатады. Кейде, басын бір жағына қарай қисайтып, таңданатындей. Аптапты ыстықтарда да тілін салақтатып, Әдеміден көз айырмай жатқаны. Әлде осы аулада екеуі ғана болғандықтан оның қимылын ермек қыла ма, әлде шынымен де сұлулыққа тамсана ма, белгісіз.

Бірде Әдемі екеуінің ұнсіз сыр шертісуін досы Ақжолдың даусы бөлді.

– Былай болсын, – деп ол әңгімені төтесінен қойды. – Мен бұйыртса көктемде желаяқтардың облыстық спартакиадасына қатыспақпын. Маған бапкер және сыншы керек. Сен Елжан екеуің менің жылдамдығымды бағалайсындар. Оның үстіне жарыс кезіндегі кемшилігімді айтуларың керек. Эйтпесе, жалғыз адамның жүгіруге зауқы соқпайды. Сондықтан, таңертеңнен бастап жаттығуды бірге бастаймыз. Сендер де менімен бірге жүгіресіндер. Мұнысы қаласаң да, қаламасаң да осы шартыма көндіремін дегені. «Өзіңнің де тынысың ашылады, ертең әскерге барғанда жүгіре алмасаң сорлайсың. Офицерлер бозөкпелерді жақтырмайды. Таяқ жейтіндер де солар. Ал спортшы болсаң өз-өзіңе сенімдісің», – дейді досы Ақжол.

Олжас таңертең ерте тұрды. Аяғына тұнде дайындал қойған женіл аяқ киімді киді. Жүрегі қобалжулы. Әншнейінде дене шынықтыру сабағында көпке ілесе алмай өкпесі өшіп қалатын. Енді желаяқтан қалмау міндепті тұр. Олар көп кідірген жоқ. Бірден ауыл сыртындағы

асфальт жолға бет алды. Елден қалмайын деп бар күшін жылдамдыққа салған Олжас тез ентігіп қалды. Достарынан да үялып барады. Оның бұл қыындығын сезген Ақжол: «Енді жайлап жүгіріп, ентігімізді басамыз. Бірден тоқтауға болмайды», – дейді жүгірудің ережесін білетінін көрсетіп. Үйге қол-аяғы дірілдеп әрең жеткен тәлімгер бозбала жүрегі лоқсып, басы айналғандай күй кешті. Ол енді екі досына білдіртпей кештетіп, өзін ертеңгі күнге «жарататынды» шығарды. Мұның бар қымылын Еңлік қалт жібермей бақылайды. Әлгілерден қалып қойғанымды шешем мен Әдемі көрмесе еken деп тілейді спортшы. Ертеңінде жаттығудан кейін екі достың соңында ілбіл келе жатса анасы тұр есіктің алдында. «Неге ерте тұрдыңыз, барыңыз жата беріңіз, даланың шаруасын өзім тындыра саламын», деді бұл намыстан өртеніп. Тықыр еткеннен көзін ашып алатын лақ та бұдан көз айырмайды. Олжас жүгіруді жиілетті. Күн санап өзін жеңіл сезініп келеді. Бұрынғыдай өкпесі де өшпейтін болды. Ол енді Ақжолға алғысын жаудыртты. Ол болмағанда ертең әскерге барғанда масқара болғандай еken. Ақжолдың табысы жаман емес. Рекордтарды жаңғыртып жүрген желаяқтардың жетістігін бағындырып қалды. Ол енді екі достан қалыспай келгенін шешесі мен Әдеміге көрсеткісі келеді. Бірақ шықпаңыз деп қойғасын анасы далага шыға қойсын ба, есіктен де қарамайды. Әдемі оны екі құлағы елеңдеп күтіп жатады. Соның көргеніне балаң жігіт кәдімгідей қуанып, лақтың қасынан кеудесін кере өтеді. Көрмеренінен енді ұялмайды.

Қара суық жақындаған сайын анасының аландауы көбейді.

– Балам-ау, Әдеміні қыста қайда ұстаймыз? Суыққа ұрынатын болды-ау.

– Апа, қорықпаңыз, кой қораға кіргізе тұрамыз. Екі-үш айдан соң күн жылиды ғой. Жабық кораның ішінен өзіне уақытша үйшік жасап беремін. Ешкілер де сұзбейді, – дейді Олжас. «И, қарағым-ай, текті мал ондай лас жерге шыдамайды. Қор болатын болды-ау!», деп күрсінеді көпті көрген кейуана. Айтқандай қара суық та келді қаһарына мініп. Олжас еліктің лағын қой қораның бұрышындағы шағын үйшікке кіргізді. Ертеңіне сабактан келсімен лақты көруге барған оның көңілі пәс тартты. Лақ біргүрлі ауырыш түрғандай ма? Алдындағы жем-шебін де талғажау етпеді. Мұңаятында ма, әлде өкпелі сияқты ма? Әйтеуір, сүлесоқ. Даға шығарып біраз ойнатқан. Олжас оны тағы да сол үйшікке қамап, сабағына кетіп

қалды. Тамағы тоқ. Қора жылы. Жаңа орнына үйрене алмай тұрған болар деп ойлады лақтың иесі. Ертеңіне таңертең үйшіктің есігін ашса Әдемі шықпайды. Жарық түсіріп қараған Олжастың жүргегі аузына тығылды. Лақ төрт аяғы серейіп, қымылсыз жатыр. Көтеріп алғып, құшағына басып үйге жүгірді. «Ана, анатай, Әдемі біргүрлі болып жатыр. Анашым, енді қайттім? Нагашы ағам... Әдемі, өлмеші.. Енді ол қорага апармаймын. Тірілші. Қөзінді ашишы!», – дейді жанарын су басып. Анасы алдында жатқан еліктің лағын сипап отырып: «Тектім-ау, лас жерге көндіге алмаған екенсің-ау! Ақымақ басым-ай, енді қайттім! Қасиеттім», – деді де баласына қарап: «Ұлым, лақ өлмейді... Құсаланып қалғанға ұқсайды. Оны біз біраз күн үйде ұстаймыз. Есін жиып, еңсесін көтергенше шағын қора тұрғызамыз», деп жұбатты.

Бұл оқиға Олжастың анасының балам қандай болып өсіп келе жатыр деген көніл күдігін сергітті. Компьютермен сейлесіп, қатыгез болып кетті деп ойлайтын баласының жүрегінің жылыштығына, үлкен жүректілігіне риза. Оның мейірімді болып қалыптасуына еліктің лағының да әсер еткенін сезеді. Ертеңіне түсте Әдемі көзін ашты. Жанары сол мөлдірекен қалпы. Тіпті көрген азабын да байқатқысы келмейді. Сұлу қалпына қайта ене қалды. Мұның орнында басқа мал болса, жүні жығылып, танауы суланып, есенгіреп қалар еді. Сұлутықтың құдіреті де сыр сақтауында екен ғой. Олжас тездетіп қора жасауға кірісті. Көрші үйдің ауласында топырактан жасалған кірпіш жатқан. Әдеміге деп сұрап еді, әншейінде дәретханаға барса қорасын құлыпташ жүретін қара шал, ал да ал деп кірпішті өзі тасысып жеткізіп берді. Досы Елжан екеуі қораны бір аптада тұрғызып бітті. Төбесін шатырлап, күннің сұықтығына қарамай сыртынан батпақ салып, оның сыртынан ескі-құскы кигіз жапты. Бір қысқа жарап қалар деп қос жасөспірім шағын қора тұрғызғандарына ерлік жасағандай қуанды. Анасы да балаларға мейірлене қарап, жарадындар, енді еліктің лағына қауіп жоқ деп, Әдеміні есікten мәпелеп енгізді.

Олжастың кез алдына нағашы ағасы елестеді. Ертең келеді. Мұның Еңлікті қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсіргеніне қуанады. Шаттанғанда мұрны делиіп кететін ағасы арқасынан қағып «Азамат!» дейтін болды.

КӨҢІЛ ҚАЛҒАН КҮЗ

Ол осы әнді ала таңнан түс ауғанша тындарды. Тағы да қайталап қойды. «Естай мен Қорландай жан ба едік біз немене? Мениң жолым басқа, сол үшін ғашық болма. Көңілінді қалдырған күз, бір күні сый береді. Өзгеше тағдырлармыз, өтінем сүйме мені. Шараң жоқ сағынбасқа...». Жігіттің жан-дүниесі алай-дүлей.

...Ауылдан көңілі көтеріліп шыққан ол, жүрдек көлікпен қалаға қарай «ұшып» келе жатқан. Жүрген жерінде кішіпейілділік танытып жүретін әдетімен жолда түрған бойжеткенге тоқтай салды. Екеуінің барап жері бір екен. Жоғары жылдамдықпен жүрсе төрт-бес сағаттық жол. Болмаса одан да ұзақ. Иә, мына қызben «кемедегінің жаны бір» жайды бастан өткеретін болды. Жолсерікке жарыдым ғой. Айтартынаның әңгімесі қызық па екен? Жігіт осының ойлады да мырс етіп күліп жіберді. Бейтаның бойжеткен оның қарадан-қарап күлгенін ерсі көрді ме, көзін төңкөріп бір қарады. Оның жақтырмағанын байқаған жүргізуші өзін ыңғайсыз сезініп қалды. «Өте қарапайым қыз. Жанарыңды байлардай көрікті де емес. Бірақ, пан. Көлігіме отырып, күні түсіп келе жатса да алакөзденіп қарайды ғой. Өзі туралы не ойлағанымды да сезіп қойғандай...» Жолаушының қитығына тиуді ойлаған жігіт музыканың даусын күшеттіп қойды. «Мен сенің жүйкенді жүқартайын» деп ойлады. «Күндерің жасытқанда, іздейсің тосып танда. Көңілінді қалдырған күз, бір күні сый береді». Әнші Төреғали Төреәлі «Ғашық болма» дейтін әнін жағымды дауыспен орындал жатыр. Өуені де, сөзі де әдемі. Көлік иесі қасындағыны елемеген сыңай байқатып отыра берді.

Терезеге қарап, өзімен-өзі отырған қыз: «Музыканың даусын күшеттіп тұрмак, етімнен ет кесіп алсан да сыр бермейді екенмін»,— дегенді қылышымен байқатып отыр. Мынаның қорлығын-ай! «Данғырлатпаңызшы» деп айта ма десе, осы әнді өзі таңдал алғандай бар ынтасымен тындал келе жатқанын қарашы. Арасында жайлап қана әуенге шайқалып қояды. Әнді іштей қосылып, бірге айтып келе жатқаны байқалады. Келесі әннің тұнғиғына мұлдем батып кетті. Ренжудің орнына ән тындаған сайын көңілі жай табатындей. Жүргізуші жігіт жол бойынан отырғызған жолаушы қыздың жүйкесін тексеріп, тілге келтіремін деп жанының қалауын, көңіл арнасын тауып

бергенін кеш білді. Келесі ән де талғамына сай келгендей. Тыңдаған сайын көзі жайнап, көңілі өсіп сала берді. «Бір ыңғайын тауып әнді өшпірейін. Содан кейін не болар екен?» деп ойлады бозбала. Алдағы ауылдың шетіне іліккенде дауыс күштейткіш мулде өшірілді. Енді жігіт панданды. Көлік менікі. Не істесем де өзім білем. Керек болса жылдамдықты асырам, болмаса асықпай, есек аяңмен жүріп аламын. Ұнамаса, тұсіп қал. Бұл – оның ішкі ойы. Байқайды, бойжеткен жол қыскартар әуенниң тынып қалғанына да селт етер емес. Сол ұнсіз қалпы. Осы құнгі қыздар ойын тез байқатып қоюшы еді. Мынаның не ойлап отырғанын білу қылға соқты-ау. Жас адам көңілді, әзілқой болушы еді. Жолдың жартысы артта қалса да мынаның кірпігі ғана қозғалып әлі отыр. Әлде мен қыз көңіл аудармайтындей тартымсызыбын ба? Байқатпай айнаға қарады. Түрі ешкімнен кем емес сияқты. Киімі де тәуір. Ал ауқатты екені заманауи көлігінен байқалады. Сонда мына замандасы неге селт етпейді? Бір-екі рет ана-мынаны жақтырмайтынын көзімен байқатқаны болмаса, жымиған кезі болмады. Бірақ, әуен тоқтағалы оның жанары мұнға толды. Жігіттің жүрегі ауырды. Бағанағы көзіндегі үшқын қайда кеткен? Енді әуенде қайта қойып, мұның көңілін көтергісі келді. Оған ішкі бір кертартпа сезім жібермеді. Магнитофонды қайта қосса үшқалак, берекесіз адамға ұқсан қалар. Оның алдында өзінің жеңіле бастағанын сезді. «Көріксіз қызда» ерекше тартымдылық бар сияқты. Көзі ойлы екен. Мінезі... Мінезі ұстамды, бірбеткей. Түсінігі терен адам болу керек. Жалпы жақының қылдыққа тастамайтын, сенуге болатын адамдардың қатарына жатады-ау. Дене бітімін ешкім сөкпейді. Ортадан жоғары, сұңғақ деуге келеді. Дауысы қандай екен? Бағана баратын жерін айтқанда сөз саптауына көңіл аудармапты.

Жігіт енді жолдың қыскармауын тіледі. «Ұн демес арумен» жердің шетіне кете бергісі келді. Не істесе екен? Жолда Әулие атаның кесенесі бар. Анда-санда барып, Құран оқытып тұратын. Соған жол тартайтын. Мүмкін жебеушінің мекені екеуін жақындастырап. «Жұмбак қызы» бағыт ауыстырысам ашылып сөйлер деген оймен жігіт көлікті кесенеге қарай бұрды. Бойжеткен жайбарақат қана, ешиэрседен күмәнданbastan қайда баратындары жайлы сұрады. Өзін көптен танитын, бұдан еш жаманшылық келмейтінін біліп алған сыралғы адамдай. Егер зерек, зерделі жан болмаса, менің тірі жанға жамандық

жасамайтынымды қайдан біледі? Бөтен адамнан секем алмайтыны өзінің де адам баласына қиянат жасамайтынын аңғартқандай. Осы сөзді ойлағанда жақында ғана интернетten оқыған бір ғибратты сөз көңіліне ұялады.

Мейірімділік бойымнан сөнбесе екен,
Аллам маған жат қылық бермесе екен.
Мен көрсем де біреудің қиянатын,
Біреу менен қиянат көрмесе екен.

– Мына жақта Әулие атаның кесенесі бар, тәу етіп қайтайық, – деді жүргізуші жолсерік қызға. Ол жай ғана басын изеп, келісім берген сыңай танытты. Жиі баратындықтан мұны жақсы танып алған шырақшы, ескі танысындаі қарсы алды. Бойжеткен сөмкесінен әдемі көкшіл орамал алыш, жарасымды етіп, басына тағып алды. Қандай сүйкімді! Орамал жарасады! Жұзінен имандылық төгіліп түр. Екеуі кәнігі ерлі-зайыптыдай жарастықпен кесенеге еніп, ел-жұртқа амандық тілеп, Құран бағыштатып шықты.

Көңіл де, мінген «көк дөнен» де сергек. Енді жігіт еркінси бастады. Бойжеткенді сөйлетіп, өзіне деген пейілін байқау үшін қулық жасамаққа бекінді. Көлікті кілт тоқтатты да қайдан шықса оннан шықсын деп: «Сіз маған ұнайсыз, жаңағы молдаға қайта барып, некемізді қидырайықшы», – деп салды. Жұмбақ қыз осы сөздің айтылатынын біліп келе жатқандай, тағы да ұнсіздік танытты. Онысы: «Қидырсаң саған кім қой деді» дегендей әсер етті. Сөйлестпекші болған бұл әдісі де іске аспады. Тіл жоқ. Осыдан бірер сағат бұрын өзі менсінбеген бойжеткен енді мұның ерік-жігерін бағындырып алды. Бауыр басып қалғанын байқады. Қимасын баар жеріне жеткізіп тастаудан басқа амал жоқ.

Көлік тоқтады. Ол түсуге ыңғайланды. Тұсті. Кетіп барады. Жүргіш шым етті. Екеуінің жолы бұдан кейін тоғыспауы мүмкін. Шынымен де енді кездеспей ме? Бәрі осымен бітті ме? Тоқта десем ары қарай не айтамын? Алыстал, көрінбей кетті. Өмірінің мәні бірге еріп кетіп қалғандай, сүлесөқ отыр. Көлік қайта оталды. Ән әуелей жөнелді. «Көңілінді қалдырған күз, бір күні сый береді...»

СҮЙГЕН ЖҮРЕК

Жаңа пәтер алды. Баспанасы жоқ емес, бірақ ауылдан құрт-майын, қазы-қартасын арқалап қелген сайын анасы: «Қашанғы қуықтай бір бөлмеде отыра бересің. Табысынды ана бір теледидардан жарнамалап жатқан Тұрғын үй банкіне жинап, кеңірек баспана алсаңшы. Құдайдан үмітің бар адамсың ғой...» – деп қиқулай берген соң тәуекелге бел буып, тапқан-таянғанын ай сайын банктің темір жәшігіне апарып салған. Анасы кузамаса кең үй алуға құлшынбас та еді. Бір сәбидің іңгәлаған дауысын естуге зар алаң көңіл тұрмысын түзеуге пейілін бүрғызбады.

Анасы артынып-тартынып келіп, қоныстай жасады. Айдынғали қария бата берді. «*A, Құдайым, оңдасын. Қызыр баба қолдасын! Жаңа жылда бақ пен ырыс осы шаңыраққа кеп орнасын! Отанасы жукті болып, қойлары болса қоздасын. Үйінен қонақ арылмай, ақ тілектерін жолдасын! Береке мен мереке, асып тассын толгасын! Қабыл етсін осы тілегімізді, шын ниетпен қол созгасын. Эумин!*»

Достары кіреберіс бөлмеге балапандарын тамақтандырып жатқан қарлығаштың суретін ілді. «Айдана, шаңырағың айырқүйрық асылзаттың ұясындай берік болсын! Қарлығаштың еркегі мен ұрғашысы жұмыртқаны алма-кезек басады еken. Нагыз тату отбасы. Қасиетті құстың адалдығы сендерге дарысын. Киелі құс балапандары қарақанаттанбай ешқайда табан аудармайды еken. Жақсылықтың, жылыштың, той-думанның жаршысы босағаларында ақжолтай хабардың символы болып тұрсын», – деп жанын жадыратып кетті. «Сүйер ұлдың аты көп» демекші, бұларға тілекші жұрт бар ырымды жақсылықпен астастырды. «Қой жылы шаңырағың «төлді» болсын!», – деді құрдастар қалжың-шынды араластырып. «Орын ауыстырған кей адамға жағады, осы үйде арманыңа қол жеткіз, қырсығың тарқасын» – деді университет қабырғасынан бірге келе жатқан құрбысы. Көптің тілеуі – көл. Тілек орындалады. Әйтпесе оны кім ойладап тапты? Орындалатын болған соң айтады. Періштелер әумин десе неге іске аспасқа. Көңіл сөзбен семіреді еken. Жас жұбайлар арасындағы қатқан мұз сол күні еріді. Екеуі бір-бірінің қас-қабағына қарап, отбасылық міндеттерін толықтырып, шаңырақтары жарастық тапты.

...Есіне Сабыр екеуі танысқан күн тұсті. Аялдамада бозбала мен

бойжеткен. Жастары да құралпылас сыңайлы. Әншнейінде толастамай жүріп жататын автобустың сол күні қарасы да көрінбей қойды. Жаңа жылдың қарсаңда көлік жүргізушилері де отбасыларына асығып, жұмысты ертерек аяқтағандай. Екі жас тілдесуге асығар емес. Қанға сіңген қасиет бойынша жолды қашан да азамат бастауы керек. Айдана да сол әдеттен аттамай тұр. Мінез-құлқының ұстамдылығынан болар, Сабыр Айданаға бір-екі адым жақындады да жайлап қана:

- Қарындас қайда баrasыз? – деді.
- Көксуға.
- Көксуда кімнің үйіне?
- Ағатайым тұрады. Асқар Бекетов.
- Ол менің көршім. Жолымыз болды!

Осымен әнгіме аяқталды. Қыз жігітке көзінің астымен барлай қарады. Өзінен сәл биіктеу. Балан жүзіне қарағанда жасы кіші сияқты. Адамға құлықсыз қарайтын жанары анғалдығынан сыр береді. «Сары ауыз балапан» деген баламаны осындай пәк, сенгіш жандарға арнап айтқан болу керек.

Жігіт те ойға кетті. Мына қызды бір жерден көргенмін. Ауылдасы емес. Өзі оқитын университетте де мұндей адам жоқ. Есіне тұсті. Дәл соның өзі. Сұрасам ыңғайсыз болып қала ма? Ол болмай шықса ше? Жоқ сол, теледидардан сөйлейтін қыз. «Бұрын шаш ұлгісі басқаша еді. Дөңгелетіп қиған шаш бет-жүзін бұрынғыдан да әдемілендіріп жіберіпті» деп ойлаған, экраннан оны соңғы көргенде. Сөз саптауы жүйелі. Зергердің асыл темірден жасаған әдемі бұйымындаи зерлі. Жылы жүзі көрерменді еріксіз өзіне баурап алады. «Осы бір қыз шешен сөйлейді. Тілі жатық, сөзге бай», – дейді апасы тілші эфирге шыққан сайын. Енді сол сөз зергері қасында тұр. Баар бағыттары да бір...

Таныстықтан соң әңгімелері жарасып, екі жүректің тілегі қабыл болып, қоғамдық көлік «көз байланғанда» бір-ак келді. Көршілер есік алдына бір-бірін көру үшін жиі шығады. Айдана Сабырдың еш бүкпесіз шынайы айтатын әңгімелерін селт етпестен, бар ынтасымен тыңдайды. Жас жігіттің айтары соншалықты мәнді-мағыналы болмаса да шынайылығымен тартымды. Қызметтес жігіттердей арасына құлық сөз араластырмайды. Мұндей анғалдықты ол кітаптағы кейіпкерлерден ғана кездестіретін. Екеуі әңгімелескенде көнілдерінде еш күмән, кіршік қалмайды. Құлқілері де қалжындары да шынайы.

Айдана осы сыйластықты мәңгі сақтап қалғысы келеді. Өмірлері жаразтық тауып жатса соңғы демі таусылғанша оның қас-қабағына қарап өтуге іштей бекінді. Сыйластығы сезімінен де басым түскенін іштей сезеді.

Жасының біраз кішілігіне қарамай, бозбаланың өзімен өмірлікке бір болуды армандағынын естігенде жүрегі езліп сала берді. «Мені қалаған жүрегіңен айналайын. Таңдаған екенсін, талабыңа сай болайын» – дейді жаны жылыштыққа толып.

Осылайша тәтті сезімге толы күн мен түн алмасып, уақыт өтіп жатты. Әке болуды армандаған Сабырдың көңіліне құдік ұя сала бастағандай. Өзі сүйіп қосылған Айдананың аузынан «аяғым ауыр» деген сөзді естуді арманына айналдырган. Тіпті, күмән билеген көңілі суып бара жатқандай. Отбасылық өмірлері келіншектің күйеуін сарыла күтумен ұласты. Кейде Айдана сол жолы автобусты ұзак тосқанымыз өміріміздің салтына айналғаны ма деп те ойладап, налиды. Үйде жалғыз қалатын кездері жиілеп кетті. Есік тықыр етсе санасында қос үміт қылаң береді. Біріншісі – Сабыр келіп қалды ма? Екіншісі – біреулер табалдырығымның алдына сәби тастап кетті ме екен? Теледидардан: «Есіктің алдына жаңа туған шақалакты тастап кетіпти. Үй иесі сәбилі бола алмай жүргендіктен нәрестені бауырына басып алыпты» дегенді естігелі санасында осында үміт қылаң берді.

«Бүгінде дәрігерлердің көмегі арқылы балалы болып жатқандар жетерлік. Неге сондай заманауи медициналық мекемеге барып тексерілмеске?» деп ойлаған Айдана дереу ғаламтордағы жарнамаларға хабарласа бастады.

– Жаным, мен жақында демалысқа шығамын. Алматыда сәби сүйе алмай жүргендердің денсаулығын тексеріп, көмек көрсететін медициналық орталық бар екен. Барып, тексерілейік. Мүмкін бізге де бір көмегі тиіп қалар... Айдана ары қарай сөйлей алмай қыстырып жылап жіберді. Осы сөзді айту үшін ол жарын үйінде бір аптадан артық күтті. Соңғы күндері Сабыр жұмыстан кейін шаңырағына оралмайтынды шығарды. Бүгін сүйіктісімен сөйлесудің реті келді-ау. Тағы бір сылтау айтып, дәрігерлік тексерілуге бармай қоя ма деп, ол айтатын сылтаулардың беріне жауап дайындалап, алдын алып қойған.

– Мен қаражат жинап қойғанмын. Апам ана жолы барғанда үйге қонбайды екенсін деп саған ренжіп еді ғой. Тағы сондай жағдай

қайталаңбасын деп қонақ үйге түсетін болдық... Саған «жұмысқа уақытша жарамсыз» деген анықтама алып беру үшін дәрігерлермен келісіп қойдым.

Келіншек Сабырдың жүзіне имене қарады. Қарсылық білдірмегеніне риза болып, жаны жадырады. Бұрынғыдай бас салып, мойнынан құшақтағысы келді. Бірақ жарынан ишарат байқалмаған соң тосылып қалды.

– Қашан жүреміз? Менің аудан орталығына баратын шаруам бар. Ертең бе? Бопты. Автовокзалда кездесеміз. Орталықтан бүгін қайтып келе алмаймын. Машиналам жок... Биыл үйдің несиесін төлеп бітіруші ме едің? Көлік алуудың жолын қарастырсаңшы.

– Алдымен бөпелі болуды ойлайық... Айдана бұл жолғы емнен көмек болмаса шетелге барып қаралуға қаражат жинайтын ойының барын айтып қоя жаздады. Қырсығып қалса, былтырғыдай емделуге бармай қояр.

– Әперемін, алдымен үй мен інінді кеденге жұмысқа орналастыруға алған несиені қайтарайын.

Сабыр не айтса да бас изей береді. Сол үшін Айдананың анасы, дос-жараны талай ренжіген. Бірақ, болмысын жарының мысы басып тұрады. Осындайда Мұқағали ақынның «Ұнатамын мен сені» деген өлеңі ойға оралады.

*Дегеніңнің бәрін де жасап жүріп,
Көрсетпеймін зәредей асау қылық.
Сенің гана еркіңе бас алдырып,
Бұға берем, не деген жасандылық?!*

Бұл өлеңді оқып болсымен, көңіліндегі күдігін сейілту үшін Мұхтар Шахановтың:

*Гашық жүрек сүйгені үшін бола алмайды жазалы,
Адам азса гашықтықтың жоқтығынан азады.
Гашық жүрек өз тағдырын өзі гана шешеді,*

Жыға алмайды оны жүрттың өсегі, – деген өлең жолдарымен толықтырады.

Әжем: «Балам, кіммен қарайсаң, сонымен ағар» деп отырушы еді. Енді не болса да Сабырдың айтқанына, дегеніне көндім. Сүйгендігім үшін бар қындыққа шыдап бағамын. Мүмкін арамызда «дәнекер» болса, өзгерер, жібитін шығар» деген ойға бекінді.

Откенде студенттік шақтан бірге келе жатқан сырлас құрбысы жағымсыз жаңалық айтып, жанын жүдедті. «Айдана, сен ренжіме. Әлі жассың. Басынды Сабырдан босатып ал. Ол саған күйеу болып жарытпайды. Мүмкін басқамен бас қоссаң алдың ашылып, сәби сүйерсің. Сабыр сені алдаң жүр. Оның басқа біреуі бар». Айдананың төбесінен мұздай су құйып жібергендей болды. «Мүмкін емес. Ол маған жанымыз егіз деген».

Құрбысы екеуі өсектің анық-қанығына көз жеткізбекке нысананы бетке алды. Шын еken. Ол барып тұрған бетбақ болып шықты. «Сен бедеусің. Мен бұрын бала тапқан әйелмін. Тағы табамын. Ол менің жанымда қалады». Айдананың басы айналып, көзі қарауытты. Жаны жасып жүрген келіншек шындыққа қарсы келе алмай, бұлыққан қалпы далаға қашты. Сырласы оның сазайын беріп жатыр. Күндесінің арына тиетін сөздер де кетті. Айдананың адалдығын, мұның құрбысының тырнағына да татымайтынын айтып, оны даттаң, құрбысын жақтаған сөздер лек-легімен кетті.

— Айттым ғой, басқаны тауып ал деп. «Еркекке сенгенше екі босағана сен» деген. Сені әбден басынып алған. Әй, бірақ сен одан кетпейсің. Басынды айналдырып алған. Сенің орнында болсам...

Айдана жанарының ақ жауынына ерік берді. Өз-өзіне сұрақ қояды. «Сабырдың басқаны қалайтынына көзің жетпеді ме?», «Көнілің қалды ма, одан кетесің бе? Жек көріп кеттің бе?». Жоқ, жүрегінде оған деген бір жылышық, қимастық бар. Кетпек түгілі сағынып тұрған сыңайлы. Көнілі оны көрсем деп аңсайды. Өмірін жүрегінің қалауына басқартты. Үйіне қарай асықты. Жүрегі сезіп тұр, ол келеді. Мұндай жағдайда сүйгені жалғыз тастамауы тиіс. Жылап кеткенін естиді де, жарын жалғыз қалдырмау үшін шаңырағына асығады. Жоқ, ол мені мұндай жағдайда қалдырмауы тиіс. Мен оны білемін. Ол шешуші сәтте ардан аттамайды. Мен оны азаматтығы үшін жақсы көргем. Арадағы сүйіспеншілігіміз бар қыындықты женеуі тиіс. Жаратқанның пейілі түссе бізде де сәби болады. Айдана үйінің терезесіне көзі түскенде көнілі босап сала берді. Шам жанып тұр...

Жақында абысыны екінші бөлесін босанды. Ол жүкті болсымен: «Айдана, осы сәбиімді аман-есен босансам, саған беремін. Бауырына бала салып алған адам көп ұзамай өзі де бөле көтереді деп жататын үлкендер. Мүмкін сондай жоралғы жасап көрерміз». Абысының

сөзі көңіліне жаққанымен, баласын шын беретініне күмәнданатын. «Көз жасым көл болып жүрген соң алдаусыратқаны болар. Босанған соң сәбиін қимай қалса ше? Босқа үміттенбейін...». Женгесінің сол сөзі Сабырдың да есінде екен. Ағасының әйелі босанды дегелі көңілі алан. Айданаға жалтақтап қарай береді. Келіншегі «аға-женғенде барсаңшы» дегенді жанарымен ұқтырғысы келеді. Бірақ дауыстап айта алмайды. Сүйген жары мұның айтпағын көзінен түсінгендей. Жолға жиналды. «Бәсе, – деп ойлады келіншек. – Мен сүйген Сабыр жанымды түсінуі тиіс. Оның үлкен жүректі, тәуекелшіл азамат екенін мен сол кезде байқағанмын. Арқасүйер болатынын сезген едім. Түйсігім алдамапты.

– Айдана, сен үйде бол. Мен ағам мен жеңешеме барып келейін...
– Жолың болсын!

Сабыр тағы ұзағынан жоқ болып кетсе қайтемін. Шыдамым таусылатын болды-ау. Төзім, сабыр. Келеді. Жақсы ой ойлайыншы. Бұрынғыдай емес, пейілі қайта өзіне ауған сыңайлы. Аяй ма екен? Әлде сыйлайтын шығар? Әлде адалдығы мен көнбіс қасиетін бағалай ма? Сан сұрақ жағадан алғанымен жауабын таба алмайды. Жаңадан алған кең сарайдай үйде шарқ ұрады. Құрылыштыларға ракмет, қатырып салыпты. Кем-кетігі жоқ. Бірақ тып-тыныш. Құлаққа ұрған танадай. Сабыр тезірек келсе екен. Жоқ кешіксе кешіксін, жалғыз келмесе екен. Жанары тағы жасқа толып, кеудесіне ексік кептелді. Даладан аяқтың тықыры естілді. Жаңа үйге бұлардан басқа әлі ешкім көшіп келе қоймағандықтан кім келсе де бұлардың есігін қағуы тиіс.

Алдымен табалдырықты ақ жаулықты енесі аттады. «Сөйлемей кіріндер, баламыз жылауық болады» – дейді. Артынша Сабырдың қалқайған бойы көрінді. Құшағында сәби. Жүзі жайнап кетіпті, ақсиып күліп тұр. «Баланы анасына беріндер» дейді абысыны аңқылдай сөйлеп. Дауысы қандай әдемі еді, ән айтып тұрғандай сыңғырлайды. Осы күнге дейін абысының дауысы тұрмак, жүзіне тіке қарал көрмепті. Айдана көптен күткен нәрестені құшағына алып, көзін жұмып тұрып, мойнынан мейірлене іскеді. Сүттің иісі шығады. Тұла бойы еріп, он екі мүшесі балбырап бара жатты.

АЙ-ШОЛПАННЫҢ ҚАРЛЫГАШЫ

Таң ата келіншекті толғақ қысты. Куанғаны әлде қорыққаны белгісіз Жүкенің жүрегі атша тулат, шала-шарпы киініп, көрші келіншекке қарай жүтірді. Сөзін өркенінді өсіріп, «тұздап» барып бастайтын пысық әйел екіқабат көршісінің бүгін босанатынын бошалап қыдырганынан-ақ байқағанын айта жүріп, табалдырықты аттады. Құдай қосқан көршісі бұның алдындағы ұл-қыздарының кіндігін өзі кескен. Жалаңдаған қара бәкінің жүзін лаулап түрған отқа қыздырып жібереді де кіндікті түбінен «сак» дегізеді. Қолы жеңіл. Балалар тез ширайды. «Тоғыз ай көтергенге емес, жерден көтергенге ұқсаймын», деген еken. Жүкен мұрс етті. Ұқсаса ұқсасын. Көп сөйлейтіні болмаса ешкімге жаманшылығы жоқ, еркек мінезді, қымылды да ширақ, бір үйдің шаруасы өзінен артылмайды. Отын-суды да ешкімге арқа сүйемей өзі таси салады. Үлгере алмай жатса «босбелбеу» күйеуіне тиісті шаруаны да шыр айналдырады.

Жүкен көрші әйелдің әмірімен далада жүр. Мұлгіген тыныштық. Эне-міне қой қоздайды деп отырғанда өмірге өзінің «қоңыр қозысы» келетін сияқты. Түсінде келіншегіне алтын сырға сыйлап жатқанын көріп еді. Қыз бала болатын шығар. Есімін өзім қоямын. Қариялар алдынғыларын иемденіп болған. Бұл шақалақты өзім еншілеймін. Үлкендерден тайсалмай бауырыма басып өсіремін.

Таңғы тыныштықты сәбидің іңгәлаған дауысы бұзды. Тұла-бойы шымырлаған жігіт ағасының көңілі бұзылып, көз жасы ыршып кетті. Сасқалақтаған жігіт ағасы есін тез жиып, қайтадан есім ойластыра бастады. Атын кім қоюшы едім? Ерекше есім керек. Бибібетима, жоқ ауыр болады. Асылхан, дөрекілеу ме? Сол кезде аспанға көзі түсіп кетіп еді, тұп-тұнық еken. Бір шоқ жүлдyz жер әлемге жарық шашып, ерекше жайнап тұр. Таптым, қызымның есімін Ай-Шолпан қоямын. Тамаша есім! «Ата-ананың бірінші борышы сәбиге дұрыс есім беру» дегенді жақында бір діни кітаптан оқыған. Ол өз-өзіне риза. Тәубе, тәубе! Тәнірге, мың тәубе! Ұрпағым өсіп жатыр. Е, жаратқан баламның ғұмырын ұзақ ете гөр! Өмірде де осы жүлдyzдай жарқырап жүрсе еken. «Жаратқан тілегінді орындаиды. Орындалмаса адамдар неге жақсы сөз айт, жақсылық тіле дейді. Балам аймандағының болады. Шолпан жүлдyzдай жарқырайды. Атымды осы шығарады». Көңілі босаған экениң жүрегі езіліп, көзінің жасын бір сығып алды.

...Ай-Шолпан құлдыраңдап тәй-тәй басты. Көргісі келеді, білгісі келеді. Бақ қонатын бала кішкентайынан зерек болады деуші еді. Атабабамыз сәбидің құлқісі мен жылағанына қарап оның өскенде қандай азамат болатынын бағамдаған еken. Шын құліп, шын жылаған баладан адалдық күткен. Ай-Шолпанның құлқісі сыңғырлаған ашық. Ал ашуланса, айта көрме. Алдағанға көне қоймайды. Ентігі басылғанша уатамын, айтқанға көндіремін деу бекершілік. Кұлық, өтірікке жаны қас. Бірге ойнайтын балалардың арамдығын байқап қалса жаға жыртысқанға дейін барады. Ешуақытта үйге біреуді жамандап немесе жеңіліп, жылап келмейді, өте зерек. Музыкаға қабілетті. Шопанның үйінде музыка аспабы қайдан болсын? Темірді-темірге, тасты-тасқа соққанда шығатын дыбысты тыңдағанды ұнатады. Қайта соғады да дыбыска зер салады. Таңдайын тақылдатып, әр нәрсеге таңданып жүретін көрші апа: «Әй, Жүке, мына балаң түйғын. Тіл-көзден сақтасын. Сенен бір ерекше бала туды» дейтін. Шындығында басқа балалардай: «Әпер, бер, көтер» дегенді білмеді. Естияр адам сияқты, ерекше, өзімен-өзі. Қылықтары қызға емес, ұлға ұқсайды, өзінің көнілі қалаған нәрсені ғана жасайды. Шаруасына, ойынына араласқанды ұнатпайды. Қашан көрсөң ой үстінде.

Бала төрт жасында қызылша шығып, бірнеше күн ыстығы көтеріліп, жатып қалды. Анасы байғұс бөпесінің амандығын тілеп, қасынан шықпайды. Шөліркеп қалмасын деп сусын береді. Бір күні ыстығы көтеріліп жатқан Ай-Шолпан терезеге ұзак қарап жатты да, езуіне күлкі үйірлді. Терезенің жақтауына қонған қарлығаш қанатын сабалап, өзін ойнауға шақырғандай қылық танытады. Одан үйге кіремін дегендей есік-терезеге кезек келеді, ұя салмақшы еken. Қарлығаш ұя салған үйдің бала-шагасы көгереді, көктейді, өсіп-өнеді дегенді үлкендерден жиі еститін. Көптен дел-сал жатқан бала қауіп-қатерден арашалаушы құс саналатын қарлығашты көргенде жүзі жайнап сала берді. Мұны жақсылыққа жорыған анасы сәбиін қымтай салып, қарлығашқа есік ашты. Ал құстың шықылықтаған даусы естілсімен Ай-Шолпан оның қанат қағысын қызықтап, жүзі балбұл жанды. «Е, тәубе, баламды куантуга келген екенсің ғой. Кіре ғой. Сен де балапандарыңды өсір» деп қыздың анасы бәйек болды. Қарлығаш үйде болғанда бұлдіршіннің анасы даладағы шаруасын алаңсыз істей береді. Экесі: «Әй, бәйбіше, үйге барсаншы, баланың қасында

бол» десе анасы іштей: «Қасында қорғаушысы бар» деп алаңсыз жүре береді. Қарлығаш барда баласына алаңдамайтынын жұбайына естіртіп айтуға ыңғайсызданады. «Баланы құсқа бақтырғанды қай әкеңнен көрдің?» деп қалса. Айыр құйрық асылзат балапандарымен қоса Ай-Шолпанды да қуанышқа бөлеп, бұлдіршіннің көңіл-күйін сергітті. Ол үйқысынан қарлығаштың даусын естіп, жадырап оянады.


«Қызымын қелбеті марқұм нағашы апасына ұқсайды. Бұрынғылардың айтуынша, қайтыс болғандардың жаны аң-құсқа беріледі. Элде, бұлдіршінімді еркелетіп, ауру-сырқаудан аман алып қалып жүрген анамның рухы ма екен?» деген жауабы жоқ ойға беріледі анасы.

Ай-Шолпан қарлығашпен сырласып есті. Ол бірнеше жыл қатарынан осы үйдің төрдегі бұрышына ұя салды. Екеуі кішкентай жүректерімен жылдам түсініседі. Дала құсы үй «балапаны» кәдімгідей ес тұтады. Бұлдіршін қыз таң атсымен есікті ашып, құсты төрге оздырады. Ол барда сәбидің жүзі жадыраңқы.

Әке арманы орындалып Ай-Шолпан қаламгерлік мамандықты таңдап, көпке қызмет ете бастады. Жаңалыққа жаны құмар. Ел ішіндегі игі істерді баспасөз арқылы елге жариялағанды ұнатады. Ал қарапайым ауыл жұрты қысалан тірлік кешіп жатса соны қаламының сиясы арқылы билік басындағыларға жеткізіп, кем-кетіктің орны толғанша әкім-қаралардың тыныштығын алады. Ұлттық салт-дәстүрдің өркен жаюына демеуші болып жүрген алтын жүректі азаматтардың мерейін ұstem етуді қаламгерлік парызы санайды. Қазақ қызына тән еркіндік бар бойында. «Темір тұлпарды» да тізгінеді. Баспасөз беттеріндегі мақаласында әкесінің аты жиі жарық көрді. Ағайын-туғанның, дос-жаран мен сыныптастың бетке ұстары. Қашан да жайнаң қағып жақсы-жайсаңың ортасында. Бірге туғандардың жоқ-жітігін жамайтын да өзі. «Жорға аттың арқасы құрғамайды» дегендей, жақсылығын ешкімге бұлдамай-ақ еңсесін тік ұстап, істі іске жалғап жүргені. Соңғы жылдары бойжеткеннің мойнына қызметтің жауапкершілігі артылып, қарлығашқа қарауға мұршасы келмеді. Қым-қуыт тірлік ағысымен тез бой жетті. Газеттің күнделікті тапсырмасы, қала берді іссапарлар... Қызметі үлкен қалада болғандықтан олар бір күнде тіршілік қайнап жатқан шаһарға қоныс аударды. Ал қарлығаштың ұясы сонда қала берді...

Бір қызығы ол өзін бойжеткен, қатарласты бозбала деген сезімге елікпеді. Бәрі құрбы-құрдас. Көніл білдіргендердің әңгімесін қалжынға айналдырып, соны жақсы аралас-құралас болудан аспай қала берді. Жалғыз жүргені өзіне білінбегенімен анасының жанына қатты батты. «Балам-ау, қашанғы ағайынның жоғын жоқтайсын, өзінді де ойласаңшы!» деген сөз көмейіне кептелсе де айтуға аузы бармайды. Жасынан шолжаң өскен қыздың көніліне кіrbің түсіріп аламын ба деумен белі бүгілген ананың тұн ұйқысы төрт бөлінеді. Қасында қарайған біреуі болса. Артында етегіне жармасқан «күшігі» болса дегенде ананың жүрекі қарс айырылады. Ақыл десе ақыл, қызмет десе қызметі бар. Енді басы екеу болсаши. Көпке істеген жақсылығың қашан алдыңдан шығар екен, балапаным?! Ана көнілі алаң.

Тағы бір көктем келді. О, тоба. үлкен шаһардың ішіндегі көп үйдің арасынан осылардың үйіне келіп, қарлығаш ұя салды. Дәл сол, айырқүйрық асылзат. Ол бізді жогалтып алған екен ғой. Ақыры іздел тауыпты. Шырылдаپ, үйді айналып ұшады. Иесін іздел жүрген шығар. Ол келеді. Тілеулесің іссапарда. Енді жарығымның жүзіне құлқі үйіріледі. Төрт құбыласы түгендерлер күн де алыс емес екен. «Қош келдің, үміт отын тұтатқан, қауіп-қатерден сақтаушы киелі құсым! Төрлетші, айналайыным!» дейді бір жақсылықтан үміттенген ана, көзіне қуаныш жасы толып.



ҚАЙТПАСТАНЫң ӨЛІМІ

Ыңғаша булықдан Қайтпас тісін ақсита айбар шеккеннен басқаға әлі келмеді. Әништейінде өзінің бір арс еткенін үркіп, дүркірей қашатын отардағы кой-ешкі бұл жолы талап тастаса да қорқатын емес. Басында бір саулықтың жамбас тұсынан тістеп, алақандай жұнін жұлып алғып еді, ол да отардан шығып қаша жөнеліп, екінші жағынан барып қосылып алды. Енді шындалап күйінейін деді. Судың жағасына жақын тұрған ала ешкінің тілерсегінен бас салғаны сол еді, ол бақырып суға қойып кетті. Біраз жер ағып барып жандармен жағаға шығып үлгерді. Бір сілкініп алды да бауырынан су сорғалап қайта отарға қосылды. Қайтпас қанша долыланса да өзінің шарасыздығын мойындағандай. Сол-ақ екен, арт жақтан атпен шауып келген иесі: «Тарт, Көксерке, тарт» дегені сол еді, Көксерке маңғаздана басып, басын кекжитіп суға күмп берді. Дурліккен бүкіл отар шұбырып, Көксеркенің соңынан судан өте берді. «Менен бәрі қорқады, бір арс етсем жым болады» деп жүретін Қайтпас өзінің шарасыздығына күйінді.

Енді біраз жер жүрсе иесінің досының ауылынан өтеді. Өтеді, дейді-ау. Онда да бір қорлық күтіп тұр. Оның Қызылбет досы қойшыға ашы суды беріп-беріп, бір қойын жалмап тынады. Бұл жолы қайсысының ажалы екен? Ауылға жақындастымен отарын іріп, «Қайтпас, сен осында қал» деп зекіген қойшы қанжығадағы қара тоны жалбандап, ауылға қарай шаба жөнелді. Көп ұзамай қара биені мінген Қызылбеттің баласы да жетті-ау. Қайтпастың есіл-дерті иесі кеткен үйге бару. Онда байлаудан өмірі бір шешілмейтін, ит болып көшеге шығып көрмеген, байлауда тұрып әбден қабаған болып кеткен Майлышаяқ бар. Қанша қабаған, ызақор болса да Қайтпас барғанда екі құлағы тікірейіп, көзі жайнап, бұлғандап қарсы алады. Иесі үйден шықканша екеуі өзара тіл табысады.

Бүгін де Қайтпас пен Майлышаяқ бір-бірін ұтысып, біраз сырласқандай болды. Кеш бата иесінің досы Қызылбет отардан бір қойды өңгеріп келді. Қайсысы екен деп бұрылған Қайтпас Момақанды көріп, иесіне ызаланды. Бұл адамдар қызық деп ойлады ол. Дос пен қасты ажырата алмайды. Қызылбеттен жамандықтан, арамдықтан басқа ештеңе келмейді бұған. Сонда да оны көрсө дүниенің бәрін ұмытады. Мына Момақан туда салып жетім қалған. Содан қойшының

кіші баласы сүт беріп асыраған. Қойшының баласы бұны өлердей жақсы көреді. Ол жылайтын болды. Ақымақ!

Анау күні Қызылбетпен бірге кеткен қойшы бірнеше күн жоғалып, бұл әбден зорыққан. Серке отарды бастап тау-тасқа өрмелеп кетіп, қойшының әйелі сасқанынан жабыны ерттеп мініп, ол тасырқап тауға шыға алмай қалып, бар киындық өзіне түскен. Бірнеше күн өткен соң түн ішінде сай жақтан әндеп келе жатқан иесінің даусына құлақ түре жүгірген ит қара биенің төсіне, тоқымға секіріп қуанған. Мұның атын атап мінгірлеген иесі жерден іліп алып, бетінен сүйген. Сондағы иттің куанышын-ай! Бұл да арсаланқап, иесінің бетін жалай берген.

Түске таман иесі Қызылбетпен, ал бұл Майлайаяқпен қимай қоштасып, қыстакқа қарай бет алды. Қойшы екі жағына тенселіп әрен келеді. Әлсін-әлсін қоржындағы торсыққа қол жүгіртіп, басын шалқайта сіміріп қояды. Жерде сүйретіліп келе жаткан тізгін қара биенің аяғына қайта-қайта басылып, жануарды әбден қинады. Ауыздығы салынбаған жүген де аттың басында бос келеді. Ауа-райы бұзылып тұр. Таңертенен күннің көзін бұлт торлап алған. Ауылдан біраз ұзағаннан кейін жолда кездескен жалғыз ағаштың қасына барған қойшы жерге тұсті де, қанжығадағы қара тонды шешіп, жерге тастады даустіне құлай кетті. Мастық пен үйқы қойшыны тез жеңіп, қатты үйықтаған кездегі әдетімен, қорылға басты. Отар әзірге жусап жатыр. Кенет күн күркіреп, найзағай шатыр-шұтыр ете қалды да нөсер басталды. Қара бұлт аспанды торлап, дала кеш түскендегідей күйге енді. Нөсер бұрынғыдан да үдей тұсті. Бұл қыңыслап иесін тырмалай бастады. Көксеркенің сонынан ілескен отар ықтасын іздел шұбырып барады. Қайда жүгірерін білмеген ит малды Көксеркеге тапсырғандай, иесін оятуға құш салды. Енді ол амалы таусылып, ұлуға көшті. Қасынан шыққан ацы дауыстан шошып оянған қойшы не болғанын енді білгендей атына міне салып, шаба жөнелген.

Иесінс біраз жерге дейін еріп барған Қайтпас талдың астында қалып бара жатқан қара тонға қарайлап қайта қайтқан. Бұл болмаса иесі қара тонды қайта таба алмай қалуы мүмкін.

Отардың ізімен шауып отырған қойшы жар астында ықтап тұрған малды тез тапты. Өзі де отардың бір шетін ықтады.

Күн ашылған соң сай жағалап малды аман-есен жолға шығарды. Сонда барып Қайтпас пен қара тонын есіне алған. Бірақ бұл кезде

күн кешкіріп кеткен. Оның ұстіне тон мен иттің кайда қалғанын есіне түсіре алмады.

Иесін күткен ит сол жерде қыстап қалды. Тұн болса жортуылға шығып тамақ асырайды. Ешкімге көрінбей барып Майлышаяқтың қалған-құтқан тамағына ортақтасады. Елсіз-жұртсыз далада ұлып жалғыз қалды деген осы екен. Қыс бойы көрмеген азабы жоқ. Қектемге сүйретіліп әрең жетті. Жұні сабалақ-сабалақ. Арықтықтан тулемей қалған. Терісі кабырғасына жабысып тұр. Әлі әбден құрыған. Ендігі арманы иесін, отарды бір көру. Осы маңнан бірнеше көш те өтті. Бұның иесі әлі жоқ. Кенет алыстан шұбырған мал көрінді. Иә, дәл солар. Анау келе жатқан иесінің сүзеген сиыры. Қойды жарып тастамасын деп мүйізіне добалдай қылыш шүберек байладап тастайды. Быыл да сүйтіпті. Қексерке де кекжиіп алдында келеді. Иесінің қара биесін де дәл таныды. Быыл бәрі қонды көрінеді. Ит иесін көргенде қыңсылап қоя берді. Екі көзінен жас парлады. Ал ол мұны тіпті де ұмытып кеткендей. Қасына басқа бір төбет ертіп алышты. Қаннен-қаперсіз келе жатыр. Отардағы қой-ешкінің де жағдайы жақсы. Мына түрімді ешқайсысына көрсетпей-ақ қойсам болар деп ойлады ол.

Кей кездері сес көрсеткісі келгенде өз бетімен жайылып жүрген малға жөнсіз үріп, тіпті иіріп тастайтын да кезі болатын. Енді ғой, дәурені өтіп, ешкімге қарай да алмай қалды. Ит өмір-ай десеңші! Ұлып тағдырына шағына бастады. Иесі болса мұның дауысын танымады да. Арса-арсасы шыққан арық итке тандана бір қарады да қойды.

Кеудесін ыза мен өкініш кернеген Қайтпас басқа жаққа, асфальт жолға қарай зыта жөнелді. ҮІзланғанда жігерленіп кете ме, әлі жүгіріп келеді, әлі жүгіріп келеді. Иесі жаққа қайта қарағысы да келмеді.

Ол осылайша әл-дәрмені құрығанша жүгірді. Кеш бата тілі салақтап, аяғын әрең басатын халге жетті. Осымен ит өмірмен қоштасқысы келгендей. Итке өлудің өзі де қыын екен. Әншайінде ағылып жататын машина да жоқ. Солардың бірінің астына түсе салғысы келеді. Қайтпас соңғы рет қызық дәурені өткен малишы ауылы қоныстайтын тауға бір қарады да, асфальт жолдың астындағы таудың тастай сүы ағып жататын қаранды көпірге кіріп жоқ болды.

ҚАРА ҚЫЗ

– Ағай, жиналысқа бара жатырсыз ба?

– Иә.

– Ағай, кешке дос қызымның тұған күніне баруым керек еді. Көшеге шығуға қол тимей жатыр. Орталықтагы сауда үйінен «Шанель» деген иіс су сатып ала салыңызшы. Ана жолы жұмысқа келмей қалғаныңызды бастыққа білдірмел едім ғой... Өз қаражатынызға ала салыңыз, содан соң бір берермін.

– Жарайды, – деді Әуес. Ол қыздың қадалған жерден қан алмай қоймайтын мінезіне бұрыннан қанық болғандықтан.

Әкелмеймін десең ренжіп, біраз сөкет сөзді жаудырып тастаудан тайынбайды.

Менің жалпақшешейлігімді біліп алған. Көніл қалдыра алмайтын мінезімнен әркімге қолжаулық боламын да жүремін. Әйтпесе, мен білдей бір бөлім бастығымын, ал ол – бар-жоғы хатшы. «Ағай, көлігіңізben анда барып келе қояйын, ағай, ренжімесеңіз тефальді тоққа қоса салыңызшы» деп кабинетке кіре қалсаң кенедей жабысып отырғаны. Хатшы емес, бастық дерсің. Біздің мекемеде тәртіп қалмаған. Кейде: «Ағай, бері келіп кетіңізші, мынаны түсіндіріп жіберіңізші», – деп қолды-аяқты бала құсатып шакырып алғынын қайтерсің. Жарайды, құрысын таң атпай жүйкемді жүқартта бермейін. Жолай ала салармын, көніл қалдыра алмайтын мінезіне іштей налыса да табиғаты оны осы қасиетінен айныта алмайтынын іштей сезеді де.

Хатшы қыз айтқан дүкенге кіріп, оң жақтағы иіс су бөлімін тез тапты. Бөлімде екі қыз әнгіме соғып отыр. Бұған көніл де аудармайды.

– Сәлеметсіздер ме, – деп сыйылды ол сәл ынғайсызданып.

Тәспелтек қара қыз ұшып тұрды.

– Маған «Шанель» деген иіс су керек еді.

– Ондай бізде жоқ. Жүріңіз, ана жақтағы бөлімде болуы тиіс, тауып берейін – деп, бойжеткен жол бастады.

Орыс келіншек иіс судың бітіп қалғанын, құдды бір сол иіс суға дүние қарап тұргандай өте қажет болса жарты сағаттан кейін осы бөлімге алғызатынын айтып сыйздады.

– Алады, – деді, ертіп келген пысық қыз. – Сіз маған телефон нөмеріңізді тастаңыз. Мен иіс су келсімен сізге хабарласамын.

— Жарайды, — деп айтудын айтқанымен, ызасы келді. Басқа жұмысым жоқтай... Бір күнім осы ііс су іздеумен өтетін болды. Не болса соны сыйлық санап. Маңызды шаруа болса бір сәрі. Ой, осы қыз-келіншектерді-ай! Енді ерек басыммен жоқ екен деп барғаным ұят болар. Басында-ақ дүкен аралауга уақытым жоқ деп жалтаруым керек еді. Келісіп қойған соң апармасам болмайды. Жоқ, деп айта алмайтын мінезіңен өмір бойы өстіп салпақтап жүрерсін, — деп өзін-өзі біраз сөккен Әуес үлкен басшы өткізген жиыннан көп міндеттеме алып, шопырына тапсырмасын беріп, тұс аяу кабинетіне аттанып кетті. Алда атқарылар жұмыстарын сарапал келе жатқан ойын телефонның сыңғыры болді. Бөтен нөмір. Ар жағындағы қыз ііс судың келгенін, сатушының кетіп қалатынын айтып, тез жетуін өтініп тұр.

Қара қыз ііс суды өзінің бөліміне әкеліп қойыпты. Сергелденге салған сыйлықтың түрін көргенде Әуес тілті ызадан булықты. Шіркіннің көлемі сіріңкенің қорабынан да кішкентай.

Бағасы... мұның машинасының қосалқы бөлшегінен де қымбат. Бәсе, әлгі хатшы қыз да жөн-шөмге жақсылық жасай қоймаушы еді. Мыналар да неменеге сонша зыр жүгіріп кетті десем. Бәрінің мақсаты менің қалтамды қағу екен ғой.

Ақшасын тездетіп төлең, кетуге ыңғайланғанда қара қыз ту сыртынан тағы тақылдады.

— Ағай, жаңағы менің нөмірім, жазып қойыңыз. Егер сыйлық іздей қалсаныз хабарласа салыңыз. Тауып береміз, — дейді пысықай бойжеткен құдды бір тегін жәрдемдесетіндей мәрттікпен.

Қыз туралы ойлады. Бойы бір тұтам. Аяғы кисық па қалай? Осындаларды да жігіт алады-ау. Есіл-дерпті тауарын өткізіп, тының тұсіру. Қыз сияқты қылышы жоқ. Ойланып-толғануға да мұрша бермейді. «Найзағайға наң пісіріп алатын пысық» деген осылар болар. Саудагер болу деген де онай шаруа емес. Мен болсам алушылардың көңіліне қараймын деп белшемнен қарызға батып отырар едім...

Күндердің күнінде сыныптас жолдасы телефон шалып, бүтін қалыңдығының туған күні екенін ескертті.

— Ол дос қыздарымен болады. Мен жалғыз барғым келмей тұр. Сен де жүр. Ол «Шанель» деген ііс суды жақсы көреді. Мүмкіндігін болса соны ала сал, — деп, әлгі бір күн жүйкесіне салмақ тұсірген ііс суды ала келуді өтініп тұр. Дос көңілі қымбат. Оның үстіне бала кезден тай-

құлындаған табісіп өскен. О, сұмдық, – деп ойлады Өуес. Тағы сол қара қыздың алдына баратын болдым. «Ат баспаймын деген жерін үш рет басады» деген осы-ау.

Қара қыз көнілді. Бұрынғы танысындағы жылыұшырай амандасты. Эндегі қояды. Бұл саудасын жасап, тез шығып кетті.

Дәмхана ішінде сазды әуен қалықтайды. Тұған күнге біраз адам жиналыпты. Бойжеткендер күлкісі еріксіз төр жаққа назар аудартты. Сол қара қыз. Бұған ол да күлімдей қарал, бас изеді. Көйлегі өзіне сондай жарасып тұр. Дүкендегі қара қыз мында тіптен өзгеше. Қыздар қырық құбылады екен-ау. Досының қалындығының жақын құрбысы екен. Мәссаған!

Кездейсоқтық па, әлде тағдыр ма? Кештегі жалғыз танысы қара қыз болғандықтан биге де соны шақырды. Екінші биде ол келді. Екеуі бір-бірінің келетінін жан дүниелерімен сезіп тұрды.

Талай қызды сүйдім-қүйдім деді ғой. Бірақ жүргегін дәл қара қыздай ешқайсысы жауламапты. Онсыз той-думанға да зауқы соқпайтын болды. Қайда барса да тағаты таусылып, соған жетуге асығып тұрғаны. Барса, керсе, қасында болса төрт құбыласы сай, көнілі жай. Кейде содан бір хабар болар ма екен деп телефонға телміріп таң атырады, кеш батырады.

Көз алдына түп-тұнық әйнек сөрелері мен онда самсал тұрған түрлі құтылардағы мәлдіреген иіс су. Соның арасында қара қыздың сүйкімді бейнесі құлімсіреп, елестейді де тұрады.

Бөлім бастығы жас жігіт қартайған шағын елестетіп отыр. Ауылдағы қара шаңыраққа ие болыпты. Үйдің бұрышындағы көленкеде шүйкедей қара кемпір жұн сабап отыр. Есіктің алдында тәй-тәй басқан немерелер бірі құлап, бірі жылап ойнап жүр. Бұл қара кемпірдің кезекті әмірін орындауға дайын екенін білдіріп, жұн сабап жатқан оған жалтақ-жалтақ қарайды. Өзі де, қара кемпір де бірге өткізген өмірлеріне іштей разы сияқты.

«ҚАРАТОРҒАЙДЫҢ» ТАҒДЫРЫ

Тұяқ үнін қалайша елемейін,
Кеудем толып кеткендей телегей – үн
«Қараторғай қайда?» деп іздей қалса,
Сай болайын тартулы жебедейін.

Куат Қайранбаев.

Қараторғай тауды бетке алды шауып келеді. Багыты – той өтетін Мұзбұлактың баурайы. Жалғыз өзі. Жарысып келе жатқан бақталасы болмаса да, өзгелерден шаң қауып қалмауым керек деген түйсіктің жетегінде өршелене шабады. Мандайының соры болған сол күнгідей алға ұмтылады. Ол шабыс пен бұл шабыстың мақсаты – екі бөлек. Онда бәйгенің алдын бермеймін, құрмет-қошемет мағанғана арналуы керек деп өрекпіген. Ал бұл жолғы арманы – жайлауға аман-есен жету. Құлағанша шабу. Өзекті жанға – бір өлім. Қи сасыған қорада арам қатқанша, дүбірлі дәурені өткен тау самалымен соңғы рет тыныстау. Енді мұны ешкім іздемес. Наласы мен назасын ұғар жан қалмаған. Үмітінің үзілген шағы да осы шығар.

«Қараторғай қайда?» деп іздей қалса, сай болайын тартулы жебедейін» деп, жыл сайын той болатын мезгіл таянғанда қорадан қашып шығып, өзін-өзі жаратты да, ешкім іздемеді. Құлағын тігіп, иесін күтті... Tіci ақсия күліп: «қасиеттім» деп, бір келердей күнде елендеді. Аттың иесі құсалықтан кетті. Қараторғайдың басынан бағы тайғанын білсімен, төсек тартып жатып қалды. Жарықтық, сол жатқаннан қайта тұрмады. Текті жануар есік ашылып-жабылған сайын құлағын тіктеп, таныс бейнені іздеді. Қолпаштаушы жүрттың көзден гайып болғанына көнгенімен, тіршілікте жаны бірге болып көрінген иесінің келмей кеткенін түсінбеді. «Мені жабыларға қосақтап қойғаны несі?» деп құсаланды.

Жанарының алды тұманданған сәйгүлік тілерсегінің дірілін сезе бастады. Кезіндегідей шабытына шабыт қосып, «пай-пайлаған» көп халықтың даусы естілмейді. Көптің қолдауы делебені қоздырған сайын, мәреге қарай «ұшушы» еді. «Қайда әлгі суретшілер, Қараторғай келе жатыр деп тұяқтың астында жаншылып қала жаздал ентелейтін?!

Ием қайда ай бұрын жарататын? Жүгіртетін, таң асырып, одан кейін дәл солай сұytатын. Сонында, арам терімді алып барып, отқа қоятын. Шопан тойдың алдында оқтаудай тартылып шыға келуші едім».

Таудың желі мандайын өбіп, кекілі желмен қақ жарылып, бәйгеге шапқан кезіндегідей еліртеді. Жалы өзімен жарысып келе жатқандай жептілдейді. Пай-пай дәурен-ай! Тұлпар жаны бір дубірді сезеді. Осы мезгіл, осы күні сәйгүліктер сөреде жиналатын. Қараторғайдың иесі тұлпарын әдейі кешіктіріп апаратын. Ел көріп, қызықсын деген мактанашибен. Сыншылардың барлығы жүйріктің маңына үймелеп, атбегілер таңдай қағысатын. Көптің пейілі өзіне ауған сайын жібек кілем жамылған Қараторғай тұяғын тарпи басып, бұрынғыдан да панданатын. Омыртқасы шығыңқы, кеуде жағы кең, жуан сінірді, тұяғы төңкерілген кеседей, шоқтығы томардай кескін-келбеті мен кең тыныстауының өзі тумысынан ат құлағында ойнаған қазақтың көзін қызықтыратын.

Сонғы жарыс, соңғы айналым... Тобықтың түбі... Жаны шырқырап кетті... Сөре. Жетуім керек. Жетті. Жер айналып бара жатқандай. Соңғы айналым аяқталғанда жақсы ат аяқтан қалды. Қасірет-ай, десенші!

Қараторғай қан сорпаға түсіп, әлі шауып келеді. Аламан бәйгеге шабатын қашықтықтың бірнешеуін артқа тастаса да жылдамдықты азайтар емес. Тауға, Қапал тауына қарай өршелене шабады. Өкпесінің шыдамасын білсе де, шабысын азайтар емес. Өзекті жанға бір өлім. Көзден аққан жастан ба алыстан мұнарлаған Баянжүрек тауы көз алдында шыр айналады. Жануар жүтегенсіз, ер-тоқымсыз. Айылын тартып, шабандозды мінгізіп: «шу жануар» дейтін иесі болсаши-ай! Жапанда жалғыз кісінейді. Иесі барда еркелеп осқырынғаны болмаса, жан даусымен кісінеп көрмепті. Әлде ауырмайды, әлде ет қызуымен білінбейді, әйтеуір аяғының шашығаны да жанына батпайды. «Ешкім, ешуақытта көрмеген жылдамдықпен шауып келе жатырмын. Қайда, мені қолпаштайтын жұрт қайда кеткен? Сәйгүліктер салтанат күрган жайлау қайда? Менің тенім – ескі қорадағы жабылар ма еді?»

Көз алдына бесті кезі келді. Иесі мұның тұлпар боларын құлышағынан таныды. Еркіне жіберді. Мойнынан сипап өзіне бойын үйреткені болмаса желкесін қимасын деп ноқта да салмады. Мінезі шәлкем-шалыс болып кетпесін деген оймен еркелетіп, баладай

мәнеледі. Қылқұйрықты жануар да өте сезімтал, иесінің қас-қабағын бағады. Тайпалып, жетекке де бірден жүріп кетті. Жануарды Ешкіөлмес өзенінен ғана суарды. Иесі мұның судың тұнығын қуалай, ағысты өрлей ішетін әдетінен тұлпарға ғана тән тектілікті байқап, сүйсінетін. Малдың тұяғы баспаған жерге жаятын. Қараторғай онда да ерекшеленіп, шөптің жақсысын, көк құрақты ғана қарбытып жетін. Бұл мінезінен де асыл тектілік байқалады.

Көк шыға баптауды бастайды. Алдымен 15-20 шақырымға жүгіртеді. Содан кейін үш-төрт күн арам терін алыш, сонынан таң атырады. Осылайша тынысын ашып, сіңірін бекітіп, тұла-бойды ауырлатқан ащы терді шығарады. Қызылмай, қанжілік болып қалмас үшін біргіндеп барып арытады. «Көз тиеді» деп жеке қорада ұстайды. «Құйсіз сәйгүлік сорлайды» дегенді ұстанатын.

Жілік майы таусылып, болдырып қалмасын деген оймен бәйгеге жиі қоспайды. Ал жылына бір рет маусым айында Мұзбұлақта өтетін шопандар тойынан қалдырып көрген жоқ. Онда республиканың тұпкір-тұпкірінен торы, құла, күрең, ақбоз түсті тайпалған сәйгүліктер жиналатын. Қараторғайдың келетінін естіген жұрт қанша баптаса да бас бәйгеден қудерлерін үзе беретін.

Тұс аяқ Қараторғай жанұшыра шапқан қалпы сәйгүліктерді бәйгеге апара жатқан керуениң шетіне ілікті. Алдымен оны қызылағаштық Асқар қарт байқады. Құлын кезінен көз алдында өсті емес пе?! Жануар көзіне оттай басылды. Бірі – адамның, екіншісі – сәйгүліктің серісі болып талай қызықта, қайта оралмас шақта бірге болған.

– АナンЫ қарандар, Қараторғай! Қария көз жасына ис бола алмай кемсендей берді.

– Мүмкін емес, жайдақ қой...

– Иесіз келіпті...

– Үстінде шабандоз да жоқ...

– Аяғының ақсағаны байқалмайды. Өзін-өзі жаратады деуші еді, жазылған ғой, жануар.

– Ұстандар!

– Жоқ, ұстамандар!

Асқар қарт: – Менің атымның жабуын соған жабындар! Ана шабандоз баланың тақымы мықты, Қараторғайға соны мінгізіндер! Бәйгеге әлі екі күн бар, сұтындар! Жануар-ай! Шапсыншы, арманынан бір шығып...

ҚЫЗЫЛ СИЫР

Тоқсаныншы жылдардың соны. Қыншылық әлі қыспаққа алып тұрған кезең. Мен бір жасар қызыммен бала күту демалысында мын. Жолдасым жұмыссыз. Күнкөрісіміз қын. Үйде бетіне қарап отырған жалғыз сиыр бар. Қызым туғанда мемлекеттен берілген декреттік ақшаға соны сатып алғанбыз. Әпкем байғұс осы сиыр сені асырайды, ақшана не болса соны алғанша, бір сауын сиыр сатып ал деп қояр да қоймай алғызған. Семей жақтан көшіп келген көрші сол сиырға 17 мың теңге сұрады. Барымыз сол еді, сатып алдық. Жаңа туған бұзауына тағы екі мың сұрап еді, ондай ақшамыз болмай, енесін ғана алдық. Әпкем жол бойы, сиырды үйге жеткізгенше, қайтсек те бұзауын алуымыз керектігін күңкілдеп айтып келді. Бұзауы болмаса енесі тез суалып кетеді. Ірі қара негізі балажан болады. Бұзауы үйде тұрса, енесі табыннан үйге тез қайтады деп, кейін бір қайтарасындар деп қарыз беріп, кішкентай қызыл қасқа бұзауды да әкеліп алдық.

Бұрын-соңды қорамызға мал бітіп көрмеген біз мәзбіз. Күніне неше мәрте қора жаққа барып, айналып-толғанып келеміз. Өзімізді бір бай отбасы сезініп қалдық. Таң атпастан шелегімді көтеріп барып, сауып әкелем. Бағыма қарай момын болды. Шелегіме үңілген жолдасым, бар сүтін сауып алышың, бұзау не емеді, көтерем болып қалатын болды – деп кеиді. «Ана жолы базарға барғанда бойы өспей қалған, жүні үрпіш тұрған бұзауларды көрдің ғой. Солар уызға, сүтке жарымаған. Олар енді ешуақытта көтерілмейді. Ондай малды сата да алмайсың, өсіп те қарық қылмайды» деп, мал дәрігері екенінен хабар беріп қояды. Бір кезде түкірігі жерге тұспей тұрған мал мамандарының да қадірі қашқан кез. Нарық қыспаққа алғанда бар мал Қытайдың арзан аяқ киіміне, қалғаны жемір басшылардың жеке меншігіне, одан асқаны ұрылардың қанжығасында кетті емес пе. Сол мал дәрігері болған кезін еске алып, бұл да күпінеді.

Ендігі жұмысы қыста есік алдының қарын күреу, жаз болса бақша салып, соны балтау. Мал дәрігері екенін білетін кейбір көрші сиыры бұзаурай алмай жатса, малының іші кепсе, ірі қарасы буаз ба, қысыр ма немесе сатсақ қанша салмақ береді деген сауалмен келеді. Кім өз мамандығының қызығын көргісі келмейді дейсіз. Солардың ақыл-

кеңес сұрағанына кәдімгідей қуанып қайтады. Соны күні бойы әңгіме арқауына айналдырып, дұрыс кеңес бергенін айтып, өзін-өзі мақтаумен болады.

Қойшы, сонымен қызыл сиыр келgelі балалардың аузы аққа тиіп, немересі бар көршіге де сүт тасып, еңсеміз көтеріліп қалды. Ауылда жұмыс болмағандықтан елдің еркектері Алматыға, Астанаға, керек десең Атырауға жұмысқа аттанып жатты. Мен де қиғылықты сала бастадым. «Ана Мұхтар мен Талғат сияқты құрылыш бригадасымен кетсеңші жұмыс істеуге» деймін. Оның жауабы біреу-ақ: «Қызыл сиырды қалай бағасың?». Шынымен де қалай бағамын? Бұл болса ауылдың сыртындағы сиыр фермасынан күнде кешке бір шана шөп алып келеді. Мен олай істей алмаймын. Сөзден тосылып қаламын да, ары қарай үндемеймін. Бір-екі күннен кейін әлгі Мұхтар мен Талғаттың жырын қайта бастаймын. Тағы сол жауап. Көктем шыға ашуға булығып, қызыл сиырды сатуға бекіндім. Ол: «Сатпайсың», – дейді. Мен: «Сатамын», – деймін. «Малдың басы, сатпаймыз. Өзінің асқазаның ауырады, оны сатқан соң күнің не болады?». Базарға апарайын десем, ешкім жетектесіп бармайды. Бір үйлі жанды, қала берді ағайын-туысты қарық қылып отырған қызыл сиырды сатып жіберуге ешкімнің батылы бармайды. Менің де ашуланатын жөнім бар. Бұл сиыр тұрғанда Жәкеңнің жұмысқа шығатын түрі жоқ. Бірақ, әйтеуір аш емеспіз. Бірі келіп, бірі кетіп жатады ағайынның. Бәріне тамақ жасаймын. Таңертең күйеуі жұмысқа кеткендеге қашасын жауып алып, кешкісін ол жұмыстан келгенде ғана есігін ашатын Нина көршім маған танғалады. Күніне жұз туысың келеді, «чем ты их кормишь» деп. Білмеймін, әйтеуір да старқан жиналмайды.

Сонымен қызыл сиырды сатпасам болмайды деп шештім. Мал саудасы демалыс күні қызады. Апарамын деген күні тұнімен ұйықтаған жоқпын. Таңертең ертемен шешемнің үйіне бардым. Үлкен жеңгем, адамның көнілі қалмасын дейтін жақсы кісі. Сиыр сату туралы әңгіменің шеті бұл жаққа да жеткен сияқты. Жеңгем менің екі көзім жасаурап, булығып тұрған кейпімді көріп, бірден келісті. Алған бетімнен қайтпайтын мінезімді білетін бауырым ештеңе демеді. Жеңгем бір жасқа толмаған емшектегі баласын шешеме таstadtы да, қызыл сиырды жетектеп, екеуміз базарға тарттық. Базарға дейін сегіз шақырым. Ол сиырды жетектеп алды. Мен бұзауын сиырдың

құйрығына байлаап, соңынан еріп отырдым. Елдің осылай істейтінін көретінмін. Байламасаң бұзау жолға шығып кетіп, көлік қағып кетуі мүмкін. Базарға кіргеніміз сол еді бәрі бірден бізді қаумалап алды. Мал сатып тұрғандар, алушылар, базардың нарқын білуге барғандар түгел біздің жанымызға жиналды. «Өтеді» деп ойладым мен. Осынша халық босқа жиналған жоқ, біреуі болмаса біреуі алады деп ойлаймын, үміттеніп.

– Мынау қызыл қасқа біз жақтың сиыры емес, қайдан келген?

– Ой, бұл сүтті аз береді, бірақ қою, – дейді тағы біреу.

– Шіркін, соғымға сойса, еті тіл үйіреді, – деп тамсанады ақсақал.

Сөйтіп шуылдастып тұрғанда бір орыс келді де: «Неше рет бұзаулаған сиыр?» деп сұрақ қоймасы бар ма. Женгеме бұрылдым. Көзі бақырайып, маған мағынасыз қарады. Яғни, орысша не деп жауап берерін білмейді деген сөз. Сатып алғанда иесі айтқан, бірінші тума деп. Семейден көпіл келе салсымен бір айдан кейін туған екен. Бірден аудардым. «Первородка». Орысқа жалт қарадым да «первородка» дедім. Әлгі жиналып тұрған жұрт қыран-топан күлді. Мен де, женгем де қазаки ауылда өскенбіз. Мұндай сөзді мұлде қолданбаптыз. Содан бір қандас бауырым жақындал келіп: «Қарындас, сиырды «первотелка» дейді. «Первородка» деп әйел адамды айтады» – демесі бар ма. «Онда туған не бар» деп ойлаймын. Әйтеуір түсінді ғой, сиырдың неше рет бұзаулағанын. Жоқ жерден ақылды бола қалғандарын. Кеуде дегенді қойсанышы. Ыңғайсыз жағдайға тап болып тұрсам да елді кінәлаймын. Сол күні сиырым өтпеді. Бәрі қызыл сиырдың Семейден мұнда қалай келгенін білгеннен соң тарқап кетті. Женгем екеуміз келген жолмен қайта қайттық. Үйге жеткен соң екі күн өкшемді баса алмай қалдым. Екінші рет мал сатам деп айтпайтын болдым. Жарықтық қызыл сиырдың өтпегені жақсы болды. Өсімтал екен. Жылда бұзаулайды. Көп ұзамай жолдастым фермаға мал дәрігері болып орналасты. Енді жем-шөп өзі келеді. Малымыз көбейіп, кораға сыймай: «Сиырларды неге дұрыс саумагансың? Бұзаулардың іші өтіпті» деген реніш айтылатын болды.


Күндердің күнінде жаңа үй алатын болып, малдың бәрін саттық. Тек қызыл сиыр өтпейді. Бір жаз демалыс сайын базарға сүйреді. Мүйізі қарағайдай болып кешке жақын үйге қайтып келеді. Сүйкімі құри бастады. «Туу, тағы өтпепті ғой» деп теріс айналатын болдым.

«Өтпейді қарасан келгір» деді ол. «Бағасын қымбат сұрап тұрып алған шығарсың» деп ренжісетін болдық. Енем келді бір күні.

— Жаз бойы қызыл сиырды сатамын деп, балам зорығып кетті. Әнекүні базардан келе жатып мұрны қанапты, — деп маған ренішін білдірді. Қайтсін, бір отбасының отағасы болғанымен ол кісіге бала. Баланың қиналғаны қашан да анаға қатты батады ғой.

Жаз аяқталып, алатын үйдің соңғы ақшасы жетпей тұрғанда қызыл сиыр дәл орны толмай тұрған 60 мың теңгеге өтті де кетті. Бір қария жат та келіп жабысып, бағасын түсіріп алып кетіпті. Сатылды дегенде ішім ашып қалды. Малға да бауыр басып қалады екен адам.

Шағын ғана үй. Жаңа құрылған шаңырақ. Қызыл сиыр. Сол кездегі менің отбасылық әлемім. Ол күндерді ойласам ішім уылжып кетеді.



ПЕРЗЕНТХАНАДА АЛМАСҚАН ҚОС СӘБИ

Көлік нөмірін алу үшін мемлекеттік автомобиль инспекциясына барған едім. Нөмір берушілер істі созбақтатып жіберді. Кей мекемеге барғанда жұмыс жүйесінің ретсіздігіне қарап ішің ашиды. Терезенің арғы жағында отырған жас маман дүниенің кілті қолында тұрғандай кергиді-ау. Мұндайда қазекендер шыдамдылық танытып, сабыр сақтауға тырысамыз. Ал бізді 70 жыл бойы өз өмір салтына бейімдеп келген ұлттың өкілдері бірден занға сүйеніп, кінәліге өктемдік таныта бастайды. Уақыттарының санаулы екенін де айтатын солар. Біз сол күніміз тек күтүге арналғандай ұн демей отыра береміз. Ары кетсе кіріп-шығып, сағатымызға қарап, өз жүйкемізді өзіміз тоздырып жүргеніміз мылқау адамға ұксап.

Менің дегбірсізденгенімді сезген қасымда отырған келіншек күйеуінің өзіне қызылаша алқабына жұмысшыларды тасу үшін көлік әпергенін, енді соның құжатын жасау үшін табанынан таусылып жүргенін ренішпен жеткізді. Бір көрген адамға жағдайды басынан аяғына дейін мәлімдеп бергеніне қарағанда ашық-жарқын адам сияқты.

– Күйеуіңіз қайсы? – деймін әңгімені өрбіткім келіп.
– Эне, – деді өні басқа азаматты нұсқап.
– Анау ма? Орыс екен ғой? – деймін таңданып. Әңгімешіл келіншек жұлып алғандай:

– Жоқ, ол шешен, – демесі бар ма, сөзінің соңында сыр сақтап. Замандастымыңың езуіндегі қуақы күлкіні көріп, көнілінде бір жұмбак жатқанын байқадым. Енді әлгі нөмір берушілер пысықсып, компьютер жүйесінің іске қосылғанын айтып, жұмыстарын бастап кетпесе екен деп тіледім іштей.

– Түсінбедім, – деймін көзім шарасынан шыға таңданып.
– Менің күйеуім ауылшаруашылық институтын аяқтайтын жылы бір ауылға өндірістік тәжірибеден өтуге барышты. Сол жерде істейтін бойжеткен мұны көріп, сілейіп тұрып қалған көрінеді. Жолдастымыңың айтуынша, оның да ана қызды көргенде бүйрекі бұлк еткендей болыпты. Бірнеше күннен кейін жаңағы бойжеткен Азаматтан қай жылы, қай перзентханада туғанын сұрапты. Бұл өзінің дүние есігін қай ауруханада ашқанын айтады. Ертеңінде бір орыс апа көз жасы көл болып келіпті.

Сөйтсе оның да «баласы» дәл сол күні, сол перзентханада тұған екен, – деді қандас келіншек қызықты оқиғаның қалай басталғанын баяндап.

Орыс аpanың қызы Азаматты көрген күні үйіне барып: «Шеше, бүгін бізге бір жігіт жұмысқа келді. Сенесіз бе, түрі бізден аумайды, сойып қалтап қойған Әли ағам», – дейді. Содан отыз жыл бойы көңілінде күдік жүрген ана сезігінің шындыққа айналғанына көзі жеткендей болады. Жаңа тұған шақалактарды перзентханадағылар алмастырып алған сынайлыш.

Қос ұл дүниеге келгенде екі отбасы да аңтарылып қалады. Әсіресе шешен жігіт өзінің қараторы, әйелінің шикі-сары екенін айтып, ашаң жүзді ұлдың қалай жаралғанына күйініп, келіншегін кінәлайды. Ерлі-зайыптылар талай жыл ренжісіп жүріпті. Кейіннен дүниеге басқа балалар келіп, ұрыс-керіс азайған көрінеді.

Ал, Азамат тағдыр жазып қазақ ата-анаға ие болған. Олар да сары ұлды анаған тартқан, мынаған ұқсаған деп көніл жұбатқан екен.

– Кейін не болды? – деймін ұлдар мен ата-аналардың төбеден түскендей болған жаңалықты қалай қабылдағаны жайлыш білгім келіп.

– Бүгінде екі отбасы араласамыз. Бірақ жігіттер асыраған отбасыларында қалды. Аналары солай шешті. «Тәрбиеленген отбасыға бауыр басып кетті. Сонда жүре берсін. Ұлдардың жанын жараламайық. Екіжақты болып, көңілдері алаңдамасын», – денті. Балаларды перзентханада дәрігерлер байқаусызда ауыстырып алған болып түр ғой. Бірақ, бұл жайды олар қайта қозғамапты. Болар іс болды. Бәрі анық, енді даурыққаннан не пайда деген болу керек.

Ана жүрегі тағы баласының жайын, соның көнілінің мұңаймауын, жайлыш өмір сүруін ойлады. Екі шеше қоштасарда құшқақтасып, ұзак жылапты. Бір-біріне қайта-қайта алғыс білдіріпті.

Біздің әңгімеміз аяқталғанын сезгендей полицейлер сол сәт жұмысын бастап кетті. Бейтаныс кейіпкерімнің күйеуі де келіншегіне бүйира сөйлеп, қасымнан алып кетті. Қанша дегенмен шешенінің қаны бар емес пе, әйелінің басқамен ұзак әңгімелескенін жақтырынқырамады. Қазақ келіншек кетіп бара жатып, есімінің Ләzzат екенін, Текеліде тұратынын айтып, қонаққа шақырып үлгерді. Мен әңгіменің әсерінен арыла алмай, сен соққан балықтай ұзак отырдым. Ал балаларының талай жыл бүрын ауысып кеткенін білгенде қос ана қандай күйде болды екен? Әйтеуір баласының жақын жерде жүргеніне тәубесін айтқан шығар.

ОРЫНДАЛМАЙТЫН АРМАН

Халық қалаулылары бас қосты. Мұнда елімізде тұратын жергілікті халықтың санын көбейтуге қатысты бірқатар мәселе қаралды. Шараның мақсаты – екі мың жиырмасыншы жылға қарай Алаш ұрпағының санын 20 миллионға жеткізудің данғыл да пәрменді жолын ұсыну. Бұл межеге жетпесек, дамушы немесе дамуды қаламайтын елдердің басын біріктіретін Біріккен Ұлттар Ұйымындағылар: «Қазақтар ұлан-ғайыр жерді игере алмады» деп бас қатырып, балтыр сыздатып, баянсыз әрекетке барып қалуы да ғажап емес. Сондықтан шаңырағымызды сәбидің күлкісімен толтырып, қатарамызды қарадомалактардың санымен аттыру түскі үзілісте ғана бастары қосылатын халық қалаулыларының өзекті тақырыбына айналды. Аманат арқалағандар елдің болашағын ойлап, ауыздары астан босаған тұста бағланнышын етіндей дәмді, сүттей ақ, судай таза, қанттай тәтті ойларын ортаға салудан жалықпайды.

– Халық санын арттырудың бірден-бір жолы – сыртта жүрген қандастарымызды Атажүртқа түгелімен көшіру, көші-қонды ширату, жоғын толықтал, орныққанша көмектесу, – деді жасы үлкен депутат мырза.

– Бұл – тығырықтан шығудың жолы емес. Сырттағы 5 миллион қандасымыз елге түгел көшіп келе қоймас. Сол жаққа сіңісп кеткендер де жетерлік. Білімі мен кәсібін дәңгелетіп, шет елдерде танымал болғандар табысын тастанап, орала қоймас. Зердеміздің зейінділігінен, алпауыт елдердің үздік үлгідегі кәсібін, тілін, ділін бір адамдай-ақ менгеріп алдық. Шаруасын өзге елде шалқытып жатқандар сол жақта тұрақтанып қалуға тырысатынын жоққа шығаруға болmas, – деді келесіci.

– «Халқымыздың саны пәленбай миллионға жетті» деп алақайлап, қатарын өтірік молайтып отырган көрші елдердің мәліметіне күмәнім бар, – деп қопақтады тағы бірі. – Бұл халық санын көбейтіп көрсету арқылы жерлестерін шет елге көптеп шығаруды мақсат еткен зымиян саясатпен байланысты қитұрқылық па деп қалам. Бізге де солай жасау керек шығар. Қазірдің өзінде жиырма миллион қазақ бар десек, неміз кетеді. Қай қытай, қай өзбек келіп, қой санағандай санайды дейсің.

– Болмайды, – деген, шынышылдығымен елге танымал жас депутат.

– Отірік айту табиғатымызға жат. Сабыр мен төзімді ту ете жүріп, ұрпақ санын арттыру жайын ойластыруымыз керек. Қара ормандай қауым болсақ, жеріміздің асты-ұстіндегі байлығына көз салып отырған алпауыт елдерге де көптігімізben сес көрсете аламыз. Бізді депутаттыққа ұсынып, еліне қандай жақсылық жасайды еken деп үміт күтіп отырған жүрттың ықыласына бөленер едік, – деп екпіндеп барып әрен тоқтады.

– «Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» дегенімізben қазір өмір сұру сұранысы артқан. Балалардың несібесі біздің кезіміздегідей бір табақ көже, екі көйлекпен өлшенбейді. Олардың білім алу ақысы да қымбаттаған, – деді әйел қауымы арасынан сайланған депутат ханым.

Осыдан кейін манадан бері үнсіз отырған өзгеше топ ере түрегелді:

– Бюджеттің ақшасы санаулы. Оны қалауымызша жұмсай алмаймыз. Шақалактарға берілетін жөргекпұлды арттырудың баска да жолдарын қарастыруымыз керек.

– Балалардың санын арттырмақшымыз десек, бөркін аспанға лақтырып, қолдау көрсететін қандас азаматтар жетерлік. Соларды ынталандырып, қоғамдық қор құрайық. Үкімет беріп келе жатқан жөргекпұлға қосымша олар да тыын-тебен төлеп тұрса, әйел біткен перзентханадан шықпай қоятын шығар.

– Онда былай болсын. Бірінші балаға – мың доллар. Екінші балаға – екі мың доллар. Бесінші балаға – бес мың доллар деп ары қарай көбейте беретін жағдай жасайық.

– Тамаша, – деді жаңағы нәзік жанды аманатшы. – Оны былай істей керек. Баланы перзентханадан шығарғанда қамқорлық жасаушылар сыртқы есіктің алдында күтіп тұрып, қаражатты анасының қолына ұстапқаны жөн.

– Ақшаны беріп тұрып: «Бұл сегізінші балаға алған сегіз мың долларды құда шақырғанға немесе басқа да той-томалакқа ұстал қойманыз. Осы перзенттің керегіне ғана жаратыныз» деп, ескерту керек деді егде жастағы елжанды азамат. Ол ары қарай басынан өткен бір жайды әңгіме арқауына айналдырыды.

– Женешем қатарынан бес ұл тапты. «Енді өзініз үшін бір қызы туып алсаңызшы, көмекші болады» десем, «ұят қой» деп азар да безер болады. «Қой, жүгірмек, елуге келіп қалдым, енді қайда?» деп жолатпайды. Мен де қолқа салғанымды қоймадым... Ақыры жеңешем беймарал ғана алтыншысын дүниеге әкеліп, есімін Інкәр

деп қойды, – деді жан-жағындағыларға салмақпен қарап.

– Бізге қайындарымыз олай қолқа салған жок. Дұрыстап өтінсе әлі де бір-екеуін табатын едік қой, – деді өз ортасында шоқтығы биік тұратын кербез келіншек. Жұмыр басты пендеде арман таусылған ба? Бір қарағанда төрт құбыласы сай адамдардың да ойлағаны бар екенін аңғартып таstadtы айналасына.

Осы кезде әңгіменің піспеген тұсында ғана сөзге араласатын өнер саласының өкілі ойын ортаға салды. Ол өмірдің қалтарыс-бұлтарыстарына зер салып жүреді. Айтатын әзіл-қалжының астарында үлкен ой жатады.

– Мәселен, жеңешеміз кезінде тұрмыс тауқыметіне байланысты бала тууды шектеп қойды делік. Мына қуанышты жағдайды естіген соң алдыңғы балаларына іні, сіңлі тауып беру туралы ой туды. Бірақ ауыр жұмыс істеген жарының денсаулығы жарамай қалуы мүмкін. Оның үстіне жігіттер бүгінде ерте белсізденіп жатыр. Жеңешем не істесе екен, – деп тың ойдың щетін қылтитты.

– Жеңешелерінің жайын ойлағыш екенсіндер. Ағаларының қамы ғой. Енді ондай жағдайда медицинаның көмегіне сүйену керек шығар. Колдан ұрықтандыру орталығына жүгініп дегендей. Ұрпақ өсіру үшін әртүрлі қазақы амалдарды да пайдалансақ болар, – деп өмірден көрген-түйгені көп, мемлекеттік қызметте жүріп білімпаздығымен танылған жігіт ағасы ой қосты.

– Жоқ, – деді қызба жігіт сөзге араласып. – Болмайды. Бала табиғи түрде және ерлі-зайыштылардың арасынан тууы керек. Шариғатқа қарсы сөз айтпаңыздар. Зан қабылдау ойыншық емес. Дұрыс сөйленіздер.

– Онда тұрмысқа шықпаған 400 мыңға жуық қаракөздің жайы не болмақ? Жар болу бақты бүйірмаған қыздардан сәби сую қуанышын қызғанғанымыз ба? Кәрілік келгенде басын сүйейтін ұрпағы болуы керек емес пе? Сол кезде обалын кім көтермек? Некеден ғана сәбілі болу керек болса, қыздардың күнәсін жеңілдетіп, кезекті рет үйленініздер, – деді, керек кезде орынды сөйлей білетін ер мінезді егде жастағы депутат апай.

– Бізді құртып келе жатқан осы: «Анау болмайды, мынау болмайды, тыныш жүру керек, елдің алдына шығып көсемсіме» деп қақпайлау.

Қызба жігіт ары қарай арынын саябырсытып:

– Иә, төрт әйел алсаныздар да өздерініз білініздер, – деді де сөзін сол жерден үзді.

Халық қалаулыларының құлшына басталған бастамасының берекесі осы пікірден кейін қашты. «Тәп-тәуір басталған эн еді, пұшық шіркін қор қылды» демекші, қызылжердек болудан қашты ма, онымен салғыласып абырой таппайтындарын білді ме, көпшілік әңгімені жеткен жерден үзді. Эркім өз оймен әуре.

«Қайындарым бала ту деп қолкаламады» деген нәзік жанды халық қалаулысы ойға шомды. Келінім Нәзира қызық. Қызық емес, батыл-ей. Біз сияқты жақсы машина мінсем, үйіме келген қонақ аузын ашып, көзін жұматындаң жөндеу жүргізсем деп мұлде ойламайды да. Өз қызығы өзінде. Кенже ұлы туғанда іргетасын қалаған үйінің шатырын сол ұл бірінші сыныпқа барғанда жапты. Баспананың ұзақ салынғаны үшін күйеуі екеуі ренжіскен де жоқ. Бір-біріне түсіністікпен қарап, қайта кемшіліктерін білдіртпей отырды. Біз болсақ көштен қалып қойдық деп бір-бірімізді «жеп» қоятын едік. Таңдан кешке дейін мектепте балаларға дәріс беремін деп алашапқын болып жүргенде алатыны 60 мың теңге. Сөйтіп жүріп күйеуіне несиеге көлік сатып әперді. Тоқсаныншы жылдың басында шыққан «Мазда» шіркін бір тоқтамайды. Бала-шағасын отырғызып алып, ағайын-туыстың той-томалағы, өлім-жітімінен қалмайды. Шіркін, мына заң күшіне енсе келінім алтыншысын дүниеге әкеліп, алған ақшасымен күйеуіне көлік әперген несиесін жауып тастар еді. Таңғы асты тәнірден тілейтін отанасы барды ұқсатуға шебер-ақ. Төрт құбыласы сай әйел деген сол шығар. Ертең бес баласы бес үй болып, ұрпағы бір рулы елге айналады. Кейде өзінің қызметке алданып, жалғыз ұлмен қалып қойғанына налиды, кейде тәубесін айтады. Әйтеуір жалғыз ұлдың тілеуін тілеп, шығар-шықпас жаны бар күй кешуде.

Халық қалаулылары қазақтың санын көбейту жайындағы басқосуларын алдағы уақытта қайта жалғастырмак. Бәрінің ойы көзқарастың бір жерден шығуы. Ары тарт та бері тарттан ауыз әбден күйген. Осы заң жоғарыда айтылғандай қабылданса қаражат тапшылығынан балаларының жайын күйттей алмай жүрген көпбалалы отбасылар шаттанатын еді-ау. Ақ жаулықты аналарымыз риза көнілмен: «Бәрекелді, депутаттарымыз азамат-ақ екен» деп қол жайып, батасын берер еді. Ақ түйенің қарны жарылған күн деп сол күнді айт.

ЖАЗМЫШТАН ОЗМЫШ ЖОҚ

Бір адам тұнделетіп жолаушылап келе жатыпты. Баратын жері әлі алыс болғандықтан айдалада түрған кесенеге кіріп, тұнемекші болады. Бұрынғыдан келе жатқан: «Далаға қонғанша – молага қон» деген тәмсіл бар. Ондай жерде адамның үйқысы келсін бе, таңды көзбен атырмакқа бекінеді. Тұн жарымы ауғанда зираттан күбірлеген даудыс шығады. Олар: «Көрші ауылда Айғанша деген әйел босаныпты. Соған барайық» деседі.

Содан біраз уақытта әлгі даудыс қайта жаңғырып, күбірлесіп, бір жақтан келгені белгілі болады.

Еркек даудысы:

- Кім туды? – дейді.
- Қыз бала келді өмірге.
- Кімге бұйырдындар?
- Қонаққа.
- Ажалы неден болды?
- Тағаның доғасынан.

Молада қонып жатқан жолаушы: «Қонағы мен болдым ғой. Жаңа туған нәрестені менің мандайыма жазған екен. Бұл қыз ержеткенше қай заман, қартайып кетем ғой. Жоқ, мен бұл адамнан ертерек құтылайын», – деп ойлайды. Сөйтіп, жүре-жүре жаңағы ауылды тауып, жаңа босанған әйелдің кім екенін анықтайды. Өзінің құдайы қонақ екенін айттып, сол үйде ертеңге дейін демалуға бекінеді. Олар да бір қонақжай адамдар екен, ас-суын алдына қойып, қонақ етеді. Таң алакеуімдене жолаушы орнынан тұрып, қыздың қасына ақырындалап барып, қарнын пышақпен тіліп жіберіп, үйден шығып, қарасын батырады. Бір сайды асқанда ауыл тұрғындарының улапшулап қалғанын естиді. Болды, баланы жайраттым деп ойлайды. Өмір өз ағысымен өте береді. Күндердің күні болғанда жаңағы адам жүзінен ай-нұры төгілген әдемі қызға үйленеді. Екеуі сүйіп косылып, бақытты ғұмыр кеше бастайды. Жігіт бір күні келіншегінің қарнындағы тыртықты байқайды. Не болғанын сұраса, жарық дүние есігін ашқан күні үйлеріне қонған қонақтың өзін жарақаттап кеткенін айтады. «Қап», – деп қалады отағасы. – Бекер істеген екенмін. Енді қылқұйрықты жануардың тұяғынан сақтандырайын» деген шешімге

келеді. Ерек үзден бұдан былай келіншегін атқа мінгізбеуге бекінеді. Сол молаға қонған түні естіген әңгімесі есіне түсіп, жарын жылқы атаулының маңына жолатпауға тырысады. Күндердің бір күнінде өзі сәйгүлігін ерттеп жатқанда әйелі сырт жақтан келіп қалып, ат теуіп жіберіп, тағаның доғасы тиіп, келіншек дүниеден өтеді.

Шыр етіп жарық дүние есігін ашқанда маңдайға не жазылса сол болады деген рас-ау. «Жазмыштан озмыш жоқ», – деген сөз де осындайдан қалса керек.



БАТЫРҒА Да ЖАН КЕРЕК

Менің жездем бар. Есімі – Тұрысбек. Жолы болғыштығын, пысықтығын, «ақылгөйлігін», қайын-жұрттына қарағанда «көріктілігін», «мырзалығын», күжат тексерген МАИ қызметкерлерінен қорықпайтын батырлығын шыққан тегімен байланыстырады. Полицейден ықпайтыны сол саланың ардагері болғандықтан. Олар да мұнаймен мылжындастып, текетіресіп тұрмайық деп арқасынан қаға салатын сияқты. Барып тұрган мақтаншақтың өзі. Бөскенде екі қабатты үйінен бастап, әпкеміз ештеңеден қысылмасын деп дүкен ашып бергенімен жалғап, сонында мақтануға сөз таптай қалып, аяғына киген тәпішкесінің ерекше тігілгендігімен аяқтайды.

Шешемізге оның мақтаншақ екенін айтсақ: «Қызыымды патшадай бағып отыр. Еш уақытта қысылыш-қымтырылып, қиналып көрmedі, зәулім үй салып берді, жаяу жүрген жоқ, мені де сыйлайды...» деп жан-жағында тұргандарға бір қарал қояды. Оны естіп отырған басқа жезделер тағы осыны мақтай бастады дегендей, қолын бір сілтеп орнынан тұрып кете береді.

Шамалғанда тұрса да той-томалақты, ауылдағы жаңалықтарды телефон арқылы бәрімізге хабарлап отыратын сол. Кейде сүйтіп жүріп ағайын арасындағы өсек-аяңың жайылып кетуіне себепші болып жатады. Бауырлары: «Жаман күйеу – қайынсак» деп ренжиді. Оны да бізге өзі айтып қояды.

– Айта берсін, мен сендерді жақсы көрем, – деп ағынан жарылады. «Батыр – аңғал келеді» деген емес пе. Шешемнің сөзімен айтқанда бізге шын берілген күйеубала. Үлкен шаңырақта қуаныш болса, артыныш-тартыныш бірінші жетеді. Көлігі жоқтарды жинап ала келуді де өз міндепті санайды. Машинасының жүк салғышы бажалар мен балдыздардың басын қосып, тойлатып жіберетін «аашы судың» түр-түріне толып келеді. Жаңадан шыққан «сусындардың» сапасын да содан біліп аламыз. Шипажайға немесе басқа облысқа барса шешемізге оқалы камзол, жылтыр матадан тігілген көйлек, ақ жаулық ала келеді. «Күлшелі бала сүйкімді» демекші, анамыз да оны осы «шүлендігі» үшін жақсы көреді-ау, деген пендешілік ой қылан беретіні де рас. Өзін-өзі дәріптегенде Қазақстандағы ең жақсы күйеу, ең жақсы күйеубала екенін жан-жақты дәлелдеп береді. Әпкеміз өте маңғаз адам.

Тұрысбектің мандайының бағын жарқыратып отырған да өзі. Енесі маркүм адуынды кісі болды. Сол қарияның қас-қабағына қарап, ыстық-суық суын дайындал беремін деп көкем жылдан үйге келе алмайтын. Құдағиымыз жалғыз ұл болған соң баласын шолжандатып жіберген ғой. Келінді де бірден икемге көндіріп, сол босағаның ынғайына қарай жүргүе бейімдеп алған. Жездеміз желдей есіп мақтанғанда әпкеміз: «Жезделеріңдікі дұрыс, мұндай адам жер-әлемде жок» деп бізге қарап көзін қысып қояды. Онысы: «Иә дей салындар, не қыласындар қарсы шығып» дегені. Расында да: «Ақымакты бәрекелді өлтіреді» деген емес пе. Не десе де макұлдаймыз. Сөзі шындыққа жанасып тұр. Онымен кіші інім ғана белдесе кететін. Сөзben қағысқанда «итжығыс» түседі. Оған ызаланған жездем шешеме қарап: «Тәте, осы баланы неге тапқансызы?» дейді. Еркелетіп жіберген ғой. Әйтпесе күйеубала енеге сондай сөз айта ма?

Жас ерекшелігіне қарай мен оны «кәрі жезде» деймін. Қатты картайып тұрмаса да қытығына тиу үшін солай атаймын. Ол менің бала кезде өте арық болғаныма қарай «боцман» деп ат қойған.


Осыдан біраз уақыт бұрын сол Тұрысбектің басынан бір қызық оқиға өтті. Сонда біз оның шын батыр емес, «жай батыр» екеніне көзіміз жетті. Қапал жақта ел білетін Шыңбұлақ деген қасиетті су бар. Әрі-бері өтіп жатқандар соған тоқтап, актық байлап, тұманың көзіне тын тастап, мінәжат етеді. Тілек тілейді. Бала кезімізде анамыз етектен жайлауға бір отар қой айдал кеткен әкеміздің тілеуін тілеп, әсіресе жауын-шашын күндері: «Тездегіп Шыңбұлаққа жетіп алса өзі де, малы да аман қалар еді» деп отыратын. Қасиетті су екі таудың ортасында орналасқан. Малды ықтасындағанға, иіріп қойғанға ынғайлы. Көк шалғын шөп, зәулім ағаш, жарқабақтар қойдың бұршаққа ұрынып қалмасына кепіл. Сайды жағалап жүрсөң бұлдірген, жабайы алма жайқалып тұрады. Табиғаттың өзі берген сый. Жан сарайынды ашатын ауасын айтсаныш!

Жездем бір тойдан тұнделетіп шығады, қасында ішімдікке «тойып» алған бауырым бар. Шыңбұлаққа жеткенде бауырым демалып, су ішіп, тынығып алууды ұсынады. Батыр жездем көлікті жол шетіне тоқтатып, өзі бел жазып, тұмадан ауыз тиуге бағыт алады. Беті-қолын жуып, үйқысын ашып алайын деген болу керек. Ал ағатайым болса қасиетті тұманың ар жағына барып, дәрет сындырмакшы болады. Негізінде

тұманың басына «Шайтан су ішіп баруға болмайды» дейтін ұлкендер. Ішken адам оның бәрін ұмытып, «Сырдың сұзы сирақтан да келмей» «жеңілдеп» алайын деген ғой. Содан ағам жақтан жылан шағып алғандағыдай дауыс шығады да, «Толя қаштық» деп өзі машинаға қарай жүгіреді. (Жездені балдыздары солай атайтын). Газды тұбіне дейін басып, екеуі бар жылдамдықпен «ұшады» ғой. Сөйтсе, бауырым сайға барып, дәрет сындыруға дайындала бастағанда, арғы жақтан «Ей, бері кел», – деген әйел дауысы естіліпті. Әр таудан асқан сайын жалаңаш әйел бейнесі көлік әйнегінің алдына көлбендеп келеді екен. Корықкан бауырым тілден қалып, иманын үйірген ғой. Ал жездем ішпегені арқасында «біссмілләсін» қайталай беріпті. Жаңағы әйел бейнесі «біссмілләні» айтқанда жоқ болып кетеді екен. Айтпаса қайта пайда болатын көрінеді. Бауырым жездеме «Біссмілләнді айтшы» деп жалынумен келіпті. Ішіп алғаны есіне түсіп, бұл сөзді өзімнің айтуыма болмайды деп ойлаған болуы керек. «Батырға да жан керек» дегендей, жездем есіктің алдына көлігін қоя салып, үйге жүгіріп кіріп, шырт ұйқыда жатқан тоқсан жасқа таяп қалған апамның қойнына кіріп кетіпті.

Сөйтіп, жездем бір-ақ күнде батыр емес, аласының арқасына тығылған қорқақ болып шыға келді. Осы әңгімені айтқанда қайындары қоқыланып, балдыздары сықылықтап күліп, жездем қипактап қалады. Содан бері балдыздары қанша қинаса да көзінің дұрыс көрмейтінін айтып, машинаны түнде жүргізбейтін болды. Жүрегі шайлышып қалған болу керек. Корқынышты болса да осы оқиғадан кейін мақтаншақ жездемізді тықыртып алуға сылтау табылды.

БАРМАСАН, КЕЛМЕСЕҢ...



Түркия әуежайы. Ұшақтан түсіп, әуежайға кіре салысымен коронавирусқа қайтадан тест жасады. Бәрімізде вакцина және ПТР тест нәтижесі болса да, қауіпсіздік шарасын қолданып жатыр. Хош делік. Жүк алатын залды бетке алдым. Кеңес одағынан келе жатқандықтан қасымдағы орыс жігітімен тез тіл табысып, әзіл-қалжынымыз жарасып, бірлесіп жүріп, жүгімізді алдық. Ол: «Сізде қорқыныш жоқ. Жетер жеріңзге жеттіңіз. Мен ары қарай Ресейге ұшамын. Ұшақтан қалып қалмау жағын ойлаудың керек», – деп сәл қорқыныш барын байқатты. Басында өз елімде жүргендей еркін келе жатыр едім. Шығатын есікті іздегенде тіл білмейтіндігімнен бірінші рет бетім қағылды. Алдынан шыққан әуежай қызметкерінен сұрап едім түсінбегенін байқатты. Қолданысымдағы екінші тіл – орыс тілінде сұрап едім, ол аздал түсін бұзып, түрікше айт деген ишарат жасады. Сонда ғана бұл елге түрік тілінен басқаның «жүрмейтінін» байқадым.

Ұшақпен бірге ұшып келген қыргыз қызы шығатын есікті «шигиш» деп айтасыз дегені. Қарасам, дәл алдында латын қарпімен shigish деген жазу түр екен. Өзімнің қаперсіздігіме тағы налыдым. Қызым Жансая Анкарадағы Қажы Байрам вели университетіне түскелі түрік тілін менгеріп, түрік тілін үйрететін курс ашып, жүргізгеніне біраз уақыт болған. Сонда зер салып, ең керекті сөздерді үйреніп алғанда той деп өзімді-өзім сөгіп келемін. Сыртқа шыққанда келушілерді күтіп тұрған топқа тап болдым. Ешкім арнайы сызылған сзықтан өтпейді. Қолдарындағы қағазда кімді күтіп тұрғаны жазылышты.

Мен тағы тосылдым. Көптің арасында қызым көрінбейді. Сол жақтың салтымен киінген келіншек мениң күтіп алуы тиіс адамды таптай тұрғанымды байқап, жақындаш келіп, танысыңыздың түрік

еліне тән телефон нөмірі бар ма деп сұрады да, бірден қызыыммен тілдесуге көмектесті. Осылайша жүрегімді жарып шыққан перзентімді тауып, екеуміз ол жалдап қойған қонақүйге келдік.

Бір қызығы, оларда жол ережесін ешкім сақтай қоймайды еken. Бағдаршамның қызыл түсі жаңып тұrsa да, жаяу жүргіншілер жүгіріп өте береді. Бірақ қағысып-соғысып жатқан ешкім жоқ. Шопырлар да тежегішті баса қалуға дағыланған сияқты. Қонақүйде көп бөгелмей теңізге бет алдық. Елде жүргенде де суқұмар едім. Ал көгілдір экраннан тамашалаған Мәрмәр теңізі мені бірден өзіне ынтықтырды. Айлаққа жақын жердегі дүңгіршектен смит (түрік наны) сатып алдық. Бұл тағам барлық жерде сатылады. Арзан әрі тойымды. Бағасы 1,5-2 лира (100-140 теңге шамасы). Кемеге мінсімен көп күттірмей орнынан қозғалды.

Сұлулық деп осыны айт. Теңіз – көкпенбек. Артында қалған жолы ақ көбіктеніп, қақ айырылып келеді. Шағалалар ұшып-конып, бізге жол көрсететіндей. Теңіздің мұндағы әдемі көрінісін бұрын-сонды тамашаламаппын. Су ойды тазартады деген рас-ау. Санам женілдеп сала берді. Қызым мен демалатын жерлердің жоспарын құрып қойған еken. Бірден Мәрмәр теңізімен шектескен Үлкен аралға бет түзедік. Жол бойы байқағаным тау-жоталардың барлығына байрақтарын орнатқан. Кемелердің жақтауында түріктің қызыл жалауы ілулі тұр.

Бұл – байрақтарына деген құрмет. Қай елде жүргенінді желбіреген қызыл жалауы арқылы еске салады. Байрақтың танымалдығын арттырудың бір тәсілі сияқты. Үлкен аралға жеттік. Айлақтың жан-жағы түгел тамақтану орны. Дәмхана көрсем қызыма тамақ ішіп алайықшы деп қиғылықты саламын. Түркиядан қайтқанша екеуміздің орнымыз ауысып кетті. Ол – шеше, мен баласы сияқтымын. Тіл білмегендіктен қызыма тәуелдімін. Қызым бұл жерде тамақ ішетін жердің көп екенін айтса да, соңымда қалып бара жатқан мейрамхана, кафелерге қимастықпен қараймын. Шынымен де, шеті-шегі жоқ мейрамханалар. Бірі – заманауи, екіншісі – тапшанмен, үшіншісі – тербелетін орындықтармен жабдықталған. Теңізге жақын жердегі тамақтану орнын таңдадық. Асқазанымның сұрауы бойынша еті бар тамақ таңдадым. Байқаймын, таза еттен жасалған ас қымбаттау келеді еken. Бірінші жолы 10 мың теңгені бергеннен кейін етсіз тамақ ішуге бекіндім.

Аралдың ішінде автокөлік жүрмейді. Тек электрмен қозғалатын шағын көліктер. Велосипед мінгендер көп. Үйлері бірінен-бірі өткен әдемі. Биік, зәулім. Түркияның өмір сұру салтымен таныс болғандықтан балам көп сырдың бетін ашады. Аралдың жоғары, тау жағында тұратындар баспаналарына, демалыс орындарына тікүшақпен келеді еken. Әр үйдің ауласында шай ішетін үстел қойылған. Тып-тыныш. Жанға жайлы орын. Барлық үй мен аула, балкон гүлмен көмкерілген.

Тағы бір қызығы, Түркияда мысық қадірлі көрінді. Үй, дәмхана, дүкенде қалаган жерінде жүреді. Үстелдерінің үстінде пырылдал жатқаны. «Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа» деген, көшеде ит толып жүр. Адамның көптігіне үйреніп алғандары сондай, жолдың шетінде ұйықташ жата береді. Құлақтарына сырға салынған. Яғни, әр ит есепке алынған.

Аралда кеш батты. Көше бойындағы дәмханаларда әдемі әуен ойнайды. Барлығы жанды дауыста. Демалыс орны болғандықтан ба, көңілсіз жүрген адам көрмейсіз. Әлде өмірлері жайлы ма еken деген ой келді. Қызмет көрсету орындары жаныңа керекті өздері сезіп тұрады. Барлығы уақытпен. Кешігу, келмей қалу, істемей қалу деген атымен жоқ.

Екінші күні түріктердің дәстүрлі таңғы асымен оразамызды аштық. Оған міндетті түрде нан, зәйтүн, май, жұмыртқа, көкөніс, бал, түрлі тосап, шұжық кіреді. Шұжықты қуырып және қайнатып пісіріп әкеледі. Жұмыртқаны қалай пісір десеніз солай дайындаиды. Нанды сол жерде пісіріп, ісін бүркүратып ұсынады. Тағам мен тосапқа нанды батырып жейді еken.

Шынын айту керек, зәйтүнін жей алмадым. Аңы сияқты ма? Бірақ өздері үшін негізгі тамақ саналады. Түстен кейінгі уақытымызды Босфор бұғазындағы Қыз мұнарасын көруге арнадық. «Анау түрған Қыз мұнарасы деп аталады. Түрікше – Kız kulesi. Византияның патшасы ұлы Константиннің алақанға салып, үлпілдетіп өсірген қызы болыпты. Патша перзенті десе жанын беруге әзір еken. Бір күні балгер патшаға сүйікті қызы 18 жасқа толғанда қайтыс болатынын айтып, мандаға жазылғаннан қаша алмайтынын ескертеді. Эке баласын елімге қисын ба?! Бұғаздағы ескі мұнараны жаңартып, қызын сол жерге апарады. Мықты күзет қояды. Сенімді адамдарына күн-тұн

қарауылдатады. Өзі әлсін-әлсін барып, перзентінің көнілін аулап, мереке үйымдастырады. Бойжеткен 18 жасқа толғанда ұлан-асыр той жасайды. Сол кезде сырттан әкелінген жеміс-жидекпен ере келген жылан қызды шағып өлтіріпті. Содан бұл жер Қыз мұнарасы деп аталыпты», – дейді Жансаям түрік елінің тарихынан сыр шертіп.

Босфор бұғазы арқылы кемемен Ыстамбұлдың екінші жағына өттік. Бұл қалада метро, трамвай, автобус және кеме қатынасы жақсы дамыған. Онда «Стамбул карт» қолданылады. Ыстамбұлда мұғалімдер мен студент, оқушыларға жол ақысы едәуір арзан. Түркияда жанармай бағасы біздегідегіден екі жарым есе қымбат. Сондықтан, мұнда такси қалтаға ауыр соғады. Көшедегі бағаналарда орналасқан сары тетікті баса қойсаңыз, қасыңызға такси жетіп келеді. Біздегідей телефон арқылы шақырмайсыз. Түркияда таксист болу біздегі жоғары қызметке орналасумен параллель. Таксистің арнайы нөмірі өте қымбат тұрады. Көлік те, оған салынатын салық та қымбат. Арнайы таксилер ғана адам тасымалдайды. Таксилердегі есептеу құрылғысы айнаға жалғанған. Алдыңғы әйнектің үстінде тұрған айна төлемақыны есептеп, көрсетіп тұрады.

Түріктер Мәрмәр теңізінің бір бөлігінде су астынан метро салған. Метро тоқтаусыз жүріп жатады. Жылдам әрі жайлы. Метро ішінде түрік тілін білмейтіндерге ыммен түсіндіру жолдары жайлы бейнекөрсетілім ұсынылады. «Мармарай» метросының қызметіне тамсана жүріп, Айя-София мешітіне жеттік. Ғимарат біздің дәуіріміздің VI ғасырында салынған. Айя-София мұражайы откен жылды мешітке айналдырылған. Мешіттің биіктігі – 55.6 метр, диаметрі – 31.4 метр. Күмбездіктің 40 терезесі бар. Іші жакшы тастармен көмкерілген. Біз де көпpen бірге кіріп, мінәжат етіп, тізе бүгіл, ерекше сұлулыққа тамсандық.

Бір байқағаным, Ыстамбұлдағы әр ғимарат адамға күш-куат сыйлайды. Қалада әуезді азанның дауысы жаныңа қуат береді. Кемемен серуендеудің өзі адам бойын сергітеді. Серпіліп қаласың.

Ыстамбұлдағы бір тәулігімізді «Топқапы» сарайын көруге арнадық. Қамал өте үлкен аумақты алғып жатыр. Сырттан кіргеннен керемет бекініс, әскери күзет болғанын ғимараттары мен зәулім қақпаларынан аңғаруға болады. Қақпадан кіргеннен бау-бақшаға тап боласың. Мұндағы ағаштар бірін-бірі қайталамайды. Сан түрлі. Ғимараттың қақпасына жақын асхана орналасқан. Бір бөлмеде жиырма шақты

қазан бар. Оның барлығында тамақ бір мезгілде пісірілген болу керек. Монша, ондағы жуыну орындары, от жағатын жері, пайдаланылған шөміш, шылапшын зерлі темірлерден жасалған. Үйдіс мұражайына кірген адам оңайлықпен шыға алмайды. Бәрі қолөнер. Көбі күмістен жасалған. Шай, кофе ішетін тостағандардың сан түрі түр. Келесі бір залға тек қару-жарак, соғыс киімдері қойылған. Құнды жәдігерлерге жарық та ерекше әдіспен түсірілген. Тіке түсірілген жарық әр жәдігердің ерекшелігін әспеттейді. Сұлтандарға әкелінген сый-сияпат, сол кездегі сағаттар құндылығымен ерекшеленеді. Мұнда хрусталь, күміс және қытай фарфоры мұражайдың құндылығын арттырған.

Сарайдағы алтыннан құйылған патша тағы мен алтын бесік көздің жауын алады. Әйнекпен қоршалғандықтан жәдігерлерді ұстап көру мүмкін емес. Кітапхана, зергерлік бүйымдар мен киімдердің көрмелеріде кірсе шылқысыз. Осман империясының алғашқы әскерлері түріктік сипаттағы қару-жарак, сауыт-сайманның жарақтанса, кейінгі кезеңде исламдық сипаттағы киіну, қарулану үлгісіне өткен. Түріктердің патшалар сарайын бар дәулетімен сол қалпында сақтал қалғаны куантты. Бүгінде жәдігерлер ел экономикасын көтеруге үлес қосып түр.

Анкарада Ататүрік саябағына бардық. Түркияда Мұстафа Кемал Ататүріктің есімі құрметпен аталады. Дербес елдің құрылудына негіз болған әскери қолбасшы бүгінде ұлт батырына айналған. Оның есімі кейінгі ұрпақтың мәңгі есінде, ал оның стратегиялық жоспары елдің басты бағыты болып табылады. Сондықтан, Түркияның көрнекі жерлеріне Ататүріктің суреттері ілінген. Саябақта Ататүріктің: «Түрікпін дегеннен асқан бақыт жоқ!» деген сөзі жазылған ескерткіші қойылыпты.


Тағы бір қуантқан дүние, Ататүріктің қасына қойылған ескерткіш. Кімдікі дейсіз ғой?! Біздің Мағжан ақынның ескерткіші қасқайып түр. Кеудемді мақтаныш кернеп, Мағжан ақынның суретін аса ілтиппен сипадым. Қазақ болғаныма қуандым. Мұндағы тақтада Мағжаниң бірнеше тілді менгергені, тәуелсіздік үшін күресіп, сол жолда жанын бергені жазылған. Оның қазак, қырғыз, өзбек ұлттарының барша әлемге танылуына ықпалын тигізгені айтылыпты. Қаһарманер 10 жылдай түрмеге қамалған. Құрескерлігі үшін 1938 жылы атылған деп жазылған. Түрік ағайындар: «Мағжан Жұмабаев «Алыстағы бауырыма» деген өлеңінде түркі тілдес елдердің бірлігі жайында сөз еткен» дей келе:

*Алыста ауыр азап шеккен, бауырым,
Куарған бәйшешектей кепкен, бауырым.
Қамаған қалың жаудың ортасында,
Көл қылыш көздің жасасын төккен, бауырым, – деген өлең жолдарын
түрік тіліне аударған.*

Мағжан ескерткішінің жанында ұзақ аялдадым. Елдің алғысын жеткіздім. Өзін мақтан ететінімізді айттып, тас бейнемен үнсіз сырластым. Сенген жастарының елжанды болып өсіп келе жатқанын айттым. Кетерімде ол маған қимастықпен қарап тұрғандай сезіндім. Мүмкін жансыз бейнені өзім қимай тұрғаннан сондай сезімде болған шығармын?! Біраз жүріп, қасындағы субұрқақты тамашалап, саябақтан шығып бара жатқанда Мағжандай Алаш арысының қасында қол сөмкемді ұмытып кеткенімді білдім. Бұл да бекер емес шығар, қайта айналып бардым. Бұл жолы ескерткіш қасында тіптен ұзақ тұрдым. Мауқым басылғанша айналсоқтадым. Амал не, уақыт бізді күтсін бе, тарихы терен, бауырлас елді қимай-қимай, туған жеріме оралатын кез келді.

Кош, Анадолы, кош, бауырлас Түркия халқы! Қайыра кезіккенше!

Алматы – Ұстамбұл – Алматы



TYFBIP MEH
FYMBIP

ГАЗЕТТЕ ЖАБУ – ОҢАЙ, ЖАСАУ – ҚИЫН

– Біздің ойымызша, өз бетімен шығынын жаба алмайтын газеттердің бірсыптырасын «Ақ жол» құсатып жабу да теріс болmas еді. Мысалы, «Бостандық туын» алсақ, ол губернияда «Еңбекші қазақ» үш мыңға жуық тарайды. «Бостандық туының» өзінікі де содан артпайды, «Тілші» сияқты газеттердің шыққан шықпағаны белгісіз. Осы сықылды баспасөзді не жабатын, не қалатын қылу керек, – дейді Ерғали Алдонғаров «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 5-мамыр күнгі санындағы «Алдағы күннің міндегтері» деген мақаласында. Ілияс Жансүгіров Алдонғаровтың газеттерді жабу туралы пікіріне бірден қарсылық білдіреді. «Айтпаса сөздің атасы өлетінін» білетін «Тілшінің» тілшісі газеттердің қоғам өміріндегі беделін арттырудың орнына қаржылық шығынды желеу етіп, басылымды жауып тастауды көздең әріптесіне «Алдонғарұлының пікірі ағат» деген қарама-қарсы мақала жариялады.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 6-маусым күнгі санында жарық көрген бұл мақала бұрынғы «Тілші», бүтінгі «Жетісу» газетінің тоқтаусыз шығып тұруына «қорған» болған. Журналист өз мақаласында Алдонғарұлының сөзіне үзілді-кесілді қарсы екенін білдіріп, бірден ашық айқасты бастайды. «Біздіңше, губернияларда көп жылдан бері шығып, қолданып, буындары қатқан газеттерді жабамыз» деуі – өте адасқандық. Газетті жабу оп-онай, жасау қыын. Олардың орнына «Еңбекші қазақты» қалдырамыз деу – губерниялық газеттер мен орталық жетекші газеттердің өрісін, окушысын, міндегін түсінбегендік», – деп Алдонғаровты алған бетінен қайтарып тастайды. Одан ары «Республикалық орталық газеттер – Қазақстандағы барлық жұмыстарға бағыт беріп отырушы. Әлеуметтік жұмысты үйымдастырудың бағдаршамы. Партия газеттер арқылы өзінің жұмысына халықты бағыттап, істерінің қорытындысын шығарып отыра алады», – дейді ол партия газетті қамқорлығына алса деген ниетін нақтылай жеткізіп.

Газет – төртінші билік. Мақалада Ілияс өкімет мақсат-міндегін іске асуына газеттің ықпалы зор екенін жетесіне жеткізе айта білді. Ілиястың бұл сөзі газетті жапқызбай алып қалудың амалы еді.

Мақаланың соңында қаражат үнемдейміз деп газетті жабуга құлшыныс білдіргендерге өз ұсынысын былай жеткізеді:

— Губерниялық газеттерді жабайық дегенше, жамайық дейік, жаңаларын шығарайық. Шыққандарын шынықтырайық! «Бостандық туы», «Тілші» газеттері нашар болса, партия орындары, «Еңбекші қазак» көмектесіп, оналтудың жолдарын көрсетейік. «Еңбекші қазак» Сырдарияда шығады, ол өнірге сол да жетеді деу де – қате. Ол губернияда да бір шаруа газетін шығару керек. Газеттерімізді нашар десек те, олардың атқарып отырған жұмыстары, жұртшылықты түзеуге сініріп отырған, қара халықты тәрбиелеп, мәдени тілектерін өсірудегі маңызы, тындырығаны өте көп. Солардың арқасында өсіп келеміз, партия тамыры ауылға жайылып келеді, — деп газетті қысқартсақ дегендердің пікіріне біржолата тойтарыс берді.

Ілияс Жансүгіровтің газеттерді сақтап қалудағы табандылығы, баспасөздің маңызын түсіндірудегі біліктілік пен қайсарлығы, сез саптауы, әр қаламгердің басын игізеді. Ол бүгінде қит етсе, «газет шығынды өтей алмайды, жабу керек, ғаламтор бар ғой» деушілерге үлгі болуы керек. Ғаламтордағы мақала газеттің мақаласында ауыр жүкті көтере алмай жатады. Шалғай ауылдарда ғаламтордың болмайтынын ойласақ, газетті жабу, ақпарат күткен ауылдағы ағайынға жасалған қиянат. Мониторға көз талдыру мен қағазды парактап окудың арасының жер мен көктей айырмашылығын да ұмытпауымыз керек.

Ілиястың журналистік ұстанымын жоғары бағалаған қаламгерлердің ұстазы Темірбек Кожакеев: «*Ілияс жүйрік журналист, баспасөздің сыр-сипатын жақсы игерген қаламгер болғаны анық.* Әрбір ағат пікірді аңгара біліп, оның терістігін түсіндіре, қогам пайдасы ушін түзете қоюға, ол жөнінде сындарлы да әділ пікір айтуга даяр тұратын ел ағасы болғанын байқаймыз. Бұл – *Ілиястың ірілігі*», – деп баға берген еді Илияс Жансүгіров жайлы жазған «Ірілік» мақаласында.

Құлагер ақын «Тілші» газетінде жүргендегендегендегенде тағы бір ерекше жағдай орын алады. Қарымды қаламгер онда да журналистиканың туын тік ұстап, газетті қолжаулық қылғысы келген арызқойлардың ойына тойтарыс беріп, баспасөздің ел көлеміндегі мәселелерді көтеретін дәрежесін айқындалап, айтып береді.

Жағдай былай болған. Сол 1922-1930 жылдар аралығында партиялық қызметкес көтерілу үшін талас-тартыс жаппай белең алады.

Ол кезде биліккүмарлыққа «партияшылдық» деп айдар тағылады.

Хакім Жамбайұлы атты оқырманнан ел арасында қызметке таласу, мансапқүмарлық, бәсекелестіктің салдарынан ауылдастардың бір-бірімен араздасуы шектен шығып бара жатқанын жазған арыз хат келіп түседі. Ілияс арыз хатты газетке жарияламай қояды. Содан арызқой Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетіне «Не ойлағаны бар?» деген мақала жазады. Шағым иесі: «Талдықорған уезінде партияға бөліну, жік өріс алды. Бұл туралы «Тілшіге» талай жаздық. Сонда отырған найман өкілі Ілияс баспайды. Оның не ойлағаны бар?! Партиягершілік елдегі шолақ етектердің бақталасынан орын пайда болды», – деп жазған.

«Ақ жол» редакциясы бұл шағым хатты алған да, тағы да «Тілші» газетінің редакциясына қайтарып салады. Бұған Ілияс газет бетінде «Ойлағаны мынау» (27.11.1923) деп жауап қайтарады. «Бұл белгілі. Тиісті орында мұнымен шұғылданған да, қаулы да алған. (Қаулы 1923 жылдың 10 айында шығарылған). Ол баспанашыл, көжеге өкпе, ру қорғау, мансап бәсеке, авторитет құмаршылық. Біз Талдықорғандағы топшыл текешіктердің таластарының жайын жақсы білмейтіндіктен екі жағынан да келген материалды газетке баспадық. Оның себебі, бірінші – бассақ, өршіген пәле-жала, тұтанған өрт өршімесе, өшпейтін еді. Екінші – жікке араласпай басын таза ұстап, қалыс отырып жазған адамның материалы бізде жоқ. Ағайынсып, актан сопы болып отырған Жамбайұлының өзі топ-жіктің қақ ортасында. Үшінші – газет жалпы халықтың төрөшісі, өкіметтің жазу қайраты, әлеумет жұмысының қадағашы. Ол қазақтың ескіліктің сарынымен жүрген құларының домалақ арызының қол тоқпағы емес. Сондықтан, көзіміз жетіп отырған сасық таласқа, ит ырылдар бақан салдысына газеттің бетін былғамадық. Ал Жамбай баласы, өзің айтқан «бақ таластық» саяз сайқалдық сендей басы-қасында отырған адам тындыра салатын іс. Газет жүзінде құрғақ данышпансып, өзің өшіре алмайтын пәлені әулиесіп өрбітудің керегі жоқ. Сен үйғарған ауыл-аймақ «айтысынан» «Тілші» басқармасы аман. Басқарманың көздегені әлеумет пайдасы, халық қайғысы, домалақ қағаз, партиягершілік, сұрқиялық тамырының күруы, таңдайын сауған мысық қамқорлардың рушылдық, қайын-қайнағашылдығы емес, ел мұны, ел шаруасы, әлеумет бағыты», – деп келіп сөзінің соңын «басқарманың ойлағаны осы» деп аяқтайды.

Ілиястың «Ойлағаны мынау» мақаласы бүтінгі журналистердің

де бағытын тағы бір қайтара айқындаپ беретіні сөзсіз. Ілияс – мамандығының да қорғаны бола білген жан. Бүгінгі тілмен айтқанда журналист этикасын бір кісідей сақтаған тілші екеніне көз жеткізіп, үлкен-кішіміз түгелдей ұлгі етеміз. Шағын ғана мақаладан Бейімбет Майлиннің, «Ілияс ызалана да жазады, күлдіре де жазады, күйіндіре жазады» деген сөзінің төркініне бойлаймыз. Журналистиканың намысы оның жанды жері екені аңғарылады. Пікір таластырғанда Ілияс қарсыласын түйдек-түйдек сөзбен алыш та, шалыш та жығады. Газетке адалдығы оның жазбалары мен іс-әрекеттерінен байқалып тұрады. Адалдық қадағашы.

Газеттің өзі бір күндік болғанымен, сөзі мың күндік екені осы екі мысалдан-ақ аңғарылады. Қазақ баспасөзінің актаңгері Ілияс Жансүгіров біздің, яғни, «Жетісу» газетінің бағыты мен ұстанымын сол жиырмасының жылдардың басында қалыптастырып берген екен. Ол туралы тарихи деректерді ақтарғанда көз жеткіздік. Газет 1918 жылы 21 маусымда «Жетісу ішінде халық мұхбыры» деген атпен шығып, қызылдардың жаңа идеологиясын насиҳаттайды. Кейіннен 1922 жылдың 18 тамызынан басылым аты «Тілші» деп өзгеріледі. Ал, 1963 жылдан «Жетісу» деген атты иеленеді.

Сол 1921 жылдан бастап газет ұлт мұддесі үшін жұмыс істей бастайды. Басылымда «Қаптағай», «Тана баласы», «К.Найманский» деген атпен ұлттың мұддесін қорғаған мақалалар шыға бастайды. «Тана баласы» - Ілияс деген болжам шындыққа жанасады. Себебі, Тана Ілиястың үлкен аталарының есімі. «К.Найманский» деген де құлагер ақын деген болжамның «жаны» бар. Себебі, Ілиястың шын есімі Қызырілияс дегенді тарихшылар жиі айтып жүр.

Сол жылдары еңбекшілердің жаландұраны мен жиынның қаулылары сиреп, басылым ұлттық бағытқа қарай ойысады. Ілияс Жансүгіров көп ұзамай алталақтың әдебиет және мәдениет бөлімін басқарады. Ілияс Жансүгіров 1928 жылы өзі туралы жазған «Өмірбаяны» деген қолжазбасында: «1923 жылдың басынан «Тілші» газетінің бір жазушысы болдым. Менің қалам қызметіне айналысқаным осы 1923 жылдан, «Тілшіде» мақала, оқшау өлең жаза бастадым. Сол «Тілшіге» күні бүгінге шейін жазып тұрам», – деп басылымның белсенді тілшісі болғандығын жазады.

Сонымен «Тілшіде», яғни, «Жетісу» газетінде тағы кімдердің

мақаласы жарық көрді, нендей мәселелр көтерілді, қандай жанрлар қалыптасты деген сұрақ төңірегінде сөз қозғасақ. Қаптағай есімді журналист: «Жетісуга оба келді. Кеселханаға барып айтыңыздар» деген тақырыпта көпшілікті қатерлі кеселден сақтандыру бағытында мақала жазыпты. Мұнда оба кеселінің белен алыш бара жатқанын, оны ауыздықтамаса халықтың қырылу қаупі бар екенін шырылдан жазады.

Сәкен Сейфуллиннің «Азия» атты өлеңі де осы жылдары «Тілші» газетіне басылған. Ораз Жандосовтың мақалалары да жарық көрген. Сол жылдары «Бостандық торы» деген ертегі өлең басылады. Авторы – Мағатжан. Мақаланы жазған Мағжан Жұмабаев деген болжам бекер емес. Себебі бұл – Алаш атқамінерлерінің пікірі «Тілшіде» тоғысқан кез еді. Басылымдағы мақала-өлеңдерден қазақ зиялышарының ойарманы, мақсат-мұддесі байқалып тұрды.

I. Жансүгіров «Мен қалай жаздым?» деген мақаласында: «Әдебиеттің күлкі, сықақ түрі де бізде өспеген-өнбекен нәрсе. Менің осыған да ыңғайым бар... Менің фельетондарым, сықақ өлеңдерім – біздегі жоқ әдебиеттің сықақты түрін туғызуға істеп жүрген қызметтерім... Фельетонның жаңа түрін, үлгісін қазақ баспасөзіне кіргізуге біраз қызмет қылып келемін», – дейді.

Ілияс сықақ, фельетон жанрына да көп қалам тартады. Кей жағдайда белгілі бір адам жайлы мақала жазу үшін оның аты-жөнін атамауға тұра келеді. Сондайда журналистика сатираны қару еткен. Басылымда жүріп, қолына билік тисе, жан-жағындағыларды қырып кете жаздайтындарды сынға алады. Мысалы, «Төрешілдіктің түрлері» атты сықағында бюрократ басшылар жайлы: «*Улкен кабинеті болады. Ішінің бәрі іліп тасталған көсемдердің суреті болады. Бір жерінде өз суреті де ілулі тұрады. Қызылды-жасылды шүгамен шырман тастаған қаракурең үстелі болады. Есігінің сыртына «докладсыз кірме» деп жаздырып қояды. Өзінен-өзі бөртіп, кеудесін көтеріп отырады. Анда-санда әрен үлгіп қол астындағы жампаң-жорға қызметкерлердің қазағына қабагын түйіп қол қояды. Болмаса, өзінен-өзі шала бүлініп, үстелге артылып, телефонга шатылып шаңқылдасып жатады. Осындай қылышымен жұмысы бол кіргендердің жүргегін шаяды. Кісіге сөйлеспеске бұл да бір әдіс болады*», – деп қарамағындағыларға шекесінен қарайтын өр кеуде басшыларды сынға алды.

Әр журналист – қоғам қайраткері. Басылым әлі күнге Ілияс Жансұгіров және қазақ зиялышарының салған жолымен шығып келеді. Газет – ұлттық рухты көтеретін, халықты мәдениет пен парасаттылыққа тәрбиелеу бағытында жұмыс істеп келеді. Елді бірлік пен татулыққа шақыра отырып, мемлекеттік саясат пен шығармашылықты қатар тізгіндеуде. Газет – елді өркениетке тәрбиелей алатын жалғыз құрал.

Мақаланың тоқетерін Ілиястың барша халықты адамдыққа тәрбиелейтін:

**«Хақ сейле, қызыл тілім, адап сайрап,
Тапсырдым бар ойымды саған арнап.
Көнілім, арам ойлаң аландама,
Алмаққа біреуді алдан, біреуді арбап», – деп өзіне серт берген
«Өзіме» деген өлеңімен аяқтамақпын.**



АҚЫН. САЗГЕР. ЖУРНАЛИСТ

– Алло, Ғабеке, сізде Жұман Қабдолдаев ағаның Әлияс Жансүгіров жайлы естелік қолжазбасы бар деп естідім. Соны қарап көрсем қайтеді?

– Кел, газетке шығарсақ тілті жақсы болар еді, – деді облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ғабит Тұрсынбаев.

Ақ қағазға көк сиямен жазылған мәтінді Ғабитке Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Алтын Бүркеева табысталап кеткен екен. Ғабит Тұрсынбайұлы өзіне тән сабырлылықпен мұқият сақталған қолжазбаны ашып, алдыма қойды. Екеуелп оқи баstadtық. Құрметті оқырман, сіздерге сол хаттың мәтінін қаз-қалпында ұсынып отырмыз.

«Ақсу ауданының Басқан ауыл-советінде тұратын қазіргі тұрғындардың ата-бабалары 1930 жылдарға шейін Тал-тал (қазіргі отгон) аймағын қыстайтын. Солардың бірі болып менің әкем Қабдолда да Тал-талдың «Баубектің Талды құдығына» таяу орналасқан үш бөлмелі өз үйімізді қыстаушы еді. Бұл жерден 10-15 шақырым жерде Әлияс Жансүгіровтің (Қайнарлардың) ауылдары болды. Ірі той-томалақтарда осы ауылдардың тұрғындары араласып кететін еді.

Сол балалық шағымның бір есте мәңгі қалғаны – 1927-1928 жылдардың бір қутты күні Әлияс ағаны көргенім. Сол кісіден алған әсерім болды. Алматыдан ауылына келіп жүрген Әлияс қасында бір жігіті бар (ол да қалжынбас, өлең де айтады, атшанамен біздің үйге келді). Устінде ішік болу керек, басында тұлқі тұмак, ақ пимасы бар. Қара костюм-сымының қалталарынан «Папирос» алып тартуы, шақша мұртынан шылым тұтінің бұйраланып шығуы маған ете ұнағаны әлі есімде. Папиростың сабактарын (трупчатка) жинап алып, жасырып тартып үйренген шылымды күні бүтінге шейін тартамын. Қалталы қара сымына еліктеп, тері шалбарыма шуда жіппен дорба тіккеніме әжем мен эке-шешемнің күлгендері әлі көз алдыма елестейді. Өзімен ала келген дәу табақ қағазға баспамен басылған «Еңлік – Кебек» әңгімесін екі тұн оқыған қоңыр дауысты әні әлі есімде. Ол әнін әкемнің кішкентай домбырасына сүйемелдеді. Ақын қонақ келіпті дегенді естіп ауыл-ауылдан жастар жиналды. Сауық болды, айттысты,

түрлі ойындар болды. Келіншектерге арналған өлеңдерін «Шилі өзек, қамыс-ай, бізді ойлай жұр таныс-ай» деп қайырады. Осы ән сол кезде бірден біздің ауылдан ауыл-ауылға тарап кетті. Осы қазірдің өзінде қазақтың 11 буын өлеңін оқысам Ілиястың «Еңлік-Кебекті» оқыған әні ойыма түседі. Сол «Еңлік-Кебекті» біздің үй-ішіміз әнімен жаттағ алдық, кейінге дейін жатқа айтып жүрдім.

Естелігімде көрсеткен 1932-1936 жылдары Алматыда балалар үйі арқылы кооператив техникумында (директоры Бөлебай Исабеков) оқып жүргендеге жерлес есебінде Ілиястың үйіне барып жүретінбіз. Сонда, Қайнарлының жиені болсаң өлеңші-әнші болуың керек қой – дегені маған үлкен әсер бергендей болды. Соған ерлекендей мектепаралық ойын-сауықтар жарысында «Шилі өзек, қамыс-ай», «Балқадиша», «Ауылымдай», «Кәрібайшал» деген әндерді орындалап, құрметке бөленуші едім. Бұл әндеріме директорым болған Бөлебай Исабеков әлі де күә болады. Қапал педучилищесінде оқып жүріп, окушылардың ән-күй үйірмесіне жетекші-ұйымдастыруыш болды. Кеңес армиясы қатарында Строевой әндердің басталуы маған тиісті еді, әрлі де болып орындалатын еді.

Майданнан жазған хаттың көбін өлеңмен жазушы едім, оған арнаған әндерім де болды. Кейін өзгеріп айтып жүрдім. «Қалқама» деген әнімді осы күні «Қалай көресің», «Өзің біл» деген әнімді «Неліктен» деген атап жүрмін. Осы күні бір өлең жазайын десем, соған лайықты ән де пайда болады. Осы күннің өзінде ғана 30-дан астам әндерім бар, сезін де өзім құрастырдым. Соның бір-екеуі ғана газет-журналдарда жарияланды. Басқасы әлі өлі есебінде. «Өлең – ән шығаруыма, әндерді мәнерлі орындауыма алғаш рет әсер беріп еді-ау дегендей, Ілиястың «Шаттық жыры», «Ағынды менің Ақсуым», «Домбыра» деген өлеңіне арналған әндерім де бар. «Құлагер» поэмасын құрметтеп, «Құлагер» деген әнді өлеңімен шығардым, олардың бәрі өз ішімде ғана жатыр. Екіншіден, тіл-әдебиет сабағын оқытуышы әрі ақын, әрі әнші, тіпті бір өлендердің иесі болуы шарт деп түсіндім. Міне, осылардың көбінен толық мағлұмат бар, тек нота оқымадым, білмеймін».

Халық әні атанып кеткен «Шилі өзек, қамыс-ай» әнін Ілиястың шығарғаны талай жерде дәлелденген. Ақсұлық азамат, Қазақстанға енбек сіңірген әртіс Әмірсерік Қалиев аға кезінде бір әңгімені жырдан қызық етіп айтып берген еді.

Бірде Қали Жөкебаевты жерлесі Ілияс Жансүгіров қонаққа шақырады. Қали қонаққа өзімен бірге ақсулық Жұман Қабдолдаевты ертіп барады. Үйге барғанда Ілияс ақын Жұманды жерлес ретінде жақсы қарсы алғып, орыс тілін үйреніп жүргеніне, білім мен өнерге құштарлығына қуанады.

Ілекен өзі жайлы да сыр шертеді. Ақсудағы жер аттары туралы да біраз әңгіме айтады. Ақын өз әңгімесінде егін суару үшін Ақсу өзенінен арық қазылғанын, сол атыздың бойынан Ойтоған, Бұрған елдімекендері пайда болғанын қолмен қойғандай айттып береді. Өзінің Дөңшидің етегіндегі Шилі сай деп аталатын жерде дүниеге келгенін әңгімелеп береді. Содан өзінің «Шилі өзек» деп аталатын әнін қоңыр дауысымен екі-үш рет қайталап, орындаиды. Содан әнді Жұманға айтқызып көреді. Әнге жаны құмар жас әнші жерлес ағаның сазын нақышына келтіре орындаиды. Ән авторы жас әншіге разы болады. Ұстаз, сазгер, соғыс ардагері Жұман Қабдолдаев Ілияс Жансүгіров ұсталып кеткен соң бұл оқиғаны ешкімге айтпай, талай жылдан кейін барып Өмірсерік ағаға қаз-қалпында баяндаған берген екен.

Құлагер ақынның бір бойында барлық өнер топтасқан. Ілиястың айттыс ақыны болғандығы жайлы жақсы білеміз. Ақынның Айтолық, Тойымбала, Әлиша сынды ақындармен айттысқандығы сөзімізге дәлел. Ілияс Жансүгіров Мәскеуде Әдебиет институтында оқып жүргендеге фольклорист, қазақтың музыкасын зерттеуші Александр Затаевичпен танысып, талай әнді өзі орындалап, нотаға түсірткен. «Қазақтың 500 әні мен күйлері» деген кітапта А.Затаевич Ілиясты Жетісу өңірінің ән-күйлерін шебер орындаушы және шығарманың қыр-сырын жақсы білетін, қазақтың ауыз әдебиетін оның музыкасын жоғары бағалайтын, келешегі үлкен ақын және журналист деп бағалайды.

Ілияс Жансүгіровтің сазгерлік қасиеті жайлы жары Фатима Габитова «Ілияс сазгер де болған» деген мақаласында жазған еді. Онда ақын «Жастар ұраны» деген өлең шығарып, әнін балаларға үйреткендігін айтады. Алматыдағы Абай атындағы балалар үйінде тәрбиленіп жүрген балаларға үйретіп, Май мерекесінде хормен орындағанын жазған. Ілияс балдырғандарға арнап, «Төрт тұлік жыры», «Жазғытұрым», «Жазғы шілде», «Бақа-бака, балпак» өлеңдерін шығарған.

– Осы бақа туралы әнін Ілекен Үміттің кішкентай кезінде бір женіл

әуенге салып, айтушы еді. Сол өлеңдерінің біразы «Балдырған» атты жинағымен жоғалып кетті. Осы күні айтылып жүрген «Шилі өзен, қамыс-ай» халық әні атанып кетті, – деп өткен күндерін еске алады.

Ақынның көптеген өлеңіне әндер жазылып, орындалуда. Мәселен, «Домбыра» деген өлеңіне Дәнеш Рақыш аға ән жазған еді. Бүгінде оны дәстүрлі әнші Нұржан Жаппейісов орындаған жүр. Сондай-ак, «Ағынды менің Ақсуым», «Шаттық жыры», «Молықбайдың нар қобызы», «Таң» өлеңдеріне композитор Мәлс Керейбаев ән шығарды. Бұл әндерге үлкен концерттерде көптің құлақ құрышы қануда.

Биыл – Ілияс Жансүгіровтің 125 жылдығы. Атаулы күн қарсаңында Ілекенің өлеңіне ән жазып жүрген сазгерлер арасында байқау өткізсе нұр үстіне нұр болмас па еді?! Шығармашылығы кеңінен қанат жайып, өлеңіне ән жазушылар қатары өсері сөзсіз.



НӨЛІНШІ ПАЛАТА

Таң ата тұсіме марқұм журналист Қанат аға Асқаров кірді. Қанат ағаның сұлбасы ғана көрінеді. Бірақ сөйлемейді. Оқырманға түсінікті болу үшін Қанат аға жайлы айта кетейін.

Аттай 31 жыл бұрын, яғни, 21 жасымда Талдықорғанға жұмыс іздел келдім. Имене басып, Талдықорған облыстық «Жерүйік» газетінің редакциясына кірдім. «Журналист Қанат Асқаров» деген кабинеттің есігін қағып, жүзінен мейірім төгіліп тұрған ағаға өзімнің ҚазМУ-дің журналистика факультетінде оқып жатқанымды, сырттай бөлімге ауысып, мамандығым бойынша жұмыс істегім келетінін айттым. Ол мақсатымды естісімен қалада тіркеуде жоқ адамды ешқайда қызметке алмайтынын ескертіп, сөзі өтетін бір училище директорына хабарласып, жатақханаға тіркеуге тұрғызып, облыстық телерадиокомитеттің бас редакторы Серік аға Жортановқа айтып, келісім-шартпен жұмысқа орналасуыма жәрдемдесті. Қанат аға сондай жүргі үлкен адам еді. Көнілі тұскен адамға көл болатын. Бұрын-сонды көрмеген, ағалап алдына барған маған барлық жақсылықты осылайша бір күнде үйе салды. Кейін де өмірде бір-екі рет әділетсіздікке тап болғанымда қорғап қалғаны бар.

Сонымен, үйқыдан ояна салысымен түсімді жорыдым. Түйсігім Қанат ағаның маған бір қауіп төніп тұрғанын ескерткенін ұғындырыды. Тіршілігінде қанатының астына алыш жүруші еді, рухы әлі де жебеп жүр екен ғой деймін жақсы ағаны сағына еске алыш. Сақ болуым керек.

Екі күннен бері төсектен тұра алмай жатырмын. Кеш бата ыстығым көтерілді. Дірілдеп-қалшылдап барамын. Күндегіден өзгеше. Жүрегім айни береді. Қара терге түстім. Көзім қарауытып кетті.

«Жедел жәрдемге» хабарластық. Диспетчер шақырушылардың көптігіне байланысты кезегімнің бір тәулік ішінде бір-ақ келуі мүмкін екенін айтты. «Жансәулені шақырындар» деймін. Ол жұбайым Жанаттың інісі, яғни, қайнам Жанасылдың қызы, өзімнің де қызым.

Жансәулем қалалық емханада медбике. Соңғы кезде осы сырқатпен күрестің бел ортасында жур. Яғни, кеселдің қыр-сырын жақсы біледі. Көп ұзамай «Маматай, не болды?» деп Жансәулем жетті. Кеудемді тыннады.

— Мама, кеуденізде сырыл байқалмайды. Бірақ бұл кеселдің өзгешелігі сол, оңай-оспаққа сыр бермейді. Өкпенізді тазалай берсін, — деп «Амбро» уколын салды.

Не де болса «Жедел жәрдемді» күтейік деп шештік. Төрт сағат дегенде фельдшер де келді. Медбике орыс қызы екен. Ағзамды мұқият тексерді. Үш күн бұрын шақырған «Жедел жәрдемдегі» фельдшер жігіттей «Ангина, саспаңыз» деп тұра қашпай, ойлы көзімен өзіне көңіл аудара отырып: «Қазір дәрі жоқ. Сізге міндettі түрде аскорбин қышқылының уколын салу керек. Ол қазір облыстық ауруханада ғана бар. Танысыңыз болса, сол жақтан алғызыңыз. Ал, таңертең міндettі түрде қалалық емханаға барып, рентгенге түсініз» деп кетті.

Таңертең Жансаям мен Жансәулем емханаға апарды. Жансәуле рентгеніне түсіріп, нәтижесін көріп, ем тағайындағанша қасымда жүрді. «Бронхы қабынуы, яғни, бронхы пневмониясы» екен. Дәрігерден сырқатым қауіпті ме деп сұрап едім, жазып берген дәрілерді тауып, тұракты ем алсам жазылып кететінімді айтты.

Сонымен, дәрігер тағайындаған анықтама мен керек дәрілер тізімін алышп, көше бойлап дәрі ізделеп келеміз. Қызым дәріхана көрсе көлігінің тежегішін басады. Мен үмітпен күтіп отырамын. Жансаям сабырлы ғой, дәрінің табылмағанын білдіртпеуге тырысып, машинаға әрнені айтып, алдаусыратып кіреді. «Мама, дәрі ізделеп жүргендер көп. Бәрінің қолында бір-бір қағаз. Бір-бірінің телефон нөмірлерін жазып алыш жатыр. Дәрі, укол тапса бір-біріне хабарласпақшы», дейді.

«Жансая» дәріханасына кіріп кеткен балам қомпылдан ренжіп шықты: «Дәрі сұрап едім: «Әлемде жоқ дәрі менде бар деп ойлайсындар ма? Маған неменеге келе бересіндер? Сол дәрілерді өзім де таппай отырмын. Тапсандар маған да айтындар», деп дүрсе қоя берді. «Жарайды, балам, мына індеп елдің бәрінің жүйкесін жұқартты ғой. Шарасыз адам ашуға бой алдырғыш келеді» деймін сабырға шақырып.

Орталық дәріханаға кіріп кеткен қызым құліп шықты. «Дәріхананың ішінде бір кісі екінші адамға айқайлад ұрысты. Түк түсінбей қалдық. «Почему ты здесь ходишь? Сен Ғали Орманов көшесінің бойындағы дәріханалардан іздеуің керек еді ғой. Бұлай бәріміз бір көшениң бойымен жүре берсек дәріні өлгендеге таптаймыз» деп айқайлаты бірі екіншісіне.

Тұс кезі. Көзім қарауыта бастады. Соңғы дәріханадан шыққанда баламның әлсіреп қалғанын байқадым. «Мама, Салтанат көкеге хабарласайықшы. Дәрі тауып берер» дейді қызғалдағым. Салтанат көкесі облысқа танымал дәрігер, инсульт орталығының басшысы – Салтанат Мықтыбаева. Ағайынбыз. Талай рет сырқаттанғанымда жанымды арашалап қалған. Басымызға қыындық түскен сын сағатта қасымыздан табылып, демеп еді.

Салтанат Жексенбекқызының дәрігерлік, адамдық қамқорлығының арқасында өмірге бірнеше қайтара оралып едім. «Хабарласа ғой, оның өз жұмысы да жетерлік. Кедергі болмас па еkenбіз» деймін, Салтанаттың неврологиялық сырқаттарды аман алыш қаламын деп күндіз-түні дамыл таппайтынын, науқастарға көмек көрсету үшін санитарлық авиация тікүшағымен облыстың түкпір-түкпіріне ұшып барып, ем жасайтын жауапты жұмысын еске алыш.

Телефонның арғы жағынан тілеулес әлкемнің: «Жансая, қалайсың?» деген жағымды үнін естігенде үміт оты қылаң бергендей болды. Қызым әпкесіне менің қатты ауырып тұрғанымды жеткізді. Диагнозымды естіген бойда Салтанаттың дауысы қатты шықты.

– Тез ауруханаға жеткіз. Мамана дем жетпей қалуы мүмкін. Бірден облыстық ауруханаға барындар. Рентгеннің қағазын көрсетсендер, жатқызады», – деді. Сонымен Алла қарасып, Салтанат Жексенбекқызы себепкөр болып облыстық ауруханаға қабылданым.

Көңіл-күйдің адамы болғандықтан ба, мен ауырсам өліп-талып, барып-келіп сырқаттанамын. Ел сияқты емханада 10 күн жатып, емделіп шығып кету деген жоқ. Тұыс-туғанды аяғынан тік тұрғызамын.

Ойпырым-ай, біздің жүйе қағазшыл ғой. Тынысым тарылыш, тамағым кеуіп, жаным шығып барады. Бұлар әлі қағаз толтырып отыр. «Мына кісі бозарып кетіпті ғой. Тез бөлімшеге апарындар» деген тапсырма берілмейінше компьютердегі қызылшылдың отырып алды.

Аурухананың 3-қабатына әзер көтерілдім. Тамағым қысып, дем жетпейді. Ентігіп әрең тыныстаймын. Мұнда да қағаз толтырыла бастады. «Шіркін-ай, – деймін іштей. – Алдымен алғашқы көмегін көрсетсе ғой».

Медбике санитар қызға мені палатаға апаруға тапсырма берді. «Қай палатаға? Орын жоқ қой», – дейді көзі шарасынан шыққан бойжеткен. «Нөлінші палатаға апарыңыз!».

«Атауы қандай жаман еді?!» деп ойлаймын ішімнен. Нөлінші палата... Қорқынышты екен. Нөл деген жоқ деген сөз емес пе?

Ішінде үш әйел жатыр. Амандаспақшымын. Көзімнің бұлдырағанынан жаңағы әйелдердің түсін ажырата алмай далмын. Орыс па, қазақ па, қай тілде амандассам екен деймін іштей.

Есікке жақын жатқан әйелге тесіле қарасам, жасы өзім қатарлы қараторы қазақ әйелі екен. «Амансыздар ма?» деймін дауысым шыгарышықпас. Санитар келді де сырқаттардың көптігіне байланысты көрпежастықтың жетіспейтінін айтып, жамылғы ғана беріп кетті. Басқа жастайтын жастық та жоқ екен. «Мейлі, – деймін ішімнен. – Ем жасасандар болды».

Лоқси бергенімнен ыстығымның көтеріліп тұрғанын байқап, жүрек айнығанға қарсы ине салды. Жөтел қысып барады. Қеуде тұсым ауырады. Арқам да шаншиды. Бүкіл ағзам бір-біріне бағынбай кетті. Үңқылым өршіп барады. Тамырымнан сұйықтық жіберді. Демалсын деді ме, кешке қарай анальгин мен демидролды қосып үйіктатты.

Тұн ортасында оянып кетсем, ыстығым көтеріліп кетіпті. Жанымды қоярға жер таптай жатырмын. Құркілдеген жөтел әлсіретіп жіберді.

Мениң жоғары жағымда жатқан әйел оттегі жастықшасымен ғана тыныстайды. Жағдайы ауырлап бара жатса аппаратқа қосады. Дәрігерлер қасынан шықпайды. Қеудесінің сырылы аппарат арқылы палатаға естіліп, бөлменің ішін үрейге бөлейді. Қорыққанымнан бір уыс болып жиналып, бүркеніп алды.

Медбикелердің көңілін өзіме аудармауға тырыстым. Өйткені, бөлімшеде қасымдағы сырқаттан басқа бірнеше адам ауыр жағдайда. Медбикелер жалғыз аппаратты демі таусылып бара жатқан әр адамға кезек апарады. Жарығы үнемі өшіп-жанып тұратын қондырғыны дәліз бойымен салдырлатып-күлдірлетіп сүйрей жүгіргенде миң шыңылдайды.

Тұн ортасы ауғанда денем қалшылдап кетті. Аяқ-қолым өзіме бағынар емес. Жамылғым да дірілдейді. Жүрегім айнып, лоқсимын. Үстық өлшегіш сұрайын десsem, медбикелер алашапқын болып жүр. Менен де жағдайы ауыр, өмір мен өлімнің арасында арпалысып жатқан адамдарға ауа жүткізу үшін жан алып, жан береді.

Ақыры, градусник алуға өзім барайын деп шештім. Күндіз посттағы шкафта градусниктің тұрғанын көріп қалғанмын. Төсектен

сүйретіле түсіп, қабырғаны жағалап, ілбіп дәлізге шықтым. Емделіп жатқан бір еркек постта іш киіммен ғана отыр. Палатада ауа жетпеген соң демалып отырған түрі. Дәл градусник тұрған шкафтың алдына жайғасып алышты. Менен ыңғайсызданды ма, жоқ әлде «қорықпаныз» деген ишараты ма, жақындаған едім, бетіме қарап ыржып құлді. Үлкен адамның тәбесіне қол созып градусникті алғанға ыңғайсыздандып, кері қайттым.

Сүйретіліп бара жатыр едім, жағдайы ауырлаған науқас жатқан темір төсекті сүйреткендер жанымнан жүгіріп өте шықты. Сүйретпенің дауысы дәл пойыздың даусындай. Көрініс тәбе құйқамды шымырлатты. Аяққа оралмай, орныма барайыншы деп төсегіме жетіп құладым. Әлекке түсіп таң атырдым.

Таң ағарып атқанда бөлмеге ұзын бойлы, жас дәрігер қыз кірді. Қасыма келіп жағдайымды сұрады. Түнде қызуымның көтерілгенін айттым.

- Ыстығыңыз қаншаға көтерілді?
- Меніңше, 39 болды ғой деймін.
- Өлшедіңіз бе?
- Жоқ, алдыңғы күні 39 болғанда дәл солай қиналғанмын.
- Неге медбикені шақырмадыңыз?
- Өздері ана кісіні (қасымдағы әйелді нұскап) құтқару үшін алашапқын болып жүрген соң үнде медімім.

Дәрігер қолындағы аппаратка сұқ саусақымды кіргізіп, сәлден кейін: «Сатурациясы 93, жүрек соғысы минутына 110. Тахикардия, тез электрокардиограммаға түсіріндер. Тамырынан церакцион жіберіндер, емді жаңадан тағайынтаймыз», – деді де шығып кетті. Медбикелер жүгіріп жүріп жүрегімді кардиограммаға түсірді. Укол мен система ұзағынан жасалды.

– Жаным-ау, ауырған соң келдің ғой. Жағдайыңды айтпасаң олар қайдан біледі? Мен де ыстығыңың көтерілгенін байқамаппын, – деп қасымдағы Аманай шыр-пыр болып жүр.

Миым дың-дың, жүрегім дір-дір. Бар үмітім дәрігерлерде. Ал жоғары жақтағы Шәкура әлі тыныс алу аппаратында. Мықтылығына таң қаламын. Бой бермей күресіл жатыр. Арасында тынышталғанда «Реанимацияға әкетпесе екен» деп қояды.

Аманай бізден бұрын келгендіктен сырқаты жеңілдеген. Ол

Шәкура екеумізге ыстықтап шай береді. Көрпемізді қымтайды. Киімізді ауыстыруға көмектеседі. Алғысымызды қоса жаудырамыз.

Үшінші күні маған цефтриаксон уколы жаға ма деп сынама жасап көріп еді, қолымның ине салған жері ісіп кетті. Төртінші күні медбике тұскі уақытта келіп, укол салайын деп жатыр. «Айналайын, бұл уақытта маған укол салмайтын. Андағы не?» десем, «цефтриаксон» дейді. Өзі жылдам екен, сұйықтықтың біразын денеге жіберіп ұлгерді. Корыққаннан қалышылдан кеттім. Есін жиып, сөйлеуге жарап қалған Шәкура: «Оған ол укол кеше жақпаган. Не істеп жатырсындар?» деп шар ете қалды. Сөйтсек, алдындағы медбике аталмыш уколдың маған кері әсер еткенін журналға жазбай кетіпті. Сейтіп қарадан қарап өліп қала жаздадым.

Сол күні кері әсер еткен уколдың біразы денеге жіберіліп қойғаннан ба, жоқ, системаның бірі жақпады ма, өкпе тұсымның ұлгайғанын, демалуымның қындағанын сездім. Негізінде аузым берік адам еді. Бірақ шыдамай цефтриаксонға қатысты болған жайтты тұнгі кезекшіліктегі медбикелерге айтып, өкпе тұсымның ауырлағанын, алқынғаннан дем жетпей бара жатқанын айтып, диагнозым мен нақтаманың сәйкестігін тағы бір тексерулерін өтіндім.

Бесінші күн дегенде Шәкура замандас аппаратсыз өз бетінше демала бастады. Куанышмызыда шек жоқ. Өзі бір аккөңіл адам. «Қыздар, гимнастика жасайық, шай ішейік» деп бәрімізді өмірге ынталандырады.

Кешке сырқаттардың көбеюіне байланысты қасымызға тағы бір төсек қойды. Бұрын да күннің ыстығы мен терезенің ашылмайтынынан ауа жетпей жатқан төртеуміз бесінші адам қосылған соң тіпті есенгіредік. Менің енді қан қысымым төмендеп кетті. Жан-жағымдағылардың сөзі күнгірлеп естіледі.

Түн ішінде Шәкура оятады. «Мына адам терлегеннен малмандай су болды. Менің жаймамды беріп едім, ол да шылқып кетті. Суық тиіп қалмасын, жамылғынды бересің бе?» дейді. Көрпемді беріп, өзім біртұтам жаздық халатымды бас-аяғыма жеткізіп, жан-жағын түмшалап, жұмыртқаның ішіне тығылғандай бүрісп алдым.

Сырқаттанып жатқанда елдің телефон сокқаны да жүйкеге тиеді. Арғы жақтағы адамның не жайлы айтқанын бірде түсінсөн, бірде түсінбейсін. Айтқан сөзіне жауап күтіп тұрып алғындарды

қайтесің? «Дұрыс жауап бермедин» деп ренжитіндер тағы бар. «Жаны ашымағанның қасында басың ауырмасын» деуші ме еді? Оның үстіне сөйлегенде еркін тынысты алмағандықтан қақалып-шашалып қаламыз. Бір-біріміздің жүйкемізге тимес үшін палатадағылар телефонмен ұзак сөйлеспеуге уәделестік.

Жанар құрбым хабарласты да: «Жаным, Гүлжан, ауруханаға түсіп қалыпсың ғой. Тез жазыл, мазанды алмайын, телефонды сөндіремін», – деді. «Осындай түсінігі мол адамдардан айналмайсың ба?» деймін іштей.

Укол салатындардың ішінде барлығымыз Асылжан деген ұлды жақсы көреміз. Қасына келеді де тізе бүгіп отыра қалып, сұйықтық жақсы жүретін тамырыңды таба қояды. «Мына тамырыңыз ұнап тұр. Ренжімесеніз, осы жерге салайыншы» деп көк тамырыңды уақытша «сұрап алады».

«Тамыры қашатын» сырқаттардың барлығына Асылжан ем жасайды. Кейде сырқаттар шулап, оны үйінен шақыртып алады.

«Қаныңды тексереміз» деп алып кеткендер бірер минуттан соң құтыларын көтеріп қайта келеді. «Қанымды сорып бітірдіндер ғой» деп мен шыр-пыр боламын. Сөйтсем, қаным қоюланып кетіпті. Яғни, тромбыға айналуға аз қалған. Лабораторияға жетпей ұйып қала береді екен. Сонымен менен сынама алушылар бесінші ретпен әрең тоқтады.

Барлығы 60-70 адам жатқан бөлімнеде екі дәрігер. Біріншісі – Нәзира Нұрланқызы. Бір қызығы, мен осы Нәзираның Ұлбатай апасы жайлы бір кезде «Ұлбатай ана» деген мақала жазған едім. Алтын құрсақ ананың немересі де мықты дәрігер болышты. Сөзі мен ісіне мығым. Жасты да, кәріні де аяқта тұрғызып, емдел шығарып жатыр.

Екінші дәрігер – Меруерт Тілеуkenқызы. Нағыз дәрігер. Сырқаттарды жылды сөзімен, женіл қалжыңымен, жан-дұниесін түсіне білетін қасиетімен-ақ емдел жібереді. Әр сөзінді мүқият тындал, сырқатыңың сырына үңіліп, жағдайыңа қарап, сабырлы қалпымен ой түйіндейді. Бүгінде көшпілік дәрігердің бойынан осы қасиеттерді іздейді. Ізгілік, мейірім, қайырым, жылды жүз Меруерттің бойында молынан бар.

Не деген онбаған кесел деймін де. Шілденің 1-де тамағым ауырып бастады. Ал, 9-да ауруханаға түстім. Бар-жоғы 8-9 күнде ағзамды түгел жаулап алды. Ауруханада 12 күн ем алдым. Әлі де әлсізбін.

Жата беремін. Қан қысымым көтерілмейді. Басым мен-зен. Жүрегім жиі соққанда үй ішінде аласұрып кетемін.

Бүгін жеті шелpek пісірмекші болып едім, біресе ұнды төңкөріп алдым, біресе үстелдегі қантты төктім. Шелpek те пісті, мен де әлсіреп құладым. Дәрігердің айтудынша, толық жазылу үшін 1-2 ай керек. «Алла, күш-куат бере гөр» деп жалбарынамын.

Адамның басы – Алланың добы. Қай күні, қай жерден дәм татарынды білмей қаласың. Індегі біздің де жанымызды шырқыратып, жақсылап қысып алды.

Ауруханада жатқанда түйгенім – емханаға кесел дендемей бару керек. Демің барда жетсең дәрігерлер бар жанын салып, аман алып қалады. Демің таусылар шақта апарылғандарды құтқара алмай қалады... Әсіресе, жауапты қызметте жүргендер елдің қамын ойлаймын деп емханаға кеш барып, өкініп қалып жатырмыз. Ет пен сүйектен жараган әр пеңдеге денсаулық керек. Ендеше, бір-бірімізге жанашырлық танытайық. Жан олжа!



ҮШ ЖЫЛҒА БЕРГІСІЗ ҮШ КҮН

I. ҚАЗАҚТАРҒА ҚҰРМЕТ

Ілияс Жансүгіров ақталғалы 60 жылдан аса уақыт өтіпті. Қазақтан шыққан алғашқы кәсіби білімі бар журналистің енбегін зерттеп, шетелде қалған мұраларын тауып, зерделеу үшін арнайы экспедиция құрылды, терістіктері Ресейді бетке алдық. Маңызы зор танымдық сапарға облыс әкімі Амандық Баталов қолдау білдірді. Ұйымдастыру шараларын облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жүзеге асырды. Еске сала кететін жайт, Илияс Жансүгіров 1925-1928 жылдары Мәскеудегі мемлекеттік журналистика институтында оқыған. Азаматтардың рухани құндыштықтарды қастерлеуі, Алаш ардақтыларының онегесін үлгі етуге қамқорлық танытуы жұмыс істеуге барған ғылыми топтың тынысын ашты. Сонымызда қазақ деген ел-жүрттың үмітін үкілеп тұрғанын сезген сайын жауапкершілік жүргі ауырлай түсті. Барды тауып, алып қайтамыз деп тістенген қалпынызда жұмысқа кірістік.

Бұдан бір ай бұрын Ассамблеяның ұйымдастыруымен қаламгерлер мен ғалымдар ақынның туған жері Ойтоғанға барып, Құлагер ақынды дүниеге әкелген топыраққа зиярат етіп қайтқан едік. Ол жайлы «Жетісу» газетіне мақала жарияланғындықтан бірден Ресейге аттанған керуениннің бастан өткөрғендерін қаз-қалпында баяндауды жөн санадым.

Ұшақ іші кең-ақ екен. Үш адамға арналған орыннан бірнеше қатар. Билеттегі реттік сан бойынша орнымды тапқанда жолсеріктерім үндістандық жігіттер екенін білдім. Олар да үшінші адамды тосып отыр екен. Жайғасып жатқанымда қасымдағы терезе жақтағының құлағына сыйырлады. Бет әлпетінен жақсы сөз айтпағанын байқадым. Мүмкін, ер адам болмағанына ма, әлде қалжындастып отыратын бойжеткен бұйырмағанына ма, әйтеуір қуанбады. Ортадағы кісі басын қиқаңдатып, өз тілінде дауысын шығарып ән айтып, есер міnez байқатты. Еркіnmіn деп сес көрсеткісі келетіндей ме?! Әр адамның алдында сенсорлы теледидар. Тетіктері бармақ арқылы басқарылады. Компьютерді жұмыстағы бағдарламашы Санаттың арқасында тәп-тәуір менгеріп алып едім, сол абырой болды. Әйтпесе, қасымдағы

есердің алдында бір саты төмендеп қалар едім. Махаббат жайлы түрік фильмін тездегіп қосып алдым да, шәниіп отыра қалдым. «Еңкейгенге еңкей, шалқайғанға шалқай» деген ұлттың ұрпағымыз. Ешкімге есе бермеймін деген ұстанымды мен де байқаттым. Ұшақтың арнары күрылғысынан жерден көтерілетініміз, қауіпсіздік белдігін тағуымыз керектігі жайлы хабарланғанда көзілім пәс тартты. Қазақ тілінде сөйледі дегені болмаса, не айтып тұрғаны түсініксіз. Дайын мәтінді оқыған қазақ емес. Болса да тіл білмейді. Бірақ тілдің бұл жерде мәні жоқ сияқты. Не де болса ұшақтың заңына көнуге тұра келді.

Аспанға көтерілгеніміз сол еді, қасымдағы үнді жігіт мен жақтағы аяғының үстіне екінші аяғын қойып тағы бір «өнерін» көрсеткісі келді. Табаны маған қарап тұр. Қаным басыма тепті. Ортақ тілде сөйлей алмасам да, сұқ саусағыммен тобық тұсын көрсетіп, «Ей! дедім. Дауысым жұмыстағы Санатты компьютердің бұзылғанына кінәлап, қалжындал сөйлейтін мәнерде шығып кетті. Ол аяғын тез тартып ала қойды да, демін ішіне тартып, терең күрсінді. «Мына қытымыр бәле барғанша қозғалтпайтын болды» деген ойын осылай байқатты. Мейлі, рухымды көтеріп алдым.

Алып боинг Мәскеуге келіп қонғанда бізді қонақүйге апаратын такси күтіп тұрды. Жолсапарды ұйымдастыруышылар «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәнірберген Қасымберкебаев пен облыстық Ассамблея төрағасының орынбасары Ғабит Тұрсынбай барлық жағдайды жасапты. Такси жүргізушісі қала жайлы біраз мәліметті жайып салды. Тұрғындарының саны – 12 615 279. Мәскеуде 6 әуежай, 9 теміржол стансасы бар екен. Қаланы Кенес одағы кезіндегі қалпында қалдырыпты. Мұлде ештеңені жаңартпаған десе де болады. Құрылыш материалдары сапалы. Опрысылып, тесіліп жатқан жоқ. Құлаған, сынған, қисайған дүние көрінбейді. Есік-терезесі ағаштан. Жаңалауды бюджеті көтермейді емес. Бірақ кезінде Кенес одағының кіндігі болғанын айқындал тұруды мақсат еткен сияқты. Әлде сол кезді аңсайды. Бұл жағы белгісіз.

Қонақүйге барғанда байқағанымыз үнемшіл екен. Біздікіндей әр адамға тісжуғыш паста, тәпішке қойылмаған. Сұрасаң ғана экеліп береді. Қонақүйдегі ұсақ-түйек шаруаларды негізінен сырт елден келген жалдамалы жұмысшылар атқаратын көрінеді.

Таңертең Қызыл аланды бетке алдық. Өйткені, «Илияс ізі»

экспедициясы қаламгердің соқпағын сол жақтан іздеуді жөн көрді. Қызыл алаңның жан-жағы кітапхана. Бізде тойхана көп болса, оларда мұрағат пен мұражай аттаған сайын менмұндалайды. Жақсылыққа жаны құмар Ілекең мәдени орындарға бармауы мүмкін емес. Біз орталыққа барғанда Мәскеу қаласының 875 жылдық тойы тойланып жатыр екен. Әр адым сайын қауіпсіздік қызметі тексеріс жүргізеді. Абыройлы ел ретінде бізге ешкім күдік, күмәнмен қараған жоқ. Ұлттымызды, қай республикадан екенімізді білсімен жолтымызды ашты. Қазақ болғанымыз үшін тәубемізді айтып келеміз. Кейбіреулердің сөмкесін ақтарып-төңкеріп, шетке алып кетіп жатты. Біз алшандай басып Қызыл алаңға келдік. Сол сэтте қасиетті қара шаңырақ – «Жетісу» газетіндегі Мәулен Әнербайдың туған күні екені есіме түсті. Журналистік кең жайлау көңіліммен әлгі жерде тұра қалып, ғаламтор арқылы Мәуленді дүние есігін ашқан күнімен құттықтадым. Бір іс тындыргандай қуаныштымын.

Тар көшениң бойына түскенде Ілекең табанының ізін басып келе жатқандай күй кештім. «Мына жолмен бір кезде Ілекенің өлең оқып бара жатуы мүмкін ғой. Алаш ардақтысы осы жерде ой толғаған шығар» деген ойымды дауысталп жібергенімді қасымда келе жатқан Сәуле Әлханқызы естіл: «Мамандығының фанаты екенсіз ғой», – деді. Содан екі адым аттағанда жаяу жүргіншілер жолының шетіндегі «Ресей мемлекеттік кітапханасының Шығыс әдебиеті орталығы» деген жазуы бар есікке тірелдік. Жолбасшымыз Ғабекең тұтқаны тартып көріп еді, есік ашық екен. Алдымыздан шыққан кітапхана күзетшісі, әйел полицей біздің қазақ жерінен келген зерттеу тобы екенімізді білсімен арғы жақтан мекеме басшысын шақырды. Ол мақсатымызды түсінген соң қазақ кітаптарының қорына қарай жол бастиады.

Бірінші залға кірдік. Ол басқа ұлттарға арналған екен. Есілдертім – келесі залға өту. Бірақ кітапханашының айтуынша, бәріміз бірге жүруіміз керек. Қазактың мәндайына сыймай кеткен небір марқасқалардың жәдігерлері бәрі осында сыр бүгіп жатқандай көрінді. Келесі залға кіргенде «Казахские книги» деген қабырға шкафына көзіміз түсті. Бәріміз бір-бір кітаптан алып, ақтарып жатырмыз. Қолыма іліккені «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» атты кітабы. Қазақ жері, оку орындары

жайлы жалпы мәліметке көзім түсті. «Жетісу облысында – 1891 жылы 64 мектеп, медресе болып, оларда 1251 бала оқыған, 1888 жылы 12 мектеп, медресе және 9086 оқушы, 1897 жылы 17 мектеп, медресе, 900 оқушы болған» деген жерін телефонның фотоаппаратына түсіріп ала қойдым. Келесі кітап «Алдаспан» деп аталады. Көне қазақ поэзиясының антологиясы еken. «Қазақ совет балалар әдебиеті» де осында. Өзімізде де бар кітаптар ғой. Бірақ Мәскеудің төрінен көрген басқашалау әсер етеді еken. Біздің кітап екі шкаф.

Шығыстану орталығындағы картотеканы актарғанда мемлекеттік кітапханада Ілиястың бірнеше кітабы бар деген деректі кезіктірдік. Қазынаға жақындал қалғанымызды сезінгенде жүрек дүрсілдеп, қашан қолымызға ұстайды еkenбіз деген ой дегбірімізді қашырды. Ғылыми топ бірден сонда «ұштық». Сенбіде барғандықтан ол күні тек оқу билетін жасатып ұлгердік. «Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа». Бұл жақта білім-ғылыммен айналысушыларға қай жақтан келсөң де есік ашық. Жеке парақшама журналист еkenімді жазып жатқанымды көрген әдебиеттанушы Елдос Тоқтарбай: «Журналистігіңіз бен «Жетісуынызды» қоя тұрыңыз. Тілшілердің сенсацияға құмар еkenін біледі. Көрген-білгенін әсірелеп жарияладап жібереді деп сізге мәлімет беруден бас тартуы мүмкін. Құжатты филология ғылымының кандидаты деп толтырғаныңыз жөн», – деп кеңес берді. Жұмыс орны деген бағанадағы «КФН-ді» оқысымен, олар басқа көзben қарай бастады. Ғылым, білімді ерекше қадірлейтін ел еken.

Сонымен, кітапханаға кіруге рұқсат қағазымызды алыш, анаумынау емес, кезінде 15 ұлтты басқарған мемлекеттің кітап қорын кіруге бір адым қалғанына көніліміз өрекпіп шықты. Бір-бірімізге қарап: «Бастамасы жаман емес. Е, Алла, қолдай гөр!» деп бас шұлғысып қоямыз. Габит Тұрсынбай бастаған топ бізді кітапхананың сыртында күтіп тұрды. Оқырман билетін алыш алақайлап шықтық. Бірақ дүйсенбіге дейін іздеген затымызды көре алмайды еkenбіз. Сол бетімізбен Мәскеу күніне Алматы облысынан арнайы келген делегацияны іздең, халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне (ВДНХ) жол тарттық. Көп жерді жаяу араладық. Жол бастаушымыз – Елдос Тоқтарбай. Қазақстандағы бүтінгі жастардың ең білімдісі десек артық айтпаймыз. Білмейтіні жеті қат жер астында. Кез-келген тақырып қозғалса тосылмайды. Жол бастап келе жатып, екі қолын

қанатша жайып жіберіп, жан-жағына теңселіп, ұшақ болып ойнайды. Бірде дана, бірде бала. Көрмеде облыс тіккен қазақ үйге жақындастық. Қала тұрғындары жан-жағын қаумалап алыпты. Қолөнер шебері Дәulet Дәркембайұлы біріне білезік, біріне сақина жасап беріп жатыр. Қамшы, торсықты қызықтаушылардың тарқайтын түрі жоқ. Кезек күткен адамның қарасы көп. Көрменің ұйымдастырушысы – облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысы Мәрлен Көлбаев. Нөпір халықты итере-митере қоршалған көрме алаңына өтіп кеттік. Өзіміздікі деп «есікті теуіп» кірген түріміз. Мәрлен де аң-таң. Бір орыс әйелі маған келіп: «Кияр мен қызанақ сатыңызшы. Қазақстанның асы экологиялық таза, нәрлі. Ет әкелмедіңіздер ме, сіздерде ет дәмді дейді ғой», – деп жат та келіп жабыспасы бар емес пе?! Мәрлен Қапашұлына мына адамды жалындырмай, қиярдың бір келісін сата салайықшы десем көнбейді. Ақыры Мәскеуде естелікке бергенге керек болар деп «Тойбастар» дүкенінен сатып алған 12 ойыншық домбыраның біреуін сыйлап құтылды. Көрмені тамашалауға келген халықтың қарасы қалың.

Ұшқан құс, жүгірген аңға керегі – тамақтың тоқтығы. Ас ішуге кірген асханамыздан шығып бара жатқанда киім ілгіштегі ресейлік мажармен сөйлесудің қисыны келді. «Сендер, қазақтар, мықтысындар! Қадірлейміз! Қазақ десе, берекелі, дәулетті, білімді азаматтар көз алдыға келеді. Бекзаттықтарың байқалып тұрады. Жүріс-тұрыстарың қандай! Елдерінде тыныштық, береке-бірлік бар. Бұл жаққа келген әр қазақтың еңсесі биік. Кейбір халықты мұнда қызметке жолатпайды. Тіркеуте де қоймайды. Өз елінің тыныштығын сақтай алмағандар біздің көсегемізді қалай көгерпек? Ал қазақтар аз, саз келеді», – деп мерейімізді өсіріп таstadtы ағынан жарылған ол. Қызметкер, саясаткер емес, ойын бақай есепсіз айтады. Алдыңғы кітапханаларға барғанымызда: «Қазақстанның келген экспедиция едік, ақыннымыздан қалған жәдігерді іздел жүрміз», – дегенде құшақ жая қарсы алғанынан-ақ жігерленгенбіз. Бұл да мерей өсірді!

7-қыркүйек. Демалыс. Таңертең облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ғабит Тұрсынбай мен Достық үйінің директоры Тәңірберген Қасымберкебаев бастап, қазақтың өнеріне өлшеусіз еңбек сіңірген, Илияс Жансүгіровтің рухани досы Александр Затаевичтің зиратына барып, гүл шоғын коюды мақсат

еттік. Бардық, көрдік, мұсіннің кеуде түсінде домбыра ұстап отырған қазақ жігітінің бейнесі сомдалыпты. Бәріміз мынау Ілекен ғой деп ақынның көзін көргендегі шұрқырасып жатырмыз. Бет әлпеті мен мұрны келеді. Гүл қоятын жер жоқ. Арам шөп басып кетіпті. Жүрегіміз ауырды. Қазақ әнін нотага түсіріп, жоғалудан аман алып қалған арыс зиратының қоқыс арасында қалғаны қынжылтты.

- Тазалайық, – деді профессор Мұратбек Иманғазинов.
- Бастайық, – деді Тәнірберген Қасымберкебаев.

Сөзге келмей шөпті, қалақайды қос қолдап жұла бастадық. Бәріміз ауылдан шыққанбыз, алақандай жердің шөбі сөз болып па?! Елдос тырма, қолғап алып келгенде, біз шаруамыздың нәтижесін көріп, риза болып түрғанбыз. Гүл шоқтарын қойған соң Алаш партиясын құрушы Элихан Бекейхановтың қызы Елизавета (Зейнеп) апамыздың зиратына зиярат еттік. Елдос барлық Алаш ардақтыларының атын атап, ескерусіз қалған мұсылман бауырларымызға арнап, Құран бағыштады. Аруақ разы болмай, тірі байымайды. Женілдеп қалдық. Ілекенмен пікірлес жазушы Максим Горькийдің музей үйіне тіке тарттық. Екі қабатты үйде жазушының жеке өміріне қатысты бүйімдар, шығармашылығы, ұстаған заттары қойылған екен. Талай марқасқа бас сұққан киелі шаңырақтан өзімізге керек мағлұматты алып, ары қарай жол тарттық.

8-қыркүйек. Дүйсенебі. Таңертең бізді асханада Ғабит Ұұрсынбай күтіп алды. Кітапханаға баратынымызды ойлад, ерте ояныпты. Сыртқа дейін шығарып салып, қолымызды қысып, сәттілік тілеп аттандырды. Нағыз ізденіс осы сәттен басталды. Қын да қызық жолдар. Елдос бұл қалаға зерттеу жұмысымен 10-шы рет келіпті. Жолды жақсы біледі. Бағытымыз Мәскеудің сыртындағы Химки қалашығы. Бір қызығы және қызығарлығы Мәскеу мұрағат сақтауға, күтіп ұстауға, ғылымға пайдалануға ерекше көніл біледі. Естуімізше, сирек қорды қаланың сыртында, ескерусіз жерде сақтайды. Қалаға қауіп төне қалғанда қорды аман алып қалудың амал-тәсілдерін ойластырған. Қалай риза болмайсың?! Тарихқа, ғылымға деген құрмет!

Химкиге тоғайды жаяу өтіп бардық. Жарты жолды жаяу жүріп өтуге тұра келді. Кітапханашы біздің Қазақстаннан келгенімізді естісімен газеттерді тауып беруге білек сыбана кірісті. «Казахские» деген ұяшықтарды таласа-тармаса актарып жатырмыз. Бізден жарық көрген, қазір де шығып жатқан басылымның барлығы бар. Есіл-

дертім «Тілші» газетінде. Ілияс Жансүгіров 1928 жылы өзі туралы жазған «Өмірбаяным» деген қолжазбасында: «1923 жылдың басынан «Тілші» газетінің бір жазушысы болдым. Менің қалам қызметімен айналысқаным осы 1923 жылдан, «Тілшіде» мақала, оқшау өлең жаза бастадым. Сол «Тілшіге» күні бүтінгө шейін жазып тұрам» деп басылымның белсенді тілшісі болғанын қадай айтқан.

«Тілші» бүтінгі өзім қызмет ететін «Жетісу» газетінің бұрынғы аты. Ендеше, «Тілшінің» алдымға келген әр санын сүйіспеншілікпен актарып, қызығушылық танытуым заңдылық. Газеттің біраз бетін суретке түсіріп алдым. Сол кезде алдымызға сіздерге өтірік, бізге шын Ілекенің бірнеше кітабын алғып келді. Бөтен елде жүргенімізді ұмытып, айқай салып, бір-бірімізді құшақтап, алақайлап жатырмыз. Жанарыммызға жас толды. Ақынның өзін көргендей күйдеміз. Үңіліп тұрып оқимыз. «Жаңқа», «Беташар», «Құл», «Сықақ», «Жаңа жыр». Өзімізде бар «Дала», «Жорық», «Жаңа туған», «Жастарға», «Қүйші» де осында екен. Құн-құрғак, тап-таза. Бірі – латын графикасында, екіншісі – төте жазуда. Университетте қашып-пысып жүріп араб тілінен дәріс алған едім. Ежіктеп оқуға жарайды. «Тілші» газетінің әр бетін парақтаймын.

Тұс мезгілінде кітаптың электронды нұсқасы дайын болғанша қасындағы асханаға барғанбыз. Тәжіктер жаңадан ашып жатқан дәмхана екен. Алғашқы қонақтарымыз қазактар деп қуанды. «Астанадан келдіңіздер ме, ой, кешіріңіздер, Нұр-Сұлтан деп аталады ғой» деп сый-құрмет білдіріп жатты. Бізге құрмет ретінде бір табақ күрішті ортамызға тегін әкеліп қойды. Көніліміз өсіп, кітапханаға қайта бардық. Сөз арасында Елдос оларға бір күн бұрын Александр Затаевичтің зиратына гул қойғанымызды айтты. Олар таңырқағанын жасыра алмады. Жас ғалыммызың олардың күмәнін сейілту үшін зираттың жан-жағын тазалаған бейнежазбаны көрсетті. Олар: «Сіздер қазақсыз, ол болса орыс. Неге сонша құрмет көрсетіп жүрсіздер? Біз білмейміз мысалы, Затаевичтің зиратының қай жерде екенін» – деп таң-тамаша болып сұрады.

– Композитор қазақтың мәдениеті мен өнеріне мол еңбек сінірген. Біз, қазақтар, өзімізге жақсылық жасаған адамды төбемізге көтереміз. Атын да, затын да, еңбегін де ұмытпаймыз, – дедік. Олардың қуанышында шек жок.

— Сіздер сыйласа да, қуана да білетін, күлсө ағынан жарылып шын құлестін халықсыздар, — деді олар. Макаланың басында болған жайтты қаз-қалпында баяндаймын деп сөз бергенмін оқырманыма. Шынымен де «Шын күле алатын» деді. Риза болғандары сондай, сатайын деп тұрған кітаптың электронды нұсқасының құнын екі есе төмендетті. Аруақтың разылығы ма, орыстардың «какой привет, такой ответ!» ме, әйтеуір шаттанып шықтық. Олар бізге естелік заттар беріп, біз оларға әлгі 12 домбыраның бірнешеуін сыйлап, мәре-сәре болып жатырмыз. Мен де: «Мы как родные стали» деп ілтипат білдірдім. Құшақтасып қоштастық. Кеш бата кітапханадан шықтық. Ертеңінде Ресейдің мемлекеттік архивіне бармақшымыз. Алла жар бола гөр!

Мәскеу қаласы,
Ресей Федерациясы

II. «ТІЛШІ» ТЫНЫСЫ

Көршиңмен тату бол! Бітеп-қайнасып кеткен орыс халқы бізді мұрағатта да жатсынбады. Қазақстан Елшілігі қатынас хат жазып, барлығын ұйымдастырып қойыпты. Бәрімізге кезекпен рұқсат қағазын жазып жатқанда қара басып, төлкүжатымды қонақүйде қалдырып кеткенимді білдім. Ішімнен өзімді-өзім жеп тұрмын. «Шетелде жүріп құжатына ие болмайтын адам бола ма?! Бейқамдығың қалмайды-ау. Тойға баратындай желпілдеп шығып едің. Әріптестерің келгенше жүресің енді жат елдің кошесінде адасқан қаздай» деп өзімді сөгумен әлекпін.

Бірнеше күннен бері қосақталып жүрген достарым мұрағатқа кіреді де, мен сыртта қаламын ба? Қосақталып деуімнің жөні бар. Алғашқы күні кітапханаларды жаяу іздеңде 17 шақырым жаяу жүріппіз. Мұны телефонымдағы «Здоровье» қосымшасының есептеуінен білдік. Барлығы 23000 адым жасаппсыз. Игілікті іске деген құлшыныс шығар алға жетелеген. Өмірімде сонша ұзақ жол жаяу жүрген күнім есімде жоқ. Қош делік. Рұқсат қағазын жасату кезегі профессор Мұратбек Иманғазиновқа келді. Ол өзіне оқырман қағазы жазылып жатқанда терезенің арғы жағындағы

адамға мені де кіргізулерін сұрап, өтініш айтты. Курстасыма риза болып қалдым. Нағыз дос! Есіктің алдында қалдырып кеткісі жоқ. Үміт оты үшқыннады. «Без нее мы никак» деп қояды. Кіргізудің амалы ғой. Эйтпесе, профессор құжат іздеуде қамшы салдырмайтын майталман. Рұқсат қағаз жазушы мұсылман еken. «Бұғінше кіріп-шықсын, ертең құжатын міндепті түрде көрсетсін» деді. Әлгі Талдықорғаннан ала шыққан 12 домбыраның біреуін осы адамға әкеліп бермесем деп, қуанышп қалдым адамшылығына.

Мұрағатта керек құжатты компьютерлік жүйе арқылы іздейді екенсін. Илияс Жансүгіров әдеби мұражайының қызметкері Салтанат Төлегенова екеуміз бір компьютерді ашып, актара бастадық. «Ілияс Жансүгіров жайлы 68 құжат бар» деген жазу шықты. Өз көзімізге өзіміз сенбейміз. Жігіттер бұл кездे орындарынан бізден бұрын тұрыш, сұраныс беруге бара жатты. Бізге қазір келеміз дегенді ыммен түсіндірді. Мұрағат ішінде жан-жағындағылардың ойын бөлмеуің керек. Студенттер, оқымыстылар, шетелден келіп, дерек іздеушілер көп. Бәрінің пейілі алдындағы жазуларға ауған. Бізде жасы үлкен адамдарды көбінесе тойда, аста көреміз ғой. Мұнда жасы жетпістен асқандардың көбі кітапханалар мен мұрағаттарда отырады. Өлі тыныштық.

Аз уақытта ғалымдарымыз қайтып келіп, бастарын бұрып, шығамыз деген ишараг білдірді. Түкке түсінбей жинала бастадық. Сөйтсек, құжат табылғаннан кейін қолға үш күннен соң тиеді деген жауап келіпті. Екеуі жылдамдатып мұрағат директорының орынбасары Елена Анискинаға жолығыпты. Қазақстаннан келген экспедиция екенімізді, 1925-1928 жылдары Мәскеу журналистика институында оқыған журналист бауырымыздың жәдігерлерін іздең келгенімізді айтып, құнды дүниелерді табуды жылдамдатуға көмектессеніздер деген өтініштерін жеткізіпті. Ол сөзге келмей бар құжатты ертең сағат екіде қолға тигізуге уәде беріпті. Осыдан кейін қуаныштан секірмей көр!

— Жақсы адам еken. Ғабит Тұрсынбай Ассамблеядағылармен кездесуге үлттық киімдер алдық деп еді. Артығы болса осы кісінің иығына жабайықшы. Әлгі домбыраныздан қалса, ертең алыш шығыныз, — дейді Елдос.

— Макұл, мақұл, жан-шуағым, барлық істің тігісін жатқызып жүрген ақылынан айналдым, — деймін болашақ ғалымның ақжолтай жаңалығына шаттанып.

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, рухани досымыз, ұйымдастырушымыз Ғабит Тұрсынбай мен «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығы» директоры Тәнірберген Қасымберкебаевқа бар жаңалығымызды айтып, мәресте сәре болдық. Олар шетелге шығып бара жатқан соң кәдесый ретінде көңіліміз тартқан адамға берерміз деп ұлттық киімдер, елде шығатын тәттілер алған екен.

«Қазаққа оң қолынды созсан, сол қолынды бірге тартып алады» деген әзіл аралас шындық бар. Иі жұмсақ адамға ертең барып тағы бір бұйымтай айтпақшымыз. Елена Валентиновна «Жетісу» телеарнасының журналисі Дамир Анитовты да мұрағатқа кіргізуін өтінбекшіміз. Оған сюжет үшін мекеменің ішкі көрінісі керек. Мұрағат заңында камера, фотоаппаратты оқырман залына кіргізе қоймайды.

Камзолымыз берілген «Қазақстан» шоколадын алғып, мұрағат орналасқан Үлкен Пироговский көшесі, 17-үйді бетке алдық. Мәскеудің қымқуыт тірлігіне бейімделіп алғанбыз. Күніне он шақырым жол жүру түк болмай қалған. Жылдамдығымыз Елдостікімен теңесті. Директор кабинетіне бардық. Есігінің алдында күтіп тұрған екі әйелдің бірі Қазақстанда туған екен. Алты жасында көшіп кетіпти. Екіншісі, Мәскеудің тұрғыны.

– Сіздерде тамакты дәу табақпен қояды екен, иә? Осыдан бірнеше жыл бұрын барғанда ас та төк дастарқанды көріп, таңдай қақтық.

– Иә, біздің қунделікті дастарқанымыз сондай. Қонақ келсе, бес адам сайын табақ қоямыз.

– Тәуелсіз елміз деп сөйлейсіздер. Кеңес Одағы кезінде тәуелді болып, қындық көргендей, – деп ол шовинистік көзқарасын да байқатып алды.

Ұлт мәселесіне келгенде нақты дәлелмен ұтымды пікір айта билетін Елдос пен Мұратбек біраз жерге барысты да, татулыққа ештеңе жатпейтінін ойлап тоқтай қалды.

Мұрағат директорының орынбасары Елена Валентиновна бізді жылы қарсы алды. Кешегі қабылдауына рақметімізді айта келіп, сыйлығымызды ұсындық. «Болмайды, рұқсат жоқ» деп азар да безер болып, камзолымызды алмай қойды. Тәтті мен домбыра сувенирді үстелінің үстіне қуана жайғастырды. Ассамблеяның бланкісіне өтініш хат жазсақ, тележурналисті кіргізуге рұқсат беретіндерін айтты.

Мұндай соқпақтың талайынан өткен ғалымдарымыз дайын бланкіні шығарып, өтінішті жаза қойды. Алла көп көрмесін, ісіміз тағы оңға басты.

Қызыл-қоңыр папканы алып келгенде әлпештеп, мәпелеп ұстадық. Бұл – Ілиястың құжаттары салынған қап. Ішінде жер түбінен іздел келген қолжазбалар бар. Қасиетінен айналайын, Ілекенің сонында бір ел жүрміз. Білім іздеген қазақ баласы жаяу-жалпы, итшілеп жүріп оқыған қалаға қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мына заманда, 90 жылдан кейін жәдігер іздел, табан тіреп тұрмыз. Сен болмасаң, мына алпауыт елді көрмегендей екенмін ғой, құдіреттім деймін ойға беріліп. Әрине, бұл біздің осалдығымыз. Тағдырдың тепкісіне сынбаған ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров «Шәкірт ойы» өлеңінде: «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып, күн болам! Қараңғылықтың көгіне, күн болмағанда кім болам?!», – демеп пе еді?! Осы ой-арман әр қазақтың жүргегіне күш түсірсе деп армандадым жат елдің топырағында жүріп. Арамызда тамактың тоқтығынан басқаны ойламайтындардың көп екенін ойлағанда арыстардың жанқиярлық еңбегіне жаңым ашыды.

Тағы да таң-тамашамыз. Шынымен де Ілияс жайлы дүние ме? Қолыма ұстап тұрған Ілекенің жеке құжаттары. Журналистика институтында оқыған кезде мұғалімдердің берген мінездемесі. «Білімін бағалау» деген бағананың тұсына мұғалім «Өте жақсы» деп жазыпты. Бір құжатта «Өз тілінде мықты журналист шығады» деген пікір айтылыпты. «Тіл білгенде орысша жазатын мықты тілші шығатын еді» деген пікірді оқығанда асылымыздың қаламының ұшқырлығын оқу орны ұстаздары да мойындаған екен ғой деген мақтаныш пайда болды.

Тағы бір құжатта: «Мемлекеттік журналистика институтының 1925-1928 оқу жылы бойынша 1 курс, З-топ білімгери Ілияс Жансүгіровке берілген оқу мінездемесінде «Газет ісінің негіздері» пәні бойынша мінезіне тән тұйық екендігі жазылыпты. «Тапсырылған шаруага тыңғылықты. Оқуда белсенді. Табигатының ұстамдылығы, сабырлылығына байланысты өзін көрсетуге құмартаіды, алға озбайды (Қазақы мінез, сынық). Өз ойын сирек білдірсе де, анық жеткізеді», – деп жазылыпты.

Осы жылдары «Тілші» газеті жазғы тәжірибеден қалай өткені жайлы Ілияс Жансүгіровке пікір жазыпты. Онда: «Жазғы демалыс

кезінде Жансүгіров мырза ЦК баспа бөліміне келді. Губком партиясының нұсқауымен баспа бағыты бойынша тәжірибеден өтті. Жансүгіров мырза баспахананың өртеніп кетуіне байланысты газет ісіне араласа алмады. Бірінші, өлкелік комитеттің баспа бөлімі тарапынан оған газеттің техникалық жағын меңгеру тапсырылды. Жетісуда редакторлар жиналысын откізу міндеттелді. Екінші, губерния комитеті тарапынан Жансүгіровке 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 10 жылдығын откізу және Талдықорған уезі бойынша материалдар жинау тапсырылды. Жиналыста ол «1916 жылғы көтеріліс туралы» атты материалдар жинағын көрсетті. Тапсырманы орындау кезінде Жансүгіров мырза өзін сабырлы, жауапкершілігі мықты жұмыскер ретінде көрсетті. Баспа ісіне қызыгуышылығы байқалады. Баспа ісін жүргізуге оған сенім білдіруге болады» дедінген. Пікір білдірген – газет редакторы Айтхожин.

Әттең, жақсының ғұмыры қысқа болатыны қандай өкінішті! Ағамызғажазылған мінездемеде 1927 жылы сабакқа жиі (не регулярно) қатыспағандығы жазылады. Ол жылдарда ақынымыздың сүйікті жары Аманша дүниеден озған еді. Сол жағдай ақынды біраз күйзелткен сияқты. Бірақ оқу бітіретін жылдың барлық қағазға «активный» деген пікір қалдырылған. Құжаттардың ішінде Аманшаның қатты ауырып жатқаны жайлы елден келген телеграмма да сақталыпты.

Сирек қорда «Тілші» газетінде жарияланған мақала ерекше назар аудартты. Жарияланым «Тілші» бүгін үш жасқа толды» деп аталыпты. Мақала 1925 жылғы 18-тамызда, №190 санының 7-бетінде жарық көріпті. Онда басылымға қызмет етіп жүрген бірнеше газет тілшісі суреттерімен жарияланған. Шетінде қасқайып өткір жанарлы Ілекен тұр. Онда: «Жансүгірұлы Ілияс – «Тілші» газеті шыққаннан бері зор көмегін тигізген қаламы өткір, сөзі сұлу тілшінің ірі жазушыларынан саналатын азаматымыз» деп жазылған. Сондай-ақ:

«Сәдуақас Оспанұлы – «Тілші» газетінің тұңғыш шығарушысы һәм осы күнгі жазушылар құрамының мүшесі» деген оймақтай ой тұр. Тағы да:

«Есқызы Сара – «Тілші» газетінің үш жыл үдайы жауапты шығарушысы болып, ерінбей еңбек сіңірген адам. Қазақ ұлтының әйелдер тобынан шыққан жігерлі жұмыскері» деген жанға жағымды пікір айттылыпты. Ең соңында:

«Рахым Омар – Алматы қазақ студиясында «Тілші» газетінің жауапты хатшысы болып, басқармадағы ауыр қызметтің барлығын атқарып кележатқан қаламышебер, сөзіөткір жасжазушыларымыздан» дейді редактор.

«Тілші» бүгін уш жасқа толды» мақаласының авторы Оспанұлы деп жазылған.

Былтыр ғана 100 жылдығын тойлаған қасиетті басылымның алғашқы шығарушылары, олардың газетке сінірген еңбегі жайлы мақаланы бар ынтамен, сүйіспеншілікпен оқыдық. Газет шығару, жан алып, жан беретін шаруа. Ал басылымды «Әуп» деп бастаудың қыындығы одан да зор. Сондықтан «калдыңғы арбаның» газет журналистері, басылымы жайлы айтқандары өмірін акпарат саласына арнаған әр қаламгердің жанды жері. Біздің де. XX ғасыр басы қызметке таласу, бір-бірін сұқ саусақпен көрсетіл, тағдырын шешу мәселесі өршіп түрған шақ. Газет журналистері өкімет жолын, ағайынаралық талас, басылымды ұлттық мұддеге бағыттау шарасын бірге алыш жүрді.

Дәл осы шақта «Тілшіде» бүгінгі «Жетісудың» бағыты қалыптасты. Ұлттық мәселе, рухты көтеру бойға сіне бастаған. Сол кездегі Ілекендердің қазақтың қазақтығын сақтап қаламыз деген өзекжарды ойы бүгінгі редактор Әміре Әріннің ойымен ұштас. «Ұлт ұяты» деген арнайы бетіміз бар газетте. Бас редакторымыз ол бетке салынатын мақаланы ерекше қадағалайды. Лездеме сайын әр тілшіге, әсіресе, жастарға ұлттық мәселені негізгі орынға қойындар деген бағытын қадай тапсырудан жалықпайды. Бұл сонау Алаш арыстары арна салып кеткен «Тілші» газетінен қалыптасқан үлкен мектеп десек артық айтпағанымыз.

Ілияс «Тілшіде» жүргендеге газет шығынды өтей алмайды деген желеумен басылымды жабу жайлы мәселе қозғалыпты. Сонда Ілекен: «Газет – жалпы халықтың төрешісі, өкіметтің жазу қайраты, әлеумет жұмысының қадағашы екенін ұмытпандар», – дегенді айтЫП, басылымның шығынан қашқандарды ойларынан қайтарады. Міне, Ілекенің табандылығының арқасында басылым осы күнге дейін шығып келеді. Облыстық тынысы, айнасы, хабаршысы!

Ілекен «Тілшіде» жүргендеге бір ауыл тұрғынан арыз келіп түседі. Шағым иесі «Не ойлағаны бар?» деген мақала жібереді. Онда

«Талдықорған уезінде партияға бөліну, жік өріс алды. Бұл туралы «Тілшіге» талай жаздық. Сонда отырган найман өкілі Ілияс баспайды. Оның не ойлағаны бар?! Партиягершілік, елдегі шолақ етектердің бақталасынан орын пайда болды» деп жазған.

Бұған Ілияс газет бетінде «Ойлағаны мынау» (27.11.1923) деп жауап қайтарады. «Бұл белгілі. Тиісті орында мұнымен шұғылданған да, қаулы да алған (Қаулы 1923 жылдың 10 айында шығарылған). Ол баспанашыл, көжеге өкпе, ру қорғау, мансап бәсеке, авторитет құмаршылық. Біз Талдықорғандағы топшыл текешітердің таластарының жайын жақсы білмейтіндіктен екі жағынан да келген материалды газетке баспадық. Оның себебі, бірінші – бассақ, өршіген пәле-жала, тұтанған өрт өршімесе, өшпейтін еді. Екінші – жікке араласпай басын таза ұстап, қалыс отырып жазған адамның материалы бізде жоқ. Ағайынсып, ақтан сопы болып отырган арыз жазғыш өзі топ-жіктің қак ортасында. *Ушінші – газет жалпы халықтың төрешиі, өкіметтің жазу қайраты, әлеумет жұмысының қадағашы. Сондықтан, көзіміз жетіп отырган сасық таласқа, ит ырылдар, бақан салдысына газеттің бетін былгамадық. Ал Жамбай баласы, өзің айтқан «бақталастық», саяз сайқалдық сендей басықасында отырган адам тындыра салатын іс. Газет жузінде құргақ данышпансып, өзің өшіре алмайтын пәлені әулиесіп өрбітудің керегі жоқ. Сен үйгарған ауыл-аймақ «айтысынан» «Тілші» басқармасы аман. Басқарманың көздегені әлеумет пайдасы, халық қайғысы, домалақ қағаз, партиягершілік, сұрқиялтық тамырының құруы, таңдаіын сауган мысық қамқорлардың рушилдық, қайын-қайнағашылдығы емес, ел мұңы, ел шаруасы, әлеумет багыты» деп келіп, сөзінің соңын «басқарманың ойлағаны осы» деп аяқтайды.*

Міне, нағыз журналист деп сөзі мен ісіне айызың қанады. Ілекенің мықтылығы жайлы сол кездे Бейімбет Майлин: «Ілияс ызалана да жазады, күлдіре де жазады, күйіндіре де жазады» деуі мықтылардың бірін-бірі мойындауы, бағасын білгендігі деп түсіну керек. Сол 1921 жылдан бастап газет ұлт мұддесі үшін жұмыс істей бастайды. Басылымда «Қаптағай», «Тана баласы» деген бүркеншік атпен мақалалар көптеп шығады. Казактың марқасқасы кейбір ойларын осылай бүркемелеп жеткізуіне тұра келеді. Сәкен Сейфуллиннің «Азия» атты өлеңі де осы жылдары «Тілші» газетіне басылған.

Ораз Жандосовтың мақалалары да жарық көрген. Сол жылдары «Бостандық торы» деген ертегі өлең басылады. Авторы – Мағатжан. Мақаланы жазған Мағжан Жұмабаев деген болжам бар. Себебі, бұл – Алаш атқамінерлерінің пікірі «Тілшіде» тоғысқан кез еді.

Басылымдағы мақала-өлешдерден қазақ зиялышарының ойарманы, мақсат-мұддесі байқалады. Бір қазынадан екіншісіне ауып, қызық пен көмбеге молынан кенелген ойымызben кештің батқанын білмей қалдық. Айта кететін жайт, аталмыш мұрағатта 6,4 миллион дана қор бар.

Мұрағат қызметкерлері біз Ілекенің құжаттарын ақтарған сайын көз айырмай қарап тұрды. Алексей орындықтарды жөндеген болып қасымызға бірнеше рет келді. Суретке түсіруге болмайтынын қадай ескертті. Телефон, камераның жарқылын мүлде пайдалануға болмайды екен. Көмескіленген жазулар мүлде өшіп қалуы мүмкін дейді. Мол мұрасы бар бұл есікті кейін де ашуымыз мүмкін. Бізден кейін келген қазаққа дұрыс көзben қарасын деп бастығы алмай қойған камзол мен 12 домбыраның бірнешеуін Алексей мен оның қасындағы қызға сыйлап, бір-бірімізге реніш болмасын дегенді айтып, жылы қоштастық. Коржынымыз тоқ.

Кешке Санкт-Петербургке үшамыз. Петерборды Ілияс ерекше жақсы көрген. Бала-шағасымен барып, демалған. Үмітіміз зор!

Мәскеу қаласы,
Ресей Федерациясы

III. ШИЛІ ӨЗЕК ҚАМЫС-АЙ

Ілияс Жансүгіров қазақ әдебиетінің бүкіл жанрына қалам тартқан дарын иесі. Қазақтың мәндайына Абайдан кейін біткен поэзия актангері. Он шақты жылда 40-тан аса кітап жазған шашасына шаң жүқпас жүйрігі. Прозалық, драматургиялық жазбаларынан өзге, «Күй», «Күйші», «Құлагер» сынды өлмес мұраны еліне тарту еткен қаламына адал жан. Қазақстан Жазушыларының I съезінде «Көрнекті кітаптар жазу керек. Іштарлықтан шығып, дәуіріміздің керегіне жарайтын маңызды шығармалар беруіміз қажет. Әдебиетімізге әдепті, шынайы сын керек» деген еді ол. Ұлт пен әдебиеттің шын жанашырының сөзі емес пе?!

Санаулы күндерден кейін Илияс Жансүгіровтің 125 жылдығы аталып өтпекші. Мерейтой қарсаңында облыс әкімі Амандақ Баталовтың қолдауымен Ресейге барып, Ілекенің ізімен жүріп, жәдігерлерін тауып, қолмен ұстап көру бақытына ие болдық. Ұйымдастырушымыз Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ғабит Тұрсынбай мен «Достық үйі – Қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымберкебаев. Олар Ресей жерінде ғылыми топтың алаңсыз жұмыс істеуіне барлық жағдайды жасады.

Асылымыздың шығармалары мен жеке құжаттарын Мәскеу мен Петербордан іздестіруіміздің мәні бар. Ресей құжат жинау мен сақтауға өте мұқият ел. Оның үстіне 15 одақтас республиканы бір уыста ұстағанын ескерсек, мұнда барлық жәдігер болуы тиіс. Екіншіден, Ілекен 1925–1928 жылдары Мәскеуде мемлекеттік журналистика институтында оқыған.

Іздестіру нәтижесінде Илияс Жансүгіровтің 30-дан аса кітабы мен 71 құжаты табылды. Экспедиция мүшелері, сондай-ақ, Ілекенің аз ғана ғұмырында қызмет еткен «Еңбекші Қазақ» және «Тілші» газеттеріне жазған мақалалары мен Мәскеудегі мемлекеттік журналистика институтында оқыған кездегі құжаттарын тапты. Газетіміздің үшінші санына шығып тұрған бұл хикаятта ақынның Петерборда табылған кітаптары, тыңдырымды істері жайлы айтамыз. Алғашқы келгендердегідей емес, етіміз терістіктегі елдің өмірі мен жеріне үйреніп қалған еді.

Ресей Ұлттық кітапханасының халықтар әдебиеті қорында оннан аса кітапты қолымызға ұстау бақыттына ие болдық. Мысалы, табылған дүниелердің ішіндегі «Жол аузында», «Мін де шап», «Кохоз тойы», «Кек», «Одак», «Мәйек», «Қазақтың театр өнері туралы» атты кітаптары аз данамен болса да елде бар. Бірақ, қолға түсे бермейді. Ал қазақ жерінде жоқ кітаптардан «Шәркей», «Балаларға базарлық», «Жұмбак», «Өтірік» және «Жаңа жолда» атты еңбектері бізде сақталмаған. Себебі, өкімет тарапынан «Халық жауының» шығармаларын өртеп-жағып, құрту туралы тапсырма берілген. Тұздегісін тұзден, үйдегісін үйден сандықты ақтарып алыш кеткен. Бұл туралы әдебиетші Елдос Токтарбай «Ілияс мәңгілік сағыныш» мақаласында: «Анығында, 9 тамыз күні (1937ж.) кешкісін үйге НКВД-ның үш офицері кіріп келіп, Ілиясқа ордерді көрсетіп, екі офицер өзімен бірге алыш кетеді. Қалған жалғыз офицер үйдің астан-кестенін шығарып, тінтіп, тексереді. Фатиманың байбаламына қарамай, сандықтағы қолжазбалардың бірнеше папкасын тәркілеп алған. Фатима да, балалары Жәнібек, Азат, Саят, Болат, Үміт, Ильфа сол күннен қейін Ілиасты ешқашан көрмеген. Ал офицер тәркілеген құжат, қолжазба қайда? Ұшты-күйлі жоқ. Ізім-ғайым». «Құлагер» жоғалған. Сол «Құлагерді» жастық қабының ішіне тығып алыш қалып, осы күнгі мол мұраға қосқан жазушы, балалар әдебиетшісі Сапарғали Бегалин еді.

Кітапханадағы ақын мұрасы алақанымызды жылдытты. Жүрек тұсымызға бастық. Бір жеріне сызат тұспеген. Су, жел тимеген.

Ақынның балаларға арналған әдебиетіне назар аудардық. «Одақ» пен «Балаларға базарлық» атты еңбектері бізде жоқ. Қой, Жылқы деген өлеңдеріне назар аударып қараңызшы.

Қой

*Ауылдың қойы бар,
Қойы бардың тоны бар.
Сауса, тәтті сүті бар,
Сойса, тәтті еті бар.
Жамылғыш пен төсеніш,
Қойдан емей немене.
Шекпен, шалбар, қап, арқан
Содан емей немене.*

Жылқы

*Шұрқыраган жылқыда.
Шырқыраган құлын бар.
Арқыраган айғыр бар.
Оқыранған бие бар.
Бәрінен де тай жақсы,
Мінетұғын балалар.*

Өлеңдері жып-жылы, ә. Жаттатуға да жеңіл. Жануарларға деген сүйіспеншілікті оятады.

Ілекеңнің «Шәркей» деген балаларға арналған кітабы табылды. Ала салып оқып жатырмыз.

*«Шәутен деген бала бар еді. Оның бір әдемі ақ қозысы бар еді.
Шәутен ол қозысын жақсы коруші еді. Қозысының енесін апасына
өзі сауғызуши еді. Қозысын өзі көгендеп, өзі ағытуышы еді.*

Шәутеннің аяғында шәүтиген гана шәркейі бар еді. Ағытып жатқанда қозысы Шәутеннің аяғын басып шәркейінің ұлтанның түсіріп, жыртып-жыртып кетті. Шәутен шәркейіне жылап жіберді.

Апасы:

— *Қой, балам, жылама! — Осы қозының өзінің жұннін шәркей қып беремін, онда қайтер еken? — деді.*

Ақ қозы үлкен марқа болды. Кішкене күніндеңі ақ бүйра жұндері ұзыннан-ұзын болып кетті. Шәутен өсті. Жамаулы жаман шәркейі кішкенеден кішкене болып, аяғына симай қалды. Шәутен:

— *Ana, шәркейім аяғыма симай қалды — деді, апасы:*

— *Ендеше ақ марқаңды қырықтырып әкеле гой, балам — деді.*

Шәутен Сансызбайга марқасын қырықтырды.

Шәутен апасына:

— *Ana марқаны қырықтырып жұннін әкелдім. Енді шәркейім болды ма? — деді. Апасы:*

— *«Жоқ балам жұнді сабаймын», — деді.*

Апасы тулақ жайды. Ауылдың қатын-қалашын жинап, жұнді сабады.

Шәутен апасына:

— *Ana, шәркейім енді болды ма? — деді.*

Апасы:

– Жоқ, балам, шиге тартамын, – деді

Қатындар жұнді шиге сабақтады. Аппақ майдасын бетіне тартты, деп шәркей дайындаудың қыр-сырына қанықтырады.

«Шәркей» баланың зейінін ашуға арналған шығарма. Апасы мен немеренің арасындағы әдемі әңгіме арқылы үрпақ жалғастығының үлгісін көрсетеді. Әңгіме арқылы әр нәрсенің еңбекпен келетінін баяндайды, ұғындырады. Шәркей тігудің үрдісін санаға сініреді. Сабырлы болуға үйретеді. Жылы жазылған шығарманы ересек біздің өзіміз бір деммен оқып шықтық. Керекті кітаптарды сатып алған соң көңіліміз өсіп, экспедицияның үйымдастыру тобына бет алдық.

Петербордағы соңғы күнді демалысқа арнадық. Тарихи қалаға келіп тұрып, көркем келбетін қызықтамау күнэ. Ұлы Отан соғысында Петербор 29 ай бойы неміс әскерінің қоршауында тұрған. Содан қалған жан-жарасы әлі де жазылматты. Тұрғылықты халық көзін ашқаннан тарих ақтандағына куә. Сондықтан да болар петерборлықтар кішіпейіл, оку-білімге құмар. Көшеде эскимос ұлтының өкілімен кездесіп қалдық. Өзі келіп амандасты. «Біздің тубіміз бір. Мен «юрта» деген қоғам құрғанмын», деді ағынан жарылып. Дүниетанымы кең Ғабекен, Габит Тұрсынбай: «Бүгінде сандарыңыз қанша?» дегендес: «Бес мың бармыз», деді эскимос апа. Ол ұзап бара жатқанда Ғабекен: «Ее, Жаратқан, қазақты азайып кетуден сақта» деп қолын кеудесіне қойып, тәубе аралас арман-тілегін Жаратушыға арнады.

Ленинградты жаудан азат етуге Қазақстан халқы да еңбек сінірген. Қазақ ақыны Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім!» атты жырында:

*«Жолды кернеп қол кетті,
Сендерге дем бергелі,
Нева алабын қорыңдар
Ленинградтың ерлері», – деп жырлаған.*

Орыс халқы қазақтың осы бауырмалдығын ұмытқан жоқ. Қалада Жамбыл Жабаев пен Элия Молдағұлова атында екі көше бар. Бүгінде қала тұрғындарының саны 10 миллионға жуықтапты.

I Петр патшаның сарайы байлықтың символы. «Дворцовая площадь» аланын қызықтап жатқан адамда шек жоқ. Аланда Петр мен Елизаветаны сомдаған әртістер мол ақшага кенелуде. Қасына жақындасан дауысы және қылышымен баурал алған «тарихи тұлға»

қасына тұрып суретке түскенің «әкесінің күнын» алады. Қандарына алу сініп қалғандай. Бір кезде біздің елден де осылай салық жинады-ау! Қазіргі сәулетті үйлер I Петр салдырған ғимараттардың астарына да келмейді.

Қазақтың алғашқы баспасөзінің бірі саналатын «Серке» газеті Петерборда жарық көргені – қазақ зиялышарының арман-мақсаттары осы қасиетті жерде тоғысқанын байқатады. Санкт-Петербургтың жоғары оқу орындарында біздің елден Бақытжан Қаратаев, Барлыбек Сырттанов, Жақып Ақбаев, Сергей Лапин, Мұстафа Шоқай, Бақтыкерей Құлманов сынды зиялышар білім алған. Санкт-Петербургтың Императорлық университетінде Элихан Бекейхан, Мұхамеджан Тынышпаев, Императорлық жол қатынасы институтында Санжар Аспандияров, Халел Досмұхамедов Санкт-Петербург Императорлық әскери медициналық институтында білім алған.

Петерборда мұсылман мешітіне барып, дұға жасап, садақа бердік. Жалпы Петерборда 4 мешіт бар екен. Біз барған мешіт орталықта болғандықтан зиярат етушілер қатары толастамайды. Қайтуға екі сағат қалғанда Царское селосына табан тіредік. Қимас шақ. Петерборды Ілекең де жақсы көрген. Тағы да Елдос зерттеушінің «байлығына» қол сұғайын. Ол ақынның 1937 жылғы 7 қаңтарда Орталық комитетке жазған өмірбаянын тапқан еді. Онда: «...Я не участвовал в революционном движении и ни в какой партии раньше не состоял. В коммунистическую партию я поступил в 1927 году, в ячейку ВКП(б) при Гос.институте журналистики. Меня рекомендовали в партию: Кошкунов Идрис, Бабаев, Гончаров, Липецкий и др. В оппозициях и антипартийных группировках не участвовал. Под судом не был до и после революции, а также не был в армии белых. Важнейшие моменты моей автобиографии могут подтвердить т.т. Кошкунов И., Бабаев Ю., и И. Чуkenова. Они меня знают с детства и из периода общественной работы. Я очень хорошо чувствую себя, здоров. В основном занят литературной работой, и она мне доставляет большое удовольствие» (КР ОМА, 1368 қор, З тізім, 64 іс), – деп жазған. Түсініктемеден ақынның жыл басталсымен-ақ қыспакқа алына бастағанын байқаймыз. Ол кезде Ілекең шығармашылықта барынша ден қойып, Пушкинді аударып жүрген кез еді. Петербордағы соңғы сағаттарымызда Пушкин

қаласына барып, бауырымыз жүрген жерге тәу етуіміздің себебі осы. Ресей жерінде түйген ой, өркениеттілікке жол тартып бара жатқанда өткеннің өнегесі – бүгінгінің баға жетпес байлығына айналуы тиіс. Жас демей, жасамыс демей, маманды біліктілігіне қарай бағалау. Әсіре қызылға әуестенбеу. Негізгі инвестицияны ғылымға салу. Төл тарих тағылымынан уызданған ұрпақ қана ел байлығын еншілеп, игілігін көретінін ұмытпау. Бастысы, ұлт байлығын бағалау және жоғалтпау.

Пушкин қаласының сұлулығына тамсана жүріп, мына көркем әлемді тамашалауды Ілекене қимаған еken ғой дейміз, тұлпардан тұғыр озған заманның әділетсіздігіне налып. Кеш бата бастады. Елге қайту керек. Илиястың ізі қалған топыраққа қимастықпен, құрметпен қарап электричкаға міндік. Жолда кетіп бара жатқанда Пушкин қаласындағы өзеннің жағасында Ілекенің «Шилі өзенін» бір шырқамағанымға өкіндім. Айтылмаған әнім қалғандай... Мүмкін, тағы да жол түсудің нышаны шығар... Алда Алаш ардақтысының жерінде бізді үлкен міндет күтіп тұр. Ол Ілекенің кітаптарын қайтадан бастырып, көпке ұсыну. Ел де, жұрт та аман болса еken!

Санкт-Петербург,
Ресей Федерациясы



ҚАСИЕТІҢНЕҢ АЙНАЛАЙЫН, ҚАРАҒАШ!

«Қазакта бір Мамановтар мектебінен басқа мектеп, медресе жоқ. Тіпті, оқыту үшін қайғырушы бір адам жоқ» деп «Айқап» газетінің 1912 жылғы №3 санында Сабыржан Ғаббасов «Қапалға да ай туды» мақаласында жазған екен.

Қазақтың асыл азаматтарының біразы білім нәрімен сусындаған, ұстаздық етудің үлгісі саналған Мамания мектебінің орнын көріп, ұлылар табанының ізі қалған аумаққа тәу етіп, сол манда жерленгендеріне Құран оқыту мақсатында Қарағашқа бет алдық. Жол бастаушымыз аудан әкімінің баспасөз хатшысы Құрмет Досжанова мен «Мамания» мектебінің директоры Алпамыс Қазбанбетов. Біраз жылдан бері көлік қатынауы қызындаған аумақтың қара жолын ауданың елжанды азаматы Берікбол Қасымов биыл көктемде жөндеген еді.

«Мамания» мектебінің аты қойылған Маман қажы кім деген сұрақ төңірегінде бірер сөз. Қажының төртінші атасы Бөрібайдың есімі Қаптағай елінің ұранына айналған. Бөрібайдан тараған ұрпақтың барлығы сен тұр, мен атайын деген мықтылар. Елді аузына қаратқан шешен, билер. Бөрібайдың Тәнеке деген ұрпағы патша өкіметінен үлкен шен алған. Маманның төрт әйелі болған. Бірінші әйелінен Тұрысбек, Бейісбек, Сейтітбаттал, екінші әйелінен Аңғабек, үшінші әйелінен Құттыбек, Құрманбек, төртінші әйелінен Есенқұл деген балалары дүниеге келген. Ол ірі бай болған. Әндіжан, Тәшкенге, бір жағы Қоянды жәрменкесіне отарлап қой апарып сатқан. Жол бойында бірнеше жерден дүкен ашқан. Керуен сарайын салдырған қазақтың ең ірі байларының бірі. Қалашық орнының жайқалған ағаштары бұл манда бір кезде бақуатты тіршілік болғанынан сыр шертеді. Атшаптырым алаңқайда әлі де қарағаштар мен теректер жайқалып тұр. Тіршілік заңы бойынша, кәрі ағаштың тамырынан жас көшеттер бой көтеріпті. Әр жерде бұрынғы үйлердің іргетасын қалаған жақпак тастар жатыр. Байқажы әuletі салтанат құрған аумақта бірнеше кәусар бұлақ бар. Өткеннің сырын ішіне бүккен бұлақтар мөп-мөлдір болып ағып жатыр. Тіршіліктің жалғасатынан, орнында бардың оналатынан сыр беріп, үзіліссіз сырғуда. Шыжыған ыстық күні барғандықтан алақан толы суды армансыз сімірдік. Бұл бұлактан

қазақ зиялышылары Ілияс Жансүгіров, Біләл Сүлейұлы, Әбубәкір Жайшыбекұлы, Үбырайым Маманұлы, Бейсенбай Кедесұлы шөлін қандырған. Қарағаш бұлағының маңында Алаш арыстары табанының ізі бар-ау деген ой келген сайын топырағын аялай бастық. Елегізіп жан-жағыма қарай бердім. Білім мен өнердің ордасы болған мектептің орны да жоқ. Мынды айдаған байлардың салтанаты көрінбейді, сәйгүліктерінің дүбірі естілмейді. Маман-Тұрысбек байдың көк үйлері де көз қуантпайды. Қарағаш қалашығының болғанын тек жайқалған ағаштар ғана дәлелдейтіндей. «Ағаш ексен аялап, басыңа болар сая бак» дегенді айтқан қазақ қандай данышпан еді! Саясының рахатын аптапты ыстықта аталарымыздың ізін іздең барған біз көрдік. Иен далада аталардың өзі болмағанымен рухы бары байқалды. Жанға жылы шуағын шашты. Қиял емес, шынымен де жылылық сезілді. Агаларымыздың кеңпейілі туып-өскен жерде де қалып қойыпты. Темір қоршаумен қоршалған қорымда елге мәрттігімен танылған Маман Қалқабайұлы, Медетбек Қалқабайұлы, Сейітбаттал қажы, Маманың әйелі, Есенқұл қажының анасы Жанғақ анаға белгітас қойылған екен.

Қарагашты тұргызғандар

Маман ұрпақтары Қарагашты жан-жақты дамытады. Көрікті қала дәрежесіне жеткізу үшін сәулеті келіскең үйлер салдырып, ағаштар отырғыза бастайды. Үй салу үшін Семейден қызыл кірпіш, Омбы, Керекуден есік-терезе алдырады. Наманған, Әндіжаннан бағбандар шақыртып, жеміс-жидек ағаштарын отырғызады. Бірнеше жылда Қарагашта көк шатырлы 50 шақты үй бой көтереді. Көрікті қаладағы тұрмыс, өнер-білімнің дамуы қанат жаюы ел-жүртқа тез тарапады. Арасан, Қапал, Ақсу, Бақалы, Сарқан, Лепсі жүрті Маманың бастамасына еліктей бастайды.

Байқажы әулетінің дәулетті балалары 1904 жылы Есенқұл немере ағасы Құдайберген екеуі Уфага барып, «Фалия» медресесінің оқу жоспарын, білім шаңырағының ережелерін үйреніп келеді. Тұрысбек қажы дүниеден етіп, оның мешіт пен медресе салу ісін інілдері іске асырады. Мешіт құрылсысын Сейітбаттал, мектеп салуды Есенқұл жалғастырады. «Мамания» мектебінің сабактары «Фалия» медресесінің кестесімен өткізіледі. Білім шаңырағының қасынан орыс

тілін оқытатын кешкі мектеп ашылады. Істің бірден жүріп кетуіне «орыстанудан» сескенгендер кедергі жасайды. Бірақ, Сейітбатталдың ықпалының арқасында оқу-білімге бет бұрады. Сейітбаттал 1913 жылы дәм-тұзы таусылып қайтыс болады. Ары қарай бүкіл шаруа Есенқұлдың басқарушылығына өтеді. Аманат арқалаған Есенқұл білім алушыларға жатақхана, асхана, монша және мұғалімдер үйін салып береді.

«Қарағаш» бағында мектеп тұрғызу, үйымдастыру жұмыстары 1899 жылдан басталады. Мешіттің молдалары Хасен мен азаншы Омар оқушыларға Құран сурелері, дін және жадитше дәріс береді. Адай Есенқұловтың «Ғасыр ғұмырлы мектеп» атты мақаласындағы (Қазақстан Республикасы Орталық тарихи архивтегі 90-ф, 1-тізім, 373-іс, 14-15 бет) жазбада «Мамания» медресесіндегі қазақ тілі, есеп, иманшарт, Құран, орыс тілі, пайғамбарлар тарихы, жағрапия, зоология, ислам діні тарихы, татар тарихы, хадис (Пайғамбарлар өсиеті) оқытылатыны туралы жазылады. Есенқұл «Мамания» мектебін Ғалия медресесі сияқты сапалы білім беретін ордаға айналдыруды мақсат етеді. Төрт кластық мектепке Қарқаралы уезінің қаракесек руынан Мұстақым Малдыбаев менгеруші болып тағайындалды. Қарағаштағы Маман әuletінің қаржысына салынған «Мамания» медресесі 3 жылдықтан басталып, 1904 жылы 6 жылдыққа, кейін 1909 жылы 8 жылдыққа ұзартылып, мектеп дәрежесін иеленеді.

Қарағаштағы «Мамания» мектебінің ашылу салтанатына Барлыбек Сырттанов пен Мұстақым Малдыбаевтың арнайы шакыртуымен атақты әнші Майра Уәлиқызы келеді. Ол бір жылдай оқушыларды өнерге баулып, содан кейін сліне қайтады. Сол кезде:

«Хош бол тұр, туған жерден алыстағы ел,

Мектеп ашып, той жасап, толысқан ел.

Лепірген асая Ақсу өзеніндей,

Әндері дәүлетімен молысқан ел.

Қарағаш ән шырқадым баурайында,

Сөзімді ізгілерге арнадым да», – деп кетерінде «Қоштасу» әнін арнайды. Сол кезде жиналған қауым Ілияс Жансүгіровке Майра апаңа жауап қайтар деп қолқа салады.

«Майра апай, бізді де сіз ұмытпаңыз,

Көнілді бізге деген сұytпаңыз.

Көгімде әніңізді қалықтатып,

Ақсуды тағы келіп қызықтаңыз», – деп жауап қайтарады.

Тойға Шәуешектен Әсет Найманбаев та шақырылады. Бірақ, ақынның аяғы ауырып, келе алмайды. Шәуешектегі хатшы-тәржімеші Тұрлыбек Сырттанов арқылы халыққа сәлем хат жолдайды.

Уа, халқым, құтты болсын медрессен,

Бек жақсы, жеміс ексең, теріп жесең.

Немерем тәлім алыш, тәrbие алыш,

Оқыса – өтелгені менің есем.

Шіркін-ай, ашылса ғой баяғыда,

Көнер ме еді Әсет ақын аяғына.

Көрдің бе өкіндіріп отырғаны,

Кез келіп, сүйенгендеге таяғына.

Дауысым естіле ме Шәуешектен,

Еңбегің өтеледі келешекпен.

«Иллахи» кейінгі ұрпақ теріп жесін,

Жемісін аталары егіп кеткен», – деп өлең арнаған екен.

Өңір тарихының сырын актарып, Алаш арыстарының өмір жолын зерделеп жүрген өлкетанушы Жемісбек Толымбек жазбаларында мектептің қалай ашылғандығы, онда кімдердің басшылық, оқытушылық қызметте болғандығы жайлы мол мағлұмат бар. Мектеп ашылған жылдары 8 оку бөлмесі, 4 үлкен зал, 60 орынды интернат үйі болған. Маман құттың ұлдары Тұрысбек, Сейітбаттал, Есенқұл қажылар білікті мұғалімдерді «Қазақ» және «Айқап» журналдары арқылы мектепке шақырады. Білім-білігі жоғары, жаңаша дәріс беретін, бірнеше тіл білетін мұғалімдер әлеуметтік жағдайының жан-жақты жасалатынын естіл, көптеп келеді. Олардың барлығына үй салып береді. Білім шаңырағына ұстаздар Түрік, Қазан, Уфа қалаларынан шақырылады. Файзрахман Жихангеров, Мұхаметқали және Фатима Есенгелдиндер өте білімді дәріскерлер еді. Ал Габдолғазиз Мұсағалиев ұстаз Каир университетін бітірген заң қызметкери, сегіз елдің тілін білген ғалым, ойшыл-философ, шығыс елдері тарихы мен әдебиетінің зерттеушісі. Габдолғазиз Мұсағалиев Барлыбек Сырттановтың шақыруымен келеді. Барлыбек Сырттанов қазақ уставын бірінші болып жазған адам. Қазаққа тәуелсіздік сұрап ақ патшага барған. Арда тұған азаматтың аты ардақталып, жақында мәслихат депутаттары Талдықорғандағы №25 мектепке

Барлыбек Сырттановтың есімін беру туралы шешім шығарды. Бұл ұлыларға жасалған құрмет. Барлыбек Сырттанұлы мектептің оқу бағдарламасын, қандай пәндер оқытылатынын Уфадағы «Галия» медресесінің ағарту бағдарламасына сай жасайды. Атауына да сол себепті «ия»-ны қосады. Мектептің дәрежесін «Галия» медресесінің дәрежесіне жеткізуге күш салады. «Мамания» мектебін тамамдаған шәкіртер басқа қалалардағы оқу орындарына еркін түсетін болған.

«Мамания» мектебінің алғашқы түлектері: Біләл Сүлейұлы, Әбубәкір Жайшыбекұлы, Үбірайым Маманұлы, Ілияс Жансүгіров, Бейсенбай Кедесұлы сынды тұлғалар. Ұйымдастыру жұмысының жақсы жүргендігінен 1918 жылы 200 шәкірт пансионда жатып білім алған. Мектеп жанынан орыс тілін үйрететін кешкі курс ашылған. Онда Есенқұл қажының өзі де дәріс алған.

Тұрысбектің Құдайберген, Тәнірберген, Солтанқұл деген балалары оқу орнын тұрғызып, жыл сайын жаңартып отырған. Оқушыларға мен оқытушыларға керек-жарак, оқулық кітаптар, жазу дәптері, қағаз, қарындаш, сия-сауыттан таршылық көрсетпеген. Қыздарды оқыту үшін Уфадан Фатима Есенгелдина ханымды алдыртып, Мамания мектебінің жанынан соларға арналған оқу орнын салдырып, онда 30 қыз оқыған. Қыздарға арнап ашқан оқу «Женское училище» деп аталады. Отыз оқушы қыздың қаражатын Сейітбаттал қажы толық өзі көтеріп, оған қосымша қол ісін мектепте үйретуге де ықпал жасап, тігін шеберханасын ашып қояды. Өзі мұғалімдер ісіне кіріспей, тек қана жақсы істерді қолдаумен болады.

Бұл туралы Шәкен Күмісбайұлының редакторлығымен жарық көрген «Мамания» атты кітапта кеңінен жазылған. Есенқұл қажы қазақ балаларының жоғары оқу орындарында оқып жүргендеріне қаражат беріп, көмек қылудан аянбаған. Өз қаражатымен Біләл Сүлеевті Уфадағы «Галия» медресесінде, Орынбордағы мұғалімдер семинариясында оқытқан. Мақаланы жазу барысында Қарағаштағы коммуна мектебінде (школа коммуна молодежи) оқыған 97 жастағы Алтынай Есболатова апамен әңгімелестік. Алтынай апа Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа бата берген. Елбасы соғыста паровоз жүргізген апаны «Паровоз апа» деп атایтын. Ашаршылық пен жетімдіктің азабын көп тартқан апам балалар үйіндегі өмірін қаз-қалпында айтып отыр. Ол кісі оқуға барған 30-шы жылдары «Мамания» мектебі жоқ еді.

Қарағаш ауылы мен Мамания мектебінің ғимараты 1918-1920 жылдары актардың бекінісіне айналады. Ақтардың атаманы Анненков қарамағындағы Бедарев пен Осиповтың отрядтары Қарағашқа бекініп, 1920 жылы Қытайға асарларында мектепті өртеп кетіпті. Ал, 1924 жылы осы мектепті, үйлердің өртенбей қалған жерлерін қайта қалап, мектеп-интернатқа айналдырады. Сол кезді еске алған Алтынай апа: «Мәкей Еркінбеков, Төтенов деген директорларымыз болған. Мәкейдің әйелі Сара тәрбиеші еді. Абдоллаев, тараншы Қасым Мәсімов, Немербаев, Төребаев, Усенов, Прошулин деген ұстаздарымыз болды. Қасым Мәсімовтың әйелі Қанипа Қызылтаң ауылынан, Қайнардың қызы еді. Оны Қан апа дейтінбіз. Керемет кішіпейіл кісі еді. Саусағын бір ұстауга таласатынбыз, дәреже санайтынбыз.

Маман-Тұрысбектердің 12 бөлмелі үйінде оқыдық. Атала, қаракөже қайнатып беретін. Бір күні орыстар келіп, трактор экеліп, Қарағаш мектебін салған Маман қажыға арналып қойылған құлпытасты құлатты. Бір жеті жүріп, қақ ортасынан бөлді, бөлініп қалғырлар. Күміспен латынша жазылған жазуы болған. 1930 жылы қызылдардың осындай оспадар қылыштарына ренжіген тұрғындар көтеріліске шықты. Көтерішілер «Бөрібай, Бөрібай» деп атпен шауып келгенде көпшілік бір орынға жиналатын. Сол жерде ақылдасу, қару жарақ жинау, мінетін ат беру мәселесі айтылатын. Олардың келгенін айту бала болсам да маған да жүктелген. Үйдің тебесіне шығып отырамын, көтерілішілер келе жатса бар даусыммен әндетеңін. Сонда ауылдағылар бөрібайшылардың келе жатқанын билетін.

Балалар үйінің тәрбиленушілерін жазда Баласаз жайлауына апаратын. Бұлдірген жейтінбіз. Сол кезде арбаның кара майын алғып, дәу қойтасқа «Алтынай» деп жазып кетіп едім, бар ма еken, ә» деп қояды апам. Кейіннен 1932 жылы балаларды Қарағаштан Тақыртұмаға жаяу апарды. Неге үйткенін білмедім. Шыққанда қырық адамға бір адам жетпейтінбіз (39). Тақыртұмаға 18-і ғана жетті. Ірілеу едім, «тәте, тәте» деп жылаған бір қызды өзім арқалап бардым. Қалғаны жүре алмай жолда қалды. Сол жылы қараша, желтоқсанда аштық басталды. Бірақ, мұталімдер бізді аш қалдырмады. Қатты ашыққанда «Қаракеней» деген шөптің тамырын, «Жаужумырдың» пиязын жейтінбіз. Балалар үйінің алдында аш адамдар жүретін. Шықсақ

қолымыздағыны тартып алатын. Енді аштық пен соғыс болмаса екен. Басқасының бәрін орнына келтіруге болады. Ол кезде де бәрі бар едіғой. Бірақ, өкіметтің аштыққа ұрындырғаны дұрыс болмады. Қазір қарамыз бұдан да көп болар еді» деп көз жасын сығып алды.


Әдебиетке көрсеткен қолдау

Есенқұл қажы өзінің дәүлетті туыстарымен «Қазақ» газетіне жәрдем берген. Ол жайында «Қазақ» газетінің 1912 жылғы 24 сәуірдегі №11 санында «Семиречинский облысынан Би-қажы Маманов, Құдайберген Тұрысбеков, Есенқұл қажы Маманов, Файтмұхамбет Тұрысбековтің «Қазақ» газетінің пайдасына жіберген жәрдемі мұғалім Ғабдулғазиз Мусин арқылы жеткізілгенін хабарлап, басылымның басқарушысы атынан ризашылық білдірген. Маман әuletі қаржылай көмекті «Айқап» журналына да жасаған. «Айқап» журналының 1915 жылғы 7-ші, 9-шы нөмірлерінде «Роман жарысы туралы» атты мақалада Есенқұл Мамановтың мәрттігі, жомарттығы жайлы кеңінен жазылады. Есенқұл қажының қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет роман бәйгесін жариялағаны айтылады. Мақала Есенқұлдың әдебиетке жасаған қамқорлығын басқаларға да үлгі етеді. «Қазақ» газетінің 117- санында: «Былтырғы роман жарысының мезгілі жақыннады. Бәйгеге қосыламыз деген талапкерлер «Қазақ» басқармасына білдіріп тұрса керек. Енді солардың жазғандарын қарау жұмысы сыншы азаматтардың мойнында. Сыншылар бір жерге жиылып, кеңеспей болмас. Жиылуға Семей шаһарын ынғайлы көрдік. Өйткені, сыншылыққа шақырып отырған мырзаларымыздың бірсыптырасы сонда көрінеді.

Ардақты азаматтар! Жаңа жетіліп келе жатқан әдебиетімізден бір қызмет бола ма деп бастаған ниет еді, бұған әрқайсының ілтипат етіп, ұлт әдебиетінің құрметтіне сыншылдықты қабыл етуінізді өтінемін. Есенқұл Маманов». «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 24 мамырдағы №24 санында, «Ашық хат азаматтарға» деген хабарламасында Маманұлы Есенқұл қажы: «Бәйгеге тұскен романдарға сыншылыққа Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Сералин, Райымжан Марсеков, Шекәрім Құдайбердиев, Яқұп Ақбаев, Нармамбет Орманбетов, Нұрғали Құлжанов деген ардақты азаматтарды лайықтаймын» деп жазады. Есенқұл қажының осы өнегесін бүтінгі

таңда қазаққа белгілі кәсіпкер Бауыржан Оспанов жаңғыртып келеді. Ол балалар әдебиетінің өркендеуі үшін Есенқұл Маманов атындағы бәйге жариялад, жыл сайын қомақты қаржы бөлуде. Халыққа пайдалы кітаптарға бәйге жариялау Европада бұрыннан бар үрдіс. Мысалы, Альфред Нобель тау-тасты жаратын динамитті ойлад тапқан адам. Мұнайдан керосин бөлуді зертте, іс жүзіне асырған. Сол адам өмір баки жиган-тергенін шығармашылықпен шұғылданған адамдарға берген. «Шығармашыл адамдар халыққа еңбек етіп, ғұмырын арнайды, сондықтан кедей болады. Жәрдем етуші болмайды. Сол үшін менің бергенім олардың игілігіне жұмсалсын» дейді.

Бүгінгі байлар да мал табуды, тапқан малды болашақтың еншісіне жұмсауды қазақтың бай қажысы Маман-Тұрысбектен үйренсе нұр үстіне нұр болар еді-ау. Биыл мектепке – 120 жыл. Соған орай ауданның атымтай жомарт азаматы Молдияр Нұрбаев оқу ғимаратының кем-кетігін қалпына келтіріп, жоғын түгендер берді. Байлық пен дәулетті игілікті іске арнауды Бауыржан мен Молдияр бауырымыздан үйренсек құба-құп.



АҚСУДЫҢ АҒАРТУШЫСЫ



Ақсу жері тағы бір алыштың есімімен толықты. Жиырмасыншы жылдардың басында Талдықорған уездік ағарту бөлімінің менгерушісі болған Мәкей Еркінбеков жайлы тың деректер табылды. Ол Илияс Жансүгіров, Куат Терібаев, «Мамания» мектебінде ұстаздық еткен, жетісулық алғашқы ағартушылардың бірі – Мейірман Ермектасовпен рухани дос болған. Зиялыштар Қапалдың Мұзбулақ тауында бас қосып, өлең оқып, ел, жер жайлы әнгіме ербіткен.

Отызыншы жылдардағы ашаршылықта Мәкей Еркінбеков білім саласындағы басшылық қызметті өткізіп беріп, ата-анасыз қалған жеткіншектерге балалар үйін ашуды қолға алған. Ел басына күн туғанда жайлы орынды тастанап, қазақтың қырылып кетпеуін ойлағаны ол кісінің қайраткерлігін білдіреді.

Мәкей Еркінбеков 1895 жылды бұрынғы Қапал уезі, Ақешкі ауылында дүниеге келген. 1905 жылды Қапалдағы жетіжылдық татар мектебінде білім алған. Білімді, өткір азамат оқыған, қызмет істеген ортасында бірден тектілігімен ерекшеленеді. Ұйымдастырушылығы мен жас үрпаққа білім берудегі табандылығы жүрген ортасын тәнті етеді. Ол оқытқан балалар бірден жоғары оку үлгеріміне қол жеткізеді.

Беделді азамат бар-жоғы 29 жасында Талдықорған уездік ағарту бөлімінің менгерушісі қызметін атқарады. Сол жылдарды Қытаймен шекаралас жатқан Баласаз ауыльна мектеп салдырып, басқаруға өзі барады. Осылайша, ол Қарағаштағы коммуна мектебін, Қарасу оргалау мектебін ашып, басқарады. Бұл жөнінде ғылыми-конференцияда мәкейтанушы, Ақсұдың бас ақыны Бекболат Атамбаев: «1936 жылды Қарасу мектебінің жанынан өзі бас болып балалар үйін ашады. Ол ата-анасы аштықта қайтыс болып, қараусыз қалған жетімдерді ат арбамен ел аралап жүріп жинайды. Өзі шаруашылық құрып, астық, тары, жүгері өсіріп, алқапты балалармен күтіп-баптайды. Мәкей Еркінбекұлының қамқорлығын көргендер ол кісінің жанашырлығын, шынышылдығын ерекше ықыласпен айтады» деді.

Конференцияда Мәкей Еркінбеков ашқан балалар үйінде тәрбиелентен 96 жастағы Қазақ ұлттық ғылым академиясының академигі Жүрімбек Сыдықовтың бейнежазбасы көрсетілді. «Қолдан жасалған аштық біздің Аксу өнірін де жайлады. Сол кезде ата-анасыз қалған жетімнің бірі мен едім. Мен Мәкейді көргенде Абайды көргендей сезінетінмін. Дене бітімі, сөз салтауы ерекше еді. Ол ұстаздардың бірі емес, бірегейі десек болады. Мәкей отырған жерге батылы жетіп ешкім кіре алмайтын. Ол Жәнібек ханының үрпағы Атыхан сұлтанның немересі. Қазір ойлап тұрсам өткірлігі тегіне тартқан екен. Ілиястың өзі Мәкейді көргенде: «Төрем, амансың ба?» деп қол созады екен. Менің жазуым жақсы болғандықтан қасына жиі шақырып алатын. Сыныпқа кіріп: «Сыдықов жүр» деп ертіп әкететін. Барып құжаттарын жазатынмын. Бір күні кабинетінде жазу-сызуына көмектесіп отырғанмын. Сол кезде Ілиясты ұстап әкетілгі деген хабар келді. Сонда Мәкей: «Мүмкін емес. Ол акталады, қайтып келеді. Оның тірі жанға қиянаты жоқ қой» деп отырып қалды. Содан көпке дейін өз-өзіне келе алмай, ой үстінде журді», – дейді қазыналы қария Жүрімбек Сыдықов.

Мәкей Еркінбековтің ақындық өнері де болған. 1975 жылы ақынның өлеңдері жазылған бес дәптері Мұхаметжан Тыныштаев атындағы мұражайға өткізілген. Бірақ, өкінішке қарай, дәптер табылмай жатыр. Оның «Кәденге» деген өлеңі қолымызға тиді.

Бір-екі ауыз сөзімді,
Кәденжан, саған арнадым.
Кернеді шаттық өзімді,
Болғандай ғасыл арманым.
Білімге бәлдің көңілді,
Әр саласын қармадың.
Күндіз-түні сарылым,

Оқудан басты алмадың, – деген баласының талабына қуанады. Дәл осы ғылыми-конференция болған күні Кәденқызы Бақыт Мәкей атасының басына құлпытас орнатып, көптің ықыласына бөленді.

Ол кісі сабак берген балалардың барлығы жақсы оқыған. «Оқушыларының 62,3 пайызы өте жақсы деген бага алған. 100 бала мақтау төсбелгісімен маралатталған. 45 оқушысы қорғаныс үйірмесін қамтыған» деген дерекқағаз республикалық мұрағаттан алынды. Мәкей Еркінбекұлы осы еңбегі үшін «Республикаға еңбегі сіңген мұғалім» атағын алған. Аталмыш маралатты 1941 жылы 24 сәуірде облыстық білім

басқармасы басшысы Айтмұханбетовтың табыс еткені жайлы құжат бар. Ал: «От имени Президиума Верховного совета союза ССР вручены медали за доблестный труд в Великой Отечественной войне 1941-1945 г. по аппарату, коллективу исполнкома, Райсовета и райкома (КП/бк) Хозяйственной организаций и аулсоветов» деп келетін мәтіндегі медальді Мәкей Еркінбекұлына 1946 жылы 24 шілдеде Ақсу атқару комитетінің төрағасы Мақсұтхан Құсайынов табыс еткені де мұрағаттан табылған.

Еркінбеков оқытқан білімділер қайда, олар кімдер деген заңды сұрақ туатыны сөзсіз. Ұстаз, Қазақ Ұлттық ғылым академиясының академигі Жүрімбек Сыдықов, Ақсу ауданының Құрметті азаматы, кезінде аудандық білім бөлімін басқарған Бейсебек Қорғанбаев, Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті басшысы болған Кәрім Мәсімовтың атасы – Мәсім, профессор Иманбек Сүлейменов, «Алтын Адамды» тапқан археолог Бекмұханбет Нұрмұханбетовті оқытып, тәрбиелеген. Жүрімбек аға өз естелігінде ұстаздың адалдығын былай әңгімелейді:

«Ол кезде екі-үш жас айырмашылығы бар балалар бір сыныпта оки беретін. Мен Мәсіммен бірге оқыдым. Мәсім менен үш жас үлкен еді. Мәкей балалар үйі үшін шаруашылық құрды. Бәріміз сол кісінің бастауымен астық, жүгері алқабында, диірменде, жұмыс істейтінбіз. Астықты сол маңдағы Дмитрий деген орыстың диірменіне апарып тартқызатын. Нан жапқызатын. Бәрін өзі ат арбамен таситын. Жетім балалардың несібесін басқаға сеніп тапсырмайтын. Мәкей аға тамақ ішкенімізде қасымызда қарап отыратын. Сөйтіп, жасы үлкендер мен бұзықтар әлсіздердің асын тартып алмауын қадағалайтын. Бәрімізге асты қылдай бөліп беретін. Осыдан 6 жыл бұрын Мәсімнің немересі Кәрім Еңбек, Қарасу ауылына екі қабатты мектеп және жол салып беріпті. Естіп риза болдық дей», – келе, Мәкей Еркінбековтің адамдық қасиетіне тоқталады. «Кейіннен 46 жылы балалар үйі жабылатын болды. Сол кезде Мәкей мұғалім балалардың туыстарын іздестірді. Бауырларының алыңыздар деп ұл-қыздардың жамағайын туыстарына барып жүрді. Мұлде туысы табылмағандарды баласы жоқтардың бауырына салады. Ол балаларды үлестіріп бергеннен кейін де сол үйлерге барып, жағдайды қадағалап жүрді. Тәрбиелеп алған ата-аналар балаларға қалай қарап жатқанын назарда ұстайтын. Сол кезде Мәкей өзі де ауыр сырқат еді. Жанын жеген кеселге қарамай, балалардың жыламауын, аш қалмауын қадағалайтын», – дейді Жүрімбек Сыдықов.

ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН

Талдықорған облыстық «Жерүйік» газетіне Бас редактор болып, Тұрсын Әбдуәлидің келуі редакция қызметкерлерінің саяси белсенділігін арттыруға оң ықпал еткенін атап өткен жөн. Редакция ұжымының белсенділігі арқасында «Азат» қозғалысы құрылыш, облысымыздың саяси ахуалдың қалыптасуына елеулі үлес қосты. «Қазақ тілі қоғамы» құрылыш, оның төрағасы болып осы редакция қызметкери Қанат Аскаров жұмыс істеді, – деп жазған еken кезінде Тәкен Әліпбай ағамыз әріптестері жайлы мақаласында. Сол Тұрсын Әбдуәли аға бүгінде жетпістің бесеуіне келді. Журналистиканың қара нары. Жүріп өткен жолында өнегелі ісі қалды. Қайтпас қайсар мінезінің арқасында қазақ тілінің сойылын соқты. Соғып қана қоймай тілдің мерейін үстем етті. Алаш ұрпағын жасытпақшы болған билік басындағылардың мысын басты. Ел-жүргітты соңынан ерте білді. Ұжымын жұмылдырып, бұқара халықтың жоғын іздеді. Сондықтан ол кісі бүгінде көшілік құрметіне ие. Халқына істеген адал қызметі абырай биігіне көтерді.

Тіл сарайында белгілі қоғам қайраткери, жазушы, публицист Тұрсын Әбдуәлидің шығармашылық кеші өтті. Оған облыстық мәслихат хатшысы Ермек Келемсейіт, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Серік Мұқанов, облыстық ардагерлер үйімі төрағасы Ардақ Сыдық, Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаев және Алакөл, Қаратал, Көксу ауданы әкімдіктерінің өкілдері қатысып, қаламгер ағаға Құрмет грамоталарын табысталап, иығына шапан жапты. Қаламгердің өмірлік жары Рәш апайдың құшағын гүлге толтырды. Кешке сондай-ақ облыстық деңгейдегі бұқаралық ақпарат қуралдары басшылары, әріптестері қатысты.

Ермек Әбілмәжінұлы облыс әкімінің Алғыс хатын оқыды. «Құрметті Тұрсын Әбдуәлиұлы! Сізді бүгінгі мерейтойыңызben құттықтаймын!



Сіз сонау алпысыншы жылдардан бастап өмір жолыңызды бұқаралық акпарат құралдарына арнадыңыз. Өз шығармаларыңыз арқылы осы киелі жердің рухани дамуына зор үлес қостыңыз. Кеңес одағы тұсында «Октябрь туы», «Жерүйік» газеттерін басқара жүріп, өз үлттына қалтқысыз қызмет етудің ерен үлгісін көрсеттіңіз. Қылышынан қан тамған коммунистік жүйе тұсында да ел мұддесін тайсалмай ұстап, жер мен су аттарын қалпына келтіру туралы жазған мақаланың қазак баспасөзіне серпіліс туғызған еди.

Тұрсын аға! Сізді қазақ баспасөзінің шынайы жанашыры, өз ісінің майталманы, халқына адал қызмет еткен ірі тұлға деп білеміз. Алматы облысының Құрметті азаматы деп қадір тұтамыз» деген ыстық ықыласты хат той иесінің мерейін өсірді.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Серік Мұқанов өз кезегінде: «Жақсыдан шарапат» деген. Аға, Сіздің арқаңызда көптен көрмеген бауырларымызben қауышып жатырмыз. Сізді білгеніме 40 жыл уақыт болыпты. Содан бері ірі тұлға ретінде әділетті сөздерінізден үлгі алғып келеміз. «Жақсылық жасасаң қайтаратын адамға жаса, әйтпесе айта алатын адамға жаса» деген. Міне, ел үшін еткен еңбегінің еленіп жатыр. Мерейіңіз арта берсін. Осы кешті ұйымдастырып отырған Тілдерді дамыту басқармасы басшысы Ахмет Кендірбекұлына рақмет айтқым келеді. Ахмет ұйымдастырған «Тағым» еске алу кеші де қаламгерлерге жасалған құрмет. Игі шара жалғасын таба берсін», – деді.

Жиындағы баяндаманы облыстық «Жетісу» газетінің тілшісі Куат Қайранбаев жасады.

– Ғасырлар мен дәуірлер бойы жерінің азаттығы, елінің еркіндігі жолында басын бәйгеге тігіп, ат үстінде күн кешкен бабаларымыз батыр болған деп жиі айтамыз. Тіпті, кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде ерлігімен елінің данқын шығарған ерлерді мақтаныш етіп, үрлакқа үлгі тұтатынмыз рас. Осының бәрі Ұлы дала перзенттерінің сын сағаттар келгенде ажалдан да қаймықпай, дүшпанына қарсы шабар айбаты асқақ болғанын аңғартса керек. Алайда, батыр болу үшін міндетті түрде атойладап атқа қонып, жау қайтару қажет пе? Осындайда дана халқымыздың «Ерлікке әр кез орын бар» деген қанатты сезі ойға оралады.

«Халық айтса қалт айтпайды» дегендей, андал қарасақ бейбіт күнде де ерлік жасауға болады екен. Мәселе, суга батып бара жатқан

адамды құтқаруда, өміріне қауіп төніп тұрғанына қарамастан жалынға оранған үй ішінен сәбиді алып шығуда тұрған жоқ. Күнделікті тірлікте намысынды ешкімге таптатпай, адам деген атынды жоғары ұстап жүру де ерлік екен. Ал, әңгіме ұлтыңның ұяты мен намысына келіп тірелгенде патшадан да қаймықпай, әділдік пен адалдық жолындағы құреске шығуға дайынбыз ба? Жеке өзің немесе отбасың емес, қазақ деген халқын үшін от пен суга тұсуге дәтің жете ме? Міне, шын ерлік, шынайы азаматтық осындай сәттерде сыналса керек.

Егер менен: «Халқы үшін қаһарлана құрескен қайсар жанды білесің бе?» деп сұрай қалса, ойланбастаң: «Білемін. Ол – менің Тұрсын ағам, Әбдуәлиев!» деп жауап берер едім. Бұл сөзімде еш жалғандық жоқ екеніне кімнің алдында да ант беруге дайынмын. Себебі, оның қазағын қапысыз сүйеттініне, ұлтының ары мен намысы үшін ажалдан да қаймықпай, айдаһармен де арпалысуға дайын екеніне сан рет күэ болғанмын. Оны жалпак жұрты да мойындан, батыр ұлына бағасын беріп қойған.

Әрісін айтпағанда, биыл 550 жылдығын тойлағалы отырған Қазақ хандығы құрылғалы бері халқымыздың басынан небір зобалаң өтпеді дейсің. Жоңғар басқыншылығына қарсы жүргізілген ғасырға жуық шайқас, патшалық Ресейдің озбырлығы, берідегі Кеңестік империяның бұратана халықтарға жасаған қиянаты маңдайының соры бес елі қазаққа оңай тимегені белгілі. Халықтың тоталитарлық жүйе мен ұлтты кемсіту саясатына қарсы жиналған ыза-кегі 1986 жылы жастардың көтерілісіне ұласқан. Көптің қаһарынан қорыққан билік жекелеген жеңілдіктер жасап, жұртты алдарқатпақ болғаны да есімізде. Міне, осындай сәттердің бірінде Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетінің бас редакторы Тұрсын Әбдуәли қызметкерлерін жинап алып, құрылышы аяқталуға жақын қалған бір мектепті қазақ тілінде дәріс беретін оқу орны жасауға ұсыныс айтайық деп ой тастайды. Бұл өзі заман ағымына сай ұсыныс болатын. Талдықорғанда жалғыз ғана қазақ мектеп-интернаты барлығына намыстанып жүрген азаматтар мәселені бірден қолдан, көп кешікпей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Анатолий Жигулиннің алдынан бір-ақ шығады,— дейді әріптес інісі ағаның бейбіт кезде ел болашағы үшін жасаған ерлігін паш етіп. Осы жағдайға басынан аяғына дейін күэ болған Тәкен Әліпбаев кезінде естелік жазған еді. Сол мақаладан үзінді келтірейін:

– Қазақ тілінде мектеп, балабақша ашу дегеніңіз күн тәртібінде тұрған. Дәл сол шақта бүгінгі Бақтыбай атындағы №18 мектептің ғимараты салынып біткен. Дау осы «Дайрабайдың сирынан» басталды. Ғимараттың салынып бітіп, дайын болып қалғанын жақсы білген Тұрсын Әбдуәли бүкіл редакция ұжымын шақырып алды да:

– Қанішер Колбиннің қазақ және орыс тілдері жөнінде қабылдаған заңдарын білесіндер. Демек, орыс тілімен қатар қазақ тілі де өркендеуі тиіс. Олай болса, орталықта жаңа салынып біткен мектеп ғимаратын қазақ мектебі етуді сұрайық. Бүкіл қалада жалғыз мектеп-интернаттан басқа түк жоқ. Демек, біздің талабымыз заңды! – деді. Бүкіл ұжым қолдан қана қоймай, өре түрегелдік. Содан не керек, бір топ адам ұжымнан делегат болып сайланып, сол кездегі Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Анатолий Сергеевич Жигулиннің алдынан бір-ақ шықтық. Біздің мұң-шерімізді мұқияттындаған ол, ең сонында: «Бұларыңнан түк шықпайды. Ол – орыс мектебі болады» деп бір-ақ қайтарды.

Дәл осы тұста қаны қайнап кеткен Тұрсын орнынан атып тұрып: – Кешіріңіз, біздің ұлттық мектеп ашуға құқымыз бар ма, жоқ па? – деді.

– Әбдуәлиев жолдас, сіз кімнің алдында тұрғаныңызды ұмытпаңыз!
– деді Жигулин.

– Мен ұмытқам жоқ, Анатолий Сергеевич. Бірақ, мен үшін сіздің креслоныздан халқым қымбат! Жүріндер, кеттік! – деді бізге.

Ол енді Компартияның қылышынан қан тамып тұрған заман. Бір-бірімізге қарайтын бет жоқ. Сірә, дәл сол кезде бәріміз «Редактор құритын шығар» деп ойлаған болуымыз керек. Басқаларды қайдам, мен өз басым дәл осылай ойладым. Ашу мен ызадан қап-қара бол түтігіп кеткен Тұрсын редакцияға кірер-кірмesten, «Кіріндер кабинетке, ақылдасатын шаруа бар» деді. Кірдік. Отырдық. Сәл ойланып алды да, әңгімені бастады.

– Мен, сендерді қайдам, бұлай ұлт болуға болмайды! Бүйтіп бізді көрінген жаншып, көрінген таптай берсе неміз қалады?! Күні кешегі желтоқсанда «Халқым үшін жан пида!» деп аланға шыққан жастардан біздің жанымыз артық емес шығар. Ерем дегендерің еріндер, ермеймін дегендеріңе зорлық жоқ. Бірақ мен тәуекелге бел будым! Маған шегінетін жер жоқ! – деді.

Шынын айту керек, абдырап қалғанымыз рас. Қалай

абдырамассын?! Күні кеше Компартияның сөзін сөйлеп, сойылын соғып жүрген адам, бүгін келіп өзінің құрылтайшысы, Бас хатшы Анатолий Сергеевич Жигулинге айбат шегіп отырса!

– Ойбай, Тұке-ау, сонда не істейміз? – дедік аузымызға басқа сөз түспей.

– «Социалистік Қазақстанға» сын мақала жазамыз, – деді.

– Колымызда дерек те, дәйек те жоқ, қалай жазамыз?

– Оған қам жемендер. Деректің бәрін мен табам. Жазуын Әліпбаев жазады. Оған үш адам Қанат Асқаров, Камал Әбдірахманов қол қояды. Осыған келіскендерің қалындар. Келіспейтіндерің өз орындарыңа барып, жұмыстарынды істеп отыра беріндер, – деді.

Содан «Шешінген судан тайынбас» деп облыстық партия комитетінің хатшысымен шайқастық та кеттік. Ол кезде «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы Шерхан Мұртаза. Ол кісінің ұлт мәселесі десе қаны қайнап шыға келегінін бұрыннан да жақсы білетінбіз. Жазып апарған мақаламызды сөзге келген жоқ, қолма-қол бастырды да жіберді.

Әлгі «Құланның қасуына, мылтықтың басуы» деген де осы болар. Көздеген оғымыз дөп тисе керек. Оның үстіне қанішер Колбин Мәскеуіне кетіп, Нұрсұлтан Назарбаев бірінші хатшы болған. Содан да болар, әйтеуір, мақаланың деректерін тексеруге сол кездегі Қазақстан Орталық Комитеті ұйымдастыру бөлімінің менгерушісі Оралбай Әбдікәрімов келді. Дәл осы жерде Мырзатай Жолдасбековтің азаматтық қолдауын ешкім айтпаса да жақсы сезіндік.

Айтып-айтпай не керек. Облыстық партия конференциясының қарсаңы. Оның үстіне қызыл империяның қабырғасы қақырап, омыртқасы үзілуге таяған кез. Әйткенмен, «Жыланды қанша кессенде, кесірткелік қауқары бар», облыстық партия комитетінің органды болған соң, өзімізді ұстараның жүзінде жүргендей сезінгеніміз рас. Бірақ ұлттық намысымыздың лапылдағаны сонша, өзімізді-өзіміз тежеуге жігеріміз жетпеді. Осылайша «Не болар скен, не болар екен?» деп қылпылдан жүргенімізде, сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы В.Ануфриев тұп-тура «Жерүйік» газетіне келді. Өзімізге көрсетілген мұндай зор құрметкеabdyrat-ak қалдық. Сейтсек, әңгіменің төркіні редакция ұжымы мен Жигулинді табыстырмақ екен. Бұған бару – өзімізді-өзіміз жығып берумен бірдей еді. Редакциядан Ануфриевтің еңсесі түсіп шықты.

Тексеру қорытындысымен Жигулин орнынан алышып, оның орнына Сағымбек Тұрсынов сайланды, – деп жазылған естелікте.

Шығармашылық кеш қарсаңында ағаны білетін барлық журналист ол кісі жайлы өз естеліктерін айтты. Соның бірі алыс шет елден көшіп келіп, жұмысқа орналасқанда Тұрсын Әбдуәлидің қамқорлығын көрген Жүкел Хамай.

– Журналистер қауымы көп жағдайда Шераған (Шерхан Мұртаза) мен оның шәкірттерінің батылдығын ауызға алып жатады. Сол қатарға Тұрсын Әбдуәли ағаны да қосқымыз келеді. Өйткені, біз бұл кісінің көптеген қасиетін білеміз. Әрі көзіміз де жеткен. Сол кездегі облыстың бірінші хатшысы Сағымбек Тоқабайұлы Тұрсынов, қала әкімі Аманғазы Шегіров мырзалар Тұрсын ағамен қалай санасқанын білеміз. Қазір, облыс әкіміне «Үндеу хат» жарияладап, бір сөзben ультиматум қоятын бас редакторды табу қын. Ал, Тұрсын ағамыз сол тоталитарлық кездің өзінде бірінші хатшыны (Анатолий Сергеевич Жигулин) қызметтен алдырып, келесі бірінші хатшыға қазақ мұддесі туралы «Үндеу хат» жариялады. Бірінші хатшылардың өз қызметіне, үлт мұддесіне салғырт қарағанын мойындата білді. Бұл қазіргі күнде соншалықты ерлік деп есептелмегенімен, сол кездегі жүйе жұмыс жасап тұрған кезде, адамдарды үйқысынан шошытып оятарлық ерлік болатын, – дейді Жүкел інісі.

Кеш барысында Тұрсын ағаның шығармашылығы жайлы да кеңінен айтылды. Бұл тұрғыда Куат Қайранбаев: – Бәрін қозғап, Тұрсын Әбдуәлидің шығармашылығы жөнінде айтпай кетсек, онда түк демегенмен бірдей болар едік. Ол ең алдымен алып та, шалып та жазатын, жақсы істі алақайлап қарсы алып, қыңырды жерге кіргізердей әшкерелейтін қаламы қарымды, тілі шалымды журналист. Тұрсын агадай терең білімді, кең ойлайтын, адам жанының қалтарыс-бұлтарысын зерделей алатын адам көркем әдебиетке түбі бір соғатынын білу үшін сөуегей болудың қажеті жок. Сондықтан қазактың даңқты қыздарының бірі – Зылиха Тамшыбаева хақындағы «Өмір өрінде» атты романын жүртшылық жылды қабылдады. Ал, айтыстың ақтанғері Бақтыбай Жолбарысұлы туралы Сәбит Биболов екеуі бірігіп жазған роман-диологиясы тарихтың тереңіне тарта отырып, ақынның күрделі де қын өмірін көз алдынан көлбендедетеді. Оқиғаға, тарихи деректерге толы еңбек қандай да марапатқа лайық. Бұл әрине, Тұрсын ағаның шабытты

шактарының бір ғана жемісі деп сенеміз, – деп ой қозғады. Тұрсын Әбдуәли кезінде редакция қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын көтеруге де барынша қолдау білдірген. Қарамағындағылардың баспана, жер алуына, тіпті азық-түлікпен қамтамасыз етілуіне қол ұшын беретін. Сол кезде қылышылдаған журналистер бүтінде аға буын өкілі. Бірақ өткен күндер жайлы айтқанда сол кездегі бас редактордың азаматтығын тамсана жеткізеді.

Тұрсын ағаның жастық шағы жайлы Қазақстанның Құрметті журналисі Мәкен Өсербаева апамыздың аузынан естідік. «Бір үйде той болып жатты. Балалар бір бөлмеге жиналдық. Ортамызда Тұрсын бауырымыз отыр, малдас құрып. Сөзі мірдің оғындай. Әрқиыттың арқауын тарқатқанда өлең жолдарын қосып, майын тамызды. Не деген шешендік! Аузымызды ашып, көзімізді жұмып біз отырмыз. Кенет ол:


– Айтысамын біріңмен, – десін.

– Мәкен, сен айтыс, – деген достарымда не айтарымды білмедім.

Төрт жол өлеңді әрен құрастырып, Түкенінен жеңіліп қалдым. Тойға жиналғандар оны «ақын, ақын» деп құттықтады... Балалық шактағы болжамның тура келгеніне таңғаласың. Ол шынында да руханият әлемін таңдап, журналист болып, қаламын ұштап, шеберлігін шындалап, қиял қанатымен заман жыршысына айналып, бірнеше кітап жазып, Жазушылар Одағының мүшелігіне өтіп, жазушы атанды. Кеңес тұсында да әрқиытлы лауазымды қызметтер атқарып, зорabyрой-атаққа бөлениген Тұрсын Әбдуәлиұлын ел-жүртү мақтан тұтады. Ауылдағы бірде-бір ізгі шара Тұрсынсыз өтпейді. Өзі де тұган ауылдындағы көз көрген достарымен жиі-жиі араласып тұрады. «Елінің даңқын ері шығарады» деген рас екен. Қандай да жиынның ортасында Түкенің отырғанын жерлестері мәртебе санайды», – деп естелік өрбітті замандасты.

Шығармашылық кеш барысында облыстық филармония әншілері әннен шашу шашты. Тағылымды басқосуда ақындар шығармашылық кеш иесіне арнаған өлеңдерін оқыды. Төредей болып төрде отырған ақын ағамыз көптің қошеметімен еңселене тұсті. «Халқыңа адал қызмет іstemесен, келеді қай жағынан атақ-абырой» деп әнде айтылғандай, бұл халықтың ризашылдығы, алғысымен асқактаған мерей еді.

ЖОМАРТ ЖАН – БІЗДІҢ ӘЛИ АҒА



Қазақта: «Тұсі игіден түнілме» деген мәтел бар. Осы бір қанатты қағидадан Әлекеннің – Әли Әпекұлының бар болмысын көруге болатындей. Неге десеңіз, молынан пішілген кескін-келбетіне сай келетін кісілігі мен кішілігі бір-бірімен ұштасып жататындей бітімі бөлек, мінезі де ерек жайдары жан десе еш артықтығы жоқ. Қашан көрсөн де жылы жүзбен күлімдей қарсы алып, етene араласып жүрген адамдарша ыстық ықыласын білдіре ашық-жарқын

қауышатын сәттерінен ауытқымайтынын әр кезікken сайын аңғарамыз. Абзal ағаның мейірге мәрттігі мен қамқоршыл жомарттығы, төнірегін жақсылық шуағымен нұрландыратындей ыстық ықыласын білдіре, сыпайы әзіл-қалжының араластыра ашық-жарқын жүздесетін адами асыл қасиеттері кімді болса да сүйсіндіретіні және шындық.

Әли аға, Әлеке! Бұл жалпақ жүртқа жақсы танымал есім. Әсіресе, қаламгерлер қауымы журналистиканың ардагері Әли ағаны ерекше қадір тұтады. «Сүйген ұлдың аты көп» демекші, бұл Әли ағаның жылдар бойы жинаған абырайының жемісі деуге лайықты. «Адам қырық жасқа дейін абырай жинау үшін өмір сүреді, қырық жастан кейін сол абырай өзіне қызмет етеді» деген сөз бар. Ендеше, әріптес ағаның бүгінгі мәртебе биігінен көрінуі кішіге құрмет, үлкенге ізет көрсете білген парасаттылығының нәтижесі екені және анық.

Журналистиканың қыындығы мен қызығы қатар жүретін қым-куыт тірлігі – Әли ағаның таңдал алған тағдыры. Барлық ғұмырын баспасөзге арнаған Әлағаның еңбегі зор. Сырт көзге газет деген қатар-қатар орналастырыла салған мақалалар тізбегі сияқты. Шындығына келсек, қыындығы көп машақаты мол жұмыс саласы бұл. Бір мақаланың жазылуы мен жарыққа шығуының өзі кәдімгідей еңбекті, ізденісті, шеберлікті қажет ететінін біреу білсе, біреу білмесі анық. Кейде мақаланың қағаз бетіне тұсуі мен оның жарыққа шығуы үшін ұжым болып атсалысып, ол газет бетінде жарияланғанша үлкен-кішіміз

алашапқын болып жататынымыз бар. Бірақ, газет басылып шығып, дайын күйінде жарқырап қолға тигенде жаңағы қындықтың бәрін ұмытып, рахат күй кешеміз. Басылымның әр бетін ерекше ықыласпен ақтарып қарап, тақырыптары мен суреттерінің орналасуына қөніліміз толып, сүйсініп те қаламыз. Редакцияның сырт адамдар біле бермейтін қыр-сырын журналистер қауымы «Газеттің ішкі кухнясы» деп атайды. Журналистиканың барлық ішкі жұмысын жетік билетін қаламгерді «Газеттің қазанында қайнаған адам» деп бағасын асыра мадактайды. Ондай құрметке жету үшін тілші газетте кетіп бара жатқан қатені көз майын тауысып тазалайтын корректорлықтан бастап, мақаланы мән-мазмұнына қарай газет бетіне орналастыратын макетші, сегіз сейлем үшін сексен шақырымға бір күнде барып-келетін еңбеккор тілші болуы тиіс. Біздің Әли аға осының бәрін бір адамдай меңгеріп, басылымның басшылық қызметіне көтеріліп, 50 мың оқырманы бар облыстық газеттің жауапкершілік жүргін иығымен көтергендердің бірі. Ол басшы ретінде ешкімге сес көрсетіп, айбат шегіп, едірендеген міnez көрсетпеген біртоға жан. Кейбір кеудемсоқ жетекшілердей болмашыдан ілік іздел, қарамағындағылардың намысына тиетін сөз айтып, өрескелдікке барған жоқ. Қасындағы әріптестерінің ұсыныспікіріне құлақ асатыны ұнайтын. Журналистиканың қым-қуыт тірлігінде «көзінді жұмып тұрып кетіп қалатын» қатені жіберіп алған журналисті қорғай алатын тек сол басылымның басшысы. Жұтіріп жүріп асығыс-ұсігіс жазған мақалада адамның аты-жөнінен немесе цифрдан қате жіберіп, ақырында сол бір елеусіз жаңсақтықтан ұрыс естіп жататынымыз да жасырын емес.

Бұл мерзімді басылымда қызмет істейтін журналистердің қай-қайсысының да басында жиі болмаса да, кездесіп тұратын жағдай. «Қате – газеттің қас жауы» деген тұрақты тіркес сондықтан қалыптасып кеткен. Бұл орайда Әлекен басшы ретінде байқаусызыда кеткен қатеге түсіністікпен қарайтын. Жұмысқа келіп, газетті ашып жіберіп, кеше екі кештің арасында алашапқын болып жүріп жазған мақалана көз жүтіртіп қараганда алдында быттыйып түрған қатені көресің. «Неге дұрыстап қарамадым, сөйлемге қалайша мән бермедім. Осы жерінен күдіктеніп едім. Анығын қайталай сұрамағаным-ай», деп өз жанынды өзің жей бастайсың. Сол кезде хатшы қыз келіп: «Сізді бастық шақырып жатыр» десе, берекен қашты дей бер. Ондайда

Әли аға бірден ашу шақырмайды. Ең әуелі қатенің кету себебін анықтайды. Кінәлі кім, қате қалайша жіберілді? Соларды тәптіштеп сұрап біледі. Ыңғайы келсе, жазалауға жол бермей, қорғап қалудың жолдарын қарастырады. Ондай жағдайлар, әсіресе, корректорлар тарапынан жиі кездеседі. Біреулер жерден алыш, жерге салып жатса, Әлекең: «Бұлардың жұмысы қын. Ерте келіп, кеш қайтады. Кешірім жасайық» деп «жанынды» алыш қалуға пейіл танытатыны есімізде. Оған нақты мысал. Бір жолы газет қызметкері Куат Қайранбаев тұрғындарға қызмет көрсететін қоғамдық көліктердің жұмысы жайлы мақала жазды. Бірақ шетел көлігінің атын қателесіп, басқаша жазып жіберіпті. Қарап тұрсан, онда тұрған пәлендей ештеңе жоқ. Одан фирмандың жұмысы тоқтап қалмайды. Жолаушылар автобусқа мінбей қоймайды. Мақсатымыз – олардың жұмысын көрсетіп, жаңалықтарын көпшілікке паш ету еді. Түске таман барын киіп, бақанын қолына алыш фирмандың басшылары редакцияға келді. Кемедегінің жаны бір. Бәріміз Куатқа ауыр сөз тимесе екен деп іштей тілеуін тілеп отырмыз. Шағымданушылармен келіспегендігі болар, кабинеттен Әли ағаның дауысы қатқылдау шыға бастады. Дәлізге анық естіліп тұр. Бәріміз сілтідей тынып, не айтылып жатқанына құлақ түрдік. Әли аға әлгі шірене басып, шекірейіп сес көрсете келген фирмадастықтарының адудынды арынын басып, бетін қайтарып таstadtы. Истің дау-дамайсыз шешілуін қолдап, алдағы кезде мұндай кемшілікке жол берілмейтініне сендеріп, аналарды дегеніне көндіріп, сабыр сабасына түсіріп, ақылға жүгіндірді. Сөйтіп, даулы әңгіменің өртін өршітпей, түсіністікпен ымыраға келіп, шағымға нұктे қойылды. Бәріміз риза болдық. Сөз осымен бітті. Әлгілер келгендердің емес, жұні жығылып қалды. Сөйтіп Әлекең газеттің де, басылымның қарымды журналисті Куаттың намысын қорғап қалғанына ризалық білдіргенбіз.

Ұжымдағы әр маман – сол мекеменің алтын қазығы. «Маман бәрін шешеді» деген сөз сондықтан да айтылған. Бұл Әли ағаның қарамағындағы әр тілшінің қадіріне жететіндігінің, олардың еңбегін бағалай білетіндігінің дәлелі. Әйтпесе, әр кеткен қате үшін кім көрінген келіп тілшілерді жүндей берсе, журналистиканың қадір-қасиеті қала ма? Мұндайда басшының адудынды арындағатпай сабасына сабырмен түсіретін парасаттылығы керек-ақ. Қашан да қындыққа тап болғандардың жел жағында жүретін Әлекең баспасөздіңabyroyын

асыру үшін, оқырманға мәнді-мағыналы мақала ұсыну үшін де барын салатын. Эр журналиске нақты тапсырма беріп, оның қалай жазылуына, қай мәселеге баса назар аудару керектігіне де бағыт-бағдар беріп отыратын.

Қаламы қарымды журналист Әли аға сегіз жылдан астам уақыт Талдықорған облыстық «Полиграфия» өндірістік бірлестігінің тізгінін ұстады. Бұл кезең өндіріс экономикасының тығырыққа тірелген тұсы еді. Соған қарамастан өндіріс қожырамады. Тұрақты жұмыс істеді. Еңбекақы уақтылы төленіп тұрды. Үйсіз жүрген көптеген жұмысшыларға пайызыз несие әперу арқылы баспаналы болуына қамқорлық жасады, қаржылай жәрдемдесті. Біреудің отбасында қыындық туса, полиграфия есебінен қаржылай көмек көрсетілетін дәстүр қалыптасты. Кез-келген жұмыс бірлесе атқарған істің нәтижесі. Қоржындағы қаржы көпшілікке ортақ. Осыны ескерген «Полиграфия» басшысы есепшоттағы ақшаны қыжалатқа пайдаланудың жолын тауып, қызметкерлерін тығырықтан алып шығу жолдарын қарастыратын. Оған нақты бір мысал. Баспаханада жұмыс істейтін Ерлан деген жігіт үйленбекші болды. Ақсулық жігіттің той шығынын Әлекен бастаған ұжым өзі көтеріп алатын болып шешті. Той жаңа баспананың алдында тігілген шатырда өтті. Бас құда Әли Әпекұлы. Дастарқан үсті аста-төк дәм. Ұжымның қыз-жігіті қонақтарды күтіп, бір үйдің баласындаш шапқылап жүр. Кәдімгі береке-бірлікті ауылдың ұл-қызындаш. Келген құдалар көрсетілген құрметке ризашылықтарын білдірді. Бас құданың мәрттігі мен жомарттығына таңдай қағып аттанды. Жас отбасының төрт бөлмелі үй алуына да көмектескен осы Әли Ыңқабай еді. Бұл Әлекеннің қайырымдылық жасап, жақсылық шапағатының шуағын шашудағы адами қырының бір ғана мысалы.

Әли аға жауапты басшылық қызметті атқара жүріп, ел-жүртіна қайырымдылық жасаумен бірге тәлім-тәрбиелік мәні бар әдеби кітаптар шығарумен айналысуга да уақыт таба білген журналист-жазушы. Әдепкіде «Менің інім» деп жақынын жанына тартқан жыр жинағы шықса, одан кейін «Бесік жырымен» бөбектерді әлдилеп, «Солдат ағаға хат» арқылы сағынышын жеткізген, «Еңбеккор құмырсқаның» тірлігіне тәнті болып, «Айдостың арғымағын» аламан бәйгеге қосып, «777 жұмбағымен» жасөспірімдердің ойлау

қабілеті мен тапқырлық дүниетанымын дамытуға баулыған. «Әліппе-жанылтпаштарымен» бала тілін ұштап, дұрыс сөйлеуге талпындырған қаламгердің бүгінге дейін жиырмадан аса кітабы шыққан. «Тіл мен сөздің» мән-мағынасын ұғындырарлық ой тұжырымдарының етек-женін жинастырып, тұған тілге деген құрметі мен ілтипатын, ыстық маҳаббатын айқын сөздіретін ішкі ой қатпарындағы тылсым сырларын ақтара отырып, көніл тұщынтарлық бірынғай тұтас дүние жасағанына да көз қанық. Көптеген ән мәтіндерін де жазды.


Ағаның әдеби туындылары көбінесе еңбек адамдарының тынымсыз тіршілігін суреттеуге арналған. Балаларға жан дүниені кеңейтетін базарлық жасау да ағаның сүйікті жанры. Екеуі де табиғаты таза жандар. Еңбек адамы нәпақасын жер мен малдан табады. Ол қитұрқылықты, бақай есепті білмейді. Аңы тердің тәтті дәмін тату өмірінің қызығы және мәні мен сәні. Ал балақайлардың жанына – ойын азық. Қазақта «Ұстаның бізі сүйкімді, жақсының сөзі сүйкімді» деген тәмсіл бар. Қаламгер өз шығармашылығында мақал-мәтелдер жазып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтуда машықтанған.

Аға өзінің 75 жылдық торқалы тойы қарсаңында қатарынан бірнеше кітап шығарды. Соның бірі «Ойлы сөздің оғашы жок» деп аталады. Параптары ақыл мен нақылдан құралған көгілдір кітаптың іші тағылымды үрдістерге толы. Әр жолына көз жүгірткен сайын, рас-ау деп бас шүлғып, келесісін оқуға ынтығасын. Мына бір түйінді ойға көз жүгіртінізші. «Өзінді сыйлаганға асылынды қи, өзінді қинағанға, жасығынды тый» дейді. Қара басынды қадірлеген жаның садағасы кетпейсің бе? «Өзіме мол жетеді өз ақылым, басымды кім сыйласа, сол жақыным» деген нақыл да көнілге қонылымды-ақ. Нақты ойынды айшықтай түседі. «Көнілі кенге – дүние қызық, Пейілі тарға – бүгін де үзік». Иә, қараша адам қашан да елден оқшауланып, кеншілік заманда тарылыш жүретіні көнілге қонбайды-ақ. «Барында оралыңың ойна да күл, түбіне бұл дүниенің кім жетеді» деп қазақ мұндайда жарық дүниенің қадірін әнмен әуелеткен.

Кітаптың «Кейбір кейіпкерлер кейіпі» деген бөлігінде адамның мінез-құлқын төрт жолдық өлең арқылы ұтымды суреттейді. «Арсыз ашар аранын, жеткендей-ақ, жеті жұт. Аузын тырнар жараның, Қонданған соң жетіліп». Шындығында осылай-ау, деген ой көкейге оралады. Дәл біздің қоғамдағы түйені түгімен жұтса да тоймайтындар



**Ата-анам Оралхан мен Мұқаш, кіші әке-шешем,
Асқар ағам мен Күләм.**



**Немерелерім Ерасыл
мен Жанеркем**



**Ақсу ауданының Құрметті
азаматы атағын алған күн.
Жансаям мен жарым Жанат.**



Нүрсемек мен Нанаардың Чылеку тоюй!
“Пиана” мейрамханасы
Таңыраған күн, 23.03.2014 жыл!

Анам Оралхан мен сыйластықтары жарасқан
қос енем Асылхан ана мен Гүлбаран тәтем.



Мақсұтым дарынды балаларға арналған
спорт мектебін тамамдаған күн.



**Ерасылымның сүндөт тойынан естелік.
Тамара құдағиым мен достарым.**



Әріптестермен жүлде алған мереайлі сәт.



**Заманының беделді азamatы Тұрсын төре
атама ескерткіш тас қойған күн.**



Әкем мен анамнан туған 6 қызы.

жайлы ғой мына нақыл. Аңы болса да қазына қаржысын түпсіз тұңғиыққа жіберіп жатқандардың кімдер екенін дөп басып айтпасақта, тұспалдаймыз, іштей сеземіз де. «Мешкей» деген жақсы ат емес екенін де естен шығарып алады-ау, пәтшағарлар. Тұбінде құдайын ұмытқан пенденің бәлеге ұрынбай қоймайтынын кеш біліп, санын соғып жататынын қайтерсіз. Әли аға шығармашылығы арқылы қоғамның жегіқұртының бетпердесін айқара ашуда біліктілік танытады. «Жалпаңның өзіндік пікірі жок, біреуді мақтасаң қосылады. Жамандай қалсанғ, күпірі боп, тіл безеп, сөз бермей жосылады». Осылайша Әли ағаның ойлы сөзі бірінен соң бірі өріле береді. Эрине, өмірден түйгені көп, шежіре жан ғана осындай ой түйіндей алары сөзсіз. Ку көз ондайлардың да куәсі болады. Олар ешкіні апа, текені жезде деп күнкөру керектігін мансұқтайды. Мұндайда қазақ «Еңкейгенге енкей, атаннан қалған құл емес, Шалқайғанға шалқай, Пайғамбардың ұлы емес» деп жалпақшешей болмауға үгіттемеуші ме еді.

Бұл – бір кітаптың бір пұштағы жайлы ғана пікіріміз. Ағаның журналистігі мен жазған кітаптары туралы ойымыз газеттің бір санына жетерлік. Редакциядағы жайшылықта үйымдастырыла салатын отырысының шай-пұлын өзі көтеріп алатын мәрттігі басқа әңгіме. Журналистер күнінде Балқаш көліне демалуға барғанда ағаның жұзу шеберлігін көріп, аузымызды ашып, көзімізді жұмған едік. Жігітке жеті өнер де аз деуші еді. Біздің Әли ағаның жан-жақтылығы осы шагын мақаламызда айтылған қасиеттерінен аңғарылып тұр. Елеусіз әпкеміз екеуінің қонақжайлышын осы өңірдегі ақын, әнші-жыршы, қаламгер қауым таңдай қаға тамсана айтады. Үлгілі басшы, ақылман әке, қамқор ата, жақсы жар бола білген Әли аға, кемел жасыңыз құтты болсын! «Арқалағаны – алтын, жегені – жантак» журналистік мамандыққа сіңірген еңбегінізді халық біледі. Елге елеулі болғаннан артық бақыт жок. Ендеше, еңбектен тапқан бақытыңыз ұзағынан сүйіндірсін!

КЕСТЕЛІ АҚ ЖІБЕК ОРАМАЛ



Әріптес аға жайлы әңгіме жазбақшы болып үйіне бардым. Тоқсан жастағы Файыс аға ғұмырын журналистикаға арнаған жан. Соның 11 жылын Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетіндегі редакторлыққа арнаған. Облысымыздың Құрметті азаматы. Ағамыздың

кеудесінде бірнеше орден, медаль жарқырайды. Ол екі мәрте Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасы мен Елбасының Алғыс хатын иеленген асыл жан. Дәл біз барғанда облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Өнербаев ардагердің төсіне Белоруссияны азат етудегі жаужүректігі үшін арнайы жіберілген медальді табыстауға келіпті. Соғыс ардагері әдемі қартаюдың үлгісіндей. Өмірлік жары Жамал апа екеуінің қасында екі сағаттан артық отырып, әңгімелестім. «Төбеге шықсан қөнілің ашылар, жақсымен сөйлессең зерден ашылар» деген. Жұмыс кабинетіме келіп әдемі әңгіменің әсерімен қолыма қалам алдым.

«Бақ адамның табанына келіп қонақтайды. Содан ақырындан жоғары қарай өрлей береді» деп еді көпті көрген қария. Бақтың таңдауы түскен жеткіншек жастайынан аяғынан талып еңбек етеді. Жаңалыққа жаны құмар, зерек келеді. Оқысам, білсем, замандастарымның алды болсам деп тыным таппайды. Ой үстінде жүреді. Аз сейлеп, көп тындаиды. Уақытын өнетін іске арнайды. Содан бақ жайлап қарын жакқа барады. Сол шақта бозбала немесе бойжеткен сәби сүйіп, ұрпақ жалғастырады. Одан құт өрлеп, иыққа жетіп қонақтайды. Бұл кезде адамның еңсесі көтеріліп, жүрген ортасына сыйы артады. Бақ ауызға барғанда «Бәкен айтсын», «Бәкенің ақылына құлақ турелік», «Бәкенің батасын алайық» дейтін дәрежеге жетеді. Оны көпшілік аузы дуалы жанға санап, айтқанын зейін қоя тындаиды. Содан бақ ақырындан мандайға барып тұрақтайды. Ол адамның мерейінің өсken шағы. Міне, біздің Файыс аға осындағы мандайы жарқырап, ғибратымен ел-жүртyn тәнті еткен жан. «Куана білмегенге құт қонбайды,

бағалай білмегенге бақ тұрмайды» демекші, аға басындағы бақты бағалап, аялап, қадірлеп, соны ұстап қалу үшін ақылы мен сабырын қабыстыра білді. Бүгінгі көптің ықыласына бөленуі ешкімнің ала жібін аттамағаны, әлімжеттік жасап әлсіздің маңдайынан шертпегені, өсекке бой алдырып бірді-бірге соқпағаны, басын сыйлаған жанды жанына жақын тартып, қадіріне жеткендігінің өтеуі. Әйтпесе, мына жалған дүниеге кемеліне келіп, қүреніне мініп келе қалған ешкім жок. Эке мен шеше, сүйген жар, ағайын-туыс, дос-жаран, бала-шаға, өзінің амандығын тілеп, жібек орамал сыйлап соғысқа аттандырған алғашқы махаббатын бүгінгі күнге дейін қастерлеуі кісліктің ең жоғарғы сатысы. Әңгімені алғашқы махаббаттан бастайықшы.

Жасына жас қосып жаздырып алған балаң жігіт қатарластарынан қалмайын деп алғы шепке соғысқа аттанып барады. Соңында аңыраған қос мұндық. Бірі ақ сүт берген анасы – Дәмелі. Екіншісі, апасы Кенжебике. Сүйенішсіз, тек ауылына, еліне ғана арқа сүйеп қалып бара жатқан аяуларына қараң, көңілі құлазиды. «Бейшаралар енді қалай күнелтпек?» деп жаны жүдейді. Әртүрлі ой жанын мұнға батырады. Жазықсыз айдалып кеткен әке мен майдан шебіндегі бауырының беймәлім жайы, оған қоса артында қалып бара жатқан тілеушілерінің зары күйзелтіп, құңірентіп, еңсесін езіп барады. Сол кездегі жар жағасында құлауға шақ тұрған жабыққан көнілді махаббаттың құдіретті күші демеп қалған еді.

Майданға аттанып бара жатқан алаң көңіл бозбаланың алақанына елік қыз келіп, орамал ұстатқанда бойын ыстық қан кернеп кетті. Жып-жылы алақан салалы саусактарды жайлап қана сипап, сузып кете барды. Жалт бұрылғанда байқағаны, бұл жанар басқа жандардан өткірлеу, мейірімділеу екен. Қылығына көпшіліктен ұялған бойжеткен көп көзден жасқанып, тез арада ғайып болды. Шәйі орамал жас жауынгердің жанына жылылық сыйлады. Соғыстан қайта оралуына тілекестігін білдіріп, бақытты күндерге үміттендірді. Вагон орнынан қозғалып кетті. Ғашық жан жібек орамалмен жүзін сипап, бетіне жауып ұйықтады. Сол түні «Орамал» деген өлең өмірге келді.

Жаманшылық бітпесін деп,
Сенің басқан ізіңе.
Алыс жолдан әдейі кеп,
Үйірліді жүзіме.

Көрсөң бейнет, шексен азап,
 Күшке қуат қоссын деп.
 Әр бәледен бол, – деп азат,
 Жолын қаза тоссын! – деп.
 Әр сапарға бассаң қадам,
 Дәйім мені есіңде ал.
 Болмасын, – деп – көңілің алаң,
 Досым берген орамал.
 Бұл орамал көңілімді елтіп,
 Жанымнан еш қалмайды.
 Қызулығы еттен өтіп,
 Сүйегімде қайнайды.

Өлең қаракөз қарындасқа жолданды. Біраз уақыттан кейін хатқа Жаңылдан жауап келеді. Онда орамалдың иесі жігіттің жаралы болатынын түсінде көргенін, алайда, елге аман-есен оралатынын, шәйі орамал баяғы батырлардың сауытынан да мықты екенін баяндапты. Жауапты бойжеткен де өлеңмен өрнектейді. Соңғы төрт жолын:

Бұл майданнан, Інші Алла,
 Аман-есен қайтарсың.
 Бұл орамал хикаясын,

Сонда маған айтарсың! – деген жылы лебізben аяқтайды. Екі арадағы сыйластыққа, сағынышқа толы хаттар майдан даласы мен ауылдың арасын осылайша толассыз жалғай береді, жалғай береді.

Жауынгерлерді Ақмолаға апарып, майданға дайындайды. Ғайыс Егембердіұлы пулеметшілік өнерді менгереді. Станковый пулеметті майдан даласында «Максим» деп атайды. Сол түні командир бір пулеметші, екі солдатты бір төбенің стегіне жеткізіп, «Жау осы жақтан келеді, даярланыңдар» дейді де өзі кетіп қалады. Бұлар тездетіп пулемет ұясын қазып, оны мықтап орнатады. Таң ата неміс танкісінің өздеріне қарай келе жатқан дауысы естіледі де іле-шала темір алпауыттардың тізбегі көрінді. Қасында ақ халатты автоматшылар. Жауынгерлердің біреуі: «Сол қапталды ала жүрсе дұрыс болар еді. Тура тартса жаншылдық» дейді. Пулеметші қасындағыларға: «Жау жақындан қалды, атамыз ба, не істейміз?» дегенді айтып сыбырлайды. «Үнінді өшір, ажалыңа асығып баrasың ба? Команданы күтпесек, бірден қағып түсіреді» деді қасындағының бірі. Осы сәтте жау атысты бастап, оқты

бората жөнеледі. Бұлардың арттарынан да танкті ататын мылтықтың дауысы гүрсілдеп қоя береді. Осы сәтті суреттеген Ғайыс аға атысты бала кездегі жүгеріні қуырғандағы дауысқа ұқсатқанын айтады. Бірақ жүгері қуырған мен адам қуырғанды, әрине, салыстыруға келмес. Жау оғы тиіп, пулеметтің дулығасы көкке ұшып, қару төңкеріліп қалды. Үш жауынгер балшық араласқан топырақ астында көмілді. Топтасқан үшеуді жау минометпен көздел аткан көрінеді. Қанша уақыт жатқаны белгісіз, есін жиғанда кішкентай саңылау арқылы демалып жатқанын байқайды. Жайлап ырғалып, топыракты астына түсірген солдат, жер бетіне көтерілудің қамын ойластырып көреді. Тар окопта тас диірменше айналып, сыртқа шыққысы келгенімен батпаққа малшынған сұр шинель күш бермейді. Сонда да болса басымен лайды сұзгілей, шынашағымен жер тіреп, алға жылжып келеді. Бір мезгілде ышқына алға жылжып, окоп ернеуіне табан тіреді.

Дәл сол кезде мұның тірі екенін байқап қойған жау жағы автомат оғын үсті-үстіне жаудырды-ай келіп. Көтеріліп келе жатқан дене екі қолы екі жаққа кетіп қайтадан шалқасынан құлады.

Енді қалай да қайтадан окопқа тұсу керек. Әйтпесе жау мұның қозғалғанын андып жатыр. Тірі екенін байқаса жанын алмай тынбайды. Ол аяғының ұйып қалғанына қарамай, бар күшін жинап, балшықты ысыра-мысыра шұңқырға сылқ ете қалды. Сол сэтте өкше тұсынан жау оғының дырр-р-р-р ете қалғаны байқалады. «Атаның басы, лағынет» дейді жаудан айласын асырғанына масайраған ол. Ұмырт жабылғанда кері қайтқандардың аяғының дауысы естілгендей болды. Бұл да үйіріне қосылмақшы ниетпен түрегеп көріп еді, тепе-тендікті сақтай алмай жалпасынан тұсті. Ақырында винтовканы балдак етіп ұстап, жайлап басып, траншейге қарай бет алды. Қанша жүргені белгісіз әл-дәрмені құрып, құлап бара жатқанын сезді. Дәл қасынан біреулердің «Вставай!» деп аяғын теуіп жатқанын сезгенімен, тірімін деп айтуға дәрмен жок. Олар мұны окоптан сүйреп шығарып, орнынан тұрғызып көрді. Бірі жауынгердің өлі-тірісін білгісі келіп жақсылап тұрып, тілерсектен теуіп жібергенде «тірі-өлік» «ыңқ» еткен дыбыс берді. Орыс солдаттары сөздерінің жаттанды «тұздығын» қосып, шешеден бір боқтады да «Живой!» деп қуанып кетіп, атарбашы шалды шақырады. Арба үстінде мұнан басқа бір адам жатыр. Жарақаты ауыр. Тіршілік нышаны білінбейді. Ұңыранғаны да естілмейді. Әудем жер жүргенде тоқтаусыз

жауған қардан арба жүрмей, ат тарта алмай, жаралы жігіт енді арбаның артқы қадауына жабысып, сүйретіліп, ілесіп отырды. Кейде құлап қалады. Ондайда арбашы келіп, сүйеп, тұрғызып жібереді. Үскірік жел алда не барын мулде көрсетпейді. Бір уақытта бұлар адасқандарына кездері жетіп, жылқының басын өз бетінше жіберді. Таң ата есті мал өзі жол тауып, үлкен шатырға барып тоқтады. Мұндағылар мұзға айналған екеуді тездетіп «конверт-көрпеге» орап, қос ат жегілген шанамен дала госпиталіне әкетеді. Қалшылдаپ тоңған жанның тісі-тісіне тимей сақылдайды. Діттеген жерге жетісімен жаралыларды шатырға кіргізіп, ағаш орындыққа сүйемелден отырғызады. Шатыр ішін Гайыс аға былай суреттеп берді. «Ортада екі жұз литрлік темір бөшке. От лаулап жанып тұр. Тән мен жан еріп кетті. Сол кезде бір өзбек жігіті бұрқыраған бір стакан шай мен үстіне май қойылған бір тілім нан әкелді. Мұндайды да көретін күн бар еken ғой деп көңілім босап кетті. Шай ішіп алсымен операция столына жатқызды да артық етті қайшымен қия баставы. Еш жерім ауырсынбайды. Тек қайшының ашылып, жабылған дауысы ғана естіледі».

Госпитальдің дәмін екі ай татқан қазақ жігіті қайтадан алғы шепке аттанып, теміржол стансасын алудағы майданға қатысып, дәл қасынан жарылған минадан он жақ шекесінен жарақат алды. Сол кезде жауынгер шинелінің түймесін ағытып, гимнастеркасының тес қалтасынан «Саған сауыт болар» деп Жаңыл берген орамалды алып, бір сүйіп, тәу етіп, шекесіне басады. «Бұл орамалдың іштей жан серігіме айналғанына қанша жыл?! Қасиетті, қастерлі, киелі орамал шапағатымен нақ қазір қауіп-қатерден қағылмадым ба? Қанша жан қар мен қара балшыққа көміліп, үнсіз қалды. Мен, міне, отырмын. Орамалды қолыма алсам өзің шақырып тұрғандай сезімде боламын, аяулы дос. Ауылдың жуасы мен жусан исі анқып, алпыс екі жүйем босайды. Тынысым кеңіп, қиялға беріліп, алға ұмтыламын», – деп алыста қалған орамал иесімен тілдеседі.

Госпитальға түссімен ол жердегі жаралылар мұны елгезектігі үшін «Жүрдек жаралы» деп атайды. «Жүрдек жаралы» мен Николай деген жігіт екеуіне сол жерде жантәсілім бергендердің мурдесін мәйітханаға зембілмен тасу міндеттеледі. Беларусь орманында «Тұысқандар зираты» бар. Мәйіттер соған жөнелтіледі. Әркімнің әлпештеген ұлы мен сүйікті жары мың ұйықтаса түсіне кірмейтін бөтен далада

қалғанын көрген сайын жас жігіттің жаны күйзеліп, сұм соғысқа лағынет айтып, соғыстың аяқталуын тілейді.

Соғыстан қайтып келе жатып, Эстония орталығы Каунас қаласынан жауынгер қос анысы мен жібек орамал иесіне арнап үш алтын сырға сатып алады. Бірақ бұл кезде тағдыры Жаңылды басқаға қосқан еді. Ауылға келсімен зергерлік бұйымды өзі сыйға тартқан жібек орамалға орап, алғашқы махаббатының қолына тапсырады.

Араға алпыс жыл салып Ғайыс аға Жаңыл аpanы іздел, Қызылордаға жол тартады. Жол бойы:

Іздедім, боз інген боп, боздаған боп,

Көп айтты ескі дерті қозғама деп,

Алпыс жыл арада өткен күлім көзге,

Қайтадан барғым келді бозбала боп, – деп жан сырын ақтарады. Барған соң аудандық полицияда істейтін күйеу баласы Әлжанға айтып, Жаңыл аpanың мекен-жайын анықтайды.

Жаңыл апа алғашқы махаббатын күтіп алуға есіктің алдына балаларының сүйемелдеуімен өзі шықты. Кезіндегі Жаңылдың көз жанарын таба алмаған ардагер, сұрағы оның жүргегіне қанжардай қадаларын білсе де құдігін сейілту үшін: «Сен Жаңылмысың?» деп сұрайды. Бірақ артынша оның жабырқап қалғанын сезіп, пәк көңіліне үнілмей, жанын жараганына іші үдай ашиды. Сонда Жаңыл апа:

Оқыдым өткен күні хатынды алып,

Бағалап, әрбір сөзін ойға салып.

Неткен жан, сөзі балдай, тілі майда,

Рахмет деп айтамын ырзалаңып.

Ойлаған ойыңыздың қатесі жоқ,

Мұндай жан туады еken ақылды бол.

Білгендей тамыр басып, нышан бердің,

Себебін жанып түрған көңілдегі от!» – деп Ғайыс ағаның соғыс жылдарында өзіне арнаған өлеңін айта жөнеледі. Сонда аға: «Таныдым, таныдым, ризамын» деп маңдайынан сүйгенде аpanың жүзі балбырап сала берген екен.

– Өлең жазуға бейім едің? Тағы кімдерге өлең жаздың? – деп сыр тартады аға. Сонда ол:

– Ешкімге. Тек өзіңе!

Нығарлай айткан «Тек өзіңнің» сөзінің арғы жағында аясаншы мені,

неге жүргімді тіліп өтетін сөз айтасың дегендей, аңы наз тұрган еді.

Кетерде Әлжан: «Әже, бата беріңіз» деп қолын жаяды.

Гайыс-ау, бақытыңа тілектеспін,
Қалаймын, ұзақ ғұмыр жүректен шын.
Ат басын алпыс жылда бұрсан-дағы,
Еріттің сары кемпір сұр өкпесін.
Жақсының шарапатты белгісі бұл,
Келсөң де қысқа орай, күз өткесін.
Бекзаттық кейінгіге үлгі болғай,
Жас өркен айта жүрер біз өткесін,
Өмірдің өкініші кешірімді,
Асыл ой, пәк жүрекпен түзеткесін!
Әумин!

Файыс ағаның жары Жамал апа сол жолы Жаңыл апага үлкен жүректілік танытып, сәлем-сауқат беріп жіберген еken. Файыс аға Жанақорғанға барып 80 жасқа толған мерейтойын жасап, Жаңыл апаны тойға шақырады. «Жібек орамалдың» иесі тойдың төрінен орын алған көрінеді.

Жаратқан ер-азаматты жарылқайын десе өмірлік серігі, сүйген жарын жақсы адам етіп жолықтырады дегенді айтқан осы Файыс аға еді. Эу баста-ақ журналист аға Жамал тәтеге арнап өлең шығарыпты. «Қасынды да, боямашы шашынды. Бұрынғыша жүре берші, жасартпай-ақ жасынды. Кулімдеген жанарында қуаныш бар өшпейтін, Жылуынмен жылытышы, бұл, жылуы жоқ ғасырды» деген еken. Жары отбасының ұйытқысы, шаңырағының шаттығы бола білді. «Ақ көңілдің аты арып, тоны тозбайды» демекші, Жамал тәтенің кең пейілі, ағайын-туысқа деген ақжарқын көңілі бақытының бастауы. Тұнғыштары Жаннат – облыстық қаржы бөлімінде менгеруші, Шарбат – музыка пәнінің оқытушысы. Салидат – экономист, Шамшат – домбырадан дәріс береді, Азамат – Талдықорған қалалық оқу бөлімінде бас маман. Рахат – каратэден жаттықтыруышы. Болат – кеден қызметінде. Жиырмадан аса немере, бес-алты шөбере құлын-тайдай жарысып, есіп келеді. Қазақ риза болған адамына бата бергенде «Балаларыңың қызығын көріп, қолынан қымыз іш» деуші еді. Көп алғысына бөлөнген Файыс аға мен Жамал тәте Ұлы Жеңістің 70 жылдығын мейманасы тасыған шаттық көңілмен қарсы алмақшы.

АҚҚӨҢІЛДІҢ АТЫ АРЫМАЙДЫ

Өмір – сынақ. Шыдасан берер несібесі мол. Бұл Ақсу аудандық ауруханасының директоры Әшімғали Жұмагелдинге де қатысты тәмсіл. Сынақта таразының екі жағының бірін таңдауға мәжбүрлейді. Ал ол кісі қашанда ар алдындағы адалдыққа жүгініп, азабы мен жауапкершілік жүгі ауырын таңдап алады.

Ең тығырыққа тіреген сынада 1999 жылғы еді. Тоқырау жылдарында Ақсу аудандық денсаулық сақтау саласын басқару ұсынылды. Қындықтан қашпайды ғой, бірақ, дәрі-дәрмекті қайдан алмақ? Елдің сенімін қалай ақтамақ? Ауруханада жатқан сырқаттарға кеспені тұзды суға қайнатып беріп жатқан жағдай мынау. Жанына демеу болатыны – әріптестерінің тәні ауырғандарға көмек көрсеткісі келетін құлышынысы ғана. Жалпы қоғамдағы жағдай сияқты медицина саласы да шатқаяқтап түрған шақ. Бірақ, дәрігерлер қауымы он екіде бір нұсқасы жоқ жағдайға қарамай сырқаттарға толқылқанды ем жүргізіп, медицинаны алға бастырғылары келеді. Жаңа аппараттар алсақ деген де арман бар. «Барды-жоқты білмейді, бал тілейді тамағым» деген мақал осындайда айтылған-ау.

Аудан медицинасын басқару жайындағы ұсыныска тездетіп жауап беру керек. Ойын таразылай келе, бір шешімге тоқтады. Бірақ, әкесі Құсайын атасының ақылына тағы бір рет жүгініп, кесімді сөзді сол кісіден естігісі келді. Жасы елуге келіп қалған Әшімғали дәрігер әкесі Құсайын атаға барып, ақыл сұрап, батасын алуға бекінді. Баласының сөзін мұқият тындаған байырғы ұстаз көп ойланбай өз ойын айтты. «Балам, жұмыстың қындығынан қашпа. Бұл бір өтпелі кезең. Көресіңдер, әлі заман өзгереді. Кеткеніміз келіп, кемтігіміз толады. Халықтың еңе көтерген куанышты сәтін көрер күн де туады. Азаматтар ел-жүртты сабырға шақырып, демеу бола біліндер. Халыққа адал қызмет еткенде ғана атақ, абырай биғінен көрінесің» деп аяулы әке алақан жайып, батасын берді.

«Әйт-шу деген атан түйеге де күш» деген. Сол жылы желтоқсан айында Әшімғали Жұмагелдин бас дәрігерлік міндетті жауапкершілігіне



алды. Өзі және қызметкерлері тоғыз ай жалакы алмай жұмыс істеді. Бірақ, мамандығына адал жаңдар барлық қындыққа шыдады. Әр адамды емдеу үшін дәрі-дәрмекке күніне 14, ал тамаққа 7 тенгеден бөлінеді.

Талдықорған өнірінде электр жарығы өшіп қалған кез. Таудың ортасындағы Суықсай ауылында Етекбаев деген шопан ауыр жағдайда жатыр деген хабар келді. Іске Әшімғали Жұмагелдин өзі араласты. Мінген атының аяғы тайып, сайдың түбіне құлап кеткен шопанды жардан өзімен бірге домалаған жылқы басып қалған. Ат орнынан тұрмақшы болып талпынғанда тұяғы сүйретіліп жатқан иесін мыжып тастаған. Шопанды құздан ілдәлдалап жүріп шығарып алушылар бірден дәрігерге жүгінбей, үйге апарып қазақша ем жасаған. Малдың майы мен қатық жағып, емдең алмақшы болған. Ақшам намазы кезінде сырқат Қапалдың ауруханасына жеткізіледі. Тездетіп ота жасау керек. Қырсық қылғанда электр шамы жоқ. Не істей керек? Онсыз да үйде ұзак уақыт жатып қалған сырқат 40 шақырымдық қашықтықтағы Талдықорғанға жеткенше жантәсілім етуі мүмкін. Ал отаны осы ауруханада жасайын десе электр жарығы жоқ. Қолдағы бар құрал қандауыр (скальпель) ғана.

Тағы да сынақ. Таразының бір жағында электр шамының жоқтығына байланысты сырқаттан бас тартып, қалаға аттандыру. Екінші жағында – тәуекел мен адамдық қасиет. Шешім қабылданды. Хирург-дәрігер Әшімғали Құсайынұлы бастаған топ отаны «жедел жәрдем» көлігінің жарығымен жасауға бекінді. Көлікті операция бөлмесінің терезесіне қаратып қойып, шам жарығын ішке түсірді. Самаладай болмағанмен жоқтан жақсы. Сөйтіп, сегіз сағатқа созылған отадан кейін шопанның жағдайы қалыпқа келеді. Шын жыласа соқыр көзден жас шығатыныңдай, амалдаса тығырықтан шығудың жолын табуға болады еken. Егер дәрігерлер ерлік жасамағанда сырқат өміріне төнген қауіп күш алып кетер ме еді? Осылайша Әшімғали Құсайынұлы тәуекелдің жел қайығына мініп, бұрқанған өзеннен өтті де кетті. Сөйтіп, әріптестері мен ажал аузындағы адамды да жағаға алып шықты.

Қызылағаш ауылын су басқанда да Әшімғали Жұмагелдиннің азаматтығы танылды. Түн ортасында қалта телефоны шырқырап қоя берді. Арғы жақтағы дауыс Қызылағаш ауылының жоғарғы жағындағы су қоймасы жарылыш, ауыл апатты жағдайда қалғанын хабарлады. Тездетіп көлік жіберу керектігін айтты. Көлік пен дәрігерлерді жылдам ұйымдастырып берді. Бірақ «Қызылағаш жұрты қын жағдайда»

деген сөз құлағынан кетпей қойды. Гиппократ антын қабылдағанда жаны киналған адамға сөзге келмей көмектесемін деп серт берген. Дәрігердің санасында «Тездетіп жәрдем беру керек» деген үғым мықтап қалыптасқан. Алдында тағы да таңдау. Берілген тапсырманы орындаپ, үнсіз ғана қала беру. Немесе оқиға орнына барып, ауыл тұрғындарына қолдан келгенише көмектесу.

Машинаның жүк салғышына етік, сулық, қалың тон сияқты керек-жараптарын тиеп алғып, тездетіп жолға шықты. Жолай аудан әкімінің орынбасары Берік Тынышбаевқа телефон шалып, көмекке өзі де келе жатқанын айтады. Ол болса: «Аға, жақсы болды. Сіздің көмегіңізге зәруміз» дегенді айтқанда дауысы дірілден кетті. Аудандық мәслихат төрағасы Серік Серпербаев екеуі тағы бірнеше машина алғып, Қызылағашты бетке алды. Әшімғали Жұмагелдин ол кезді былайша еске алады: «Қызылағаш» су қоймасындағы 42 млн. куб. су тоспаны бұзып, жолындағының бәрін киратып, жалмап өтіпті. Су көпқабатты үйдің биіктігіндегі болып, сарқырап, қатты ағып жатты. Қалындығы 1,5 метрдей үлкен мұздар әр жерде тау-тау болыш үйіліп жатыр. Қолымдағы үлкен фонарикті ауылға қарай түсіргенде тасқынның бетінен алғып терекгердің үшін ғана көрінді. Сонда ғана ауылдан тұқыл да қалмағанын біліп, көз жасымызға ерік бердік. Қасымдағы жігіттер бірдене айтайын десе дауыстары дірілден, ойларын сонына дейін жеткізе алмай кемсендей берді. Сол кезде ауыл сыртынан тасқыннан қашқан ел-жүргітты іздеу керектігі ойыма сап ете қалды. Ауыл сыртындағы жанар-жағармай бекетіне барсак, ішінде 50-60 адам жан сауғалап, тығызып отыр екен. «Жедел-жәрдем» көлігін көргенде балаларының аман қалатындарына көздері жеткен аналар жағы көз жастарына ерік берді. Сол кезде біреу телефон соғып, Ақтоган ауылында бір әйелдің толғатып жатқанын айтты. Шынымды айтсам, мынандай жағдайда әйелді қалай ауруханаға жеткіземіз деп есім шықты. Көпірдің барлығын тасқын ағызып әкеткен. Сау адамды орталыққа жеткізе алмай жатқанда, толғақ қыскан әйелді қалай апармакты? Орталық ауруханаға хабарласып, «жедел жәрдем» жібер дегенді ғана айттып үлгердік. Телефон байланысы үзіліп кетті. Ол да бізге Жаратқанның көмегі еді. Өйткені жарты сағатқа жетер-жетпес уақытта судың екінші жағына фельдшер «жедел жәрдеммен» келіп тұрды. Ендігі мәселе жүкті әйелді судың екінші жағына өткізу. Серік Серпербаев, Сәбит Бейсебекұлы үшеуміз Сағабүйен өзенінің шетіне

келгенде көпірдің 10 метрі үтіліп кеткенін байқадық. Шет жағында қылдай бетон ұзынынан жатыр. Алла тағала бұл жолы да бізге көмектесті. Сол көпірден үш жүкті әйелді жілке байлап өткіздік. Барлығы аудандық ауруханаға жетіп босаңды. Осылайша жанымызды шүберекке түйіп, 4 сағат 40 минут уақытта 102 адамды арқанға байлап, судың екінші жағына шығардық.

Кейіннен Әшімғали Құсайынұлына қызылағаштықтарға көмекке келген азық-түлік, киім-кешек, төсек-орын, ыдыс-аяқты ауыл халқына қылдай бөліп беру міндеті жүктелді. Осы жолғы еңбегі бағаланып, сол жылдардағы «Нұр-Отан» партиясының бірінші орынбасары Нұрлан Нығматулиннің Алғыс хатын иеленді.

Бүгінде аудандық денсаулық сақтау саласының бас дәрігері өндіріске көптеген жаңалық енгізді. Соңғы жылдары бірнеше мекеме жаңартылып, кадрмен толықтырылды. Мысалы, 2005 жылдан бері көптеген ауылдық дәрігерлік пункттер жаңа ғимаратқа көшірілді. Қопа, Қарашибілік, Арасан, Сағабүйен ауылдарындағы емдеу мекемелері жаңа орынға ауыстырылды. Суықсай, Матай, Арасан, Б.Сырттанов, Қызылағаш, Сағакүрес, Қазақстан, Егінсу, Ақтоган ауылдарына жаңадан медицина пункттері салынды. Сондай-ақ, аудан медицинасына 2012 жылы 12 дәрігер, 5 орта буын маман, 2013 жылы 10 маман, 2014 жылы 9 дәрігер келді.

Әшімғали дәрігер әкесі Құсайын ата айтқандай елге адал қызмет ете жүріп абырай биігінен көрінді. Елдің алғысымен көгеріп, көктеді. Өмірлік жары Дина Арынқызы екеуі арыстай екі ұлды тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Дулат әке жолы қуған дәрігер. Ал Мәди мемлекеттік қызметте. Әшімғали Жұмагелдин Аксу ауданының «Құрметті азаматы». Медицина саласына сіңірген еңбегі үшін 2012 жылы дәрігер «Нұр-Отан» халықтық-демократиялық партиясы төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Алғыс хатымен маралатталды. 2013 жылы «Данқ» ордені қеудесінде жарқырап, мерейі өсті. Биыл ардагер-дәрігер «Алтын дәрігер» медалімен маралатталды. Денсаулық сақтау министрлігінен алған Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар бір төбе.

Әшімғали Құсайынұлының алтын қолы талай жанының жанын арашалады. Білім, білігін зерделі жастарға әлі де үйрете береді. Соңындағыларға ақыл айтар, арқасуýер аға бола білу зор бақыт. Жаратқан берген ырыздығын көп көрмесін, ақ желенді абзал жан!

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР, ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯ

Әр пенденің ғұмыр жолы – кішігірім тарих. Бұған бүгінде 75 жасқа толып отырған ақын, ардагер журналист Кенжекан Рақыштың өміrbаянына қаныққанда көз жеткізгендей болдым. Ағаны қызмет бабында және әріптес ретінде білетінім болымсыз болып шықты. Өмір жолы қызықты болғандықтан сұхбат алу барысында «жүгенді» өзіне ұстатып, әңгімені тек ширатып отыруды жөн көрдім. Сонымен, әлқисса...



– Зейінім сізде, аға. Балалық шағындызға саяхаттап қайтайқышы.

– Қазақ жерінде Кеңес одағы орныға бастағанда ма еken әлде, кейінгі ашаршылық жылдары тұсында ма, менің ата-анам отбасымен Қытайға ауыпты. Ондағы бауырластардың қамқорлығымен Қорғас ауданына бағынысты Екіаша дейтін жерге ауыл-аймағымен қоныстаныпты. Бұл ара Қорғас шекарасынан 80 шақырымдай қашықтықта. Осы жерде менің әуелгі жұмбақ өмірім бастау алды. Ата-анамның екі ұл, екі қыздан кейінгі кенжесі едім. Демек, ерке болатын жөнім бар. Бірақ бес жаста мұрттай ұшып ауырдым. Өне-бойым өртеніп бара жатқандай. Қызылды-жасылды бір әлемде ұшып жүргендеймін. «Мін мынаған» дейді адам сұлбасына келетін біреу жұлқынған ақбоз атты көлденен тартып.

Қорқамын, зәрем ұшып жылаймын. Үш күн, үш түн бойы зар илеппін. Төртінші күні таңертең сап-сau оянып, ойнап кетіппін.

– Бұл баланың иесі бар, – депті үлкендер. Нағашы жүртүм бақсылық қонған Ақшара емес пе?! Бір тылсым күштің иектегені анық. Сол күннен бастап әке-шешем мені бақылап отырған. Ешкімге қосылмай жеке ойнаймын. Бірденелерді айтып, сөйлеп жүремін. «Ертең Баймолда шал жардан құлап өледі. Әлиман кемпірдің тайыншасы жоғалады. Үлкен ағам әскерге кетеді» дейтін көрінемін. Айтқандарымның бәрі шындыққа айналыпты. Екіаша ауылды мені бала бақсы атандырыпты. Өзім де бір нәрсені сезетін сияқтымын.

«Әй, осылай айта салайыншы» деген ой келеді де қойып қаламын. Дәл келеді. Осы кезде Іле, Корғас, Тарбағатай өнірінде Үш аймақ төңкерісі өтіп жатса керек. Әр ауылдан әскерге адам алыш кететін. Соның бірі – үлкен ағам Байғали еді. Бір күні тұс ауа апам Жамал мені арқалап алыш, ал жыласын. Қыстауға іргелес жотага қарай жүріп келеді. Бір нәрселерді айтып ботадай боздайды. Жаным ашығаны соншалық, дірілдеп барамын. Қой, апамды жұбатайын деген ой келді:

- Апа, не болды, неге жылайсың?
- Құлымым-ау, ағанды әскерге әкеткен жоқ па?!
- Ой, апа, ағам кешке қайтып келеді. Жылама, – дедім сеніммен. Сол-ақ екен, кілт бұрылып үйге келді де әкеме: «Әй, атасы, мына балаң ағам кешке қайтып келеді дейді. Ана ақ тушаны айтып, соясың ғой деймін. Мен шелпек пісіріп жіберейін. Көршілерді шақырып дәм татырайық» деп іске кіріспін кетті. Маған әбден сеніп алған.
- Иә, сонымен, айтқаныңызға орай ағаныз келді ме?
- Кешке таман дәу қараала атын балпаң бастырып келе жатты. Иығына асып алған ұзын мылтығы бар. Жүгіріп алдынан шықтым. Ол мені жерден іліп алыш, алдына отырғызды. Сөйтсе, ағамды ішкі әскерге алмай, екі аралықта хабар тасушы шабарман қылышп тағайындалты. Осылайша көріпкелдік атағым әуелі Екіаша, одан төменгі Қызай-Шеру ауылдарына тарада бастады. Бірақ көп ұзамай біздің үйге апама туыс болыш келетін Жексенбек деген атақты бақсы келе қалды. Атам оған: «Мына баланы бір ие айналдырып жүр-ау, сірә. Қытай коммунистік партиясы жақындалап келеді. Олардың қожа-молдаға, бақсы-балгерге қас екені белгілі ғой, арғы бетте де сөйткен. Осы неме әулие болмай-ақ қойсын, көмектесініз, жарықтығым» деп қолқалады. Әлгі кісі қобызын тұнімен сарнатып шықты. Шай үстінде: «Апыр-ай, баланыңға мықты бақсы иық қойғалы жүр екен. Амал бар ма, енді тынышталады» деді де сол күні аттаныш кетті. Осыдан кейін аздаған еркелік тентектігім болмаса, кәдімгі ойын баласы болыш шыға келдім. Сегіз жасымда бастауыш мектепке бардым. 1949 жылы Қытай коммунистік партиясы билікке келді. Байлар мен қожа-молдаларды түрмеге жапты. Қазактың бар малын сыптырып алды. Енді менің емес, атамның айтқаны келді. Бұл жақтан барғандар атамекенге оралудың қамына кірісе бастады. Алайда алда әлі де он шакты жыл бар еді. Бір тәуірі, мұнда мектеп бітірген күәлігің болса кез келген оку орны қабылдай беретін. Сондықтан мен

әр жерде оқып көргім келді. Құлжа қаласында бесінші сыйынта, Сүйдін дейтін қалада 6-7-сыныпта оқыдым. 1959 жылы Құлжа қаласындағы мұғалімдер даярлайтын педагогикалық гимназияға түстім.

– Құлжадағы білім қуған кезінің, албырт шақтағы есте қалған оқиғалар туралы әңгімелеп бересіз бе?

– Біздің мектепте Нұргұлсін, Бигұлсін, Оралхан деген үш қыз болды. Үшеуімен де дос едім. Қыздармен таза дос болу мүмкін емес, аяғы махаббатқа, сүйіспеншілікке ұласады деседі кейбіреулер. Ал мен келіспеймін. Жүрегің ақ болса, сезімге ырық бермейсін. Досқа деген құрмет ұстамдылық сенім ұялатады. Сол сенімге боленген дос қыздардың еркелігі мен камкор көnlі сені шаттыққа бөлдейді. Мектеп бітіріп елге қайтарымда осы үшесуі көздеріне жас алып, еркелей құшақтап, шығарып салды. Ауылға келген соң бастауыш мектепте алты ай мұғалім болдым. 1962 жылы біздің атамекенге оралуымызға рұқсат берілді. Сол жылы 25 желтоқсанда Корғас шекарасынан бері оттік.

– Атамекенге оралғандағы жағдай, ондагы алғашқы әсерініңге тоқталсаңыз?

– Бізді бұйымдарымызben бірге үлкен жұқ машинасына отырғызып, Сарыөзекке әкелді. Ары қарай пойызben кететін корінеміз. Осы жерде шатақ басталды. «Мен ешқайда бармаймын, – деді әкем, – туган жеріме, Арасан-Қапалға апарып тастандар. Ана Кошкенталдағы бастық Нұрболатқа телефон соғындар. Байбішем скеумізді алып кетсін».

– Мына әкелерінді жонғе салындар, – дес зекіді бізді әкететін дәу кара кісі. – Бұл жақ сендердің Қытайны емес.

– Орысша, қазақша араластыра сойлең, оралмандарды біраз жерге апарып тасталды.

Ағайынды екі ағам ақылдаса келе атама (әкеме) мені жұмсады. «Кенжесің гой, атаң сені тыңдайды» дес құтылды.

– Ата, барлық мәселе алдын ала шешіліп қойыпты, – дедім қипақтап, – Қожа-Ахмет Яссайдің мазары бар Түркістан қаласына апаратын қөрінеді. Тағдырмен тартысып жүрген ғұмырымыздың жалғасы осы болар. Тәуекел етпесек болмас.

– А-а, апыр-ау, ол қасиетті жер гой. Жарайды, бара көрсіміз, мейлілерің, ендігі өмір сендердікі, – деді атам жуасып.

– Сонымен жұз шамалы отбасы жұқ пойызына тиеліп, жүріп

кеттік. Алматы, Шымкент, Арыс, Тұлқібас деген стансылардан өттік. Мидай жазық даға шықтық. Бір кезде алдымыздан көлденең жатқан тау көрінді. Жүргіншілер енді қайтер еken дегендей елеңдесіп қалды. Мұнда да білгіштер бар еken. «Қазір тескен таудан өтеміз» деді. Тауды мүйізімен сүзердей болып жақындаі түскен көлігіміз қап-қаранды түнекке қойды да кетті. «Астапыралла» деп атам күбірлеп, содан соң бетін сипады.

Жер түбіне кетті деген осы шығар. Көзді ашып-жүмғандай лезде өте шықты. Түркістанға келген соң алдын ала әзірлеп қойған үйлерге таратты. Бізге түп-тура Хазірет сұлтанның мазарына таяу тұрған өзбек азаматының тоқал тамы бүйірды. Ертесінде бәрімізді жинап алыш, бөліске салды. Кімнің қандай жұмысқа баратыны белгіленді.

Бізді бастап келген қара дәу орталықтағы кеңшардың партия ұйымының хатшысы болып шықты. Директоры орта жастағы, иманжүзді жан еken. Жай-жапсарымызды сұрастырып, әркімнің кәсібіне, біліміне қарай жұмыс тауып берді. Маған келгенде: «Осында мұғалімдер даярлайтын педагогикалық училище бар. Соған барыш оқы» деді. Бардым, директоры үшінші курсқа қабылдады. «Төртінші курстағылар тәжірибеден өтіп жүр, – деді түсіндіріп. – Оларға қосылсаң қиналып қаласың».

Қытайдағы оку мен мұндағы оку деңгейінде айырмашылық көп. Мен бөлінген сыныпта 6-7 қыз оқиды еken. Директор мені бір қараторы қызға қосақтап отырғызып қойды. Озат студент болса керек. Обалы не, жаны қалмай бауырластық көрсетті. Жаңа жылды бірге тойладық.

Бір күні үлкен ағам Байғали қуанып келді. Қытайдан әкелген екі ыдысты екі бастыққа сыйлап, Алматы облысына көшуге рұқсат беруін өтініпті. Сонда әлгі дәу қара: «Әй, сендердің әкелерің қашып үйренген адам ғой, бір түнде зытындар» деді. Дереу жиналдық. Жүгімізді вагонға тиеп Алматыға жібердік те, өзіміз кешкі жолаушылар пойызына отырдық. Сол көшкеннен Қапал маңындағы Ақын Сара ауылына таяу Қешкентал елді-мекеніне орнықтық. Қешкентал ол кезде Абай атымен аталатын. Басқарма төрағасы Нұрболат Түшкенов әкем жағынан туыс болатын. Қамқорлығын аяған жоқ. Қысқасы, бәріміз ұжымшар жұмысшылары болдық. Мен қойда, жылқыда, қырманда, қырықтықта, шөпте еңбек еттім. Сөйті жүре мектептегі бұрынғы әдетіммен өлең жазамын. Оларымның бірқатары Ақсу

аудандық «Өмір нұры» газетінде жарық көрді. Кейде газет журналисі Нұргали Омарқұлов (марқұм) өлеңдерге шолу жасап, мактап қоятын. Ауыл сәбеккерлері туралы хабар-ошар жазып түрдым. «Лениншіл жасқа» «Қойшы», «Қазақ әдебиетіне» «Қыр көркі» деген өлеңдерім шықты. Редакциядан ақыл айтып, жөн сілтеген хаттар алдым. Осыдан кейін шығармашылықты ұдете түстім. Мениң ақындық, журналистік сапарым осы Қошкентал топырағынан бастау алған-ды. Бір қызығы, Новосібір қаласында әскерде жүргендеге өлеңдерім «Өмір нұрында» жарияланыпты. Редакциядағылар қаламақысын ауылға жібереді екен. Оны үлкен жеңгем Құлпан (марқұм) алғып, мәз болыпты. Әскерден келгенімде өлеңдерім, хабарларым шыққан газеттердің бәрін өзіме табыстады. Мұндай жеңгеден айналып кетпейсің бе?

Әскерден келген соң басқарма Ақсу ауданының атынан ауылшаруашылық институтына жолдама берді. Агроном факультетіне түсуге керек екенін ескертті. Құжатымды өткізіп қойып, ойға қалдым. Мұнда сабак орысша жүреді екен. Оның үстіне химия, физика тәрізді мениң оң жамбасыма келмейтін пәндер бар. Бір апта толғанып, құжаттарымды қайтып алдым да ҚазПИ-дің қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне өткіздім. Бірінші емтиханнан құладым. Шығарма жазғанбыз. Мен грамматиканы төте жазумен оқыдым ғой. Қазіргімен көп қате жіберіппін. «Жығылған куреске тоймайды» демекші, сол тұста ҚазҰУ-дің журналистика факультетіне талапкерлердің құжатын қабылдап жатыр екен. Сонда бардым. Үш сабактан 4 алдым. Шет тілінен босатылғанмын. Өйткені, мениң дипломымда шет тілі жок, қытай тілі ғана бар еді. Бар-жоғы 12 балмен конкурстан өте алмау қаупі туды. Сырттай бөлім болғанымен келушілер көп еді. Жолым болмауға айналды. Қиналдым, қайғырдым, ашуландым, мұнға баттым. Іштей атамды жазғырдым. «Қытайда нең бар еді? Осында жүрсөң де тірі болар едің ғой? Онда мен мұндай қиналмас едім» деп бұлқан-талқан болдым. Арғы бет, бергі бет көз алдынан өтті. «Мениң пешенеме ағаларым сияқты қойшы болу жазылған шығар? Несі бар, оны да көріп алдым» деп қоямын ызалаңып. Жақын мандағы кафеге кіріп отырдым. Осы кезде кафе есігінен орта жастағы кісінің төбесі көрінді. Ол кезек күтпестен сатушыға бірдене деді де түп-тура мен отырған столға жайғасты. Енді байқадым, талпақ танау, жалпақ бет қараторы кісі екен.

– Інішек, абитурентсің бе? Қалың қалай? – деді маған жылы шырай танытып.

– Болсақ болармыз, – дей салдым қырсығып.

– Қай облыстансың? Емтиханың бітті ме? – деді талпақ танауын үйкелеп, – өзің ренжулі сияқтысың ғой?! Көңілім босап, жағдайымды жайып салдым. «Мен Ғалым Мұхаметжанов деген ағанмын. Журналистпін, «Жазушы» баспасында істеймін. Бір кездे Талдықорған облыстық газетінде редактор болғанмын. Ертең КазГУ-дің алдында кездесейік. Мен саған көмектесейін» деп қамқорлығын байқатты бейтаныс аға. «Жазған құлда шаршау жок» демекші, көне кеттім.

Ертесінде Ғалекен мені сол кездегі журфактың деканы Тауман Амандосовқа ертіп барды. Жағдайымды баяндап, конкурстан өтуіме көмектесуін өтінді.

– Сен баланы осында көрген сияқтымын? Неге маған келмедің? – деді декан.

– Іңгайсыздандым, жүрексіндім, – дедім сасқалақтап.

– Солай бола ма екен? Журналист болғың келсе, батыл бол. Жарайды, бара бер, – деді басын изеп. Сыртқа шыққан соң Ғалекен:

– Қапаланба, оқуға түсесің, – деді сеніммен. Қуанышымда шек жоқ. Алла Ғалекенді әдейі кездестірген екен ғой деген ой келді басыма. Біз «Алматы» мейрамханасына тарттық.

Бұл 1970 жыл еді. Оқуға түстім. Университеттің бітіргенше Ғалым Мұхаметжанов аға менің жебеушім болды.

Іә, «Жетісудың» бұрынғы қызметкери, журналист Кенжехан Рақыштың біз білмейтін тарихы осы болды. Ары қарай қазбаламадық. Білетініміз, ол 1972 жылы Қапал аудандық «Қапал еңбеккери» газетінде журналистік сапарын бастады. Он екі жыл бойы әдеби қызметкер, аға тілші, ауылшаруашылығы бөлімінің менгерушісі, жауапты хатшы қызметінде болды. 1984 жылы Талдықорған облыстық «Октябрь туы» – «Жерүйік» газетіне ауысып келді. Ақырын жүріп, анық басты. Аспады, таспады. Бұл адамда мансапқа үмтүлу деген болмайтын. Аратұра өлеңін жазып, жайымен жүретін. Айтпакшы, Талдықорған облысы тараған жылдары Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде екі жарым жылдай қазақ әдебиетінің тарихы және шешендердің өнерден дәріс берді. Он бір студентке диплом қорғатты.

Алматы облысы құрылып, облыстық «Жетісу» газеті Талдықорғанға ауысқанда сүйікті кәсібіне қайта оралды. «Жетісудан» зейнетке шықты. Үш жылдай аймақтық «Алатау» газетінде қызмет атқарды.

Осы жылдары ақынның «Байыптау», «Барлау», «Бағдарлау» атты жыр кітаптары жарық көрді. Журналистік сапарында қандай сабырлы болса, ақындық сапарында да салмақтылығымен, ойшылдығымен танылды. Өз кітабының атауларындағы айналасын байыптады, барлады, бағдарлады. Ешкімнен мақтау-мадақ күткен емес. Жетісу ақындары туралы сөз болғанда «Қай ақынның қай маңда жүргенін және өзімнің қай төбеде жүргенімді ішім сезеді. Өлеңді қолдан жасау, білімге сүйеніп өлең өру талантты ақынға тән емес. Ақындық туа бітті қасиет болу керек» деп тұжырымдайды.

Кенжекең қоғамдық жұмыстардан да шет емес. Қалалық ардагерлер үйімі Кенесінің мүшесі. «Ата-баба дәстүрі – ұрпакқа аманат» бағдарламасы бойынша қала мектептерінде өтетін тәрбие сабактарын бағалайтын комиссияның мүшесі ретінде ұрпак болашағын қалыптастыруға белсене араласады. Әдемі қартаюдың үлгісіндегі. Барға қанағат етеді. Тәңірдің ісіне кері кеткеннің сұғыннатының салиқалы жан жақсы біледі. Сондықтан да Тәңіріне тәубе етеді.

Кенжехан ағаның үйіндегі жеңешеміз Сәуле апай туралы айтпай кетсек әңгімеміз толық болмас еді. Өйткені, ақынға шабыт беруші, журналистік жұмысына жағдай тудырушы осы ұстаз. Отбасының бар шаруасын өзі орындал, біздің кейіпкерімізді еркелетіп қояды. Бүгінде үлкен қызы Толқын музыка пәнінен сабак береді. Екінші қызы Ләzzат қалалық білім бөліміндегі есепші. Немерелері де жоғары білімді қызметкерлер. Үлкені Айдана «Қазпошта» акционерлік қоғамында бөлімше менгерушісі. Кішісі Араби компьютер бақылаушысы қызметінде. Бір немересі Айнардың атасы сияқты өлең жазатыны бар. Ара-тұра газеттерге хабар-ошар жолдан тұрады. Журналист болғысы келеді.

Танымал журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жетісуға белгілі ақын Кенжехан Рақыштың талайлы тағдырын баяндал шықтық. Небір аумалы-төкпелі заманның қуәгері, замана құйынын сабырға жеңдірген қаламгерге шығармашылық сапарында сәттілік тілейміз.

ӨЗІНІҢ ҚАНЫН ҚҰЙЫП БЕРГЕН

Ол асығыс басып операция бөлмесіне келе жатыр. Медбике ауыр халдегі пышақта түскен адамның жеткізілгенін хабарлаған. Алдында жатқан адамнан тіршілік белгісі байқалмайды. Тамыр соғысы мұлде білінбейді. Дереу жүрек тұсына операция жасауға тура келді. Жүрекке қан үйып қалыпты. Арам қанды тездетіп тазалауға кірісті. Қан қысымы төмендеп кеткенімен, жүрегі әлсіз ғана бұлкілдейді. Арам қанды тазалап болсымен жүректі қайта тікті. Енді өмірге қайта оралу-оралмауы Жаратқаның еншісінде. Тек ағзаның күшіне иек артып, тілеуін тілеп, күткеннен басқа амал жоқ. Қолдан келгеннің бәрін істеді.



Кейін білгеніндей жарақат алушы бөтелкелесімен кезекті рет ішіп отырып, бір-бірінің жүйкесіне тиетін сез айтқан. Арақтан әбден милары уланған адамдарда шыдамдылық, сабыр, әлілтің соңын бағу деген болмайтыны анық. Ерекестің салдарынан стакандасы Черновтың жүрек тұсына пышақ тыққан. Қаскөй неме сұық қаруды тыққанымен қоймай, онға қарай бұрап жіберген. Бұл адамның жанын жаһаннамға жіберу үшін әдейі істелінетін айла-тәсіл. Еті езіліп кеткен. Үміт аз. Бас дәрігер Дәulet Ахметжанұлы да мұның қасында. Екеуі сырқаттан көз алмай қарап екі сағаттай отырды. Бір уақытта барып орыс жігітінің кірпігі қымылдағандай болды. Тіршілік нышаны білінді. Арасандық азаматтың өмірін Иманғали дәрігер осылайша арашалап қалды. Бұл 1983 жыл еді. Иманғали Бөлекенұлы дәл сол жылы отызға толған.

Бүгінде Ақсу, Сарқан, Қапал өңірінің жүртшылығына кеңінен танымал Иманғали Мырзаев азаматтығы биік жан. Ол кісінің адам жанын арашалаудағы еңбегі өлшеусіз. Сондықтан да ел-жүрт дәрігерді құрметтеп, төбесіне көтереді. Атын ілтипатпен атайды. Қалайша ардактамасын, өзгениң өмірі үшін арпалыста өзін де ұмытып кететін ақ жүрек жан болса.

Кезекші бөлімге он жасар баланы машина қағып кеткені жайлышақырту түседі. Дәрігер «Жедел жәрдеммен» оқиға орнына жеткенде, көлік қаққан балақайдың жағдайы ауыр екен. Тездетіп алғашқы көмек көрсетеді. Бірақ, ұлken көлік ондырысын ба? Баланың өміріне төнген қауіп күшіне түседі. Сонда Иманғали аға жан-жүрегі езіле, солқылдан жылап жібереді. Шарасыздығына налып егіліп, көз жасына ерік береді. «Балаға қарамай не істеп жүргенсіндер? Неге қолынан жетектеп алмағансындар?» деп әкесінің жағасына жармасады. Сонда баланың анасы: «Жаным, жыламашы, өзіңе-өзің келші» деп мұны құшақтап уатыпты.

Иманғали Бөлекенұлының адам жанын арашалаудағы жанқиярлығы жайлыш ел аузында аңыз болған оқиғалар жетерлік. Жаны қиналған адамға ет жамау керек болса ол кісі өз етінен кесіп бере салуға да даяр. Бұл әсірелеу емес, дәл мағынасында айтылған сез.

Ақсу ауданының бас дәрігері Әшімғали Жұмагелдиннің аузынан естіген мына бір әңгімені айта кетсем, сөзімнің шындығына сіз де сенесіз, күрметті оқырман.

Иманғали Бөлекенұлы – хирург. Сондықтан жансақтау бөлімі ол кісінің мекеніне айналған. Жас кезіміз. Отызғадатолмағанбыз. Шаршау дегенді білмейміз. Уақытпен санаспай ауруханада жүре береміз. Жазатайым апатқа ұшырағандар, өрт шалғандар, пышаққа түскендер беймезгіл уақытта да келіп жатады. Аурухана қорында кейде адамға құятын қан болмай қалады. Иманғалидың қаны 3 топқа жатады. Ауыр жағдайда әкелінген сырқаттың қан тобын зертханадағылар тездетіп анықтап береді. Сондайда қорда үшінші топтағы қан жоқ болып қалса Иманғали сырқаттың қасындағы төсекке өзі жата қалып, тұтік арқылы көлемі 400 грамм қанды өзінен құйып бере салатын. Көліктен көлікке жанармай құйып беруші едік қой. Сол сияқты еш қындықсыз қанын беріп жүре береді. Өзі 2-3 күн бойы сол науқастың қасынан кетпей, күндіз-түні денсаулығын қадағалайды. Әйелі Орынгүл дәрігер қүйеуіне тамақ тасып, алашапқын болып жүретін. Мұндайды өз ісінің әсіре жанкуйері десек артық болмас. Иманғали досым осылайша кемінде оннан аса адамның «қандас бауыры» атанды, – дейді әріптес досы Әшімғали аға.

Бүгінде Сарқан ауданының бас дәрігері Иманғали Мырзашев аудан медицинасының жандануына бар құш-жігерін жұмсауда.

– Жұмысымды беріле істеуімнің мәнін білгілерің келе ме? Елімді жақсы көремін. (Диагнозды дәл қойғанда дәрігерлердің кірпік қақпай, айғақтап тұрып, айтатыны бар ғой. Періште көңіл дәрігер осыны айтқанда сөзін дәл солай нығарлады). Елімнің, жерімнің гүлденгенін көргім келеді. Адамдар өз денсаулығын өздері ойладап, жаны ашып, қамқор болмаса медицина да көмектесе алмайтынын әркімнің санасына сіңіруіміз керек. Сарқандағы бас дәрігерлік міндетімді атқара жүріп, ойдағы 4 жоспарымды зейнетке шыққанша орындалап кетсем, кейін тыныш ұйықтар едім. Бірінші, типтік негізде аудандық аурухана салдырысам деймін. Екінші, үш-төрт ауылға жатып емделетін стационар ашып берсем. Үшінші, дәрігерлердің білімін жетілдіруге, республиканың озық үлгіде жұмыс істейтін медицина мекемелеріне барып, тәжірибе алмасуларына жағдай жасау. Аудандық денсаулық сақтау саласының материалдық жағдайын жақсарту. Төртінші, өзім жүрген ортада адамдардың «өз денсаулығым өзімнің қолымда» деген түсінігін қалыптастыру. Адам денсаулығын зерттеушілердің сөзіне және өзімнің дәрігерлік тәжірибеме сүйене айтарым, деннің сау болмағының 50 пайызы адамдардың дұрыс тамақтануы мен демалысын дұрыс үйімдастыра білуіне байланысты. Ал 35 пайызы – күйзелістің салдарынан орын алады. Қалған 15 пайызын медицинаның күшімен қалпына келтіруге болады, – дейді денсаулық сақтау саласының майталманы.

Иманғали Бөлекенұлы ар алдындағы адалдығымен ел-жүрттың күрметіне бөленгенін сөзіміз жеткенше дәлелдедік. Сын сағаттардағы ерлікке пара-пар еңбегін сала басшылары да мойындалап, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі атағын берген. Еліміз тәуелсіздік алған жылдары Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі және «Айбын» медалінің иегері атанып, мерейі өскен жан. Жары Орынгүл екеуі өрелі ұл мен қыз есірді. Шаңырағының иесі Ернары – ғылым докторы. Қызы Жанар – дәрігер. Екеуі де еліміздегі іргелі мекемелерде қызмет етеді. Алтындаі екі немере сыйлаған келіндері де бағына қарай иманжүзді жан болып кездесті.

Сарқанның бас дәрігері өзінің медицина саласындағы көрген-түйгенімен ағынан жарыла отырып бөліседі.

– Қазір біздің денсаулық сақтау саласы жақсы дамып келеді. Дәл осылай қаржы бөлініп, жағдай жасала беретін болса бірнеше

жылда дүниежүзі бойынша медицинасы дамыған елдер қатарына қосыламыз. Бізде кенже қалып отырған сала адамның күйген терісін алмастыру мен миға ота жасау. Дамыған елдер дәрігерлері алдында тұрған мониторға қарап отырып, бас, ми қантамыры жүйесінің кілтипанын қалпына келтіреді. Біраз жылда оған да қол жеткіземіз. Біздің дәрігерлердің әлеуеті мықты. Кейбіреулер Кеңес одағы кезінде медицина мықты болып еді дегенді айтады. Ол – бос сөз. Ауруханаларға адамдарды емдеу үшін аспирин беретін. Шындығында ол өндіріске қолданатын дәрі еді. Соның кесірінен асқазан жарасы дерті көбейіп кетіп, күн сайын ота жасайтынбыз. Мысалы, медицинада ағзаның зат алмасуына қолданылатын катетер деген тұтікше бар. Ол кезде сол катетерді бермейтін. Біз электр сымының ішіндегі темірін алып тастап, сыртындағы резинасынан катетер етіп пайдаланатынбыз. Ал шприцті күн сайын қайнатып отырамыз. Қандауырды (скальпельді) қалтама салып жүретінмін. Бос уақытымда отыра қалып, қайрап аламын. Эйтпесе бір пайдаланғаннан кейін өтпей қалады. Қазір ондай азаптан құтылдық. Құрал-жабдықтың барлығы заманауи. Мәселен біздің Сарқан ауданында өніміз тұрмақ түсімізге кірмейтін аппараттар алынды.

«Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында инсульт орталығы ашылды. Орталық жедел ми қан айналымы бұзылыстарына медициналық көмек көрсетуге арналған. Бұл бөлімде ең мықты томограф аппараты және білікті маман жұмыс істейді. Сондай-ақ, демалдыру аппараты тәсектік монитор және дефибриллятор жасақталған. Бөлімшеде инсульттен кейінгі ем қабылданып, шеткі жүйке-жүйесі, бас, ми қантамырлары жүйесі аурулары емделеді. Ауруханаға жаңадан рентген, УЗИ және наркоз аппараттары берілді. Перзентхана бөлімінде нәрестеге жедел көмек көрсететін арнайы стол, шала туған шақалактарды өмірге бейімдейтін Кувез, СИПАП, нәрестелердің сарғаюын емдейтін фототерапия шамы бар. Ұрпақ мәселесін құнттайтын «Отбасын жоспарлау» бөлмесі ашылған. Онда болашақ ананы жүктілікке, босануға психологиялық жағынан дайындайды.

Аудандағы халық саны – 41295 адам. Орталық аурухана 37 елді-мекен тұрғындарына қызмет көрсетеді. Аудандық емдеу мекемелерінде 67 дәрігер, 338 орта буын медицина қызметкері енбек етеді.

Иманғали Бөлекенұлы қай мекемеде жауапты қызметте болса соның ең өзекті мәселесін шешуге күш салады. Мысалы, ол сексенінші жылдардың басында Қапал ауылындағы қызметтік жолында аудандық аурухананың салынуына үйітқы болған. Жүргінің түгі бар жас жігіт аурухана жайымен министрлікке дейін барып, мәселені түбегейлі шешіп қайтқан. Ал 1997-1999 жылдары Ақсу ауданының орталық ауруханасына су жүйесін тартқызды. Игілігін ел көруде. Оның өмірі – аурухана. Тағдыры сонда байланған.

Иманғали дәрігер жол апатына түскен Сырымның жағдайын ойлап, көз іле алмады. Бас сүйегі жарылған жігіттің жағдайы ауыр. Туыстары Алматыға әкеткісі келеді. Пендершілік қой, әйтпесе ол жердегі дәрігерлердің де жасайтын емі осы. Кей жағдайда олардың өмірлік көрген-түйгені ауыл дәрігерінікінен кем түсіп жататыны анық. Мұнда да аппараттың, дәрі-дәрмектің бәрі бар. Тәжірибелі дәрігер жігіттің ағайын-туысына сырқатты орнынан қозғамау керектігін түсіндірді. Мұндайда ақыл-кенес айтудың өзі қорқынышты. Есіктің сыртында ботадай боздап аласы тұр. Бар үміті Жаратқан мен Иманғали дәрігерде. «Демі бардың – емі бар» деген емес пе?

Тоғызынышы күн дегенде Сырым есін жиды. Дәрігер оның ақыл-есін байқау мақсатында есіктің алдында аласы мен әйелінің тұрганын айтты. Сонда ауылдың еркетотайы әйелін жақсылап тұрып бір боқтап, аласын көргісі келетінін айтады. Дәрігер үшін ең бақытты сәт осы.

Еңбегінің жемісі мен женісі – ана мен баланың құшақтары айқасып, қуаныштың көз жасына ерік берген сәт. Жүректен шыққан алғысын дәл жеткізе алмай, бала-шагасына амандық тілеп, абдыраған кезі. Бірақ, шын айтылар алғыс олардың жанарында тұрады. Мейірім шуағы дәрігер жанын шаттықта бөлеп, келесі адамды қындықтан құтқаруға жігер сыйлайды.

ҚҰСТЫҢ ҚОС ҚАНАТЫНДАЙМЫЗ

Олар жарасымды жұп. Сахнада бірге ән шырқап келе жатқандарына отыз жыл. Бір орында ұзақ жыл табан аудармай еңбек етудің өзі өнерге деген шексіз махаббатты анғартса керек. Оралбай мен Аян әнді тек жанды дауыспен шырқайды.



Тындарман оларды сол үшін де құрметтейді. Еңбегін бағалайды.


Илияс Жансұгров атындағы Мәдениет сарайында Мұхамадиевтердің сахнада жүргеніне отыз жыл толуына орай есеп беру концерті өтті. Олар екі сағатқа жуық уақыт жанды дауыста шырқады. Тындарманның құлақ құрышы қанып, басталғаннан соңына дейін жоғары денгейде өнер көрсеткен отбасылық әншілерге бәрекелді десті. Қос әнші өмірдің барлық сынын қол ұстасып бірге женді.

Облысымыз бір жылдары тоқырады. Өнерпаздар елеусіз қалды. Халықтың ән тындаамақ түгілі нан тауып жеуі мүң болды. Кәсіпорындар тоқтады, жұмыс орындары көп уақытқа дейін жалақы бере алмады. Міне, сондай қыын-қыстай кезде де Мұхамадиевтер мамандығын ауыстырмады. Өздері еңбек жолын бастаған ұжымнан кетпеді. Алдағы күнге сенді. Басқалардың да еңсесін көтеріп, ертеңгі жақсы күнге сендерді. Сабырлылықтың арқасында ел-жүртімен осы күнге жетті. Кез келген қындықты қасқая тұрып қарсы алу Оралбай мен Аяның ерекше атап өтетін асыл қасиеті. Бүтінгі халық алдындағы есеп беруі, мерейлерінің өсуі сол шыдамдылықтарының женісі. Олар сахнада жанды дауыспен ән шырқағанда халқының сүйікті өнерпаздары Ақан сері, Әміре, Біржандар еске түсті. Дауыс көніл-күйге қарай қалықтады, әуеледі, толқындай тербелді. Өнерпаздарды Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрі сүйемелдеді. Елуге жуық құраммен өнер көрсеткен оркестрдің кәсіби шеберлігі жоғары. Сүйемелдеу әншілермен үндестік тапты.

Әншілердің репертуарында көбінесе жергілікті композиторлардың шығармалары орындалды. Төлеужан Ғұмаровтың «Жетісу», Әли

Алпысбаевтың «Аққұым болып оралдың», Дәнеш Рақышевтің «Бақытym бол», Әбен Дәуренбековтің «Ауылдағы той» атты өлеңдеріне жазылған әндер тыңдарманның көңіл хошын келтірді. Сонымен бірге халық композиторларының әндерімен де сусындалды. Ескендір Хасанғалиевтің «Нұрлы таң», Латиф Хамидидің «Жазғы таңда», Сыдық Мұхамеджановтың «Өзгеге көнілім тоярсың» әндері орындаушылардың шеберлігімен шырқалды. Бұл күні Мұхамадиевтердің немерелері де өнерге бейімділігін паш етті. Бұлдіршіндер Аяулым Әлиева мен Аружан Оралбайдың сахнада ән салу мәнері өзгеше екен. Олар өздерін кәнігі әртістерше көрермен алдында еркін ұстап, әнді нақышына келтіре орындаады. Қазакта: «Тақыр жерге шөп шықпайды» деген тәмсіл бар. Ендеше, балақайларға өнер қанмен берілген. Ата-апаның аялы алақанын сезініп өсіп келе жатқан бұлдіршіндерден болашакта шебер орындаушы шығатынына сенім мол.

Жетісу – ән мен күйдің өлкесі. Бірақ жанды дауыста айтатындар некен-саяқ. Мұхамадиевтердің әуелеген әнінің құлақтан ұзақ уақытқа кетпей тұратыны да табиғилығында. Жүректен шыққан ән жүрекке жетті.



КӨҢІЛДЕ КІРБІҢ ҚАЛДЫРМАЙТЫН

«Жетісу» газетіне алғаш орналасқан жылы кабинетте Куат, Нұрбол үшеуміз отырдық. Куаттың достары үздіксіз келіп-кетіп жатады. Әбен аға, марқұм Тоқтасын аға, Ерғазы інісі күн күрғатпай есік ашып тұрады. Бір күні Әбен аға Куатты іздең келді. Ол іссапарға кеткен. Мен Әбен ағаға досының екі күннен кейін келетінін айттым. Аға түсінген сияқты болған. Бірақ ертенінде тағы келді. Мен Куаттың ертең ертемен жұмысқа келетінін айтып, шығарып салдым. Сол күні жұмысқа асыға басып келе жатсам есіктің алдында Әбен аға тұр. «Әй, төре қыз, сен қазір кір де Куатқа айт, сені Әбен аға неше күн болды сарылып күтіп жүр де. Бір жағдай болып қалған болды ма, қапаланып жүрген сияқты де. Ал мен сенен кейін бес минут өткен соң кіремін», – деді. Кабинеттің есігін ашсам, Куат Тәкен ағасы айтқан Сократтың мандайындай шекесін ұстап, алдындағы көп қағазға шұқшиып отыр екен. «Баяғы ағайын-туыстың бүйімтайларығой. Біреу өлең шығарып бер дейді, енді біреуі тойда сөйлейтін сөз жазып берші деген, бәріне жарайды деп алып, қайсысынан бастарымды білмей отырғаным» деді, қобыраған көп қағазға мұңая қарап. Сөзінің аяқталғанын күткен мен бірден Әбен аға үйретіп жіберген сөз тіркестерін бірінен соң бірін ағыттым. «Әбен аға қатты қиналып жүрген сияқты. Сені шарқ ұрып іздең жүр. Әй, жай емес-ау, бір нәрсе болып қалған сияқты» деп аузымды жиганша ақын ағам жаймен басып кіріп келді. Тура бір мұсәпір бола қалыпты. Онсыз да алаңдан отырған Куат ағасын көрсімен атып тұрып, бас салып құшақтай алды.

– Әбен аға, не болды, айтыңызы, – дейді. Ағасында үн жоқ, қыстырып тұрған кейіпте. Үндемегенінен бұрынғыдан да ары секем алған інісі: – Аға, жүрініз сыраханаға барып сөйлесейік, – деп апыл-ғұптыл жинала бастады. Әріптес ағасының күткені де сол еді. Аяғын шанғышыша сүйрете басқан Әбекен есіктен шығып бара жатып, маған қарап көзін қысып қойды. Құлығының іске асқанына



риза. Міне, бұл Куаттың – шын бейнесі. Ол дос десе, аралас-құралас жандар десе қашан да бірге күліп, бірге жылауға бар. Оның сөздік қорында «жоқ» деген сөз мұлдем кездеспейді. Кім қандай шаруамен келсе де шамасы жеткенше көмектесіп, өзінің қолынан келмей жатса жән сілтеп, тығырықтан шығар жолды бірге іздесіп жүргені. Куаттың әзіл қалжыны өз алдына. Қашан да қыыннан қыстырып, табан астында өлең шығарып, жүрген ортасын қыран-топан күлкіге кенелтіп тастайды. Ол кабинетке кірсе, тағы не бұлдірер еken, еразаматтардың көзінше анекdot айтып, ұялтады-ау деп, кеткенін тілеп отыратын кездеріміз де болады. Оның өзіне ғана тән көңілде ешбір кіrbің қалдырмайтын күлкісі жан-жағындағылардың жаңын жадыратып, салмақты ойлардан арылтып жібере алады. Осы күлкісі арқылы-ақ Куаттың редакцияда бар-жоғын кабинетіне бармай-ақ біліп отырамыз. Куат ақын, Куат әнші, Куат жанашыр жар. Ол өсірген Гауһар, Маржан, Сырым атты бұлдіршіндер, шіркін мениң балам осындай болып өссе деп таңдай қақтыратындей.

Куатжанның кез-келген тақырыпты ойнатып, оқырманның түсінігіне жеңіл етіп жазатын білімділігі өз алдына.

Куат әдебиет білімінде бірнеше жыл білім менгерушісі болды. Содан басшылық бір күні оны парасат біліміне ауыстыруды. Құттықтап бардық. «Калай саясат ұнай ма» дейміз сыр тартып. «Мен саясатпен айналыспасам, саясат менімен айналысатын түрі бар» деді қалжынға сүйеп.

Куат сияқты үлкен жүректі, білімді де білікті азаматпен қызметтес болып, рухани демеу алып жүргенімізге, достығымыздың жараптық тапқанына шексіз қуаныштымыз. Көңілде ешбір кіrbің қалдырмайтын күлкісі жиі естілсе деп тілейміз.

ГҮЛЖАНАТ

– Қойлы ауылдың түтіні-ай! Исі өзгеше еді! Жұсан аңқыған даласын айтсаншы! – дейді бала кезді аңсағанда Гүлжанат Макұлжанова құрбым.

– Ағаш атқа мініп алып, құйындата жөнелуші едік қой, – деймін сол кезде басымнан өткен бір қызықты сәт есіме түсіп.

– Таудың арқырап жатқан асau өзенінен тас-тасқа секіріп жүріп, екінші жағалауға өтіп кетуші едік. Жүрек жұтқан екенбіз, иә, – дейді ол қорқыныш деген үғымды түйсінбейтін бала кездегі «батырлығымызға» танғалып.

– Құлап кетіп, мұздай судан талай малтып шыққанымыз есіңде ме? – деймін «періштеміздің» молынан қаққанын меңゼн.

– Өрге қарай шығып келе жатқанымызда көк майса шөптен табанымыз тайғанап кетіп, домалап-домалап сайдың табанына қайта түсүші едік қой, – дейді ол ішек-сілесі қата күліп.

Гүлжанат екеуміз кездесе қалсақ, өміріміздің ең тамаша, қайы-мұңсыз күндерін осылай жамыраса айтып, мәре-сәре боламыз. Сол дархан дағы Гүлжанатты кеңдікке тәрбиелеп, ойын еркін, анық жеткізуге бейімдегендей. Тайсалмайтын мінезді Ақсуды бауырына басып жатқан Жонғар Алатауынан алған. Бүгінде Ахмет ағаның сары қызы елге танымал журналист. Үлкендердің сөзімен айтсақ: «Ағып тұрған шешен». Керек жерде, әсіресе ойын түйіндеген тұста айтарын өлеңмен төгіп-төгіп жібереді. Жүректен шыққан сөз осылайша жүрекке жетеді. Елпілдеген ақкөңілділігі Ахмет ағадан аумайды. Еңбекқорлығы анасы Үміт тәтеге тартқан. Медицина тілімен айтқанда генетикалық коды мықты қойылған. Үміт тәте кезінде баланы да тауып, ерінің жағдайын жасай жүріп, көмекші шопандықты бірге атқарып, пысықтығымен ел аузына ілігеді. Дастанқаны жайнап, үйі тап-түйнактай жинаулы тұратын отанасы қонақтарды жарқылдаپ қарсы алып, жол болсын айтып шығарып салып, кеңпейілділігімен танылады. Үйінің есігі келіп-кетушілерге қашан да ашық. Осы



қасиетін ескеріп, аудан басшылары Үміт Макұлжанована аудандық мәслихаттың депутаты етіп сайлайды. Ол бір емес, бірнеше рет қатарынан ел аманатын арқалайды. Анасының осы қасиетін бойына мықтап сіңірген Гүлжанат та журналистиканың тынымсыз тірлігін атқара жүріп, ері Руслан мен балалары Алмат, Малика, Мадинаның бар жағдайын жасап үлгереді. Үйінен қонақ үзілмейді. Табалдырығын аттап кірген жанның бәріне, бала-шаға демей «көйлек» кигізеді. Жөні келсе, алтын тағып жіберетін шүлендігі де бар. Жаны ашығыш. Жабырқамайды. Көнілі қашан да кекте. Бәрін жақсылыққа жориды. Ырымшыл.

Көнілінің көкте болатын себебі, ол дүниеге келерде дәрігерлердің алыстағы қараша ауылға ұшақ шақыртуымен тікелей байланысты ма деп қаласың. Гүлжанат Үміт тәтенің төлбасы. Ауыл акушері жас ана мен іштегі нәрестенің денсаулығына қауіп төнгенін байқап, елді-мекенге шағын ұшақ (кукурузник) шақыртып, толғақ қысқан келіншекті орталық ауруханаға жеткізеді. Сонда үлкендер жағы: «Ойпырым-ай, бұл ауылға самолет қонады деп кім ойлаған?! Тумай жатып мына періштенің аспанды бағындырғанын қарашы! Не де болса, ерекше бір бала дүниеге келеді-ау. Тіліміз тасқа! Аман болса бұл сәби ата-анасының басын өрге сүйрейді» деп көрегендік айтыпты. Тұңғыш бала қашан да ата-әженікі. Гүлжанаттың туғанын айтып, сүйінші сұрап келген ауыл адамына Нұршан апа қабырғадағы жалғыз кілемді жұлып алып береді. Перзентханадан келсімен нәрестені Нұршан әжесі бірден бауырына басады. Апасы ауыл-аймактағы той-томалакта «мен» деген ақындармен айтыса кететін тілі орақты, жүректі шешен адам болған еken. Жай кездің өзінде мақалдатып сөйлейтін сұңғыла жан ағайын-туыстың арасында беделді. Нұршан апаны сыйлаған ағайын оның қасынан бір елі қалмай, ер-тоқымының артында жарбыш отыратын «бөктөріншегі» Гүлжанатты да бастарына көтереді. Сөз саптауына дейін апасынан аумай қалған бұлдіршін тілінің тәттілігімен ерекшеленеді.

...Бір күні орындалған, орындалмаған армандар туралы ой бөлістік. Сонда Гүлжанат: «Менде бір арман бар, сол орындалса ғой» деп сөз бастады. Мен таңғалдым. Қасымда жүрген құрбымды жақсы білемін ғой. Күнде тәубесін аузынан тастамай, ата-анасының бары, ағайын-туыстың амандығы, отының түзу жанғаны үшін Жаратқанға мың

шүкір айтып отыратын. Арманым бар дегенін алғаш рет естіппін.

– Біз Ақсу ауданының Жаңақоғам деген ауылында тұрдық қой, – деп бастиады ол сөзін. – Әкем бір шаңырақтың үлкені болғандықтан анасына көмектесу үшін оқи алмай, жастайынан мал бағуды кәсіп еткен. Бірақ барлық бауырының аяктанып, қатарға қосылуына көмектесті. Өзінің алты баласын түгел оқытып, жоғары білім берді. Осынша қындықты қара нардай бір өзі көтерген әкем не жақсылық көрді деп ойлаймын. Сол Жаңақоғамда әкем мал баққан қыстау бар еді. Бұрын ел соны «Ахмет базы» дейтін. Шіркін, сол жерге «Ахмет базы» деген тақтайша ілініп, әкемнің аты жазылып тұрса ғой...

Іә, бұл адап туған перзенттің әкеге деген махаббатын, ризашылығын білдіріп тұрған сөз. Күндердің күнінде жергілікті картаға да түсірілсе деген де ойы бар шығар. Дүниеге алты бірдей ұл-қызы әкелген ата-анада арман бар ма? Оның үстіне бәрі аман-есен. Тату-тәтті. Үлкені кішісін, кішісі үлкенін қадірлеп тұрады. Ендеше, Ахмет аға мен Үміт тәтенің бақыты балалары.

Бүгінде Гүлжанаттың тұла бойы тұңғышы Алмат өзімен бірге «Жетісу» телеарнасында қызмет істейді. Танымдық «Таңжарық» бағдарламасының жүргізуісі. Мәдина мен Малика мектеп окушылары. Ата-анасының аялы алақанын сезіп, мұңсыз өсіп келеді. Гүлжанат Талдықорған қаласының Құрметті азаматы. Кәрі-жастың сүйікті журналисті. «Апта» жаңалықтар топтамасының авторы. Бүгінгі мерейлі мерекеде аты арып, тоны тозбайтын аккөңіл әріптеске енбегің жансын, көптің ықыласы көнілінді аспандата берсін деген тілек тілемекшіміз.

АЛПЫС МЫҢ АДАМДЫ ЕМДЕЙДИ



Алай хакім: «Ісің өнімді болсын десен ретін тап» деген еді. Шаруасын шалқыта білген адамдардың ұстанымы қашанда реттілік. Үқсата білгеннің ұтатыны үйымдастыруышылығында.

Қызырхан Дәуітов қолға алған ісінің ретін тауып, шаруасын дөңгелете білген жан. Сегіз қырлы, бір сырлы деген тенеу Қызырхандай азаматқа арналып айтылса керек. Мамандығы дәрігер болса да, кәсіпкерлікті жатсынбады. Ойға алған шаруасын ұршықша үйіреді. Сонау тоқырау жылдары мал өсіріп, диқандықпен айналысады қолға алды. Ауылшаруашылық саласының қырсырын менгеріш, жерлестеріне диірмен салып берді. Май сығатын цех ашып, шемішке өндеді. Алма бақты жайқалтты.

Бұгінде Елбасының облыста қант қызылшасын қайта дамытуға байланысты бастамасын қолдап, тәтті түбір өсіре бастады. Алғашқы өнім ауыз тұщытарлық. Келесі жылы будан да жақсы болар деген сенім бар. Техника өзінікі. Кезінде лизингпен сатып алған. Олар өсірген алма, алмұрт ауылшаруашылық жәрменкесінде көптің сұранысына ие. Мұнда алманың бірнеше түрі өсіріледі. Әлеуметтің әлеуетін арттыру үшін кәсіпкерлер қарапайым халыққа қолғабыс етуі керек деген бастаманы үлкен жүректі Қызырхан Дәуітов барынша қолдап келеді. Ауылдастары қарыз сұрай келсе немесе біреудің отбасында қын жағдай болып қалса аянып қалған емес. Азықтұлікпен, кейде қаржылай да көмек береді. Бұгінде ел президентінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қолға алғаны белгілі. Ата-бабаны құрметтеп, тарихымызды әспеттеу барысындағы перзенттік борышын өтеуді Қызырхан Дәуітов азамат болып, ат тізгінің ұстағалы атқарып келеді.

Ол Жонғар шапқыншылығында елді қорғаған Сатай батырдың 300 жылдығында Алакөл ауданының Қарабұлақ ауылына ескерткіш

орнатып, ас берді. Кәсіпкер азамат алдағы уақытта батырдың кесенесін жаңартуды ойластырыпты. Осылайша, батыр бабаның рухына құрмет көрсетпекші. Жастарды тарихты білуге, елжандылыққа тәрбиелеуде үлгі көрсетіп келеді. Азаматтың өткенімізге салауат жасауы – құптарлық іс. Бүгінде кәсіпкер Талдықорған қаласының ортасынан «Құракты» атты емхана ашты. Мұнда стоматологиялық емнің барлық түрі жасалады. Тіс салу ісі жанданған. Стоматологиялық көмекке жүгінушілер көбінесе осы мекемені таңдал жатады. Оның себебі, «Құрактыда» білікті дәрігерлер қызмет етеді. Емханадағы құрал-жабдықтар Қытай, Бразилия, Германия, Ресейден әкелінген.

– Мен маманды қызметке алғанда үш ай бойы сыйнаймын. Сол уақытта дәрігер өзін жақсы жағынан көрсетсе ары қарай жұмыс жасауына толық мүмкіндік жасаймын. Қай жұмыста болсын маманды жиі ауыстыруға болмайды. Себебі, ол ұжымға, жұмысына қалыптасуы тиіс. Біздегілердің көбі 10-15 жыл жұмыс істеп келе жатқандар. Тыңғылықты, сапалы жасалған шаруа өз нәтижесін беруде. Келушілер қатары жыл санап өсіп келеді, – дейді емхананың бас дәрігері Қызырхан Дәуітов.

«Құрактының» ғимараты жаңа. Істің ебін білетін кәсіпкер оның ішін, құрал-жабдықтың орналасуын өзі ойластырған. Емхана іші дәрігерлердің жұмыс істеуіне де, келушілердің емделуіне де ыңғайлы жасалған. Мекеме іші қысы-жазы құстың үясындағы жып-жылы болып тұрады. Емхана ішінде дәріхана бар. Бағасы қымбат емес. Мұнда сондай-ақ, тұзды бөлме, батпақ емі жүргізіледі.

«Құрактыда» күндізгі стационар ашылған. Негізі ақылы емхана болғанымен, айна 60 адамның портал бойынша емделуіне жағдай жасалған. Келушілер дәрігердің қызметіне риза. Мұндағы білікті дәрігерлер Бақытсұлтан Исаев, Оспанғали Ниетбаев науқастарға бар ынтасымен көмек көрсетеді. Қолы епті медбике Нейля Куанышқызының ширақ кимылды мен емді тыңғылықты жасайтындығы дертіне шипа ізден келгендердің көңілінен шығады.

Қызырхан Дәуітұлы мықты кәсіпкер, білікті дәрігер ғана емес, қамкор әке. Ол қос немересін дүниеге келе салысымен өзі бағып-қакты. Тіпті аяқ-қолын созып, емдік массажды да өзі жасапты. Бүгінде бұлдіршіндер ширақ. Ерекше күтіммен бағылып-қағылған немерелерінің денсаулығы жақсы. Қызырхан Дәуітұлының екі ұл, бір

қызы егемен елдің бір-бір кірпіші болып қаланған. Бәрі абыройлы қызметте беделді. Жары Нұрсұлу Рахимова – ұстаз. Ескелді ауданының білім саласында көп жылдан бері балаларға дәріс беріп келе жатқан білікті жан. Кәсіпкер болашақта клиниканы бұдан да кеңейтсем дейді. Қасынан аурухана, тұрғын үй, балабақша салмақшы. Игілігін ел көрсө деген ниетте. Асқаралы алпысқа келген абыройлы азamatқа халық дән риза әрі еңбегінің жемісті болуын тілейді.



ЖЫЛҚЫШЫ

Жылқышы Тәңірберген Сәбитовті Бүйен – Қызылағаш елді-мекенінің тұрғындары түгел кадір тұтады. Тәңірбергендей сұңғыла жылқышы бұл манда некен-саяқ. Ол Қамбар ата тұлігін өсірудің, сәйгүлік баптаудың шебері. Ауыл-аймақ атбөгілерінің ішінде сәйгүлік таңдау мен баптауда Тәңірбергенмен ақылдаспайтыны болмайтын. Жылқышылар биенің ішіндегі құлынның түрі мен сынын Тәңірберген сыншыдан сұрап біледі. Ол болашақ құлынның енесі мен әкесін таныса болды, бие құрсағындағы төлдің түр-түсі және ерекшелігі жайлы айна-қатесіз айтып береді. Оны осы мандағы жылқышылардың барлығы мойындаған. Биыл мына биеден жорға немесе сәйгүлік туады деп талайды таңдай қактырған. Соған қарай малдың иесі алынатын төлдің жай-жапсарын ерте біліп алыш, соған қарай болжам жасаған. Тұған құлынды ерте күтіп-баптаپ, ерекшелерін өзінде қалдыруға тырысады. Тіпті малы жоғалғандар да Тәңірбергенге келіп, жануарды қайдан іздеуге болатыны жайлы кеңес алады. Ол төрт тұліктің киы мен тұяғының ізін көріп-ақ қашан жоғалғанын және оның қай жаққа бет алғанын бірден болжап береді. Өзінің жылқылары үйірден бөлініп қалса немесе ұры әкетсе тұяғының орнын қарап, басқалармен шатастырмай із шолып жүріп, тауып алады. Қарамағындағы сәйгүліктерді алыстан бір шолып-ақ, бар-жоғын бірден байқайды.

Көкқасқа тұс ауа тауды бетке алышты. Үйірден құлындарды бөлгенде жануардың биылғы төлін малишылар тау асырып жайлауға әкеткен еді. Есті мал төлінің кісінегенін естіді ме, жоқ құлынның жүрген жерін түйсігімен сезді ме сол жақтағы табынды бетке алышты. Малдың да балажандысы бар. Бұл – Көкқасқаның жылдағы әдеті. Мұндайда жылқышы биенің құлынымен біраз уақыт жүруіне мүмкіндік береді. Тәңірберген Қапалбекулы басында Қызылтаң ауылында тұрған. Өкімет адамдары қазақтың зиялыштарын ұстап, жер аудара бастағанда мұның туысы Илияс Жансүгіровті де «халық



жауы» дел жала жауып, алыш кетті. Ешкімге зияны жок, өлең-жырдың шебері Ілиясты қамауға алған соң елдің берекесі қашады. Оқымыстыларды тұз-түгел әкетіп жатыр екен деген сөз ел арасына тез жайылады. Біраз уақыт өткен соң Ілияс Жансұгіровтың туыстарын да бір-бірлеп жер аудара бастайды. Тәңірберген көзі ашық нағашысы Базарбайға барып, жағдайды айтады. Сонда Берентайдың немересі Базарбай бұған тездетіп тегінді ауыстыр деген кенес береді. Сонымен, Тәңірберген бір күнде өздеріне «бес қайнаса сорпасы косылмайтын» бөтен біреудің тегін алышп, Сәбитов болып шыға келеді. Содан 1937 жылы Қызылағашқа барып, көзге көрінбей жүргуге тырысады. Бүйен – Қызылағаш кеншары құрылышымен, № 147-ші жылқы зауыты ашылады. Жас жігіттің міндеті айғыр тәрбиелеу еді. Оны жақсы мендеріп, ісімен елнене бастағанда соғысқа аттанады. Сталинград түбіндегі шайқаста қатты жараланып, I-топ мүгедегі атанып, елге қайтады. Тақымы мықты жылқышыға алыстан Қамбарата тұқымын басқа елдерге барып, алыш келу міндеті жүктеледі. Жауапты басшылармен бірге шетелдерден Донский, Рысак, Ақалтеке көптеп жеткізіледі. Тәңірберген Қапалбекұлының Ақтабан, Елік деген шашасына шаң жұқпас сәйгүліктері болады. Ол аң аулағанда жүгірген аң құтылмайтын. Сарықұс, Ұшар атты тазылары қысты күні төрінде жатады. Сәйгүлік пен тазы, бүркіт оның жаны еді.

Жаз бойы «Бектер» жайлауын жайлайтын Тәңірберген тау басында үш үй тігеді. Оның бірі – қонақ үй. Мұқаш Байбатыров ақын бұл үйге жиі келеді. Ол Тұбек ақынның Тезек төремен қалай жолыққанын, екеуінің сөз жарыстарын жиналғандарға жырдан қызық қылып аитып беретін. Мұқаш ақын келісімен ауыл-аймақ Тәңірбергеннің үйіне жиналады. Сары қымыз бойға қуат беріп, өлең-жыр төгіледі-ау келіп. Мол дастарқан, дәмді әңгіме атқамінерлерді де осында жинайды. Тәңірберген атаның баласы Өміrbай әкесімен бірге өткізген шуақты жылдар жайлар былай дейді: «Саусағындағы сақинаңды бір айналдырғанша, дүние шыр айналады» дегендей, пейілі кен, жаны жомарт, көнілі дарқан Тәңірберген әкеміздің салмақты сөзін, сабырлы үнін естімегелі 30 жыл болыпты. Әкем 1901 жылды мыңғырған малы бар Қапалбек байдың шаңырағында дүниеге келіпті. Солақай саясат кесірінен Қапалбек бай құтын-сүргінге ұшырайды. Кінәсі – дәулетті болғаны. Жетім қалған Тәңірберген ауылдың малын бағады. Экеміз

аты Одаққа мәлім Қызылағаш жылқы зауытының іргетасын қалап, адал еңбек етті. Жалғыз өзі Жамбыл облысынан асыл тұқымды бір үйір жылқыны айдап келгені әлі күнге есімде. А纳мыз Мәйкебала екеуі 7 бала тәрбиеледі. Ұлдары: Өміrbай, Өсіmbай, қыздары Майра, Қырғауыл, Мария бұл күнде зейнет жасында. Ал, Сәния, Бекенай әр салада табысты еңбек етуде. Қызылағаш колхозын құрып, асыл тұқымды мал өсіруге атсалысқан азаматтар қатары көп еді. Олардың қатарында: Семсербек Байысов, Өтепберген Досмайылов, Байқұрман Қалиев, Бисал Бекмұрзин, Сәкен Байзулин, Елтай Бекбосынов, Мұсағали, Құрмаш Қиялбеков және басқалар бар. Елжүрт Тәңірбергенді осы ауылдың іргетасын қалаушылардың бірі ретінде қадірлеп, мал өсірудегі еңбегін жоғары бағалап, «Еңбек Ері» медалімен марапаттады. Ол Ұлы Отан соғысына қатысқаны үшін I дәрежелі орденмен марапатталған. СССР қарулы күштеріне 50 жыл мерекелік медалі, «Лениннің 100 жылдығын әспеттеуге сіңірген ерсін еңбегі үшін» медалі және Ұлы Отан соғысы женісінің мерекелік медальдарын исленген. Тәңірберген ағаның көпшілдігі, еңбекқорлығы ел-жүртка үлгі. Ол кісінің ержүректігі, қасиетті мал жылқы өсірудегі өндірімді ісі, елжандылығы бала-шағасына мұра болыш берілген. Әuletтің ұл-қызы әке өсиетін бұлжытпай орындалап, ел арасында абырайлы-ақжүзді салт-санамен ғұмыр кешуде.

САЛТАНАТ



Ол дүниеге келгенде апасы Жібек ерекше қуанды. Еміренгені сонша, алпысқа таяп қалған кейуананың омырауынан сұт шығып, жалғыздан туган тұнғыш қызды өзі ауыздандыры. «Ананың сүтімен берілген мінез» деген сөздің астарында үлкен мән бар. Содан кейін де шығар, Салтанаттың мінезі, сез саптауы, қылышы әкесі Жексенбекке, шешесі Жанатқа тартпай, дәл Жібек ананың «аузынан тұскендей» бола қалды. Жібек Мықтыбайкеліні әuletтің тізгінің қолында ұстаған, адудынды, ұсақтық пен пендешіліктен өзін жоғары қоятын жан. Оның кеудесінен ауызданған Салтанат Жексенбекқызы да ар алдындағы адалдықты өмірлік ұстанымына айналдырыған. Ер мінезді. «Айттым бітті, кестім үзілді» дейтін жан. Отбасының билігі кімнің қолында болса, ол қандай уағыз айтса есіп келе жатқан ұл-қыздың дүниетанымы да соған қарап қалыптасады емес пе? Жексенбек әuletтің ұрпағы Жібек апаның бағытымен жүрді. Ақыл-кенесін өздеріне бағдаршам етті. Балалардың әке-шешесі Жексенбек пен Жанат болса, отбасы билігіне мүлде таласпады.

Жанат болмысынан момын, енесінің айтқанынан шықпайтын, бала-шағаның жағдайын жасап, ас-суын әзірлегенді ғана өзіне міндет еткен жайсаң жан еді. Үйелмелі-сүйелмелі алты қыз, бір ұлды дүниеге әкелді. Олар аз болса ағайын-туыстың бар баласы осы үйде жүретін. Енесі ана қырандай қайындарының балаларын жинап алғып, қасына үйіріп отырғанды ұнататын. Таңдан кешке дейін дала кезіп ойнаған қарасирақтар кешке жақын қатар-қатар салынған төсекке қисая кететін. Отананың кенпейілділігі болар, балалардың ішім-жемін дайындауға, киім-кешегін жуута ренжіген де, тарылған да жоқ. Анасы жайлы айтқанда көзі жасқа толады. Оның себебі, алтын құрсақ Жанат ана бала-шағаның қызығын енді қызықтаймын деген шағында ауыр науқастан қайтыс болды. Бірақ ененің алдынан кесекөлденең өтпей, бала-шаға мен ерінің қас-қабағын баққан асыл

жанның шапағаты балаларына тиюде. Төлбасы Салтанат бастаған ұл-қыздың барлығы да абыройлы, жүрген ортасына сыйлы. Басына қандай қын-қыстау күн туса да мойымайды, көз жасын көрсетпейді, ешкімге мұнын айтып, шағынбайды. Көзін көргендердің айтуынша, Жібек апа да сондай өр адам болыпты. Бірде ұлы Жексенбектің екі сиырының бірін қорадан ұры алғып кетеді. Ары іздел, бері іздел табылмасын білген ол қайғырып, құсаланып жатып қалады. Құнажынның сүті қою, маңызды еді. Соның арқасында балалардың аузы ақтан арылып көрмеген. Дастанқанынан ақ кетпеген отағасына аққасқаның жоғалғаны ауыр тиеді. Сонда анасы Жібек: «Жексенбек, көтер басынды. О несі-ей, ынжық адамдарға ұқсап. Әкем марқұмның 40 жылқысын барымташылар бір түнде ұрлап кеткенде де жарықтық қайғырмаған. Дүшпаным табаламасын деп әнін айтып, сауық-сайран құрып жүре беріпті. Бір сиыр жаныңның садағасы, еңсенді түсірме» деп дем берген екен. Сондай анадан тәрбие алған ұл-қыздың да ұсақ-түйекке мұжылмауы заңдылық.

Салтанат Жексенбеккызы облыстық аурухананың неврология бөлімінің менгерушісі. Бұл – ресми лауазымы. Ал онда емделген нұқастардың, көвшіліктің берген дәрежесі, абыройлы атағы – білікті дәрігер. «Жақсы адам» дейді замандасы. Енді бір аузы дуалы азамат «Керемет адам» деп баға берді. Ал оның Жексенбек әuletінің ұйытқысы, іні-сіңлілерінің жанашыры, қамқоршысы екендігіне өзім куә. Ел-жұртына жакқан жан осындай-ақ болар.

Ол дәрігерлікті бала кезден армандағанын жасырмайды. Тіпті ағайын-тұыстың арасында да бұл қасиетті мамандықты ешкім менгерменті. Жиен әпкесі Күлән медицина институтына түсе алмағанына налып: «Салтанат, осы оқуга сен баршы. Мен түсе алмайтын сияқтымын. Бұл сениң ғана қолыңнан келеді» дейді. Ақылдастып алғандай ұстазы Роза Смағұлқызы да осыны айтады. Олар Салтанаттың мінез-құлқынан тез шешім қабылдап, бастаған ісін нәтижесіз қалдырмайтын дәрігер үшін таптырмайтын қасиетті байқаса керек. Орынды айтылған ұсыныс қамшы болып, Салтанаттың пейілі мектептің соңғы сиыбында оқып жүргенде дәрігерлікке ауды. Қолға алған ісі абыройсыз болмады. Талай адамның жанын аман алып қалып, отбасымен қайта қауышуына септігін тигізді. Ол мамандығына жан-тәнімен берілген. Өмірді қайта бастайтын мүмкіншілік туып,

қандай мамандық иессі болуыма таңдау түссе сөзсіз невропатолог-дәрігер мамандығын қалар едім дейді ол.

Салтанат Жексенбекқызы клиникалық ординатурада оқып, кейін кандидаттық диссертация қорғап, ғылыми атақта ие болды. Өткен жылды «КР Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері атанды. Ол өз саласының білгір маманы. Кейде дәрігерлік көмек көрсетуге алыс ауданға жол тартуға тұра келеді. Ондайда ауа райының қолайсыздығына да қарамайды. Көлік жете алмайтын жерлерге тікүшакпен барады. Бұндайда дәрігердің жары Ерхан ағаның тынымы кетеді.

— Ол келгенше жанымды шүберекке түйіп отырамын. Телефон байланысы болмай қалса тіпті зәре-құтым қашады. Қалаға келгенін білгенге дейін жай таппаймын, — дейді Ерхан аға алаңдаушылығын жасырмай.

Невропатологияның негізгі міндеті — ми, қан айналымының бұзылуын қалыпқа келтіру. Соңғы жылдары қан айналымының бұзылуынан миға қан кету жағдайы жиі орын алуда. Дәрігердің айтуынша, сырқаттың белгісі білінсімен емді тұрақты жүргізу керек. Бұл жағдайда адамдардың өздері де салақтық танытпауы тиіс. Бірден жергілікті дәрігерге тіркеліп, емді маманың айтуы бойынша қабылдау керек. Әйтпесе, кез-келген қан айналым бұзылысының соны инфаркт, инсультқа әкеп соғады. Көбінесе сырқат инсультқа аяқ астынан шалдықтым деп ойлайды. Жоқ, ол бірнеше жыл бұрын басталған жүрек-қан тамыры, жүректің ишемиялық ауруы, қан қысымының көтерілуінен болатын жағдай. Қазіргі таңда қысылған, тарылған қан тамырларын кенейтетін дәрі-дәрмек жетерлік. Соны уақыт оздырмай пайдаланса инсульт пен инфаркттың алдын алуға болады.

Сондай-ақ, Салтанат Жексенбекқызы бүтінгі таңда жүкті әйелдер арасында «нефропатия» сырқатының көбейіп кеткенін айтады. Бұл — екіқабат әйелдің аяқ-қолының ісінуі, қан қысымының көтерілуі және бүректегі өзгеріс. Ағзадағы осы текстес ауытқушылық болашақ нәрестенің денсаулығына да кері әсер етіп, неврологиялық ауруға шалдығуға негіз болады.

Дәрігер бүтінгі таңда ми-қантамыр сырқатына шалдығушылардың арасында жаңа туған нәрестелердің де барын айтады. Аланаушылық тудыратын жайтың орын алуын экологияның бұзылғанымен де

түсіндіреді. Миға қан құйылуға көбіне-көп қатты ойлану мен жүйкенің шаршауы негіз болады. Сырқатқа шалдыққандар баласының оку ақысын уақытында төлей алмай қиналғандықтан немесе банктен алған несиені уақытында қайтара алмағандықтан қатты уайымға берілген едім деп түсіндіретін көрінеді. Ертеңгі құнғе сенімнің жоқтығы да миға ауыртпалық түсіреді. Десе де орталық ауруханадағы «МРТ және КТ» және УЗИ аппаратының ақауды анықтауда пайдасы зор. Облыстық аурухананың неврология бөлімінде орын аз. Мұнда барлығы 55 төсек. Науқасты кейде дәлізге жатқызуға тұра келеді. Себебі, бүгінде бөлімде 60-62 адам емделіп жатыр. Талдықорған маңындағы аудандардың барлығы сырқатты осы мекемеге жібереді. Жазылып келе жатқан емделушінің жанына жағдайы ауыр адамды жатқызса қайталап ауырып қалатын көрінеді. Сондықтан Салтанат Жексенбекқызының инсульт орталығын ашу жөніндегі бастамасы уақыт күттірмес мәселе.

Біздің дәрігер халық үшін жаралған. Оның жайбаракат жүрген кезі болмайды. Қашан көрсөн асығыс. Шұғыл шақыртумен ауыр науқасты емдеуге бара жатады. Уақытының барлығы жанын шүберекке түйгендердің қасында отеді. Хал үстіндегі науқас. Оның көздері жәудіреген ағайын-туысы. Қандай көмек көрсетеміз деп тапсырма күткен медбикелер. Барлығының күдігін сейілту бірінші Жаратқанның, екінші өзінің қолында екенін сезінген ол қашан да тез және дұрыс шешім қабылдауға дайын. Эке-шешенің бала, баланың ата-ана бақыты үшін аман болуын тілейтін дәрігерге ел-жұртының алғысы шексіз. Үміттерді жалғап жүре беріңіз, Салтанат дәрігер.

ЖАНГА ЖАҒЫМДЫ ДаУЫСЫ ҚАЛДЫ



Қасиетті қара шаңырактың есігін оң аяғымен имене ашқан балаң жігіт өзі таңдаған мамандыққа адал болуға іштей ант берді. Облыстың қарымды қаламгерлерінің тағдырын тоғыстырган мекемеде қызмет істеу маңдайға жазылған бақ еді. Тұмысынан бастаған ісін абыроймен аяқтауға дағдыланған азамат университетті қызыл дипломмен тамамдаған. Сабыр мен тұрақтылық – өмірлік ұстанымы. Ол радиожурналистиканы жандүниесімен жақсы көрді. Сондықтан мамандығын еш уақытта басқа іспен алмастырмады. Бала-шаганы қаламгерліктен тапқан адал ақымен жеткізді.

Аумақ ауыл шаруашылығы саласымен шүғылданатындықтан тілшілердің міндеті – мал, егіншілікте жұмыс істеп жатқан еңбекқор ағайынның тыныс-тіршілігі тақырыбында қалам тербеу. Жылдың төрт мезгіліндегі маусымдық жұмыс барысын эфир арқылы жариялау. Тұрсынбек аға шалғай ауылдарға барып, еңбекқор жүрттың тынымсыз еңбегін көпшілікке айтудан, әуе толқыны арқылы ел-жүртқа таратудан жалыққан емес. Салмағы белді қайыстырап ауыр репортерды иыққа асынып, тау кезді, алқап аралады. Бірақ, шаршамайтын. Радионың «азығын» еңбекқор құмырсқаша тасыды.

Тұрсынбек Айтбек «Дала дидары», «Транспорт және экономика» хабарында, жаңалықтар бөлімінде жүріп, бәйге атша жаратылды. Ол үшін қызығы мен қындығы бірге жүретін тілшілік жұмыс жанның рахаты еді. Жан-дүниесіне кішіпейілділік пен кіслікті азық етті. Ұжымда үлкенге іні, кішіге қамқор аға бола білді. Журналист әрқашан іссапарда жүреді, оны аяғы асырайды. Сондықтан тілшінің жүрістүрьеси ширақ келеді. Тұрсынбек аға бейжай күйден ада, жаратылған аттай сергек қимылдайтын. Әр хабарды желтіне, қуана дайындаитын. Хабарының соңында еңбекқор қауымға ән арнауды да ұмытпайтын. Әр уақыттың өз жаңалығы бар.

Тоқсаныншы жылдардың соңында радиоға қосымша қалалық «Жерұйық» деп аталатын телеарна ашылды. Енді журналистер радиомен қоса көгілдір экран арқылы да хабар жүргізуге міндеттелді. «Хас батырга оң-солы бірдей» демекші, қарымды қаламгер микрофонды мұнда да өзінше сөйлете білді. Телеарна басшысы өнірдің байырғы журналисі Қанат Асқаров еді. Жаңа жетекші журналистиканың қыр-сырын жақсы білетіндіктен көрерменнің көңіл кілті тез табылды. Жаңашылдық пен ізденіс нәтижесін беріп, шығармашылыққа ден қойыла бастаған еді. Халық өтпелі кезеңді бастан кешіріп, айлық орнына азық-түлік берілген қысылтаяң уақытта бұларға да тықыр таянды. Кенеттен қызметкерлер арасында «экономикалық жағдайға байланысты телерадиокомитет жұмысы тоқтауы мүмкін» деген әңгіме жүрді.

Мекеме жабылады деген сыйыс басталсымен барлық қызметкер жылы жер іздей бастады. Бірі – мұғалімдікті, бірі жеке студияны, кейбіреуі газеттерді жағалады. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» деген заман туды. Бір үйдің баласында үйінан ұжым біраз уақыттың ішінде жан-жаққа бытырап кетті. Құнделікті эфирге хабар шығару барысында алашапқын болып жүретін тірлік біржола тоқтады. Ғимарат іші ел көшкендей күй кешті. Әріптестерінің алды жұмысқа орналасып алды. Тек Тұрсынбек Айтбек қана мекеме ішінде айналышықтайды. Ұясына адал қасиетті қарлығаш құстай шыр айналыш кете алмай жүр. Облыстың тұпкір-тұпкірінен сұхбат беруге ағылыш келіп жататын басшы-қараптар мен әнші-жыршылар бұл мекемені мүлде ұмытқандай. Ақырында қасиетті қара шаңырақта жалғыз қалды. Екі қабатты ғимарат іші тырс еткен дыбыстан жанғырады. «Көшкен елдің жұрты деген осында болар» деп еске алушы еді, кезіндегі қызу тірліктің өлі тыныштыққа айналғанына жаны ауырған азамат. Әріптестерінің бәрі біртінде қош айтысып шығып кеткенде мекеме есігінің кілтін ұстап, әріптесі Ырысбай Кенже екеуі қалды иесіз үйде. Адалдық, тұрақтылық, сабыр! Кете алмайды. Түйсігінде мекемеге адаптацияны деген анты жанғырады. Қалай кетеді? Фонотекада 25 мындағы таспаға жазылған қор бар. Онда тарих үшін керек дауыстар сакталған. Байлықты жинау үшін радио ұжымы бар күш-жігерін сарқа пайдаланған еді. Қорды көздің қарашындағы сактауды өзіне ғана міндет санайды.

Тұрсынбек аға мен Үйрысбай екеуі иесіз мекемені 2002 жылға дейін ақы-пұлсыз күзетті. Ар алдында адалдық танытты. Қасиетті шаңырақтың қабырғасы үгітілмей, терезесі сынбай, едені опырылмай сақталды. Талдықорған облыс орталығына айналғанда елден бұрын қуанғандардың бірі Тұрсынбек аға еді. Ол иесіз мекеменің тамырына қан жүгіретінін, ғимараттың ел қажетіне қайта жарайтынын ойлап шаттанды. Тілеуі дұрыс азамат мекеменің облыстық телевидениеге берілетінін, жаңаша жабдықталатынын естігенде бөркін аспанға лақтырды.

Телевидение ашылып, елмен бірге ағаның да еңсесі көтеріліп, өзінің оң жамбасына келетін «Ауыл» хабарын жүргізу бақытына ие болды. Тақырыпты жақсы білетіндіктен істі үршықша үйіріп әкетті. Жана ұжымның қалыптасуына, жастардың адами тұрғыдан тәрбиеленуіне үлгі болды. Барған жерде сұхбат алу мен сөзден гөрі іске жуық еңбеккор ауыл адамдарын микрофонға тартудың қырсырын үйретті. Тұрсынбек ағаның адамдық келбетін әріптестерінен артық ешкім білмейді. Сондықтан мақала жазу барысында «Өлкетынысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Мейрам Жанаділовке жолыбып, ағамен бірге қызмет істеген жылдарын еске алуды өтінген едік.

— Тұрсекенді бұрын да білетінмін. Ал телевидениеде бірге қызмет істеген жылдары адами тұрғыдан тани бастадым. Ағалық қамқорлығын көп көрдім. Әсіресе, қын жылдары еңбекақысыз радио үйін күзеткенін естіп, кіслілігіне қайран қалдым. Бір шаңырақта табан аудармай 40 жыл еңбек еткен ағамыз зейнет жасына жақындағанда маған келді. «Мейрамжан, уақыт деген бір орында тұрмайды екен. Аттай зулап, демалысқа шығатын уақытқа да жетіппін. Хабарды жаңа форматта шығарайын деп жатырсындар. Оған жастарды шақыратын шығарсындар. Енді орынды босатайын, демалысқа жіберсендер ренішім жок», – деді.

Мен адамдықтың символындағы болып, жастарға үлгі көрсетіп жүрген ағаны жібергім келмеді.

— Аға, бір кездे телевидение ашылғанда радионың барлық кассетасын жертелеге тасып апарған еді. Соның ішінде небір күнды дуниелер болуы мүмкін. Сізді мұрагаттар бөліміне отырғызыңық, сол қайталанбас дауыстарды сандық технология арқылы таспаға

көшірсөніз болашақ үшін ұлken жақсылық жасаған болар едіңіз, – дедім.

Сол күні екеуміз жертөлеге бардық. МЭЗ аппаратын электр тогына қосып көрсек, о, тоба, істеп тұр зырылдаپ. Содан көп жылдан бері қат-қат болып жинаулы тұрган лентаның біреуін жаймен ашып, айналдырып көріп едік, дауыс санқылдаپ тұр. Тұрсекен сол күннен бастап әр қорапшаны аялай ұстап, ғимарат ішіне таси бастады. Балаша шапқылап жұмыс істеді. Анда-санда маған келіп, «Қонаевтың Талдықорғанға келіп жиын өткізгендеғі дауысы табылды. Дәнеш ағаның «Сары бидайы» жазылған лента шықты» деп қуанышын бөлісетін. Кейіннен бұл ленталарды ел иғілгіне пайдалану үшін «Таныс дауыс» деген хабар ұйымдастырылды. Жаңаша ұлгідегі хабар көптің көңілінен шығып жүрді.

Иә, ағаның жүріп откен жолы тұнып тұрган ұлгі, өнеге. Елге танымал қаламгер азаматтар әріптес ағаның жақсы қасиеттерін айтқанда дәптеріме түсіруге өзер ілестім. Ол кісінің бір мекемеде табан аудармай 40 жыл қызмет істеуінің өзі көп нәрсені аңғартса керек. Тұрсынбек аға жары Гүлсән екеуі екі ұл, бір қыз тәрбиеледі. «Тамаша азамат еді» деп бағаланған қайталанбас жолы қалды. Өзі көздің қарашығындағы сақтаған таспалардың ішінде жүрекке жылы тиетін дауысы қалды. «Мәңгі өмір болмайды, мәнді өмір болады» дейді. Ендеше, ағаның көшілік өнеге тұтатын екінші өмірі басталды.

ПЕРЗЕНТХАНАДАН БІР-АҚ ШЫҚТЫМ



Менің ойымша журналист деген өте қасиетті ұғым. Кейде өзіме: «Мен осы дәрежеге лайықтын ба?» деп сұрақ қоямын. Шындығында мен өзімді журналистен гөрі қарапайым жұмысшы сияқты сезінемін. Бір істі бастап, соны талапқа сай аяқтауды мақсат етіп, алашапқын болып жүремін.

Бес жыл бұрын наурыз айында Қызылағаш ауылында су тасқыны болды. Менің аяғым ауыр еді. Сәби сую көптен күткен арманым болатын.

Куанышымда шек жок. Дәрігер, орнынан тұрмай жату керектігін айтқан. Бірақ ел басына күн туып, ағайын-туыс қиналып жатқанда дәтім барып қалай жатамын? Газеттің тапсырмасын орындал, оның үстіне сол жақтағы туыстардың жағдайын сұрап, қала мен Қызылағаштың ортасында жүрдім де қойдым. Жүкті екенімді ешкімге білдірген жоқтын. Елден артық емеспін. Берілген тапсырманы орындауға тиіспін деп ойладым.


Бір-екі айдан кейін сол кездегі редактор Валерий Оверко мені тағы іссапарға жіберді. Қасымда газет тілшісі Александр Склабовский бар. Александр Квитконың «КамАЗ» көлігімен егіндік араладық. Ол кісі шаруашылығын аралатты. Жол нашар екен. Селкілде, қиқандап, өкпе-бауырым езіліп кеткендей болды.

Ішімнен өзіме-өзім дем беріп қоямын. «Шыда, бұл қындық емес. Тасқын су алған ауылдың адамдары да басына түскен қындыққа шыдал-бақты рой. Оның қасында сенің көрген қындығың «ойыншық» деп қоямын. Кешке қалаға жеттік. Тұнімен мақала жазып, таң алдында ауруханаға тұстім. Жаратқан қолдал, дүниеге дені сау сәби келді. Міне, менің мамандығымның қызығы мен шыжығы.

МЫҚШЕГЕДЕЙ МЫҚТЫ ТІЛШІ

Қаламгер қауымның ыстық ұясы 5-ші жатақхана. Бір бөлмеде үш жігіт тұрады. Шетінен «сен тұр, мен атайын» деген сөз шебері. Еліміздің әр бұрышынан келген сайдың тасындағы бозбалалар. Солардың арасындағы мінезі ауыр, тау қозғалса қозғалмайтын ұстамды, қасындағылардың әзіл-қалжынына жымиып қана күліп, әңгімені өз болмысымен толықтырып отыратын Серік Сатыбалдиев. Серік Алматы маңындағы Ұзынағаш ауылынан. Бейбіт – Торғайдан. Бауыржан – Атыраудан. Сенбі күні Серік қарашанырақтағы ата-анасына баруға жинала бастайды. Сондайда әзілқой Бейбіт: «Степа, сен шын доссың! Жүргің жұмсақ. Қасындағы адамдардың қиналғанына қарап тұра алмайтын азаматтыңың бұрыннан тәнтімін. Осы қасиетімен басқадан биіксің!» дейді. Сонда анғал Серік олай деуінің себебін сұрайды. Бейбіт аяқ-астынан мұсәпір кейіпке еніп. – Біздің аштан өлгенімізді көргің келмей ауыльца аттанып барасың ғой. Аман бол, бауырым, – деп бөлмеде тіске басар ештеңе қалмағанынан сыр береді. Сонда Секен ойланбастан: Жүріндер! деп жігіттерді «Комбинат питанияға» қарай бастай жөнеледі. Белмелес достары сарт мәзірет жасап: «Ақшанды жолыңа жұмсасаңшы, ауылға жете алмай қаласың ғой» десе де сөздің сүйектен өткеніне шыдамай, ашқұрсақ грушаластарын тамактандырып, ар алдындағы міндеттін атқарып барып, Шиендері ата-анасына аттанады. Міне, сол кеңпейіл, анқылдақ жігіт Серік бүтін ердің жасы елуге келді. Сол қалпынан өзгерген жоқ. Сол баяғы бар болса аспайтын, жоқ болса тасымайтын сырбаз қалпы.

Қазақтың тәрбиесі екі ұғымды ұстанады. Ұят болмасын мен обал болмасын. Зиялыштың бастауы да ардан аттамаудан тұрады. Ендеше, қаламгерге азаматтық қасиет атандың қаны, ананың сүтімен дарыған. Әкесі – Әшімбек Сатыбалдыұлы мектепте қырық жылға жуық қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабак берген. Анасы – Зәмзәгүл Әріпбайқызы отыз жыл бастауыш сынып мұғалімі болған. Ұлағаттың басында тұрар



қос ұстаздан бес бала өрбіген. Ауылдастарының айтуынша, ерлі-зайыптылардың жарастығы көлкө үлгі. Бүгінде 90 деген асқаралы жасты еңсерген Эшімбек ата жарын «Зәке», «Зәкентай», «Біздің үйдің министрі» деп мақтап отырады еken. Отбасындағы тәрбие Серіктің өмірлік жолын тандауына, салиқалы ізben жүруіне негіз салды. Мінезі жұмсақ болса да, алған бағытынан айнымайтын қайсарлықты серік етті. Журналистикада шар болаттай шындалды. Қаламға берген сертінен айнымады. Ақырын жүріп, анық басты. Бүгінде ел-жүртқа танымал қаламгер. Өнірдегі аға басылым «Жетісу» газетінің Жамбыл ауданындағы меншікті тілшісі. Ақпаратты газетке қысқа да нұсқа етіп береді. Тапсырманы лезде тастай қылыш орындайды.

Әр аптаның сейсенбісінде газет журналистері лездеме өткізеді. Онда өткен аптада жарық көрген мақалалардың жазылуы, мәні-мағынасы талданады. «Жетісу» газетінің ұстанымы – ұлттық рухымызды көтеретін мақалаларды үзбей шығарып тұру. Айтары бар ақылман қариялардың жазғанын жүйелеп беріп отыру. Мәңгілік елдің тарихын саралай отырып, батыр, жаужүрек, көреген елдің ұрпағы екенімізді ұл-қыздың санаына сіңіру. Бүгінгі жетістіктеріміз, ұл-қыздарымыздың өнегелі ісін басылым бетінен түсірмеу. Осылайша, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына газет арқылы әсер ету. Бүгінгі лездеме де қызу ой-таластан басталды. Жиынды өткізіп отырған бас редактор Әміре Әрін өткен сандагы жарық көрген мағыналы дүниелер мен алдағы уақытқа жоспарланған сүбелі мақалалар жайында ой білдірді. Ел мен билік арасына алтын көпір орнатқан мақалаларды жеке-жеке атап етті. Газетке аудандардағы қоғамдық тілшілерді тарту, сөйтіп, жаңалықты барлық өнірден үзбей беріп отыру жайлы тілшілер мен жауапты хатшыға күн тәртібінен түспеуі тиіс міндеттер жүктеді.

Сөз кезекші редактор Еңлік Кенебаеваға тиді. «Серік ағаның екінші беттегі «Ертегілер елінде» деген мақаласына ерекше тоқталғым келеді. Шағын мақалада үлкен ой жатыр. Оймақтай мақалаға келелі мәселені сыйдырған. Әр сөйлемі тиянақты ойды білдіреді. Жалпы, жамбылдық меншікті тілшіміздің жазған дүниесі жып-жинақы, артық сөз жоқ. Редакциялап қиналмаймыз. Үтір-нұктесіне дейін орын-орнында. Такырыпты да жақсы ашады. Ол кісінің мақаласын «туртпей» шығара береміз» деген көптің көңіліндегі ойды дөп басқан пікір айтты.

– Шынымен де Серіктің мақаласын бір деммен оқып шығамыз, – деп

келесі журналист те орынды айтылған мадақтауды қоштай жөнелді.

Меншікті тілшілерге келесі санға тез арада белгілі бір тақырыпқа мақала дайындау тапсырылып жатады. Бұл орайда Секен қамшы салдырmas жорға. Оның атына еш уақытта сын айтылып көрген жок. Журналистиканың кара қазанында әбден қайнаған. Жауапкершілік жүгін терең түсінеді.

Серік «Жетісуға» о баста-ақ кіндігімен байланған. Университетті аяқтайтын жылы әркім қалаған облысқа баруы үшін сол жақтағы бір мекемеден «осы маман бізге керек» деген тілдей қағаз әкелуі тиіс еді. Серік ойланбастан «Жетісу» газетінің сол кездегі редакторы Баймолда Мусиннің есігін қағады. Баймолда аға жас жігітті жылы жүзben қарсы алады. Өзінің бірден аты дардай облыстық газеттен жұмыс сұрап келгеніне именген ол:

— Тек сұраныс берсеңіз болды. Қызыметке алмады демеймін. Ауылым осы манда болғандықтан алысқа бармай-ақ қойсам деген ой ғой. Дипломымды алған соң сіздерді мазаламаймын. Басқа жерден орын тауып аламын, — дейді өзіне тән үяңдықпен.

— Неге олай дейсін? Қолыннан жазу келсе аламыз, — дегенді естігенде бозбаланың аузы ашылып, аңтарылып қалады. Себебі «Жетісуға» қызыметке тұру оқуды жаңа бітірген түлек үшін альибас асудай көрінетін. Редактор бірден бөлім мендерушісі Мейрамбек Төлепбергеновты шақыртады.

— Мына балаға тапсырма беріп, байқап көрейік. Өзі Ұзынағаш жақтан болса, онда аудан орталығынан салынбақшы Ауған соғысы боздактарына арналған ескерткіш құрылышының неге тоқтап тұрғанын зерделесін, — деген тапсырма береді.

Қасиетті журналистика факультетінің қабырғасынан алған білім-білігін басшылыққа алған жас тілші тақырыпты ашуға бар күшін салады. Мақаладағы ойдың орамдылығына риза болған басшы Секенді бірден жұмысқа қабылдап жібереді.

Серік Әшімбекұлы «Жетісудан» қанаттанды. Журналистиканы жаңадан бастаған кездері жайлы: «Редактордың орынбасарлары Ерғали Ахмет пен Жұмаш Аргымбай, жауапты хатшы Ерғазы Әсембек, ауыл шаруашылығы туралы телефонмен мәлімет алғанда дауысы бүкілдәлізге естіліп жататын Мұғалімбай Жылқайдаров, анда-санда домбырамен «Сары бидай» әнін шырқап қоя беретін Орысбай Әбділдә, алғыр ақпаратшы Марат Әбдіхалық, Рәтбек Терлікбаев сияқты сайыпқыран журналистермен, оның сыртында тоғыз қабатты ғимаратқа орналасқан әзге газет-журналдардағы танымал қаламгерлермен бір есіктен кіріп-

шыққаным мәзбін, мәртебе санаймын. Хат бөлімінде қашан көрсөң ақ қағаз бетін құмырсқадай тізілген майда әріптермен сығылыстыра толтырып отыратын жазушы Әбіқұл Ибрагимовтен тағылым алдым. Жолдасхан Бозымбековтың «Жетісудың» жанынан шығарған «Қазақ батырлары» газетінің алғашқы бір-екі санына атсалыстым. Сол күзде еліміз тәуелсіздігін жариялады. Сөз бостандығы, демократия, пікір алуандығы дегендер ұранға айналған ол кездері жаңадан көптеген балама басылым пайда болып, тілші қауымға таңдау мүмкіндігі молынан ашила қалды» деп еске алады журналист.

Момын адамның дойырланса «бас бермей» кететіні бар. Жапа шеккеннің жел жағына шығуға бейім тұратын қаламгер қауым үшін бұл қалыпты міnez. Секен де политехникалық институт профессорының әділетсіздікке тап болғаны жайлы жанайқайын қаламына арқау етеді. Профессордың сезіне сүйеніп мақаланы баstryрмалата төгіп-төгіп жіберді. Өз ойы мақаланы осы күйінде газет бетіне жариялад, бассыздыққа жол бергендердің аяғын аспаннан келтіру. Бірақ, кей кезде журналистік этиканы сақтауға, мәселені жібітуге тұра келетін кездер болады. Кәсіби зандаудың сақтау баспасөз басшысының басты міндеті. Ертең оның жауабы соңғы қол қойған адамнан алынады. Оның үстіне, кейін «олай емес, былай болыпты» деп түзету беру еш басылымғаabyroy әпремесі анық. Осыны ескерген Баймолда Мусин: «Мақала даулы екен. Мәселенің ақ-қарасын әбден ажыратып алайық. Тағы да бір қарап, деректерінді анықтал ал» дейді. Қаны тасып тұрган албырт жігіт мұны «баспаймыз» деген тоқтамға санап, есіктен адымдай аттап, жұмыстан шығуға арыз жазып, біржолата кетіп қалады. Жастық шақтың қателесу үшін берілетіні өмірлік тәмсіл. Бірақ Серік кейіннен осы қылышы үшін талай қысыльп, өкінгенін айтқан еді. «Жетісудан үйренерім көп еді. Ағамыздың «пысықтау керек» дегенін «жариялауға жарамайдыға» балап, есіктен шығып кеткенім үшін әлі күнге дейін үяламын», – дейді замандастым.

Өмір-өзен Секенді ары қарай өз арнасымен алып кетеді. Біраз мекемеде тәжірибе жинатты. Ол Қазақ радиосының Алматы қаласы мен облысы редакциясында редактор, шетелдердегі қазактарға радиохабар тарату бас редакциясында аға редактор, «Шалқар» Ұлттық бағдарламасы мен жастар редакциясында редактор-стилист, жедел ақпарат орталығында kommentator міндеттерін атқарды. Барлығы журналистиканың пүшпағы. Алысқа кеткен жоқ. Мамандыққа адалдық

танисты. Бірақ ат айналып қазығын тауып, тұра жиырма жылдан кейін Серік Сатыбалдиев «Жетісуға» қайта оралды. «Бес жыл радиода, алты жыл әкімшілік пен аудандық газетте істегенім бір төбе де, «Жетісуым» бір төбе. Осында бас редактордан бастап тамаша адамдар, нағыз өз ісінің асқан шеберлері еңбек етеді. Әрқайсысы бір-бір журналистік мектеп дерсін үйренген адамға» дейді ол, өткен күндерді еске альпі.

Журналистік соқпақ жол Сатыбалдиев Серікті жақсы-жайсандармен табыстырыды. Алғашқы ұстазы Үмбет Әбназарұлы Желтоқсан оқигасының белді қайраткері. Ол ҚазТАГ-тың қазақ жастарын «нашақор» деп жала жапқан сөзін әфирге жібермегені үшін саяси құтынға ұшыраған ұлтжанды азамат. Кейіннен толық ақталып, үйріне қосылып, талай ұл-қызды радиожурналистикаға бейімдеген. Үмбет ағасы Серікті де тілшілікке бейімдей жүріп, материал дайындау, сұхбат алу, жүйелеп сөйлеу, ойды шашыратпай жеткізу, дауыс мәнерін қою, тіл зандалығын сақтау бағытында тәрбие береді. «Астана дауысы» газетінде Қажытай Ілиясұлы, фантаст қаламгер Нәрбин Кенжегұлова, ақын Рахымжан Өтегенов, тележүргізу什і Бейбіт Құсанбек сынды танымал тұлғалардан тәлім алышп, ағалық қамқорлықтарына кенелді. «Жақсы-жайсандар өмір жолымда көп кездесті. Соның бірі жерлес журналист – Құмісжан Байжан апай. Ол кісінің маған жасаған қамқорлығы шексіз. Жаңылсам аузыма сөз салып, сүрінсем демеді» дейді жақсылықты қайтара алатын, болмаған жағдайда айта алатын әдетімен салмақтай сөйлеп.

Қажытай Ілиясұлы Жамбыл аудандық газетіне жаңадан барған Серік Сатыбалдиевті басылым редакторы Есенқұл Жақыпбековке таныстыра келе, тасқа ұрса да кіріп кететін мық шегеге теңейді. Бұл жаңа ортада оның алар орнын белгілеп, жауапты міндеттерді сеніп тапсыруға болатынына кепілдік берген еді.

Серік Әшімбекұлы бақытты жан. Басы аман, бауыры бүтін. Ата-анасы қасында. Байлығы – Айdos пен Акерке есімді қос құлышыны. Жары – Раушан еріне серік, отбасына берік, шанырағының алтын діңгегі. Басында баспана, қолында қызметі бар. Куса жеткізбейтін қу дуниені ойлаап бас қатырмайды. Қоңыр ғана тірлігі – көнілінің хошы. Елуге өзіне ғана тән аяң жүрісімен асықпай-аптықпай, ар алдындағы адалдықты ту етіп жетті. Замандаст қаламгердің елі, ата-анасы, дос-жараны алдындағы азаматтық борышын адал атқарып келе жатқаны баршага үлгі. Бағыты айқын, адымы нық азаматтың тұғыры биік болғай!

ТАСҚЫН

Ауыл іші дүрлігін кетті. Әншейінде жайбарақат қоңыр тірліктеріне риза болып жататын ауыл тұрғындары бүгін ерекше аландаулы. Әсіресе, ерлер жағы көшеге шығып кеткен. Бала-шағаны аман алыш қалу үшін елді-мекенинен тезірек кету жағын ойластыруда. Таудан келіп жатқан еріген қардың суы тоспадан асатын сыңайлыш.

Әлібай ол маңда біраз уақыт істегендіктен жағдайды жақсы біледі. Тұске дейін барып көріп келді де бала-шағаны тез жиналдырды. Айтқандай-ақ, тұс ауа ауылға ағын су көптеп келе бастады. Жылдағыдан ерекше көп. Қора-қопсы белшеден су ішінде қалды. Маямая шөптің біразы суға батты. Енді тездепесе болмайды. Сол күні келіншегі лағман жасап, көрші-көлемге ауыз тигізген. Қоңсы отырган Наурыздың келіншегінің де аяғы ауыр еді. Оларға да ауылдан шығып кетейік деді. Көршілері қозгала қоймады. Кетіп бара-жатып асығыс-үсігіс терезесін тағы қақты, олар асығатын емес. Амал жоқ, өздері кетуге тура келді. Айы-күні жетіп отырган Алтынгүл тайғанақтап жүріп, қашага әрең жетті. Елге келгенде туған қызының есімін Елмира қойған. Ол 6 жаста. Қызды көтеріп, Алтынгүлді сүйемелдей, көлік жүретін орталық көшеге әрең жетті. Қаракүрым ел. Тоқтаған көлікке жапа-тармайғай отырып кетіп жатыр. Ауылда Қазбек деген шешен үлтynың өкілі тұратын. Талай адамды «ГАЗ-53» көлігіне сиғанынша тиеп, қауіпсіз жаққа көшіріп жүр. Алтынгүлді аяды ма, алыс жолда жүретін үлкен көлік екі қабат келіншектің жанына келіп тоқтады. Әлібай бала-шағаны сол көлікке отырғызып жіберді. Айы-күні жетіп отырган келіншек қалаға барғанда толғагы келіп, бірден перзентханаға жекізіледі. Даланы іңгэлаған дауысқа бөлеп, ертеңінде өмірге үл бала келеді. Есімін анасы ойланбастан Тасқын деп қойды. Сонымен жаңа босанған келіншек Талдықорғандағы перзентханада 20 күндей жатты. Облыс басшылары хал-жағдайын өздері қадағалап, барып тұрды. Керек-жарағы тоқтаусыз жеткізілді. Алтынгүл сол күндерін бүгінде ерекше тебіреніспен еске алады. Елге, дәрігерлерге алғысын жаудырады. Қанша жатсаңыз да жатыңыз, бала ширағанша осында болыңыз дейтін көрінеді ақ желеңді абзал жандар. «Ел басқарған азаматтардан айналайын, бізді қыын-қыстау кезде далаға қалдырмаған», дейді ана күн сайын көпшілікке алғысын жаудырып.

Амал не, сол күні жолға шықпай қалғандар ауыр жағдайға тап болды.
Апат айтып келмейді деген осы да.

Ауылдан қашып шыққандардың көбі жылы жерге орналастырылды. Ер азаматтар Қызылағашқа қайтып келіп, су алыш кеткен ауылды қалпына келтіруге атсалысты. Кейбір отбасылар қайтып келіп, үкімет тігіп берген шатырда бала-шағасымен жатып, жаңа баспананың берілуін күтті. Жұмыс бірден қызып кетті. Тамақ деген ағыл-тегіл келіп жатыр. Дәрігерлер күн сайын тұрғындардың денсаулығын қадағалайды. Арнайы құрылған комиссия киім-кешек, ас-судың жеткіліктілігін қадағалайды. Облыс әкімінің орынбасары Амандық Баталов шатыр ішінде жиын өткізді. Онда халықтың жағдайы, ауыз су мәселесі, тұрғын үй салу жайы айтылады. Ауылда 14 көшенің үйлері бірден салына бастады. Тасқынның дүниеге келгеніне жиырма күн болғанда сол кездегі облыс әкімінің орынбасары Амандық Баталов жаңа босанған әйел мен баланы Жансүгірге әкеліп, ерекше қадағалауға алындар деген тапсырма берді жергілікті басшылыққа. Алтынгүл мен Тасқынды арнайы машинамен Қызылағашқа әкелгенде шатыр қасында Амандық Габбасұлы күтіп алды. Алтынгүл жаңа туған нәрестемен шатырда қалғысы келді. «Балаларым жәутендең қалыпты. Осылардың қасында қалайыншы» деді ол Амандық Габбасұлына. Бірақ әкім орынбасары: «Бұл жер шаң-тозан. Саған мұнда қалуға болмайды. Баланы сырқаттандырып аласың. Жансүгірдің ауруханасында боласың» деп денсаулықтарына аландайтынын жеткізді. Сонымен балалардың бетінен сүйген келіншек аудан орталығына жіберілді. Облыс әкімінің орынбасары Тасқын мен Алтынгүл үшін олар тұратын үйдің тезірек салынуын назарда ұстады.

Сонымен су тасқынан кейін екі айда үй тұрғызылды. Көше шаң-тозаңнан күнде тазаланып тұрады. Арық тартылды. Көше бойларына қайың, терек, емен, шырша көптеп отырғызылды. Қоқыс күнде жиналып, ауыл-ел танымастай түрленді. Ауылда қайырымдылық концерттері жиі қойылады. Елге танымал әншілер ауылдың рухын көтеру үшін кезек-кезек келіп тұрады. Алтынгүл мен Тасқынды жап-жана үйге кіргізді. Суға ағып кеткен малдың орына қораға мал әкеліп берді. Бүтінде Әлібайдың қорасында оншақты ірі қара және ұсақ мал бар. Тасқын биыл он жаста. Қызылағаштың әр таңын қуанышпен карсы алған жас өрен күліп-ойнап өсіп келеді.

ЭРІПТЕСТЕР
ЭЛЕМІ

КӨҢІЛ – КӨКТЕМ

Гүлжан Тұрсын. Бұл есім жетісулық зерделі оқырманға жақсы таныс. Көпшілік көкейінде «қазыналы журналист» деген пайым жатыр. Сол жылт еткен ойдың, жылт еткен емес-ау, зерделі оқырманның көкейіне мызғымастай орныққан парасатты пайымның желісін үзбей, ақпарат айдынына саналы ғұмырын арнаап келе жатқан жанның өмір жолына, жарқын келбетіне, ізгі қасиеттеріне тоқталуды жөн санадық.

Көңілі көктемдей әріптесіміз қызғалдақтай құлпырған жастық шағында журналистика саласына жаратқаның пәрменімен ойыскан. Тәңірдің бұйыруымен болған соң шығар, аршын уақыттың сан әлетінде әсем болмысына сай әсерлі дүниелер тудырып, басқан ізін бедерлі етіп, жүрген жолын даңғылға айналдыра білді. Ол «Жерүйіқ» пен «Жетісудың» арнасы бірігіп, шалқыған теңізді құраған кезіне де куәгер болған, содан бері ғасырдың шыңына шыққан «Жетісу» газетінің оқырманға ақжолтай болып аттанып жатуына бір журналистей еңбек етіп келеді.

Гүлжан Мұқашқызының қызығы мен қындығы мол салада жемісті де жеңісті сәттері көп. Ол берекелі ұжымында әріптестерінің жан шуағына шомылып, мейіріміне бөленіп жүрген, үлкен мен кішіге бірдей сыйлы жан. Білімі мен біліктілігі өзіне артылған сенім үдесінен шығарса, акжүректілігі мен шыншылдығы айналасындағыларды тәнтті етсе, сыйлы болмай қайтсін-ай?! Рас, білім мен біліктілікке келгенде әріптесіміздің әр жазған мақаласының тұщымды, такырып аясы кен, қаузалған мәселенің өткір болып келетінін айтпай кету арга сын. Ұлт рухы мен асыл мұралары үшін әр басылымда айрықша орынға ие руханият деген білім бар. Оған білім-ғылым, әдебиет пен мәдениет, медицина саласы кіреді. Ата басылымның бұл бөліміндегі медицина саласы Гүлжан әпкеміздің жауапкершілігінде. Эр жылдары басылымның әр бөлімінде еңбек етіп, барлық сүрлеуде саф ізін зерделі оқырманы зейінмен антардай бедерлеген әпкеміздің медицина саласына қалам тартуы да көңіл зенгірін сәулемен зерлегендей күйге түсіретіні бар. Ол өз саласының майталман мамандарын қаламына арқау етіп қана қоймай, солармен былайғы өмірде де етене араласып, тіл табысқан, алғысына бөленген журналист. Сондықтан да болар ата басылымның әр азаматы жанына шипа іздеген сәтте Гүлжан

әпкемізден көмек сұрайды. Сондайда «Мен қоғамдық жұмысқа арналған жанмын ғой. Мұндайды істегендे жаным кіреді» деп, жүзінен мейірім төгіліп отыратын жанның өзіне артылған сенім үдлесінен шығу үшін құракұшып кестетінін қайтерсің. Бұл да адамдық ізгі қасиеттің бір көрінісі.

«Ақ сауыттың жағасы бар, жені жок,

Шын жақсының ашуы бар, кегі жоқ», – деп тәмсілдеп отыратын текті халықтың дәл осы бір сөзі Гүлжан әпкемізге қарата айтылғандай. Өйткені, әріптестері «Гүлжи» деп еркелетер оның ақжарқын жүзінен шүғылалы сәуле себездеп тұрады. Бұл әсірелеу де, әспеттеу де емес. Ақиқаты сол! Тіпті, «Жетісудың» жас журналистерінен құрылған (жыр Жұматайдың қағанатын жаңғырту десек те болады) «Жұматай қағанатының» мүшелері өздерінен екі-үш мүшел үлкен әпкесіне тен құрдастай өзілдегенде, олардың шығармашылық шабытына дем беріп, шынайы қамқор бола білген жан өзін жағымсыз қырынан көрсетіп көрген емес. Үлкен-кішімен де табиғатындағы жайдары қалпынан бір айнымай тілдессер ол, кез келген әзілді әзіл ретінде қабылдан, ағат кеткен інілерін ізетпен жөнге салып отырады. Сондықтан да гүлге қонған бал арасында жастар да Гүлжан Мұқашқызының қасынан табылып, көктемдей көңілінен шығу үшін барын салып жүреді.

Шығармашылық адамының баршасы Тәңір берген таза табиғатын сақтау жолында жүрген бір-бір курескер ғой. Олар құмсағат-ғұмыры сарқылғанша болмысына қайшы әрекет етпеу мақсатында тірлік кешеді. «Көңілі кіршең адамның қаламынан жақсы дүние тумайды. Өзі де ел құрметіне бөлене алмайды» деген пікірді белгілі қаламгердің аузынан естігеніміз бар-тын. Бұл абсолютті ақиқат. Осы жағынан келгенде Тұрсынның Гүлжаны курескерлер санатында. Ол өзіне берген таза табиғатына сай тірлік кешіп келеді. Алдынан шыққан таудай сынақтарға сабырмен жауап қатып, алдағы өмірге үміт сенімін артқан жігерлі жан. Бүгінде берекелі ұжымның алдыңғы толқыны санатынан табылып, жарқын іздерімен көңіл қуантса, отбасында ардақты ана, аяулы апа атанып, балдай тәтті немерелерін әлпештеуде. Жансая атты аяулы қызын журналистика саласына бейімдеп, шығармашылық жолын жалғар ізбасары етіп тәрбиелеуде. «Талдырмаш қызы» да ананың ақ адад тілегін орындау жолында жанашыр «жетісулықтардың» көзқуанышына айналып үлгерді.

Хош, мақал сөздің мәйегін мәнерлі әңгімесіне арқау еткен, ойлы да тағылымды материалдарды ақ қағазға түсірген Гүлжан Тұрсын да елудің тұғырына қонды. Абыроймен қонды. Оған қасиетті басылымның әрбір азamatы куанады. Біз де бұл орайда Гүлжан әпкеге деген ұзын-сонар толғамға байlam жасап, көнілдегі ойдың бір ғана парасын осымен келте қайыруды жөн деп таптық.

Асыл СҰЛТАНГАЗЫ

АҚПАРАТ АЙДЫНЫНЫҢ ҰШҚЫРЫ

Бұгін – «Жетісу» газетінің тағы бір жауқазыны Гүлжан ТҰРСЫННЫҢ туған күні. Куаныш иесі отыз жылдан астам уақыт ақпарат айдынында ойының ұшқырлығын танытып, кәсіби шеберлігімен, қамшы салдырмас жеделдігімен кейінгі жастарға үлгі көрсетіп келеді. Жүргегі журналистика деп соққан жан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мактан тұтар түлектерінің бірі. Алдыңғы толқын ағалар мектебінен өткен Гүлжан Тұрсынды бүкіл Жетісу жүртішіліктері құрмет тұтады. Оның есімі «Жетісу» газетінің әр бетінде айшықтаулы. Медицина, әлеумет, руханият тақырыбындағы өзекті мәселелерді көтерген публицистикасы, танымы мен тағылымы терен прозасы талай оқырманның ыстық ықыласына бөлениген. Он сегіздің есігін қаққан тілшіге ұжым атынан қаламыңыз мұқалмасын, қанатыңыз талмасын деген ізгі тілек айтамыз. Сүттей ұйыған отбасыңыздың, газеттегі орман-оқырманыңыздың ортасында деніңіз сау, жазарыңыз көп болып жүре беріңіз.

Куаныш ТҰҢҒАТАР

ҚАЛАМЫ ҚУАТЫ ЖУРНАЛИСТ

Тұған топырағының тұп жусаны ескін беріп, түйір тасы тарихтан сыр шертсе, соны ұлт мұраты үшін қасиетті қаламмен бедерлейтін журналист, жазушылардың еңбегі ерен. Ғасырдан асқан шежіресі бар «Жетісу» газетінде ойлы оқырманға олжа сыйлас келе жатқан Гүлжан Тұрсын саналы ғұмырын қаламға арнап келе жатқан журналист екені жетісулықтарға белігілі.

Жазған толымды еңбектері, ойлы мақалалары, публицистикалық дүниелері таңғы шықтай мөлдір Гүлжан Мұқашқызы тұған жерінің құрметіне бөленді. Илияс Жансұгіровтей жыр құлегері тұған топырақта от жүргін тулата өмірге келген әріптесіміз Ақсу ауданының Құрметті азаматы атағына ие болып, өңіріне медаль тағынды.

Қай азаматқа болмасын, өзінің тұған жерінің құрметіне бөлену алабөтен бақыт, ерекше қуаныш екені сөзсіз. Бұл ретте, жазған жайнақ дүниелері арқылы оқырманның ыстық ықыласына ие болып, ескен елдің тұғыры биік, тұған жердің дарағы емендей еңсе тіктеуді қалайтын кең жүректі, ақ ниетті, жаны жана атқан таңдай жаймашуақ жанды мерейленген сәтімен құттықтаймыз. Қашанда ақпарат айдынында жетісті желкен көтеріп, билік пен бұқара арасындағы алтын көпір міндетін адал атқарып келе жатқан Г.Тұрсынның қазақ журналистикасына бір адамдай қосқан үлесі бар. Жер жаннаты Жетісу, еліміздің елдігі мен береке бірлігі, руханияты мен қоғам айналасы, заман ағымы, құндылықтарымыз жайлы жазған өткір мақалалары бізге жақсы таныс. Облысымында қаламының қуаты бар журналист ретінде сыйлы, құрметті әріптесіміз өз кезегінде Ақсу жеріні де сан мәселесін басылым арқылы көтеріп, тұған жер мен елінің мұң-мұқтажын қылыш келеді. Тұған жердің тұғырлы перзенті ретінде қаламгерлік-қайраткерлік ұстанымынан қыыс кетпей, бүгінде Алаш «атымтайларын» айшықтап, зерттеп-зерделеп жүрген әріптесімізді марапатымен құттықтаймыз. Діңі мықты еменнің еңсесіндегі зор денсаулық, шалқар шабыт тұлеткен шырайлы шығарма көптеп қаламынан төгілуіне тілекtesпіз.

«Жетісулықтар»!

БІЛГІР МАМАН

Алматы облысы негізінен ауыл шаруашылығымен айналысатын болғандықтан газеттегі экономика және ауыл шаруашылығы бөлімі жетекші бөлімдердің бірі саналады. Дегенмен, басқа бөлімдер арасында аса қызықсызы да (менің өз ойымша) осы болса керек. Неге дейсіз ғой, себебі кешегі Кеңестік кезендегідей бесжылдықтар мен тоқсандар, социалистік жарыстар, комсомол-жастар бригадалары, сабантойлар мен слеттер, марапаттаулар бүгін жоқтың қасы. Ал жеке қожалықтар мен фермерлер не егіп, не өсіремін десе де еркі өздерінде. Десе де, бұл бөлім өлкө экономикасын, шаруашылығы мен өнеркәсібін насиҳаттап отыру үшін аса қажет. Демек онда біреулер еңбек етуі керек. Ұзак жылдар бойы «Зан» бөлімінде істеп, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен етене жақын болып кеткен Болат Абаган үшін ауылшаруашылық бөліміне менгеруші болып келу жер аударғанмен бірдей болса керек. Біраз уақытқа дейін үйренісе алмай жүргені аңғарылды.

Жалпы, менің бір байқағаным, Болат Абаган үшін «қыын» немесе «бөтен» тақырып болмайды. Сірә, тұн ортасына оятып алыш «ХХII ғасырда ғарыш кеңістігін игеру мәселелері жөнінде мақала жазі десе, көзін жүре сүртіп компьютеріне отыратынына күмәнім жоқ. Еріну, жалығу дегенді білмейді. «Жетісу» ғана емес, «Айқын», «Егемен Қазақстан» газеттерінде де мақалалары үзбей жарияланып тұрады. Әріптестер арасында «Жетісудың» бір санына Болаттың мақаласы шықпай қалса ыстығы көтеріліп, ауырып қалады екен» деген әзіл жүреді.

Ал тұрмыста Болат өте қарапайым, достыққа адал, көмекке зәру жандарға шамасы келсе қолұшын созуға әзір елгезек жан. Ол сонымен бірге адаптация жар әрі абзal әке.

Қызы бала табиғатына қолайсыз болса да Гүлжан Тұрсын «Экономика және ауыл шаруашылығы» тақырыбын тез менгеріп кетті. Бұл саладағы бітпейтін жаңалықтар, тәжірибе алмасу, семинарларда үнемі өзі жүреді. Ауыл, соның ішінде ауыл шаруашылығы ең күрделі әрі ауыр тақырыптардың бірі. Бұл жерде елімізде егін, мал, бақша, ауыл өнімдерін өндіретін тарапындағы олқылықтар да жетерлік. Өнім өндірудің инновациялық технологияларын менгеру, мал тұқымын

асылдандыру негізінен әлі басталмаған тың жұмыс. Бұл тақырыпта ғалымдарымыз берін мамандарымыздың түсінбейтін мәселелері жетерлік. Сондай саланы терең әрі жан-жақты жазу кез-келген қаламгердің оң жамбасына келе бермейді. Гүлжан өзінің еңбекқорлығы мен ізденгіштігінің нәтижесінде бүтіндері өз саласының білгірі аганған.

Куат ҚАЙРАНБАЕВ



ТӨРЕНІҢ БІР ГҮЛІНЕ

Кейде «Жетісу» газетіндегі әріптесіміз Гүлжан Тұрсынға: «Егер, сен үш ғасыр бұрын туғанда бүгінгіден де бақытты болар едің» деп қалжындан жататынымыз бар. Бұл Гүлжанның төре әuletінің бір гүлі екеніне қарата айтқанымыз еді. Бірақ, онсыз да Гүлжан бақытты жар, әріптерімен сыйласып жүретін журналист ретінде Жетісу жұртына танылып ұлгергенін білеміз. Жанының тазалығы, көңілінің кеңдігі, ақпейілдігінің арқасында тез бауыр басып кететін бауырмалдығы басқаларға ұлгі боларлық. Адамға мұнан артық не керек? Сондай-ақ, ұл-қызы өсірген аяулы ана. Ендеши, Гүлжанды туған күнімен құттықтай отырып, отбасына бақ-береке, деніне саулық, балаларына биік мәртебе тілейміз.

Мына өмірде қайшылықтар қайнаған,
Адамдар аз бағытынан таймаған.
Жебесе де жемір ойлар санаын,
Пенделіктің бейішіне бармаған.
Бас пайдасын ойламаған қашанда
Сенің даркан мінезіңе таңғалам.

Тағдыр кейде алмағайып, қысалан,
Қолды байлан, адымынды тұсаған.
Сенімі нық адамдар аз бүгінде,
Талпынысы дәл өзіңе ұқсаған.
Оған себеп алданбаған даңққа,
Бәрінен де биік тұрды нысанан.

Сәніменен мәні болған өмірдің,
Арбасына ақиқаттың жегілдің.
Өтіріктен бойынды аулақ ұстадың,
Бірақ, бірақ сатқындықтан жеңілдің.
Әйткені, сен әр минуттың бағасын,
Нәтиженің көптігі деп сезіндің.

Ізгі ниетпен: әріптер атынан Қажет АНДАС

МЕРЕКЕҢМЕН!

Ізбасары көп болып салған іздің,
Қосылған журналиссің санға біздің.
Ескегін қайығыңың мықтап ұстап,
Толқында аударылмай алға жүзгін.

Ақжал толқын, ағысы қатты өмірде,
Кір шалдырмай аман жүр, ақ көңілге.
Жактауы арманыңың берік болып,
Бақыттың шалқып бір жүр қақ төрінде.

8 наурыз, 1990 жыл.

Гүлжан-ау, гүл секілді үлбіреген,
Көңілде саған деген жүр бір өлең.
Майысқан майса күрақ секілденіп,
Өсе бер жақсы өнеге, үлгіменен.

Гүлжан-ау, гүл секілді тербелген мың,
Түбі тектім, тағылым, төр көргенім.
Ажары айдай толған арусың бір,
Тебірентер өмірге өң бергенің.

Гүлжан-ау, гүл қарындас, нүр қарындас,
Жүректің сен деп сокқан ырғағын бас.
Ағаңың ақ тілегі осы болды,
Сағынсан, саған жазған жырларымды аш.

Токтасын СҮГІРБЕКОВ
7 наурыз, 1991 жыл.

ГҮЛЖАНҒА

Өзіңе кереметтей жарасатын,
Құтты болсын, Гүлжан-ау марапатың.
Бұл сенің еңбекіңдің жемісі ғой,
Еліңе тие берсін шарапатың.

Медальдің жалғасы енді орден болсын,
Орденің де көбейіп, кеуден толсын.
Атыңа сай өзің де гүлдей жайнап,
Той-жында орының төрден болсын!

Тілеуқабыл **МЫҢЖАСАР**,
«Хабар» агенттігі тілшісі
23 желтоқсан, 2016 жыл.
Талдықорған.

БАРЫП ҚАЙТАМ БІР КҮНІ

(Гүлжан ТҰРСЫНҒА)

Зулап өткен сағымдай,
Айлы түннің сәулесі.
Бітер емес дариға-ай,
Бұл өмірдің әуресі.
Кеңістікке сыймайтын,
Алда тұрар занғарлар.
Мен өмірде сыйлайтын,
Жаны жайсаң жандар бар.
Қамын ойлар басқаның,
Мұлде таза жүрегі.
Ашық болғай аспаның,
Сізде соның біреуі.
Дүние деген немене,
Болса жетер бас аман.
Жұмыр басты пендене,
Өзің жар бол Жасаған.
Бірде боран бірде қар,
Бет шалады қысқы леп.
Кейін жетті бір хабар,
Емханаға түсті деп.
Жақсы-жаман басыңа,
Келіп-кетіп тұрады.
Босап оған жасыма,
Ол Алланың сынағы.
Кейде ойлап жетпейсің,
Ақ қарасын айырып.
Сырқатынан кеткейсің,
Құлан таза айығып.
Көктем келіп шуақпен,
Құлпырғанда қыр гүлі.
Көнілінді сұрап мен,
Барып қайтам бір күні.

Айдын КӘЛІМХАН

**ЖЫЛДАРЫМНЫҢ
ЕҢШІСІ...**

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ КІРПІШІ

Бірінші курс. Қазақ журналистикасының қаранары Тауман Амандосов лекция оқып тұр. Аудитория іші тып-тыныш. Тауман ағай қатал, студенттерді тырп еткізбейді. Сабак тындағысы келгендер мен үйкесі өткізу мүмкін. Сабактың үйкесінде мен үйкесінде келіп әрен шыдап отырғандар селт етпейді. Заң солай. Сондықтан көнілің басқаәлемде болса дажанарың сол кісіде болуы тиіс.

Ақырын есік ашылды. Арғы жақтан басында бөркі бар әдеміше келген жігіт көрінді де тілдей қағазды алдыңғы қатарда отырған Ормаштың алдына лақтыра салып, есікті сыртынан қайта жаба қалды. Әншіейінде қозғалғанды байқап қалатын Тауман ағай, қағазды лақтырғанын да, студенттердің оны бір-біріне кезекпен бергенін де байқамай қалды. Онда: «Кеуделерінде қазақтың қаны болса орталық аланға жиналышындар!» деп жазылынты. Шынын айтсақ, бірінші курс студенттері бір күн бұрын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтың орынан алынғанынан да хабарсыз едік. Бізді қозғаған «қазақтың қаны болса» деген бір ауыз сөз. Ауылдан шыққан, ата-ананың тәрбиесінде ержеткен балалар үшін намыс бірінші орында еді. Әлде, Тәуелсіздікті армандаған елдің ұрпағы болғандықтан ба, намыс, қасықтай қан үшін шайқасу санамызды алға жетеледі. Бәріміз ойланбастан, Тауман ағайдың екінші сабағынан қашып, орталық аланға қарай ағылдық. Университет қасындағы аялдамага жеткенде кураторымыз Мамытбек Қалдыбай ағай жолымызға тұрып алды. «Балалар, бармандар. Бұл саяси жағдай. Бірденеге ұрынасындар» деп шыр-пыр болды. Бірак, ағайды ешкім тындаған жоқ. Бағытымыз айқын еді. Жолда автобус, троллейбусқа отырайық десек, жүргізушилер ток қоса қояды. Бірнеше көлікке аяғымыз ілікпей жатып, баж етіп, ұшып түсіп жаттық. Түс ауа орталық аланға жеттік. Сәтбаев көшесінің бойымен келе жатырмыз. Жол бойы танк, әскери машиналарды қойып тастапты. Корқынышты. Көліктен солдаттар тұмылдырық кигізілген ит жетектеп секіріп түсіп жатыр. Түсе салып сап түзеп тұра қалады. Қолдарында автомат. Жайбарақат келе қалған біз анандай көріністен тіксініп қалдық. Сол күні дала да ерекше сұық еді. Аспанды бұлт торлап тұрды. Жайнап тұрған Алматы демде соғыс алаңына айналып кеткендей. Алаңын

бір шетінде қолына үнпарат ұстаған жастар келе жатты. Қолындағы үнпаратқа «Әркім өз еліне өзі басшылық етуі тиіс!». «Қазакты қазак басқарсын!» деген сөздер жазып алыпты. Жастарды бір-біріне солдаттар қоспай, қоршап ұстап тұр. Бір уақытта аланды жаңғыртып, «Менің Қазақстаным» әні шырқалды. Рухтанып кеттік. Енді қызжігіттерді ұстап тұру мүмкін емес еді. Бәрі алдындағы қарулы күшке бой бермей, қаға-соға бір-біріне қарай жүгірді. Біз де арасында жүрміз.

Табысты-ау бәрі. Енді олар солдаттарға қарсы шыға бастады. Аландағы мінбеге көтерілген бөрікті жігіт: «Біз бейбіт шеруге шықтық. Неге бір күнде Қонаевты алып тастағанын білгіміз келеді, түсіндіріндер» деді. Ортаға шалақазақша сөйлейтін шенеунік шығып, бәрі орталықтың шешімімен болған жағдай екенін түсіндіре бастады. Сонда әлгі жігіттер қайта шығып: «Біз биліктегілердің сөзіне сенбейміз, ортаға Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов келсін! Солардың сөзіне ғана сенеміз!» дегенді айтты. Бірақ ортаға қоғам қайраткерлері шықпады. Бағанағы шалақазақ қайта шығып жастардың тезірек алаңдан тарауы керектігін, тарамаса күш қолданылатынын жеткізді. Артынша Үкімет үйі жақтан қолына қалқан мен дубинка ұстаған милиция жасағы бірнеше қатар сап түзеп келе жатты. Олар жастарды басып-жаншып, күш қолданып, көнбекендерін ортаға алып, төпелеп ұрып жатты. Сол кезде жастарға сырттан тағы лек келіп қосылып, оларды алаң ортасына қарай ығыстырды. Сонда милиция сарбаздары аяғының астында тапталып қалған өрімдей қызды жігіттердің күтқарып алғанын көзіммен көрдім. Сұлк жатқан қыздың денесі жансыз болып көрінді. Оны бірнеше жігіт көтеріп, көмек көрсетуге алаң сыртына алып қаша жөнелді. Кеш түсे бастағанда Әл-Фараби көшесі жақ у-шу болып кетті. Қарасак, өрт сөндіргіш машина жастарға су шашып, қуып жатыр екен. Сол кезде қасыма келген курстасым Ормаш, «Жүр, қаштық» деп қолымнан жетектеп ала жөнелді. Қоршаудан сытылып шыққан біз Әл-фараби көшесінің бойымен біраз жер жаяу жүріп, содан кейін көлікке мініп, жатақханаға келдік. Бұл сағат кешкі ондар шамасы еді. Есіктің алдында отырған қауіпсіздік комитетінің адамдары бірден сұрапқа алды. Қайдан келдіндер? Киімдерің неге су? Кім бастап барды? Максатың не? Есірткі шегетіндердің арасында қайдан жүрсіндер? деген сияқты түсініксіз сауалдар әке-шеше бауырынан кеше ғана шыққан сары

ауыз балапандардың есін шығарып, сансыратып жіберді. Сол күннен бастап күдіктілер қатарына іліктік. Курстағыларды кезек-кезек сұраққа алады. Бәрімізді бірдей жазалау мүмкін болмағандықтан курстың комсоргі Ғазиз бен Гүлмира қамауға алынды. Ересектер тобынан Сейсен мен Нұржан темір торға тоғытылды. Бірнеше студент қысқы каникулға кетпей, қамалғандарға тамақ тасу үшін Алматыда қалды. Бірнеше күн абақтыда жатқан достарымызды шығарған соң университеттің комсомол ұйымында үлкен жиналыш болып, оқудан шықпай аман қалды. Бірак, комсомол билетіне сөгіс берілгені туралы жазып беретін болып босатылды. Партияның қылышынан қан тамып тұрған ол заманда билетке сөгіс жаздыру болашаққа балта шапқанмен бірдей еді. Сол жылы көктемде қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері бізді бір жертөлеge ертіп апарып, түсініктеме жаздырды. Мәтінді өздері айтып отырды. «Мен алаңға байқаусызда барып қалыптын. Ешқандай жаман ойым болған жоқ. Енді ондай жерге бармаймын» деген мағынада қолхат бердік.

Сол бір кез дәл бүгінгідей әлі есімде. Қысқы аспанды бұлт торласа 17-желтоқсан күнгі оқиға есіме түседі. Қазақ жастары бір қолдың саласындағандағанда бірігіп, жұдырықтай түйілді. Тәуелсіздік туының желбірейтін күнін жақыннатты. Бүгінде сол кездегі жастар еліміздің руханиятын көтеруге еңбек сіңіруде. Абыройлары асқақ, жүздері ашық. Себебі, армандарына жетті. Егемен елдің бір-бір кірпіші болып қаланды.

ҰЛЫМЫЗ ОНШАҚТЫ, ҚЫЗЫМЫЗ МОНШАҚТЫ БОЛСА

Қазақ бағзы заманнан басының көбеюін армандаған. Халқының аздығын пайдаланып, ел мен жерін жаулап алуды көксеген жан-жағындағы көршілерден әбден қағажу көргендіктен болар. Тарих парактaryн аударып қарасақ, санымыз өсіп келе жатқанда төтеден келген нәубет қатарымызды сиретіп кетіп отырыпты. Көбею жактаушының, қорғаушының әлді екенін сезініп, алдағы күндерге сеніммен қадам басу. Сол арқылы пиғылы бөтендерге сес көрсету. Алысқа бармай-ақ, көбеюдің тиімділігін өз әuletімдегі жағдаймен сабактастыра отырып, сарапап көрейінші. Отбасы – шағын мемлекет немесе мемлекет қалыптастырудың үлгісі.

Біз тоғыз ағайындымыз. Ол үшін анам мен әкеме мың да бір алғыс айтамын, тағзым етемін. Бәрімізді аман-есен өсірді. Қыс – қыстау, жаз – жайлауда мал соңында жүрсе де бір де біреумізді сырқатқа ұрындырмады. Тамағымыз тоқ, киіміміз көк, күтіміміз жақсы болғандықтан да кеселге шалдықпаған шығармыз. Анам марқұм: «Маған өкпелерің жоқ шығар, ешқайсынды қатарынан кем қылмадым, дендерің сау, қол-аяқтарың бүтін, соның арқасында жүздерің жарық», – деп отыруши еді.

«Он сегіз мың ғаламда анадан артық тілеуші жок» деген сөздің растығына енді көз жеткізіп жатырмыз ғой. Жанына отыра қалсан адам болып туған соң адамдық қасиетке лайық өмір сұру жайлы уағызын бастап кететін. Оны әкем екеуі ес білгеннен құлағымызға құйды. Әкем тәлімдік әңгімені жайшылықта қозғай бермейді. Себебі, біз шамданып шыға келеді деп ойлайтын болуы керек. Тыңдамауға айла қалмаған кезде, дастарқан басына жиналғанда бастайтын. Нақты мысалдар келтіре отырып, жүйкене тимейтін айла-тәсіл қолдану арқылы жетеңе жеткізеді. Сондағысы баланың саны ғана емес, сапасының да өсуіне мән бергендігі екен. Сан ескен сайын сапа да артатын сияқты. Өйткені әркім өз бетінше күн көруге машықтанады. Яғни, бір-бір кәсіпті менгеріп, соның нәсібін көруге талпынады. Бас-басымызға баспана әперуге ата-ананың қауқары жете бермесін сезесін. Тапқан-таянғанынды ұқсатып, үнемдеуді үйренесің. Сондай-ақ, үлкені кішісіне қамқор болуға міндеттеледі. Бұл бауырмалдыққа

тәрбиелейді. Қоңсынмен де тату болуың керек. Себебі, көктемде жер жыртарда өзінде жоқ соқаны көршіңен сұрауға тұра келеді немесе бақшанды су алыш жатса, бұлактың басын жамбас көршің тоқтатпаса, топан су жан-жағынды жайпап кетуі мүмкін. Бұрынғы құда-жекжатпен сыйластықты үзбеу керек. Жаңа құдамен дәмдес-тұздас болғанда жақсынды асырып, жаманынды жасырып, жыртысынды жыртатын солар.

«Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түнілсін», «Бір үйде нешеусің – біріңе-бірің қонақсың» деп отбасындағы береке-бірлікті маздатып отыратын. Ондағы ойы өзара тату болсандар бақуатты өмір сүресіндер, бірге жүрсендер ешқандай жау алмайды дегені еken. «Үй ішінде ала болса, кереге басы сайын бәле тұрады» деп тату-тәтті өмір сүруге үндейтін.

Қазір сол көп ағайындықтың рахатын біз көріп отырмыз. Ол кіслер қызығымыздан гөрі шыжығымызды көп көрді-ау. Тіпті қасымыздағы жарымызben ренжіссек те анамызға барып шағынатынбыз. Ондайда: «Әй балам-ай, өзінің тапқан тарланбозың ғой, шыда. Мен қосқам жоқ, өздерің қосылғансындар» деп қояды. «Ажырас» деп айтпайды. Ал істің насырға шауып бара жатқанын сезсе: «Баяғыда күйеуі өліп, жесір қалған әйелдер қойшыға қор болатын болдым, жылқышыға жыр болатын болдым» деп жылайды еken дейді. Арғы жағын өзің түсініп ал» дегендег әдепсіз әңгімені қозғамайды. Сөзге токтаған халықтың үрпағымыз, сабырга келу керектігін сезе қоямыз. Сонымен қатарымыз сейілмей, бала-шағаның тілеуін тілеп, бір отбасы болып қала береміз. Міне, осында тәлім-тәрбиенің арқасында біз көбейдік. Алла көптік етпесін, тілім тасқа, қазір мен ештеңеге көп алаңдай қоймаймын. Басым ауырып, балтырым сыздай қалса құлақтарына тисе болды сегіз бауырым көмекке сол мезетте жетеді. Қанымыз бір ғой «қолқа-жүрегі» қиналып жатқанда қалай шыдасын? Қонақ шақырсам әпке-сінлілерім келіп, дастарқанды жайнатып жібереді. Менде жоқты өздері толықтырып қояды. Көлігім бұзылса інілерім асай-мүсейлерін көтеріп келіп, демде жөндеп, жүргізіп береді. Үйде қожайын болмай қалса жездем малды сойып, бас-сирақты үйіте салады. Әйтеуір осылайша бір-бірімізді алмастырып, тығырықтан еш қындықсыз шығып кетіп жатамыз. Яғни, әскерім көп және мықты жарактанған. Бірақ соны сақтап қалу, оның іргесін сөгілтпеу, бастағы

бакты қадірлеу де үлкен шаруа. Біз ағайындылар кейде шекісіп те аламыз, бірақ бір-бірімізден кетіспейміз. Сын сағатта біріге қаламыз. Арамызда елдестірушілер, арашашылар жүреді. Ал енді алда-жалда құдаша немесе абысын-ажын күндең, тілін тигізейін десе бата алмайды. Ойбай, оның аюдай ақырған бес әпкесі бар. Тірідей тұтіп «жейді», бәледен аулак деп ойлайды. Осында да қазактың «Көп коркытады, терең батырады» деген макалы еске түседі. Міне, көбеюдің мәнісі қайда жатыр! Бұл жерде көп ағайындылығымды айтып мақтанайын деп отырған жоқтын. Ол менің емес, анамның еңбегі, жемісі. Жаратқанның ешкімге қиянаты жоқ тәубешіл әке-шешемнің тілеуін қабыл еткені. «Момынның ісін Алла жөндейді» деген бар. Бұл мысалдар арқылы көбеюдің ұтымды жағын қарапайым тілмен жеткізгім келді. Береке-бірлік пен татулықтың отбасы және мемлекет үшін де маңызын сараптаған болым.

Ал сорымызға қарай біз отбасын құрған кезенде қыншылық жағадан алды. Тоқырау келді. Өзіміз жаңа үйленгендіктен үйсіз, жұмыссыз қалдық. Бала өсірмек түгілі, тамақтауыш жеу мұнға айналды. Экономикалық жағдай отбасымызды әлсіретіп жіберді. Тоқсаныншы жылдардың басында үйленген мен құралпылас құрбыларымның көбі бала санын екеуден асыра алмады. Үше бала некен-саяқ. Бұгінде сол балалар ержетті. Жалғыз ұл, жалғыз қыз. Шығар-шықпас жанымыз бар. Ағайын жетерлік, бірақ бірге туғандай қайдан болсын. Солардың болашақта арқасүйерінің аздығынан көретін қындығын ойласам жанымды аяз қариды. Ендеңе, елдегі тыныштық пен тұрақтылықтың, әлеуметтік жағдайды әлсіретпеуіміздің көбеюіміз үшін тигізер ықпалы мол. Сол аумалы-төкпелі жылдардағы елдегі демографиялық жағдай мен бұгінгі тұрақтылық орнаған тұстағы бала туу көрсеткішін салыстырып көрелікші. Накты статистикаға жүгінер болсақ, 1988 жылы қазақ әйелдерінен туған бала саны 208 мың болса, 1999 жылы 138 мыңға азайған. Ал ел-жұрт қайта еңсе кетерген тұста бала туу көрсеткіші қайтадан кәдімгідей өскен. Мысалы, 2010 жылғы мәлімет бойынша бір жылда туған бала саны 265 мыңға жетті. Ал 2014 жылы 417 ана дүниеге сәби әкелгені үшін жөргекпұл алыпты. Енді облысымыздың сәби санын арттырудағы көрсеткішін көңіл көзінен еткізіп көрелік. Мысалы, 2012 жылы – 37839, 2013 жылы – 38911, 2014 жылы – 41400 нәресте дүниеге келген.

Қазір статистика мамандарының санағы бойынша қазақстандықтардың саны 17 миллионға жетті. Оның 67 пайызы тұрғылықты халық өкілі. Яғни, қарәкөздердің саны 11 миллионнан асып жығылды. Бұл – Тәуелсіздіктің жемісі. Мың тәубе! Ал әлем бойынша шашырап жүрген қазақтардың саны 16 миллионның көлемінде болуы керек. Егер 32-ші жылдардағы ашаршылық, 41-жылғы Ұлы Отан соғысы, 50-жылғы тың игеру деп жергілікті халықты жер аударып, басқаларды жерімізге әкеліп үйіл-төккен жағдайлар болмағанда қазір қарамыз 30 миллионға жеткендей екен. Мысалы, Патша заманында, яғни, 1897 жылғы санак бойынша қазақтардың өз жеріндегі үлес салмағы 81 пайызды құраса, тың игеру жылдарында 27 пайызға түсіп қалған.

Осыдан бірнеше жыл бұрын алқалы бір басқосуда ел ағалары 2020 жылға қарай қарамызды 20 миллионға жеткізсек деген армандарын айтқан еді. Бұлай дабыл көтерулерінің жөні де бар. Біріккен Ұлттар Ұйымы қазақстандықтардың саны алдағы жылдары өспей қалады деген сөуегейлік танытып отыр. Бұл ойлары арқылы олар қазақтар ұлан-байтак даланы игере алмайды-ау деген пікірлерін байқатып қалды. Сондай-ақ, осы мәселені әлемдік деңгейде мәселе етіп көтергілері келетін сияқты. Біз сондай жағдайға жеткізбес үшін көбеюге мән беруіміз керек. Яғни, әр әулеттің бөріктілері мен көріктілерінің өсіп-өнуіне жағдай жасауымыз керек.

Елде ұлттық басымдық орнаған кезде көп мәселе өзінен-өзі шешімін табады. Сырттағы ағайындарымыз тоқтаусыз көшіп келіп және табиғи өсім ұлғаятын болса ұлтымыздың қарасы көбейіп, тілдік орта қалыптасады. Сонда тілдің мәртебесі артады. Демография көптеген мәселенің түйінін тарқатады. Статистика агенттігінің мәліметіне сүйенсек, Қазақстан халқының саны бес жылда бір миллион адамға өсіп отырады екен. Осу қарқыны бүтінгідей сақталатын болса, 2028 жылдың сонына қарай 20 миллионға жетеді екенбіз. Сол күнге жету үшін Жаратқаннан тыныштық пен тұрақтылық тілейік. Өзіміз де «бір женен қол, бір жағадан бас шығарып» еңбек стуіміз керек. Әрқайсымыз жастардың басқа ағымдарға кетіп қалмауына жауапты екенимізді сезінуге тиіспіз. Бұл орайда көршінің баласына да көз қырымызды сала жүргеніміз абзал. Дүниеге бала әкелген аналардың жағдайын жақсартуды назарда ұстаған жөн. Каражат жағынан қолдау танытса, «әскерінің» көбейгенін қай ата-ана қаламайды дейсіз.

ОҢ ЖОЛЫНА БАСТАСЫН!

- Апа, мен өскенде журналист боламын.
- Дегеніңе жет, қарғам!
- Сіз, менің атымды газеттен оқып мактанаңыз. Атаңыздың атын да шығарамын.
- Ой, жаным, талабынды Алла қолдасын! Қолынды жай бата берейін!
- Апа, бата беруге болмайды. Жаратқанды да ауызға алма деген.
- Тек, Құдайсыз қурай да сынбайды. Ендігәрі мұндай сөзді естімейтін болайын.
- Енді-i-i-i-i бізге мұғалім солай айтты ғой.

Қос бұрымын бірде алдына тастап, бірде арқасына қарай лақтырып, қыпша бел көйлек киіп, бой түзеп келе жатқан жасөспірім қызды имандылыққа тәрбиелемесе болмайтынын аласы сезді. Ешкімге өкпе жок. Қазақ жерін сырттан билеушілер тәрбиені сан құбылтты. Өз жолдарымен жүргізуге ниеттенді. Тек басқарушыларға қызмет етуге үгіттеді. Ішімдікті, темекіні ағзаға сінірді. Бірақ, қазақ соның бәрінен тәрбие арқылы сақтанды. Ұлттық ұстанымнан жаңылған жок. Дінді айтпағанмен, имандылықты жоғалтпауға күш салды. Даны халық қарияларға құлак асып, бүтінге өз болмысын жоғалтпай жетті. Ендігі мақсат – дәстүрді қазық етіп, жастарды адамдық қасиеттен алыстатпау. Атадан балаға мирас болып қалыптасқан салт-дәстүрді жандандыру. Осының бәрін ой елегінен өткізген кейуана немерелерінің тәрбиесіне мықтап кіріспесе болмайтынын сезді. Қазіргі балалардың мінезі де киын. Ашуланшак, жаймен сөйлемесе жүйкелері сыр беріп шыға келеді. Гүлден де қиқардың бірі. Байқауыниша, ақылды тентек.

...Гүлден сол күні құрбысымен ренжісіп келді. Сыныптасты ауыл басшысының қызымын деп өзін жоғары ұстап, парталас ұл-қыздарды жік-жікке бөліп жүретініне налыды. Білімі тәмен болғанымен кеудесі керім, тілі аңы, мінезі шәлкес. Мен, сыныптастар бірге жүрейік десем, ол бөлектеніп алады. Соның кесірінен қыздар бөлініп ұрысады. Бөлінбейік деп айтайын десем жағымпазданды деп ойлайтынын білем. Өзі ешкіммен сыйласа алмайды деп, жағымсыз қылықтарына ашынды. Орынбасар әже немересінің сөзін соңына дейін үзбей тыңдады. Максаты – баласының өмірдегі ұстанымын білу. Жақсы,

жаман жайлыштың түсінүү. Қызы, «Еңкейгенге еңкей, атаңнан қалған күл емес, шалқайғанға шалқай, Пайғамбардың ұлы емес» деген ұстанымды ұстанатын сияқты. Иә, қазақ қашан да кішірейген адамның сағын сындырмауды көздейді. Ондайда алдыңа келсе, атаңның да құнын кеш деп, сыйластықтың қадірін асырады. Орынбасар әженің есіне Пайғамбарымыздың «қандай істе жұмсақтық болса, ол көркейте түседі, ал қай істе болмаса, оның дәрежесін түсіреді» деген риуаты түсті. Немересінің назарын өзіне аударған Орынбасар әже: «Қызым, қазақта: «Ақымақты кешпесең ақылдылығың қайсы» деген аталы сөз бар. «Жақсы өзі де өкпелетпейді, жаманға өзім де өкпелемеймін» дегенді де ұмытпа. Сабыр сақта, ашуынды ақылға жендір, ол да көп кешікпей өз қатесін түсінеді. Әлі-ақ сиынпастар бірге жүретін боласындар» деп басу айтты. Сөз – тәрбие құралы емес пе! Ашудан булығып, өзін жеңілгендей сезініп түрған жасөспірімге әжесі айтқан мақалдар ой салды. Шынымен де, оның жалған әдемілікке, данғойлыққа жақын екенін бәрі біледі. Келесі жолы қателігін жаймен айттып, кемшілігін түсінуіне көмектесейін деп ойлады. Гүлден осыдан кейін әжесінің әр сөзіне көңіл бөле бастады. Әр мақалы тұнып түрған пәлсапа! Байқамай сөйлеп, ұятқа қалудан да сақтандырып отырады. «Ит мені қапты еken деп, итті мен қапсам аузымның не қадірі қалады?!» деген еді әкесінің анасы бірде. Иә, шайпау мінез, бәдік сөз көптің алдында ұятқа қалдыруы әбден мүмкін. Қадірінді де қашырады. Ақырын сөз, жай сөз бәрі бір сөз екенін қария талай еске салған. Иманы бар адам ар-ұяttан аттамайды. Қандай жағдай болса да сабыр сақтайды. Бұл жөнінде Алланың елшісі «Әрбір діннің өзіне тән мінезі бар, Исламның мінезі – ұяттылық» деген. Онда ұяттың барлығы да қайырлы екенін айтады.

Гүлден ес білгелі отбасындағы үлкендердің ағайын-туыс, құда-жекжатпен сыйластығына тәнті. Шаңырақтың үлкендері бала-шағаны, «Құлық білетін адамға құлық айтпа, көңілі қалады» деп жан-жағындағылармен бүкпесіз, шынайы сыйласуға тәрбиелейді. Саралап отыrsa, сыйластық қазақ халқында ежелден қалыптасқан, қанға сіңген қасиет. Сыйластық пен құрметтің негізі – Исламда. Бұл жөнінде Әбу Мұсадан жеткен риуаятта: «Расында, мүмін мүмін үшін құрылыш сияқты, бірін-бірі бекітіп тұрады» деген екен. «Жақсы сыйлағанның құлы, жаман қорыққаның құлы» деп сыйласа білу жақсы

адамға тән қасиет екенін де ата-бабамыз тобықтай сөзбен түйіндей білген. Әжесі сыйласа білетін, бірақ, кейбіреулердің сыйластықты түсінбей көкірек кергенін байқағанда: «Өзіме мол жетеді өз ақылым, басымды кім сыйласа сол жақыным» деп қазаққа тән намысқойлығын да байқаттын. Бүгінде ер жетіп, он солын таныған Гүлден өткен күндерін еске алады. Әжесінің дәстүр жалғастығын өзіне табыстап кеткенін, аманатқа қиянат жасамау керектігін түсінеді. Үлкен шаңырақты ұстаудағы ұстанымдарды санасында саралайды.

...Бұлардың отбасынан қонақ арылмайды. Бір қызығы әкесі қонақ шақырса ауылдастарын түп-түгел жинайды. Кейбіреулерше бастықтарды, ауқатты адамдарды немесе «көрек» адамдарды іріктемейді. Бірде қызық болды. Тетелес інісі екеуіне бір-бір ат мінгізіп, ауылдастарын түгел қонаққа шақыруға жіберді. Балалығы ма, екеуі елді-мекеннен шеткегі үйде тұратын Сәкен мен Мәнураға айтпай қайтып келді. Олар кедейлесу еді. Сондықтан ауылдастары оларды өздерінен кем санайтын. Шақырылған қонақтардың алды келе бастады. Әкесі есіктің алдына шығып келгендерді қарсы алғып, үйге кіргізіп, ілтипат білдіріп жүр. Бір мезгілде ауылдастарының түгел келмегенін байқап, қызы мен ұлын шақырып алды. Сәкенді шақырған-шақырмағандары жайлы сұрады. Қос құлыны кібіртікten қалған. Ашуланған әке: «Иттің балалары, барындар тез, аттарына мінгестіріп, жеткізіндер! Олар мені аға деп сыйлап жүреді. Қараши үлгарды, мен сендерді осылай тәрбиеледім бе?!» деп қайта қайтарған. Содан бері үл отбасының балалары адамдарды алаламауды саналарына мықтап сіңірді. Қарап тұрса әжесі, әкесі қазақы дәстүрді өздерінен кейін үларға үйретіп кеткен екен. «Ұлық болсаң кішік бол» деп менмендікке салынбауды насихаттаған. Ал үл жағдай шаригатта: «Қауымның мырзасы – қызметшісі» «Алла елшісі ойнал жатқан балалардың қасынан өткенде сәлем беретіндігі» жайлы айтылған. Яғни, тәkkапарлық бізге жат.

Үйдің үлкендері көршімен ағайындан араласатын. Балалары да бір-біріне қарайласып жүретін. «Тұсының білмегенді көршің біледі, бір жағдай болып қалса көмекке бауырларыңнан бұрын көршің жетеді. Сондықтан көршінмен сыйлас, ақысы сұралады» деп отыратын отбасының үлкені. Өздері соған үлгі бола білетін. Бақшалас көршілері жастайынан 4 баламен жесір қалған Зәуре деген

апай еді. Әкесі оның шөбін шабысып, малын түгендесіп, көмектесіп жүретін. «Балалардың әкесі жақсы адам еді, малда жүргенде өрісіміз бір болатын. Жарықтық, ғұмыры қысқа болды. Көрмеген жасын балаларына берсін» деп балаларына көршілерінің қадырын асырып отыратын. Бірде әкесі тұс кезінде шаттанған дауыспен: «Қараңдаршы терезеден, Зәуренің балалары әжетке жарапты. Жоңышқасын өздері шауып жүр. Тәубе, тәубе» деп қуанышын жеткізген. Онсыз да барын көппен бөлісіп жүретін ата-анасының көрші дегенде жаны бөлек еді. Ол кезде адамдардың бәрі сондай еді. Бір-бірінсіз ас ішпейтін. Шаңырактағы қуаныштарын алдымен жапсарлас көршімен бөлісетін. Соғым сойса сыбағасын беретін. Үйдің иесі қызырып кетсе малын қоралай салатын. Сыртқа шыққандар көршілер бар ғой деп, алансыз шаруаларын күйттеп жүре беруші еді. Көршімен тату болу – шынайы мұсылмандық қасиет.

Хадисте: «Жанындағы көршісінің аш жатқанын біле тұра өзі ток болып жатқан адам маған нақ иман келтірген емес» дейді. Көрші ақысы – Тәнір ақысы екендігі осыдан-ақ белгілі. Осыны жақсы билетін көршілер бір-бірінің қуанышына ортақтасып, алыс жолға шықса үйінен дәм татқызып, он жол тілеп шығарып салатын. Хадисте: «Алла елшісі он жақтан бастағанды жақсы көретін. Он қолымен беріп, он қолымен алатын. Барлық істерінде оңшылдықты жақсы көретін» делінген. Дәстүр мен діннің егіз екенине оңшылдығымыз тағы да дәлел. Дін – дінгек, салт-дәстүр – мұра болып қала беруі тиіс. Орынбасар ана мен Гүлден немеренің салт-дәстүрді сактаудағы ой арманы он жолына бастасын!

ҮӘДЕДЕ ТҰРА БІЛСЕК

Ауылдағы ата сақалы аузына тұскен қарт аты дардай бір іскер азаматты әкесінің көрінен бастап сыйбады. Сөз ауанын байқасақ, қарияның ашууланатынқ жөні бар. Басқа уақытта көрінбейтін жаңагы ел танитын азамат сайлауға түсер алдына ауданға келеді. Келеді-дағы аксақалдарды жинап алып, мен сайлауға түспекпін, ел арасында сөздерініз жүреді, менің сөзімді сөйленіздер, депутаттыққа сайлансам, ауданға мешіт салып беремін депті. Мешіт – қариялардың ежелден арманы. Аудан басшылары да қуанып кетіп, уәдешілді қой сойып, бас тартып қонақ етеді, имандық үйін қай жерден тұрғызысақ қолайлы болады деп біраз айтсып-тартысып, орынды да таңдайды. Бәрі «мешіт тұрғызушиның» сөзін сөйлеп, халықты дауыс беруге шақырады. Әншейінде қозғала қоймайтын аксақалдар бас шұлғып тұрған соң басқасы да бірауыздан дауыс беріп, «жарылқаушы» қалталы ағай халық қалаулысы атанып шыға келеді. Бірақ содан бері бірнеше жыл өтсе де мешіт тұрмаған, ағай да келмеген. Енді жаңағы кария айтады: – Ол өзі де дөкей, баласы да ан-а-а жақта отыр, – деп мандайын аспанға қарата шалқайтқанда, күн қақтаған шляпасы төбесіне тұрактамай, жерге түсे жаздады. – Сондықтан қазір оған сөйлеуге, боктауға журегіміз дауаламайды. Өсіп кете ме... Бірақ о дүниеге барғанда жағасынан алармын. Өзі ғана суайт болып қоймай, өмірінде жалған сөйлеп көрмеген бізді де Пайғамбар жасына келгенде өтірікші қылды. Бұл жақта біріміз бай, біріміз кедей болғанмен, о дүниеге барғанда теңесеміз. Барған соң қолым соның жағасында болар. Бұл менің ғана емес, мен сияқты басқа да шалдардың айтып жүргені, – дейді замандасының қылышына налыған қарт. Мансап үшін ел-жұртының алдындағы азаматтықabyroyын мансұқ етушілер көбейіп кетті-ау деп ойладым мен. Шынымен, ел-жұртының алдында карабет болды деген осы да.

Бұрынғылар уәде – Алла аты деп қарап, берілген уәдені орындауга барын салатын. Адамның уәдеге беріктігі азаматтық пен жігіттіктің өлшеміндей болатын. Сондықтан да қысылтаяң кезде жігіттер алдымен уәдені орындауға тырысатын. «Уәде беріп қойып едім, алдымен соны орында масам болмайды» дейтін. Ал жаңағы айтқан ағамыз өзінің сөзіне тұрақсыздығымен азамат атаулының атына кір

келтіргенін, ауылдастарының көнілін қалдырғанын білмейді емес, біледі. Білсе де қарапайым халықтың пікірін елегісі келмейді. Біз білетін сол азаматтың бір емес, біrnеше мешіт салуга жағдайы бар. Қария айтпақшы, ол адам ажал келіп, бақылыш өмірге барғанда ғана көптің талқысына түсіп, кешірілмес күнәға батқанын білетін болар. О дуние емес, осы дүниенің өзінде уәдеден тайып, айтқан сөзінде тұрмаған адамның ел бетіне қарауы қын екенін білейік, ағайын.



АР-ҰЯТ – ИМАННАН

Жоғары мансап, қомақты табыс, жылы орын, қызметтік келік Алмастың көнілін аспандатты. Ендігі міндет – сенім үдесінен шығу. Жауапты қызметті мойнына алсымен жоғары жақтың тапсырмасын бұлжытпай орындауға барын салды. Қызметкерлердің тәжірибесін шындау үшін мамандарды арнайы курстарға жіберіп, мекеменің іс-жүргізудегі кем-кетігін орнына келтірді. Құжаттарды жедел рәсімдеп, ақпаратты толыққанды, түсінікті жазуды үйретті. Сала бойынша жаңа бастамалар көтеріп, әріптестерінің алдында іскерлігімен таныла бастады. Ұжымдағы ішкі шаруалардың шешімін әділ шешуге көзіл бөлді. Адал адамның ақ жолдан айнымайтынын жиі еске алды. Ол ар жолынан шатаспас үшін компьютердің бетіне «Ар-ұят – иманнан» деп жазып қойды. Таңтерең мониторды қоссымен сол жазуды жанары сүзіп өтеді де, сана мен түйсігіне бұйрық береді. Алла елшісінің: «Қайда барсаң да Алладан қорық, жамандықтың артын оны өшіретін жақсылықпен ұластыр, әрі адамдармен көркем мінезben қарым-қатынас жаса» деген өсиетін қойын кітапшасына түртіп қойған.

Танды ғибратты тәмсілден бастайтын бала бастықтың жұмысқа деген ынтасы, жаңашылдығы, ұйымдастыру қабілеті басшылықты да, қызметтестерін де тәнті етті. Тұрғылықты қалада абыройы артып, басшылықтың өзі мұнымен санасатын дәрежеге жетті. Тасы өрге домалаған сайын «әріпtes», «бауыр», «жерлес» көбейді. «Мына қағазға қол қойып жіберсең ақынды жемеймін» дейтін пысықайлар жағалай бастады. Сеніміне кіру үшін: «Әлеке, менде мынадай ой бар. Іске асырсақ абырой мен пайдаға кенелеміз» деушілеркебейді. Кейбіреулерден қашқақтал еді, дүниенің кілтін осы ұстап тұрғандай мақтап, «көпшік қойып» масаттандырды. Жан-жақтан жеткен әсіре мақтау «мен мықты екенмін ғой» деген ой тудырды. Сенбейін десе аузынан шыққан сөз орындалады. Осылайша, пендешілік оны тез мендеп бара жатқан еді. Колпаштау, мақтау көзін шелге орады. Өзінің кемшілігін байқамайтын дәрежеге жетті. Әлекендейдікі дұрыс, Әлекен айтсын, Әлекен бастасын деген «көпшік қою» аяқты алшан бастырды. Бұрын болмаған кердең жүріс пайда болды. Кейде анайы, кейде дөрекі сөйлей бастады. Бірақ жан-жағындағылардың арасында «сіздікі дұрыс емес, артық кетіп барасыз» деген ешкім болмады. Бәрі күліп,

бас изеп, мақұлдап тұрады. Ол «Ақымақты бәрекелді өлтіретінің» естен шығарды. Жан-жағындағылардың алдау-арбауы, азғыруы оны ар-ұяттан бездірді. Жылпостар әкелген арам ақшаны онды-солды шашты. Жұмыстан гөрі демалыс, ойын-сауыққа аңсары ауа берді. Мекемедегі жоспарлы шаралар атұсті жасалды. Ұжымның алдында сыйы кете бастады. Бірақ қеудесі керім. Көңіліне ұнамағандарды жұмыстан шығарып, ұжымда қалғысы келгендерден «сыйлық» алды. Қызметке келердегі «Қауымның мырзасы – қызметшісі» деген ұстанымы әдірем қалды. Мүмкіншілігін асыра пайдаланды. Біреуге жер әперемін, енді біреуге үй әперемін деп пара алды. Былыққа белшесінен батты. Екі аяқты азса, төрт аяқтыдан да жаман болады. Егер сол оқиға болмағанда тұғирыққа біржолата кетер еді.

Қызмет көлігімен тұнгі көңіл көтеруден ызғытып келе жатқан. Масаң қалпы алғашқы қардың тұскенін де байқаған жоқ. Бірде есін жиып алға қарайды, бірде көзі ілініп кетеді. Кенет көлік терезесінен ақ кимешек киген әжесінің елесі көрінді. Әкесінің анасы Алмасты алдағы қауіптен сактандырғанда осылайша түсіне енетін. Ол бірден «бісмілләсін» айтты. Жоғары жылдамдықпен келе жатқан көлік тежегішті басқанда сырғанап барып, жол шетіндегі бағананы соқты. Қатты соққыдан есін жиған Алмас көпірдің құлаған шетіне барып тоқтағанын байқады. Сыртқа шыққанда шыңыраудың шетінде тұрғанын көрді. Мына бағана болмағанда жардан ұшып кеткендей екен. Есіне әжесінің бағанағы сұлбасы түсті. Ойпыр-ай, соңғы уақытта ата-бабаға Құран бағыштауды да ұмытқан екен ғой. Әжесі бұл ат жалын тартып мініп, қызметке орналасқанда: «Балам, ақжүзді бол! Халқыңа адал қызмет еткендеғана атақ-абыройға кенелесің! Сен азаматсың! Жан-жағындағыларға қол ұшынды бере жүр. «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас». Жүрген жерінде үлкендерге сый-құрмет көрсет, алдын кеспе» деген еді. Бұл қызметтің буына малданып, ата-салт, әuletіндегі ата-бабадан мұра болып келе жатқан асыл құндылықтарды ұмытқан. Ар-ұяттан безіпті. Масқара! «Ұжданы бар адам иттен де ұялады» деуші еді.

Ол өзінің иманын жоғалтып алғанын, сол арқылы ар-ожданнан безінгенін сезді. Бәрін орнына келтіру керек деп ойлады. Алдымен ата-бабасының зиратына барып Құран оқытуға бекінді. Жаным – арымның садағасы. Үлкен-кішінің алдында басымды иіп, перзенттік борышымды өтеуім керек деген ойға бекінді.

АДАСҚАНДАР

Күйеуі екеуі ел қатарлы өмір сүріп жатқан. Екінші бала тусымен жолдасы көбірек ақша табу үшін құрылышқа жұмысқа кірді. Құрылыш фирмасындағылардың түр-сипатты ерекше. Бәрі сақал өсіріп алған. Басшылары да сондай. Күндердің күнінде отағасы әйеліне келіп, құрылыш компаниясы түрік жеріне барып, жұмыс істейтінін айтты. Әйелі басында жарының шетелге баруына қарсылық танытқан. Ол жарты жылда көрші мемлекетте зәулім ғимарат салып, мол табысқа кенелетгіндерін айтты. Баstryқтары солай депті. Мол қаржы қолына тисе, бірден баспана алмақ ниетінің барын да байқатты. «Біздің қамымыз үшін альс сапарға жол шекпекші, несіне кері тартамын, барсын» деп ойлады отанасы. Жарты жыл аяқталар шақта жолдасы телефон шалып: «Сирия еліне барамыз. Ондағы мұсылман бауырлар үйсіз-куйсіз қалыпты. Соларға үй салып беру ойымызда бар. Жалғыз барғым келмейді. Сен де жүр балаларды алып» деп қолқа салды. Басында біраз қөнгісі келмегенімен, күйеуін бөгде елге жалғыз жібергісі келмеді. Солайша, бұл қос құлышшағын алып, түрік елін бетке алды. Одан ары Сирияға баруға дайын тұрған көшпен соғыс өрті өршіген жат жерге аттанып кетті. Барсымен бөтендіктің, келімсектің қамытын мойнына ілді. «Тұған жердей жер болмас, тұған елдей ел болмас» деген сөз күн сайын тіліне оралады. Бас биліктен айырылды. Жергөледе күн кешеді. Үстіне бас-аяғын қымтаған киім кигізді. Ел арасында қазақ тілінде сөйлеуге тыйым салынған. Даляға шығуға қақысы жоқ. Ешкімге көрінбеуі тиіс. Азық-тұлікті күйеуі әкеледі. Құнарлы ас жеу арманға айналды. Күндіз-түні мылтықтың дауысы зәрені ұшырады. Балалары жалтақ болып қалды. Баяғыдай жарқылдал ойнап-күлу жайына қалды. Тек, мына тозақтан қалай құтыламын, Алатауымды көрер күн бола ма деген ғана ой тұрады көкейде. Бірер уақытта бұкшип, көзі шүнірейіп шыға келді. Өзінің де, күйеуінің де алдауға түскенін сезді. Күйеуіне кетейік бұл жерден деген емеурін танытып еді, ол өзінің парызы бар екенін айтты. Оған отбасынан гөрі өзінің «бауырлары» жақын сиякты.

Бұл Отанына қашуға бел буды. Бір-ақ жолы бар – босқындарға қосылу. Астыртын сұрастыра жүріп босқындардың қайда екенін біліп, қашан, қалай барып қосылатынын жоспарлады. Күндердің күнінде әйелдер арасында сыбыр жүрді. Жасы егделеу шешен ұлтының әйелі шетелге бет алғандарға жол көрсететінін айтты. Біраз уақытта елге қашуға бел буғандардың қарасы

көбейді. Солайша, қарасы 130 босқын әйел шекара асты. Босқындар түрік еліне аяқ тіреді. Тұркияға келген соң келіншек күйеуіне телефон шалып, аман екендерін айтты. Мақсаты осылайша елге қайтуға болатынын айтып, жол сілтеу еді. Бірақ ері сөз тындаамастан: «Саған талақ, талақ, талақ бердім» деп айқайлады. Босқындардың ісіне елшілік араласып, қарадомалақтарды жетелеген ана туған жерге табан тіреді...

...Ертеде көшпенді өмірдің берекесін көрген қазақ өркениетінде отансүйгіштік қасиет басты міндеттердің бірі саналған. Ежелгі Тұркі қағанаты, бергіде Төле, Қазыбек, Әйтеке билер мен Ақтамберді, Бұқар жыраулар ел-жерді сүю жайлы ойлы сөздерін халқының санасына сінірді. Туған жер мен ата-анаңың қадірін Қазыбек би:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат,
Аймалайтын – анаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат,

– деп жеткізген еді. Олардан кейінгі ақын-жазушылар Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бекейханов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабаев сынды Алаш арыстары сөзбен де, іспен де елге қызмет етудің үлгісін көрсетті. Олар дәстүр мен дінді астасыра өмір сүрді. Қоғамда дәстүрлі дін салтанат құруы тиіс.

Іә, имандылық жүрегінде ұялаған адам сатқындық пен қиянатқа бармасы анық. Ақыл мен жүрек бір-бірін тындағанда адам имандылықты жоғары бағалайды. Иман – адамзат баласы үшін асыл қазына. Саққулақ би: «Адамның басшысы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтын – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – адал өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» деген ғибрат айтқан. Иманды жан айналасындағы үлкен-кішіге құрметпен қарайды. Осының нәтижесінде жүрек түкпірінде жатқан имандылық нұры тұла бойын ерекше күйге бөлеп, оны сүйіспеншілік, мейірімділік сияқты көркем сипаттармен астасырады.

Тәуелсіздік алып, дәстүріміз қайта оянғанына шүкір делік. Егер Кеңестік идеологиямен кете берсек, мәңгүрттік дертке ұшырайтын едік. Бұл күнімізге де мың тәубе! Десек те, ұлттық тәрбие ғана елдігімізді тұғырлы етпек. Ағайын, елдің рухы мен намысын сактап қалу үшін халықтың асыл құндылығы, төл сипатымыз – ата дәстүрді жаңғыртайық.

**ӨМІРДІҢ
ӨЗЕНИНЕҢ**

Анам мен Әкем

Әкем Мұқаш пен анам Оралхан мақалшы еді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін философиялық бір сөйлеммен жеткізетін. Заманына қарай жоғары білім ала алмағаны болмаса көзі ашық, көкірегі ояу адамдар еді. Жайлауда мал сонында жүрсе де «Жұлдыз», «Жалын» журналдарын үзбей жаздырып оқитын. Қос бәйтерегім де әнші еді. Анам: «Жеті атамнан әншілік үзілген жок, бұл өлеңді мен айтпай кім айтады?» деп бастайтын, ағайын ән салыңыз деп қолқалағанда. «Айтпасам балалардың сағы сынады» деп, көвшілік сұрағанда тосылмай әндете жөнелетін.

Анам мен әкемнен естіген біраз мақалды Сіздерге ұсынайын. Білгенге – маржан! «Ақымакты кешпесен, ақылдылығың қайсы». «Жорға аттың арқасы құрғамайды». «Иманы көптің, мейманы көп». «Жабыға тоқым салма жалы бар деп, жаманға басынды име малы бар деп». «Қатын алма қайын ал, жақсы көретін ағайынның атын алма, тайын ал». «Өзіме мол жетеді өз ақылым, басымды кім сыйласа сол жақыным». «Кұлық білетін кісіге құлық айтпа, көңілі қалады». «Қызыл ет кетеді, қызыл бет қалады». «Еркектің қоры күлегеш». «Өз өзінді жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін». «Үй ішінде ала болса, кереге басы сайын бәле болады». «Ұрсыспасаң не етеді, ұрсыссаң бағаң кетеді». «Бір үйде нешеусің, бір-біріңе қонақсың». «Жақсы өзі де өкпелетпейді, жаманға өзім де өкпелемеймін».

ЖАНЫМНЫҢ САЯСЫ

Тоқсаныншы жылғы тоқырау. Жансаяма жүктімін. Қан қысымым жі түсіп кетеді. Ауруханадан шықпаймын. Жолдасым базарда тұз сатады. Күндегі түскен ақшаға күн сайынғы дәрі-дәрмегімді әкеледі. Ол кезде керек дәрінді көп жағдайда өзің сатып аласың. Одан қалса жерік асым – жүзім әкеледі. Қасымдағы әйелдер, бөпелерің өздеріңе өте қадірлі болатын шығар. Бар ақшаларынды баланы аман алғып қалуға салып жатырсындар ғой – дейді. Сөйтіп, дәл бүгінгі күні, 24 наурызда түске таман толғақ басталды. Ол кезде электр жарығы жи өшіп қалатындықтан май шамды перзентханаға өзімізben бірге ала барамыз. Керек-жарагымды арқалап, жақын жердегі мектепке барып, «Жедел жәрдем» шақырттым. Олар мұғалім сабақ өткізіп тұрып, толғатып қалды екен деп қалдық деп қалжың-шыны аралас күліп, алғып кетті. Далада күншуақтап темекі шегіп тұрган ер мұғалімдер жапатармағай жол болсын айтып, шығарып салды. Тұн ауа, яғни, 25 наурызда қызым дүниеге келді. Палатаға апарғанда еріндерім кеберсіп, шөл қысты. Сол кезде менен бірер сағат бұрын босанған әйел сүтті қою шәй беріп еді. Сол сусынның рахатын әлі сезінемін. Оның жақсылығын ешуақытта ұмытпаспсын.

Енем жолдасынан баланың есімін Айжан қойсын деп айтып жіберіпті. Анам үлкен шешесінің есімімен Зағипа атасын депті. Бірінікін қойсам, екіншісі ренжиidlі. Екеуіңіз де ренжіменіздер деп қызымды Жансая деп атадым. Атына заты сай болып ержетті жаным. Мен қуанса екен деп жел жағыма шығып жүреді.

Біреу баласын өзіне, екіншісі – жарына, әкесіне немесе шешесіне ұқсатып жатады. Ал менің қызым – дәл енем. Асылхан енем атына заты сай асыл адам еді. Қайынәпкелерім сөйлеп қойды деп барсам, солар өздерін жөндеп алсыншы деп мені жақтап шығатын. «Гүлжан тұрып, жүріп үйреніп кеткен. Қара жұмысқа жок. Шаруаларынды өздерің жасандар. Барсындар ғой» деп мені қасына отырғызып алатын. Жөні келсе жанына ұйықтайтынмын. Сөйтіп, оң жақтағы қыз құсап еркін жүрдім. Кәрілік келгенде жанары семіп, көрмей қалды. Сонда қалтасына орап қойған ақшасын маған тығып беретін. «Бензинің ұста» дейтін. Адам баласына ғайбат сөз айтпайтын. Көшеден откен адамды шақырып алғып, шәй беретін. Ешкімге ренжімейтін. Қайраты

кеткенше даланың жұмысын да істей берді. Бау-бақшаны жайнатып қоятын. Қазір Жансаяма қараймын да енемнің болмысын айна-қатесіз елестетемін.

Қазір Түркияда халықаралық журналистика бойынша білім алып жатқан магистрлік курсында 70 шақты өренжі (тәлімгер) оқиды. Түріктердің арасында жалғыз қазак. Сол топтағы алдыңғы қатарлы, жақсы оқитын 5 өренжінің бірі. Қазақтар зейінсіз деп айтпасын деп намысқа тырыстым дейді. Екі ел арасында сауда жасау ниетте интернет дүкен ашты. Саудасының жүріп кетуін тілеймін. Түрік тілін қазақтарға оқытатын онлайн курс ашты. Онысина алдағы уақытта түркиялық ұстаздары да қатысып, сабак өткізіп, көмектеспекші. Бәрін қойшы маған баламның амандығы керек. Еңбеккорлығын айтып жатқаным ғой. Бүгін өзім біргүрлі толғатып отырғандаймын. Шетелдегі балама амандық тілеймін. Оқуын бітіріп келіп, елге қызмет етсе деген ниет бар.



Журналистикадағы жаңы жайсаң ағаларым

Алматыдағы С.Киров, қазіргі әл-Фараби атындағы университеттің журналистика факультетінің 2-курсын оқыған соң сырттайға ауысып, журналистикада еңбек еткім келді. Сонымен, 21 жасымда облыстық телерадиокомитетке жұмысқа келдім. Қазір ойлап тұрсам, Жансаям бұл жаста телеарнада 5 жыл істеп, 23 жасында шетелде халықаралық журналистика бойынша білім алу дәрежесіне жетіпті.

«Жерүйық» газетінің қарымды журналисі Қанат аға Асқаровтың жол сілтеуімен радионың бас редакторы Серік аға Жортановқа жұмыс сұрап бардым. Ағаларымның көңлі кең жайлай еді ғой. Аузын ашса көмейі көрінетін кең адамдар. Ол кісі мені Тоқтасын аға Сүгірбековке алып барды. «Тоқа, мына баланы шефтікке алыңыз. Радионың қырсырын үйретесіз. Тәжірибеден өтсін. Бірдене шыға ма, байқаңыз» деді. Ойбу, Тоқтасын ағамның үйретуі қайда?! Өзі кабинетте тұрақтап жарты күн отырмайды.

Негізінде журналистикада алғашқы ұстазың кім болса, соған тартып кетесін. Мен де той-думанның шеті байқалса жұмыста байыз тауып отыра алмаймын. Қызықтың барлығы сол жақта сияқты аңасарым ауады да тұрады. Тоқтасын аға да өмір бойы той-тойлауға, асаба болуға, достарымен бас қосуға асырып кетіп бара жататын. Ол кісі жайлы достары, «Қыз көрсе қутындал қуанатын, Араққа жас балаша жұбанатын, Сыраның бөшкесіндей жуан ақын, Кіндігін қытай кескен суан ақын» деп өлең жазып, ағамның той-думанның сәні болып жүрген кезі. Маған уақыт шығындал қайтсін? «Гулжанка, керегінді бізге қарап өзің үйреніп аласың ғой» дейді де мәз болады. Ондайда достары: «Сенен тәрбие алған адам қайбір жетіссін» деп ішек-сілелері қатып күледі.

Бір жыл айлық алмай жұмыс істедім. Тәжірибе алып жүрсің деді. Анда-санда қаламақыға 2-3 сом аламын. Оның өзін Тоқтасын аға сыраға деп сұрап алып, бермей кетеді. Аруағынан айналайын Тоқтасын аға радионың майталманы. Іссапарға барса блокнотына екі адамның фамилиясын, мал басының санын ғана жазып әкеледі де студияға кіріп, микрофонның алдына отырсымен «Дала дидары» хабарын бастаймыз» деп тоқтаусыз 40 минут сөйлейді де, эфирді жауып, микрофонды өшіріп, қайта тойлап кете береді. Мен барған

соң «Қосылған журналист бол санға біздің, Ескегін қайығының мықтап ұстап, Толқында аударылмай алға жүзгін» деп бата берді. (Өлеңнің алғашқы жолын ұмытып қалыптын). Кабинетте Тоқтасын аға, Тұрсынбек аға, Айтбек және Владимир Тоспин тертеуміз отырамыз. Үшеуі де журналистиканың жампоздары. Менің саным бар, сапам жоқ. «Монтажныйға мына тексті апара сал, Жораға (диктор Жармұханбет Иманбақов) мына тексті бер, фонотекадан пәленбайдың орындаудындағы әнді алып кел» деген сияқты шаруаларға ғана жарайтын шабарманмын. Бірде Тоқтасын аға үстел үстіндегі күнтізбеге «Сағат 4-те Алмагұлге барамын» деп арапша жазып қойды. Ал менің университетте арап тілін оқығаным бар. Ағаның не жазғанын оқып отырамын. Сонымен, сағат үш жарым, үш қырық... Аға салдырлап жүріп Алмагұлге баратынын ұмытты... Менің жаным шығып барады. Сосын, ақырындал «Аға, сағат 4-те Алмагұлге барушы едіңіз ғой» дедім. Аға ішек-сілесі қатып бір күлді де, «кеттім, Гүлжанка, кеттім» деп баратын жағына асығыс аттанды. Бір уақытта ағаның алдындағы телефон шар ете қалды.

- Тоқтасын бар ма? – дейді ар жақтағы ер адам.
- Жоқ, шығып кеткен, – деймін.
- Сен кімсің?
- Мен жаңадан келген тілшімін, есімім – Гүлжан.
- Ендеше, Тоқтасын келгенде айт, сізді Қытайдан іздетіп жатыр еken де. Шошып кеттім. Халықаралық жағдай болды ғой деп. – Қытайда қалған балаларына алимент төлемей кетіпті. Соған Қытай іздетіп жатыр де. Кім айтты десе Әбен Дәуренбеков деген қазақ звондады де, – дейді. Негізі Әбен аға менің қорқып, аландалап түрған дауысымды байқаған болу керек. Сөзді ресми, нығырлап айтты. «Иттен қорқатын адам итті көргенде төбесінен бу шығады» дегендей болып түр-ау. Қауіпсіздік комитеті ме еken деген ой келді.

Қол-аяғым дірілдеп Тоқтасын ағаның келгенін тағатсыздана күттім. Аға есіктен кірсімен, «Аға, сізді Қытайдан іздетіп жатыр еken» деймін асығыс-усігіс. Ол кісі: «Не үшін», – дейді саспай ғана. Сіз бірінші әйелінізде Қытай жерінде қалған балаларының алимент төлемей кетіпсіз ғой. Соған Қытай сізді іздепті. Әбен Дәуренбеков деген кісі звондады» деймін мәселесін тезірек шешсе еken деп. Аға, екі этажға түгел естілетін дауысымен қарқылдалап бір күлді де,

«Гүлжанка, Әбен ағаң енді звондаса алиментін төлеп кеткен деп айт» деп шығып кетті. Мен әлі есімді жинай алмай тұрмын. Шетел іздеу салып жатса күліп тұрганы несі деп ойлаймын. Сөйтсем, марқұм жаны жайсан ағаларымның қалжындарын естігенімнің алды екен ғой бұл. Кейіннен өздерін қостап тұрып қалжындастын жағдайға жеттік. Осы облыстық «Жетісу» газетінде қызмет істеп, іссапарда жүргенімде Тоқтасын ағаның өмірден өткені жайлы хабар жетті. Тұнделетіп жолға шықтым. Мен мінген көлік Тоқтасын ағаның есігінің алдына келіп тоқтағанда Ағаны соңғы сапарға шығарып салушылар орнынан қозғалып кетті.



Фонотекадағы ұйықтайтын бөлме

Газет ісі қызық. Мамандықты жақсы көрсөң тіптен қындығының өзінен ләzzат аласың. Облыстық радиода бір жылдай еңбекақы алмай жұмыс істедім. Бастықтар тәжірибеден өтіп жүрсін деді. Жүрдім. Айлық алмағандықтан жолға ақша жоқ. Журналист Елжас Бейсенбек ағаның келіншегі Сара апай фонотекадан ұйықтайтын бөлме жасап берді. Кассеталарға жарық түсіруге болмайтындықтан, бөлме іші үнемі тастай қараңғы болып тұратын. Басыма газеттің тігіндісін жастанып, ұйықтай салушы едім. Кейіннен сол күйімді көрген аға редактор Серік аға Жортанов жиналмалы төсек (раскладушка) сатып әперді.

Ал, Талдықорған газеті ашылған 1990 жылдары қалада қоғамдық көлік жүрмей қалды. Сонда Алматы трассасының бойындағы аккумулятор мамандарын даярлайтын жатақханадан редакция орналасқан қазіргі қалалық әкімдікке жаяу келемін. Газет шығатын күні «Самал» шағын ауданындағы от жағылмайтын ғимаратта орналасқан типографияға редакциядан тағы жаяу баратынбыз. Ол кезде орыс халқының дәурені жүріп тұрған шақ. Типографиядағы шовинизмнің салдарынан алдымен «Русский вестник» газеті басылады. Эріпті қолмен тереміз. Одан кейін «Вечерний Талдыкорган» басылады. Содан кейін таң ата «Талдықорған» газеті жарыққа шығады. Таңда жұмыстан шығып, бір-екі сағат ұйықтап алып, редакцияға қайта келеміз.

Журналист қашан бай болып еді. Кейіннен «Жетісу» газетіне орналасқаннан кейін де біраз жыл Бақтыбай ауылынан қатынап жұмыс істедім. Жаңадан облыс атанған өнірдің ауылшаруашылығы, экономика, күрылым, саласында да сүрініп-қабынып еңбек еттік. Көбінесе телеарнаның көлігіне жармасып, өтініп, мініп аламыз. Газет журналистеріне іссапарға машина бермейтін. Кей жылдары адам жетіспей жатыр деп отпұскіден қайта шакырып алатын. Ондайда газетке керек екенмін деп қуанып, қайтадан демалыссыз жұмыс істей береміз. Ол кезде газет кезекшілігі түннің бір уағында аяқталады.

Бірде, қыстың күні Бақтыбайдағы алтыншы көшедегі темір көпірден өтіп бара жатып түн ортасында суға құлап кеткен кезім де болды. Енді бірде таңғы суықта жұмысқа келе жатып, аяғымды үсітіп

алғанмын. Көлік жүретін көшеге жеткенше жеті көше жаяу жүру керек. Сол күнгі жағдайды Нұсіп аға кабинеттерді аралап, қалжында «Гүлжанның бұты үсіп қалыпты» деп елді күлдіргені бар.

Кейде редакциядағы ән салып, асаба болып жүріп, жұмысын ұмытып кететін жігіттердің орнына кезекші де бола салатынбыз. Шешем марқұмның, «Жорға аттың арқасы құрғамайды» деген тәрбиесін жұмсаған шаруаға «шаба» беру керек еken деп түсінетінмін. Қазақта: «Жас кезімде бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деген сез бар. Журналистикаға деген сүйіспеншіліктің арқасында қындықтарды сезбеппіз. Қу көңіл сол қарқынмен әлі де жұмыс істегісі келеді. Бірақ отыздағыдай қайдан болсын...



Файыс ағаның ғибраты

Журналистиканың ғасыр жасаған сарбазы Файыс аға Егембердиев ақылдың кеңіші еді ғой. Дүниеден өткенінше жыл сайын Женіс мерекесі қарсаңында барып тұрдым. Биікке шықсаң тынысың ашылады, жақсымен сөйлессең көңілің ашылады. Сұхбат алып отырып, тағылымды сөздерін қойын дәптерге жаза беруші едім. Бүгін соны тауып алдым. Кеңіштен сіздер де сузындаңыздар.

«Тар лашықта кең пейіл, кең дүниеде тар пейіл кездесе береді. Кең пейілге лашық та кең, тар пейілге – дүние тар». «Жел өтіне қарсы жүру өзіне қолайсыз болғанымен пайдалы. Ал, желді ықтау өзіңе қолайлы болғанымен пайдасыз». «Бақытты ешкім сыйға тартпайды. Бақытты ұтып та, ұрлап та, ұрып та ала алмайсың. Ол текетіреспен, арпалыспен, намыс құдіретімен қонақтайды». «Намыс сұқ көзден пана – қалқаның, намыс – пәтуәсіз сүмелектерге сермер семсерің. Намысы бар жігіттің нар күші бар». «Дүниеде тумақ – даусыз, кәрілік – даусыз, өлмек – даусыз». «Ара гүл шырынын жинап жүріп, бал жинап жүргенін білмейді». «Еркегі риза болған әйелдің баар жері жұмак». «Жалтақтықтан жақсылық дәмету дәрменсіздік». «Я, Алла! Маған қолымнан келетін істі атқаратын қуат бер. Қолымнан келмейтін іске ұмтылмайтын ерлік бер. Және осы екеуін ажырата алатын ақыл бер». «Бағалай білгенге бақ, қуана білгенге құт қонады». «Обал» сезінде күнә, киянат, мағынасымен қоса, үйреншікті әдетке жат қылыш ұфымы бар. Жақсылық та тіл мен жүректен, жамандық та тіл мен жүректен». «Өліп-өшкен сезімнен өніп-өскен екенбіз». «Кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ». «Батылдықты батырлыққа ұластыратын адам бойындағы ұлан-асыр қасиет». «Дән піскенде сабагы төмен иілген. Жаманға жал бітсе танауын көкке шүйірген». «Кәрі кәпір мұсылмандыққа көнбейді».

Үйлер қартайып кетіпті

Талдықорған облыс орталығы болған кез. Құрылым мәселесіне облыс әкімінің орынбасары Амандақ Ғаббасұлы жауапты. Журналистер Алматыдан көшпен бірге келген Амандақ Ғаббасұлына жапатармағай: «Жұмысты неден бастайсыз?» деген сұрақ қойдық. Ол кісінің қазақ тілін онша білмейтін кезі. «Талдықорғанның үйлері қартайып кетіпті. Жұмысты жаңа құрылым объектілері мен тұрғын үйлер салудан бастаймыз» деді. Бағдаршамы да істемей қалған шұрық тесік көшелер жаңартылды. «Қаратал» шағын ауданының жаңа бөлігінің орны белгіленіп, қазығы қағылды. «Қаратал» өзенінің жан-жағы бетонмен бекітіліп, қалаға қауіп төндірмейтіндегі арна жасалды. Ол кісі мықты құрылышы. Кем-кетікті бірден байқап қоятын. Ғимарат салғанда пайдаланылатын құрылым материалдары, келбеті, ішкі-сыртқы түсі, көлік қоятын орны, балаларға арналған әткеншектің қойылуын да назарда ұстайтын.

Сонымен, құрылым бірден қарқын алды да кетті. Толағай сияқты ай сайын емес, күн сайын жаңардық. Талдықорған халқының саны өсті. Жаңа мектептер мен балабақшалар қатары көбейді. Мәдени орындар жаңартылды. Кәсіби мектептер қатары есіп, жұмысшы мамандыққа оқыту жақсы жолға қойылды. Жұмысшы мамандық дегеннен шығады, бірде Амандақ Ғаббасұлы №1 колледжді күрделі жондеу жұмысын көруге барған. Акт залының сахнасына жақындал, терезеге көз салды да қолын созып, сұқ саусағын кезеп: «Анау жерден дала көрініп тұр. Жауын жауғанда су ағады. Неге дұрыс жасамайсындар? Мұнда балалар оқиды ғой» деп мердігерлер мен басқарма басшыларын сынға алды. Әлгі тесікті көрмеккे мен де ұмтылдым. Онда нем кетті десенші?! Ол маған емес, құрылышыларға айтылған сөз ғой. Бірақ, әйелдік қызығушылық па, әкімнің алдына тұра қалып, тесік қай жерде деп көптен қалмай мен де үңілдім. Сол кезде Амандақ Ғаббасұлы қолын тастай салғаны. Білегі дәл алдында тұрған менің басыма түсіп, миым солқ ете қалды. Басым айналып, көзім қарауытқандай ма? Әкім екі иығымнан ұстап, «кешиші, кешірші» дей берді. Миымның шайқалғанында шаруа жоқ, аяқ астынан әзілдегім келіп кетті. Әйелдерше қабағымды көтердім де, иығымды қиқаң еткізіп, «жұлқынған» адамның кейпін келтіріп, «кеширмеймін» деп

бұрылып кеттім. Бәрі тып-тыныш болып қалғанда өзімнің орынсыз әзілдегенімді сездім. Бұрылсам, менен ондай жауап күтпеген әкім де үнсіз тұр. Басқалары мүлде дымын ішіне тартып алған. Ішімнен, қалжындастын адамды тапқан екенсің. Үят болды ғой – деп Амандық Фаббасұлына қарадым. Ол бір жымиды да ыңғайсыздықты өзі бұзып, жұмыс жайлы әңгіме өрбітіп, көнілді басқа жаққа бұрып жіберді. Бәрі құрылыс сапасы жайлы тапсырмаға құлақ асып, ыңғайсыздық бірден ұмытылды.

Сөз бен сын көтере алмайтын кейбір жігіттерді көргенде Амандық Фаббасұлының биіктігі еске түседі. Бірақ, әркімге ондай болу қайдааа...



Есікке кептеліп қалдым

Талдықорғаның жаңадан Алматы облысының орталығы болған кез. Әуежай күрделі жөндеуден өтіп жатқан. Аралауға сол кездегі облыс әкімі Шалбай Құлмаханов барды. Газеттің экономика бөлімінде істегендіктен қасына мені қосты. Содан әкім күту залын аралап, енді шығуға беттегенде мен де есікке қарай ұмтылдым. Тезірек шығып кетейін дегенмін ғой. Бірақ ол кісі адымдап жүретін. Екі аттап есікке келгенде мен шығып үлгере алмай, екеуміз босағада кептелдік те қалдық. Қалай шыққаным есімде жоқ. Әйтеуір жұмысқа барғанымша облыс әкімінің баспасөз хатшысы болған жағдайды басшыларыма звондап айттып, мені жөнге салу керектігін ескертілті. Содан Әміре ағам қатты ұрысты. «Байқамайсың ба? Әкім еңкеюі мүмкін. Оқыс қимылдауы мүмкін. Алыстау жүрмейсің бе? Ендігәрі әкімнің қасына жібермеймін» деп сөзге нүкте қойды.

Күндердің күнінде Әміре аға қайтадан шақырып алыш, «Гүлжан, бүтін облыс әкімі құрылышқа байланысты жиын өткізеді. Барып жаз. Бірақ, байқа. Энеуқунгідей болып жүрмесін» деп қадап, аттандырды. Жиынға бардым. Алдыңғы қатар түп-түгел бос түр екен. Ең басындағы орындыққа отырдым. Жан-жағыңа аландамайсың, дауыс та анық естіледі. Осы жер жен-ау деп ойладым. Содан, қойын дәптердің бетіне ғұлдің суретін салыш, ойнап отырдым. Ол суретті бірінші класта мұғалім үйреткен. Ғұлден басқа сурет салу білмеймін. Содан қасыма біреулер келіп отырды да, жарық сөндірілді. Мен дәптердің бетін осы суретпен толтырайын деген ниетте әлі әуреленіп отырмын. Бір уақытта алдындағы әкім отыратын орындықтың жоғары жағында тұратын дәу телевизордан дұрыс салынбаған құрылыш аландары жайлы бейнекөрсетілім көрсетіле бастады. Мен дәптердің бетін толтырып, «мақсатыма» жетіп, қасымдағы адамға қарасам, Шалбай Құлмаханов отыр. Шошып кеттім. Әкімнен қорықпадым, энеуқунгідей әнгімен қорықтым. Бірден есіме Әміре ағаның сезі түсті. Диктофонымды жинап, блокнотымның бетін жауып, сөмкемді іле салыш, қашпаймын ба. Сөйтсем әкім күліп: «Ау, не болды, орын жайсыз ба екен?» дейді. «Жоқ» дедім де екінші жаққа жеткенше асықтым. Сөйтсем, облыс әкімінің орнына отырып алыптын. Бұл жолы ол кісі құрылыш аландарындағы кемшиліктерді алдымен экраннан көріп алмақшы большты. Содан телеарнаның операторы Жасұланға: «Айналайын, әкімнің қасында отырғанымды телевизордан көрсетіп қоймандаршы» деп жалынайын. Ойым, әкімнің орнына отырып алғанымды Әміре аға көріп қоймаса екен деп журмін.

Азап пен рахат

Сонымен облыс орталығы қайта құрылған соң жұмыс таппай жүрген журналистер жұмыстың «көкесін» көрдік. Облыс әкімі қайда барса, біз сонда. Тіпті Астанадан келсе де күтіп аламыз. Неге екенін білмеймін. Бір күнде құрылым мәселесі бойынша бірнеше ауданды аралап келеміз. Тұнделетіп мақала жазамыз да ертеңінде ауылшаруашылық саласын аралауға қайта шығамыз. Осылайша 9 жыл өтті. Тұнде мақала жазамыз дегеннен шығады. Мен Ескелді ауданының Бақтыбай ауылындағы 1950 жылы салынған ескі үйде тұрамын. Іргетасы болмағандықтан ба үй тез сүйп кетеді. Көз ілмей мақала жазамын. Қол мен аяқ тоңғаннан сіресіп қалады. Жолдасым мені аяп, үстіме көрпе әкеліп жауып кетеді. Бірақ ертең мақаланы жазып үлгермедім деп сүмірейіп тұрмая үшін намысқа тырысамын. Ол кезде компьютер жоқ. Қолмен жазып апарамыз. Кейде теруші әріптерді дұрыс ажырата алмағандықтан сөздер қате басылып кетеді. Қате фамилия мен цифрдан кетсе қырғынның көкесі болады. Біз жазғанымызды қайта оқи алмай келесі іссапарға шығып кетсек, мақала қатемен шығады. Әсіресе, бұрын қызмет істеп, зейнетке шыққан ата-апалар газетті мұқият оқиды. Қате тапса бірден редакцияға хабарласады. Газет телеарна емес. Айттың бітті, «кетіп» қалатын. Тайға таңба басқандай көрініп тұрады. Одан «мына баланы кім тапқан» деп кінәліні іздейміз.


Сонымен қойшы, мен қатты сырқаттанып, ауруханаға тұстім. Аяғым өзіме бой бермейді, дірілдеп. Облыстың бас невропатологы Салтанат Мықтыбаева «истощение нерва» деп диагноз қойды. Соңында әлсіреп орныман тұра алмай қалдым. Бауырларым, әпкелерім қасымда. Күніне бір адамнан жаныма қонады. Өйткені, көтеремге ұшырағандықтан журе алмаймын. Бір-екі күннен кейін тілден де қалдым. Тек, төбеге қарап жатамын. Естимін, бірақ жауап қайтара алмаймын. Жүрек қағысым минутына 110-120-ға дейін барады. Қан қысымым 70-ке дейін төмендеп кетеді. Салтанат: «Ты работаешь как ломовая лошадь. Өзінді күтпейсің бе?» деп ұрсады. Таң ата бөлмеге еден жуушы келеді. Бір шелек суды әкеледі де жартысын төрге дейін шашып жіберіп, айдақтатып жуады-ай келіп. Өзі үнемі әндептіп жүреді. Менің төсегімді бір қолымен тартып

қалғанда палатаның ортасына дейін жетемін. Құлап қалмайын деп темір төсектің екі жағынан ұстап аламын. Аллаға жалынамын. Құдай-ау, мейлі, еден жуушы болайын. Осы адамдікіндегі денсаулық берші деп. Өзің жүріп, өзің түру, алансыз үйіктау бақыт екен ғой деп ойлаймын. Себебі мен танды көзбен атырамын. Терезеден жұмысқа асығып бара жатқандарға қарап қызығамын. Қар жауды. Ұстап көргім келеді. Бірнеше күн қатарынан тамақ ішпедім. Кешке жақын аспаз инсульт алып, қозғалыссыз қалған эйелге тамақ әкелді. Сырқат басын шайқады. Ішімнен, тамақ ішпегеніме үшінші, әлде төртінші күн. Аштан өліп қалуым мүмкін ғой деп ойлад, тамақ тасушыға андағы тамақты маған беріңізші дедім. Ол қолындағы суға піскен рожкиге бір қарады да: «Бағана ішесің бе дегенде ішпеймін дегенсің. Енді бермеймін» деп шығып кетті. Қанша жігерлімін десен де көнілің босайды екен... Сонымен, бұл күні де аш үйікадым. Қойшы, әйтеуір Алла жар болып қайтадан ілбіп жұмысқа шықтым...

Қызметтік пәтер берсе дейсің. Бірақ, біреу сөзінді сөйлемесе қайдан?! Анам «Пәре бергенше, бара бер» деп тәрбиелеген. Бірақ кімге барасың? Ойынан Амандық Фаббасұлы шықпайды. Ол кісінің адамның еңбегін бағалайтынын, ешкімді бөліп-жармайтынын байқаймын. Бірақ, қалай айтамын. Жеке шаруаны айтуға болмайды. Бір жолы ол кісі барлығымызды бастап Жаркентке барды. Онда жаңадан салынған құрылыш нысандарын аралады. Одан вертолетпен ұшып келіп, Талдықорғандағы «Қаратал» шағын ауданының жаңа салынған үйлерін көрді. Сонында 5-шағын аудандағы өртеніп, қайта пайдалануға берілгелі жатқан бес қабатты үйді аралады. Сол кезде өзіме сөз бердім. Бұғін қалай да Амандық Фаббасұлына жағдайымды айтамын деп. Содан ол кісі бесінші қабатқа жетіп қалғанда баспалдақтарды аттап-бұттап сонынан қып жеттім де алғашқы пәтердің есігін ашқанда өзімен бірге кіріп, есікті ішінен жауып алдым. Аяғыммен ішінен тіредім де, құлыбын шық-шық еткізіп кілттедім. Сырттағылар есікті ұрғылап жатыр. Басқалар кірсе маған сөйлеткізбейтіні анық. Әкімге жеке шаруа айтуға болмайды! Содан Амандық Фаббасұлы терезе алдына барды да сонында ешкімнің жоқ екенін байқап, тоқтай қалды. Мениң есікті тіреп тұрғанымды көріп таң-тамаша болғандай. «Аға, мен күнде 30 шакырым жерден келіп жұмыс істеймін. Орталық көшеден түскен соң тағы 2 шакырым жаяу жүремін. От жағамын,

балаларым жас, қиналып кеттім. Газет кезекшілігінен кейін тіпті кеш қайтамын. Баспана алуға көмектесіңізші» дедім. Амандық Фаббасұлы жүзіме қарап тұрды да өтірік айтпағанымды байқап, «көмектесемін» деді. Мен рақметімді айтып, қайтадан шық-шық еткізіп есікті аштым. Сырттағылар таң. Әкім ештеңе болмағандай алға қарай адымдап, келесі пәтерлерді аралап кете берді.

Мен көп ұзамай пәтерлі болдым. Кілтті берген күні-ақ сонда қондым. Таңертең тұрсаң жып-жылы. Жан рахаты. Алдымен Аллаға, содан соң Амандық Фаббасұлына алғысымды айттым.




Телевизордың маشاқаты

Бұл оқиғалар бұдан кемінде 20 жылдай бұрын болған. Газетте экономика, ауылшаруашылығы және құрылыш деген бөлім болады. Жан алып, жан берісіп жатады. Оған журналистік ұстанымы мықты Болат Абаған, Светлана Буратай сынды мық шегедей журналистерді отырғызады. «Отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын» мамандар. Сол бөлімдердің шекпенінен шығу маған да бўйырды.

Болат екеуміз көп жыл бірге отырдық. Сыйлас емес, сырлас болдық. Талабы күшті. Облыстағы бюджет қоржынына түсіп жатқан қаржы, аудандардағы кәсіпкерліктің өсу деңгейі, шағын және орта бизнеске бөлінетін субсидия, агралы аумақтағы егіндік көлемі, төрт түліктің саны бәрі миында сақтаулы. Цифрларды ұмыттайтын. Мен ұмытып қалсам «Тарақан бас» деп жүлкүнады. Мақала уақытында жазылмай қалса әйел адамсың демейді айқайлан ұрсады. Мен жылтаймын. Түстен кейін «Сені жылатып қойғаныма жүрегім ауырып тұр» деп қайтып келіп, уатып алады. Бірақ, сол тәрбие пісірді. Оны қойшы, қызықты оқиғаларды айтайын...

Бірде Болат «Ертең Құрылышылар күніне орай Мәдениет сарайында үлкен жиын өтеді. Облыс әкімі саған марапат тапсырады еken. Дұрыстап, көйлек киіп кел» деді. Жарайды деп кеткеніммен кезекшіліктен кейін Ескелді ауданының Бақтыбай ауылындағы үйіме кеш барып, от жағып, тамақ пісіргенімше тұн ортасынан ауып, ертеңінде жұмысқа сол кофта, шалбармен қайта келдім. «Сахнаға шығасың, әйел құсан көйлек киіп келмедин бе, айттым ғой кеше» деп Болат бір тулап алды да екеуміз қол ұстасып, судай тасып жаңағы Мәдениет үйіндегі салтанатты шарага бардық. Бір уақытта менің аты-жөнім аталды да «Сыйлыққа – телевизор!» деді. Барып, Амандық Фаббасұлының қолынан гүлді алдым да беретін телевизоры қайда деп жан-жағыма қарадым. Телевизор көрінбейді. Содан сахнаның аргы жағындағы пердені ашып, кіріп кеттім. Сүйтсем марапатталғандарға берілетін телевизорлардың үстіне аты жазылып, бір қатараға қойылып жатыр еken. Олар: «Ешкімнің сыйлығы сахнаға шығарылған жоқ қой, байқамадыңыз ба? Жиыннан соң ғимараттың сыртындағы есіктен келіп аласыздар» деді. «Ә, жөн еken» деп шығып кеттім де сахнаға қайта келіп, марапат алып жатқандармен қағылышып-соғылышып

жүріп төмен түстім. Залдың ортасына барғанда Амандық Ғаббасұлы микрофонмен: – Гүлжан, – деді. Мен соңыма қарадым да, «Ау», – дедім. «Телевизорыңды таптың ба», – деді. Сөйтсем ол күлкі үшін сұрап тұр екен. Мен оны түсінбей «Иә, аға, таптым» дедім. Зал ду күлді. Селк ете қалдым. Бәрі менің сахнада ары-бері көстендең, телевизор іздең жүрген қылышыма күлкілері келіп, қысылып, әрек отырған екен. Орныма келсем Абаган бұлығып отыр. «Телевизор көрмел пе едің? Не болды сонша?» деп ашуланды. Мен ақтала бастап едім: «И, қойши, сені де» деді де қолын бір сілтеп, теріс қарады.



Ескерілмей қалғандаймын

«Жетісу» газетіне орналассымен «Экономика, құрылыс, ауылшаруашылық» деген бөлімге топ ете қалдым. Топ ете қалғам жоқ, батпакқа белшемнен баттым. Жазу стилім құрылыс тақырыбына келмейді. Менің он жамбасыма «Өмірдің өзінен», «Қаз қалпында», «Мөлтек сыр», «Тағдыр-тұмар» деген айдарлар келеді. Ал экономика артық сөзді көтермейді. Кейде жазатын тақырыпты өзім де түсінбегендіктен сөйлемді сабактас, салалас құрмалас қылыш құрай саламын. Әркім өзінше түсініп алсын деген ой. Бірақ, жауапты хатшы Нұсіп аға ондай қатені газетке жібермейді. Қос көзәйнегін кезек алмастырып киіп, үстелге жатып алыш оқиды да, «тығызып» тұрган қатені тауыш алады.

Бірде Нұсіп аға менің мақаламды қызыл сиямен аймандағы қылыш түзеп жатқан. Редактор көріп қойды да андағы кімнің мақаласы деді. Нұсіп аға мақаланың менікі екенін, асығып жазғандықтан осындай болып қалғанын айтЫП, ақтап алды. Сөзді байқаусызда естіп қойған мен Нұсіп ағаның азаматтығына риза болдым. Дүйсенбі сайын таңертең «лездеме» өтеді. Журналистиканың ана қыраны Жанкүміс Жәменекеден бастап мені жерден алыш, жерге салады. «Газетный тілмен жазбайды. Мақаласының тақырыбы ашылмаған. Жүрнак, жалғауды білмейді. Сөйлемдері шұбаланқы» деп сілкіді-ай келіп. Сөздерінің жаны бар. Бұрын радиода істегендіктен грамматикам нашар. «Ба, бе» деген жалғауларды сөзден бөлмей жаза беремін. Газетте ол кешірілмейтін «күнә». Сонымен қойшы лездемеге валерианка ішіп, ұрыс естуге дайындалып барамын. Бір жолы кезекті лездемеге кірдік. Бір маңызды әңгіме айтылды да маған ешкім көңіл аудармады. Қашан тиіседі екен деп сез естуге дайындалып отырмын. Менің бар-жоғым ескерілмей қалды. Лездеме аяқталып, кабинетке оралдық. Орныма барып, театр қойылымын тамашаламай қайтқан көрермендей эмоциямды шығара алмай отырмын. Журналистиканың майталманы Света Буратай не боп қалғанын сұрады. «Біртүрлі ескерілмей қалғандай болып отырмын» дедім мен.

КӨКЕ, ТОҢЫП ЖҮРГЕН ЖОҚСЫЗ БА?

«Жетісу» телеарнасынан Серік Әбікеннің Құндақбай мерген жайлы жасаған «Жетісу жұмбактары» хабарын көріп, тұлпардан тұғыр озған заман жайлы ойға шомып отырғанмын. Інім Медет телефон соқты. «Көке, машинацыздың пеші істемеуші еді ғой, тоңып жүрген жоқсыз ба?» деді жанашырлық танытып. «Қой, әйтеуір музыкасы істеп тұр» деймін мен алаңғасарлығыма салынып. Көліктің кілтін бұраған соң музыканы қосамын. Көңілді ән тындаسام өмірім жайланып сала береді. Басқасында шаруам жоқ. Автоэлектрик болып істейтін, СТО-ға шақырды.

— Жылу берілді ме, — дейді інім аккумулятор жақты шұқылап келіп.

— Жоқ, деймін пештің жөнделгенінің маған қатысы жоқтай, ойымды Ернар Айдардың «Анам мен әкем» әніне бұрып. Медет — табанды. Бастаған ісінен нәтиже шығармай қоймайды. «Көке, сіз үшін бәрін жасаймын ғой» деп мақтанатын кезін күтіп, алаңсыз отырмын. Алдыңғы терезе жақтан гүілдеген дыбыс естілді. Көп ұзамай бетті жылу шала бастады. Тізем тоңып қалыпты, жаным кіріп барады. «Көке, қалай жылынып қалдыңыз ба?» дейді мақтаншағым, екі езуі екі құлағына жетіп. «Ой, жаным, Мұхадесұлы, сені маған Құдай берген ғой» деймін бала кезінде дуниеден өткен әкесінің есімін атап. Риза болғанда Медетті Мұхадесұлы деймін. Оған ол еңселеніп қалады. Жездем де осындай аңқылдаған аққөніл адам еді.

Астана даңғылымен ызғытып келемін. Денем пештің жылуынан маужырай бастаған. Көлік іші жанға жайлы, тоқтамай жүре бергім келеді. Радиодан «Анам мен әкем, адал жан екен» деген музыка ойнайды. Медетімнің «Көке, тоңып жүрген жоқсыз ба» деген дауысы санамда жанғырады. Адамға керегі жан жылугы мен тән жылугы екен ғой...

Түйе етін жеп бөлесін 10 ай көтерді


Тете інім Бекмұраттың келіншегі Айым түйе етінен манты жасап, рахаттанып жеп, бөлесін 10 ай дегенде жарық дүниеге әрек әкелді. Бұл 1997-жыл еді. Келіннің босанатын уақытынан асып барады. Толғақ келмейді. «Апам да таң, мен де таңның» кері. Дәрігер де, біз де не істерімізді білмейміз. Келінімнің қарны қабақтай. Аяқ киімін өзім кигіземін. Еңкейе алмайды. Содан жүкті келіншек қыста түйе өркешінің майын қосып, манты жасағанын айтқанда мәселенің мәнін білдік. Үлкендердің ақылымен қайта түйе етін іздедік. Көршінің жертөлесінде бірнеше жыл тұрып қалған түйенің майы бар еken. Үйге әкеліп қайнатқанымызда жарықтықтың исі жер әлемді алып кетті. Айым тыжырынып отырып, көптің қолқалауымен бір кесе сорпасын әрек ішті. Сізге өтірік, маган шын, көп ұзамай келіннің белі «айналып» ауырып, толғақ белгісі байқала бастады. Сонымен біз кіндік шеше болатын болдық.

Ол кезде Талдықорғанда қоғамдық келік бірлі-жарым болмаса, жүре қоймайды. Қала сыртындағы Бугор ауылынан орталық базарға жаяу барып, бөпеге деп пластмасса шылапшын алдым. Негізі итжейде, жаялыш алу керек қой. Не ойлағаным барын білмеймін тазик алып қайттым. Тазигімді біресе қолтығыма қысып, біресе сөмке құсатып ұстап, Қаратал өзенінің жағасындағы перзентханаға жаяу жеттім. Көрші Амангұл сол жерде акушерка еді, шақалақтар жатқан палатаға алып кірді. Менің Саниязымның бет-аузы қара-көк түске бояғандай. Бетінде бармақ іздері де тұр. Сүйтсек уақыты келгенде босанбаса бала жатқан су бұзылып, шақалақ ауа жетпей қинала бастайтын көрінеді. Содан бала ісініп, көгере бастағанда туғызып алған ғой. Саниязымның көретін жарығы бар еken.

Анам даңқты Санияз төренің есімін еншілеген немересін ерекше жақсы көретін. «Сары шалымнан аумай қалған, жаным-ау» деп отыратын. Мен ондайда «Шеше, немеренізді айналып отырсыз ба, сары шалыңызды айналып отырсыз ба, түсінбей қалдық қой» деп күлетінмін.

Екінші кіндік балам – Асуан. Ескелді би бабаның тікелей ұрпағы. Нұрәлі жездемнің кенжесі. Экемдей болған жездем біздің Балықты өзенінің жағалауынан салып алған шағын үйімізге келген сайын өзі

тұратын Бақтыбай ауылына көшіндер деп үгіттейтін. Көктал ауылы жазда ерекше ыстық. Жансаяма аяғым ауыр кезде жиі қан қысымым түсіп, ауруханаға түсетінмін. Содан бала тузымен жездем үш ірі қара беріп, бізге өзінің қасынан баспана әперді. Сол үйдің ақшасын төлеген күні Нұрәлі жездемнің әйелі, менің әпкем Ардақ толғатып, перзентханаға кетті. Бірақ, баланың кіндігі мойнына оралып қалып, екі күн толғатып, жаны әбден қиналып босанды. Шөлдеп барамын деген әпкеме үйдегі жалғыз тоқ шәугімді алыш бардым. Қырыққа келгенде ұлды болған әпкем қуанғанынан шәугімді қасында жатқан әйелге сыйлап кетіпті. Кейде Асуанымды еркелеткенде «Бір шәугімге айырбастап алған жаным-ау» деймін. Қызық болғанда осы екі батыр, менің қос кіндік балам бір айда қатар үйленіп, той-тойға ұласты. Екеуі де келіншектерін алыш қашып келіп, аяққа жығылып, хабаршы болып өзім бардым. Келесі жылы басымызға бас қосылса деп отырған жайымыз бар. Жиғанымыз тойға шашылсын, ағайын!



ҰЫЛДЫРЫҚТЫ ТҮМАҒА ТӨКТІК

Қырық жеті жылға шегініс жасайын. Жеті жастамын. Тетелес інім Бекмұрат бесте. Үлкен әпкем Атыраудың жігітіне тұрмысқа шықты. «Қызымыз алысқа кетті, үйге жете алмай зарығып жүретін болды-ау» деп анам күнде жылайды. Ай өтіп, әпке-жездем қонаққа келді. Жездем Төлеген Шеркеш деген рудан екен. Адайшылап дікіндеп сөйлейтіні болмаса, мейірімді. Жасқа енді толған Кенжегүл сіңлімді «Әйт, шу, қара нар, Орынборға тіке бар» деп әндетіп уатады. Інім екеумізді сарқырамаға апарып, жуындырып әкеледі.

Базарлықта қара уылдырық ала келіпті. «Бұл өте бағалы тағам. Балық осыдан пайда болады» деді. Сарт мәзірет жасап, ауыз тигенімізben рахаттанып жей алмадық. Жылқы мен қой етін талғап тұтынатын Қапалдың қазағына жылпылдаған балық уылдырығы тамақ болсын ба?! Інім екеуміз бұдан балық қалай шығатынын көргіміз келді. Содан бір банкі қара уылдырықты үйдің қасындағы түмаға алып бардық та суға төктік. Балықтың ескенін тамашалайық дегенбіз. Біраз уақыт уылдырықтан көз алмай қарап отырдық. Су беті май болып, қара уылдырық түк қалмай сырғызызып ақты да кетті. Екеуміз жездеміз алдады деп ойладап, ренжіп, басымыз салбырап, үйге қайттық.



Қыздың көркі – тақия

Елді елең еткізген жаңалық – қыздар тақия кие бастады. Тамаша! Шіркін-ай, бойжеткеннің көркі бас киім екен ғой. Қазақ қыздарының бұрынғы сүйкімділігі сүйкімділік пе, тақия киіп еді, тіпті сыпайыланып, әрленіп шыға келді.

Шашын жалбыратып жүргендеге ренжуши едік. Тақия кигеннен кейін жалбыраған шаштары жиналышп, бет-әлпеті ашылып, қарлығаштың қанатымен әрлеген қасы-көзі айшықталышп, мандайлары жарқырап шыға келді. Тақия кез-келген жастағы нәзік жандыға жарасады екен. Жасөспірімдер тұлымшағы желбіреп сәндene қалды. Бойжеткендеге тіпті келісе кетті.

Қыздар талғамға келгенде алдына жан салмайды ғой. Әркім өзіне жарасымдысын таңдал алыпты. Бірі кекшілін, екіншісі жасылын, тағы бірі ақшыл тұстісін киген. Кейбіреуінің шетінде салпыншағы бар. Ойпырым-ай деймін де, бұрыннан осы дәстүрді қайта қалыптастыруды неге ойламағанбыз? Тақия киген соң қыздар да бойын түзеп ала қойған. Бұрынғы ардың-гүрдің жүрістілері кербезденіпті. Жан-жағындағылардың өзіне ерекше назар аударғанын байқап, наздана қалған.

Қызы қылышымен сүйкімді. Қарсы алдынан қарасаң жып-жылы жүзі назарынды аударады. Қырынан қарасаң тақияның жанындағы салпыншағы зер салдырады. Әдемі сырғасы да анық көрініп түр. Ең бастысы, жалаңбас емес. Хиджап киіп түмшаланғаннан әлдеқайда келісті. Ұлттық дәстүрімізге де сай келеді. Қазақ қызының еркіндігі мен еркелігінен де сыр береді.

Тақия – қазакта ежелден бар. Оны қыздар ғана емес, келіншектер де киген. Бөлесін ерткен жас ана жүріс-тұрысына кедергі жасамасын деп тақиясын киіп, оны қысқышпен ұстастып қойса, бір жағынан әдемі, екінші жағынан жинақы емес пе?! Бір жерде тақияны кепеш, енді бір аймақта телпек, тағы бір аймақта сораба деп атаған. Біз сыншыл халықпаз ғой. Енді осыны сан-саққа жүгіртіп, жақсы бастамаға бас бұрған қыздардың бетін қайтарып тастамасақ екен. Заманына сай біраз өзгешеліктері болуы да зандылық. Жайнатып, заманауи матадан тіктірсе несі айып?! Кезінде де тақияға күміс, алтын салпыншактар таққан. Үкі қадаған. Кейбірі желке тұсын жауып тұратын жапқышымен

тіккізген. Тақияның жан-жағын құндыз, кәмшатпен көмкерген. Осының көбі қыздарға көз тимесін деген ниетте ойластырылған. Жаппай бас киім киу көптеген салт-дәстүріміздің қайтып оралуына септігін тигізері хақ. Мысалы, бас киімді ауыстырмайды. Санитарлық тазалық па, тазалық! Оны жерге қоймайды. Адамның басына деген құрмет пе, құрмет! Өз бас киімін ет жақынан басқаға бермейді. Басындағы бақ-дәulet басқаға ауысып кетпесін деген ырым. Бұл да дұрыс. Сонымен, бас киіммен бірге салт-дәстүріміз де қайта айналып келіп, ізет пен ибалылыққа толы мінезіміз бойымызға дарып жатса неге қуанбасқа!

Түркия жерінде білім алып жатқан қызым Анадолы елінде оқитын қазақ қыздарының да тақия кие бастағанын айтып, қайдан алсам еken деп ақылдасып еді. Интернетті ашып, сыртта жүрсе де елінің салт-дәстүрін сактауға қанатымен су сепкен балапандай атсалысып жүрген қызыма тақия жіберудің қамын жасайын. Ал, аналар, балаларымыздың бойына ұлттық дәстүрді сіңіруге бірлесіп атсалысайық.



МЕНИҢ АНАМ – ЖУРНАЛИСТ

Бота тірсек бойжеткен шақтан журналист болуды арманнадым. Оған себеп – анам еді. Үйге газет көтеріп келсе, беттерінен аты-жөнін іздеймін. Жазған мақаланы емес, «Гүлжан Тұрсын «Жетісү»» деген бөлігін қызық көріп, қып алатынын. Қолыма ала жүгіріп, достарыма мақтанамын. Олар жан-жақтан қолпаштаған сайын қанаттанамын. Міне, сол сәттен-ақ болашақ мамандығым айқындала бастаған екен. Келе-келе, бала арманым мақсатқа айналды. Тілші қандай болуы керек деген ішкі сураққа жауапты анамның бойынан ізdedім.

Мениң кез алдында анамнан асқан жұмысына адал қызметкер жок. Әсірсесе, бұқараның көкейіндегіні қопарып жазатын шеберлігін үлгі тұтамын. Редакциядан тапсырма түссе демалысты емес, әрқашан халық алдындағы міндеттін жоғары қояды. Мереке күндері тілшілік тіршілік тіптен қыза түсетін. Елдегі індет оты өршіп тұрган мына шақта да «қаруын» қолына алыш, «жалынның» қақ ортасында жүр. Мұндайда мамандықты осынша қатты сүюге бола ма деп ойланып қалатын сәттерім де кездеседі. Бұл ғана емес, жолсілтерім ара-тұра әңгіме жазып тұрады. Ара-тұра деймін-ау, еңбек жолын бастаған 30 жылдан аса уақыт ішінде бірнеше кітапты толтыратын туындылары жинақталып қалды. Газет бетіне жарияланбаған көркем шығармалары қаншама?! Оқиғаны ешкімге үқсамайтын ерекше стильде жеткізеді, ал тілі сондай көркем. Әңгімелерін оқып көрсөніз, сізді бірден үйрекке тартып әкеткенде әсерінен бірнеше күн шыға алмай жүресіз. Бұл – менің ғана емес, мықты жазушылардың, ардагер журналистердің, халықтың пікірі.

Қазір шаңығарымыздың шамшырағы салған сара жолды жалғап, осы салада қызмет атқарамын. Қөгілдір экраннан әр эфирімді жібермей тамашалайды. Қателік жіберген жерлерімді түзеп, қамшылап отырады. Қолыма қалам ұстатқан жан «Журналистика – төңірден берілетін сый» дегенді жиі айтады. Бұл ең алдымен, сөздің салмағын сезініп, жауапкершілік пен жігерінді қайрай түседі. Иә, менің Анам осындей: ұлтшыл, ер мінезді, тұрақты, ізденімпаз, қамқор. Аталмыш қасиеттер кез келген журналистиң бойынан табылуы керек деп ойлаймын. Сонда ғана халқының қалаулысы атанатын мықты маман шығады. Ал, ендігіде, шабытымды оятып, қызығушылығымды арттырған жан менімен мақтанып, мерейі өскенін қалаймын.

Жансая БИҚҰРМАН,
«Таңжарық» бағдарламасының редактор-жүргізушісі

МАЗМҰНЫ

Алғысөз 3

I Бөлім. Жүректегі жазулар (әңгімелер)	5
Тұрсын төре	6
Тұлпардан тұғыр озған заман еді	17
Қос бәйтерегім	24
Қайран біздің аналар – арды ойлаған	26
Сағыныш екен бала кез	29
Жансаям	32
Жан-шуағым, мерекем!	35
Ерасылым, алтын ұлым, жарық күн	38
Апам келсінші	39
Мәңгі сені жазбаған сүрінуге	41
Еліктің лағы	47
Көңіл қалған күз	55
Сүйген жүрек	58
Ай-шолпанның қарлығашы	64
Қайтпастың өлімі	68
Қара қыз	71
Қараторғайдың тағдыры	74
Қызыл сиыр	77
Перзентханада алмасқан қос сәби	81
Орындалмайтын арман	83
Жазмыштан озмыш жок	87
Батырға да жан керек	89
Бармасаң, келмесең	92

II Бөлім. Тұғыр мен ғұмыр	98
Газетті жабу-оңай, жасау-қын.....	99
Ақын. Сазгер. Журналист	105
Нөлінші палата	109
Үш жылға бергісіз үш күн.....	117
Қасиетінен айналайын, Қарлығаш!	138
Ақсудың ағартушысы	146
Қара қылды қақ жарған	149
Жомарт жан – біздің Әли аға!	156
Кестелі ақ жібек орамал	162
Ақкөндің аты арымайды.....	169
Қарымды қаламгер, қазыналы қария	173
Өзінің қанын құйып берген.....	180
Құстың қос қанатындей.....	185
Көңілде кіrbің қалдырмайтын	187
Гүлжанат	189
Алпыс мың адамды емдейді	192
Жылқышы	195
Салтанат	198
Жанға жағымды даусы қалды	202
Перзентханадан біr-ақ шықты.....	206
Мық шегедей мықты тілші.....	207
Тасқын	212

III Бөлім. Әріптестер әлемі	214
Көңілі – көктем.....	215
Ақпарат айдынының үшқыры.....	217
Қаламы куатты журналист	218
Білгір маман.....	219
Төрениң біr гүліне	221
Мерекеңмен!	222
Гүлжанға	223
Барып қайтам біr күні	224

IV Бөлім. Жылдарымның еншісі.....	225
Егемен елдің кірпіші.....	226
Ұлымыз оншақты, қызымыз моншақты болса.....	229
Оң жолына бастысын!	233
Уәдеде тұра білсек	237
Ар-ұят – иманнан	239
Адасқандар	241
V Бөлім. Өмірдің өзінен	243
Анам мен Әкем.....	244
Жанымның саясы.....	245
Журналистикадағы жаңы жайсан ағаларым.....	247
Фонотекадағы ұйықтайтын бөлме.....	250
Ғайыс ағаның ғибраты.....	252
Үйлер қартайып кетіпті	253
Есікке кептеліп қалдым	255
Азап пен рахат	256
Телевизордың машақаты	259
Ескерілмей қалғандаймын.....	261
КӨКЕ, ТОҢЫП ЖҮРГЕН ЖОҚСЫЗ БА?	262
Түйе етін жеп бөлесін 10 ай көтерді	263
Ұылдырықты тұмаға төктік	265
Қыздың көркі – тақия	266
МЕНИҢ АНАМ – ЖУРНАЛИСТ	268

Редакторы:
Айнұр Сембаева

Корректор:
Шынар Элжанова

Техникалық редактор:
Дәulet Қайратұлы

ISBN 978-601-211-422-5



9 786012 114225

**Кітап «Media Invest Group» баспасының
компьютер орталығында беттелді.**

Пішімі 60x84 ¼. Қаріп түрі «Times New Roman».
Басуға 31.07.2022 қол қойылды
Көлемі 17 баспа табақ. Офсеттік басылым.
Таралымы 500 дана.

**Кітап «Media Invest Group» баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Жетісу ауданы,
Ақтолқын көшесі, 4а.
тел. 8 701 712-01-73**